

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қолжазба құқығында

СЕРІКҚАЗЫҚЫЗЫ АҚБОТА

**АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ**
8D02303 - Лингвистика

Философия докторы (Phd)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Р.А. Авакова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Нуреддин Демир (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

	АНЫҚТАМАЛАР.....	3
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
	КІРІСПЕ.....	6
1	АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ	11
1.1	Әлемдік лингвистикадағы армян-қыпшақ ескерткіштеріне қатысты тілдік пайымдаулар	11
1.2	Қазақ тіл біліміндегі армян-қыпшақ ескерткіштеріне қатысты лингвистикалық тұжырымдар	33
1.3	А.Н. Гаркавец еңбектеріндегі армян-қыпшақ тілінің тарихи және әлеуметтік-лингвистикалық табиғаты	45
	Бірінші тарау бойынша тұжырым	57
2	АРМЯН-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ	59
2.1	Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі рухани-адамгершілік концептілердің лингвистика-семантикалық табиғаты	59
2.2	Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі материалдық мәдениет пен этномәдени кодтың семантикалық интерпретациясы	75
	Екінші тарау бойынша тұжырым	101
3	АРМЯН-ҚЫПШАҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ	103
3.1	Армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесінің құқықтық және гендерлік репрезентациясы	103
3.2	Құқықтық дискурстағы гендерлік теңдік пен патриархалдық иерархияның лингвистикалық көрінісі	114
	Үшінші тарау бойынша тұжырым	129
	ҚОРЫТЫНДЫ	131
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	132
	ҚОСЫМША А – Армян-қыпшақ тіліндегі актив қолданыстағы мақал-мәтелдер	141
	ҚОСЫМША Ә – Армян-қыпшақ тіліндегі пассив қолданыстағы мақал-мәтелдер	143
	ҚОСЫМША Б – Армян-қыпшақ тіліндегі тарихи қабатта сақталған мақал-мәтелдер	145

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегі терминдер анықтамаларына сай қолданысқа түседі:

Костілділік – жеке тұлғаның немесе белгілі бір әлеуметтік қауымдастықтың екі тілді меңгеріп, оларды түрлі жағдайларда коммуникациялық қажеттіліктеріне сай жүйелі әрі функционалдық түрде қолдану қабілеті мен практикасы.

Дивергенция (лат. *diverge* – «ауытқу», «ажырау») – екі немесе одан да көп тілдік құбылыстардың тарихи даму барысында бір-бірінен алшақтап, құрылымдық және функционалдық жағынан айырмашылықтарының күшеюін білдіретін лингвистикалық процесс.

Конвергенция (лат. *convergo* – «жақындау», «тоғысу») – тілдердің немесе тілдік бірліктердің тарихи даму барысында өзара ықпалдасып, құрылымдық, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық немесе функционалдық жағынан бір-біріне жақындауы мен ұқсастықтарының артуын білдіретін лингвистикалық процесс. Бұл құбылыс дивергенцияға қарама-қарсы бағытта жүзеге асады.

Субстрат (лат. *sub* – «астыңғы», *stratum* – «қабат», «қатпар») – тілдік байланыс барысында үстем болған (жеңген) тілдің құрылымында сақталып қалған бұрынғы жергілікті (жеңілген) тілдің қалдық белгілері мен ықпалын білдіретін лингвистикалық құбылыс. Субстрат, әдетте, жергілікті байырғы халық пен сырттан келген қауымның этникалық және тілдік араласуы нәтижесінде пайда болады.

Тілдердің дифференциациясы – туыс тілдердің дамуын сипаттайтын негізгі үдерістердің бірі, өзінің бағыттылығы жағынан тілдердің интеграциясына қарама-қарсы құбылыс. Бұл үдеріс лингвистикалық емес, көбіне қоғамдық факторлармен айқындалғанымен (қоғамның бірігу деңгейі артқан сайын оның қарқыны баяулайды), тілдердің ортақ қасиеттерін біртіндеп жоғалтып, олардың орнына өзіндік ерекшеліктердің қалыптасуы арқылы материалдық және құрылымдық тұрғыдан ажырауына әкеледі. Мысалы, орыс, белорус және украин тілдерінің көне орыс тілінің негізінде ажырап шығуы.

Интерференция (лат. *inter* – «аралық», «өзара» және *ferio* – «тисемін») – костілділік немесе көптілділік жағдайында бір тілдің екінші тілге тигізетін әсері нәтижесінде пайда болатын тілдік құбылыс. Интерференция екі тілді меңгерген адамның сөйлеуінде бөгде тілге тән элементтердің көрініс табуымен сипатталады және көбіне шет тілдік акцент, фонетикалық ауытқулар, грамматикалық немесе лексикалық сәйкессіздіктер арқылы байқалады.

Тілдік типология – шығу тегі әр түрлі тілдердің құрылымдық және функционалдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарына сүйене отырып, оларды белгілі бір жалпы лингвистикалық таксономиялық категориялар бойынша топтастыруды мақсат ететін тіл білімінің саласы. Типология тілдерді типтерге бөлудің ғылыми негіздерін айқындайды, типологиялық классификацияның әдістерін қалыптастырады және оның теориялық ұстанымдарын зерттейді.

Субординативті қостілділік – қостілді адамның санасында екі тілдің тең дәрежеде қызмет етпеуі, яғни тұлғаның тек бір ана тілін толық және еркін меңгеріп, екінші тілді сол ана тілі арқылы түсініп, соның негізінде игеруі. Мұндай жағдайда екінші тілдің сөздік бірліктері мен грамматикалық құрылымдары тікелей өз семантикалық жүйесі арқылы емес, бірінші тілдің баламалары арқылы қабылданады.

Гендерлік бейтараптық – тілде, мемлекеттік саясатта және әртүрлі әлеуметтік институттарда белгілі бір гендерге немесе жынысқа әлеуметтік рөлдерді орындауда артықшылық бермеуді білдіреді. Мұндай ұстаным гендерлік кемсітушілікті болдырмауға және кейбір гендерлердің басқалардан артықшылығы бар деген жалған түсініктің қалыптасуына жол бермеуге бағытталған.

Рефрейминг – белгілі бір жағдайды сипаттап тұрған бар шеңберлерді (рамкаларды) өзгерту. Рамкалардың өзгертілуі адамның сол жағдайды басқа қырынан көруіне мүмкіндік береді, ал жағдайды жаңа қырынан түсіндіру жаңа қорытындыларға, жаңа сезімдер мен бағалауларға алып келеді. Соның нәтижесінде әртүрлі ассоциациялар пайда болады, қызығушылық артады, сөйлеу мен ойлау қабілеті дамиды.

Бинарлық номенклатура немесе биноминалдық номенклатура (лат. binarius – «екі, қосарлы», nomenclatura – «атаулар тізімі») – халықаралық ғылыми жіктеу жүйесінде өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер туыстары мен түрлерін екі латын сөзінен тұратын атаумен белгілеу принципі.

Гендерлік амбиваленттілік немесе *гендерлік тұрақсыздық* – қоғам бекіткен нормаларға байланысты гендер, жыныс туралы түсініктердің қосарлылығын білдіреді. Яғни бұл типтілік пен қалыптылықтан ауытқу туралы сөз.

Гендерлік теңсіздік индексі (ағылш. The Gender Inequality Index) — ерлер мен әйелдер арасындағы мүмкіндіктерге қол жеткізудегі айырмашылықтарды көрсететін интегралды көрсеткіш. Ол үш өлшем бойынша бағаланады: репродуктивті денсаулық, құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту, сондай-ақ еңбек нарығындағы қатысу деңгейі.

Дискурстық стратегия – коммуникация барысында сөйлеуді ұйымдастыру, құрылымдау және реттеу тәсілдерінің жиынтығы. Ол айтылымның байланыстылығын, логикалық бірізділігін, дәлелділігін және прагматикалық тиімділігін қамтамасыз етеді.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

түр.т.: – Түркия түрікшесі.
длат.: – Диуани лұғат-ат-түрк
қп.т.: – қыпшақ түрікшесі
ал.о.т.: – алтын орда түрікшесі
шағ.т.: – шағатай түрікшесі
оғ.т.: – оғыз түрікшесі
ос.т.: – османлы түрікшесі
ауғ.т.: – ауғаныстан түрікшесі
ах.т.: – ахысқа түрікшесі
ал.т.: – алтай түрікшесі
балқ.т.: – балқан түрікшесі
башқ.т.: – башқұрт түрікшесі
бай.т.: – байырбұжақ түрікшесі
бұл.т.: – бұлғар түрікшесі
бат.фр.т.: – батыс фракия түріктері
чув.т.: – чуваш түрікшесі
доб.т.: – добружа түрікшесі
до.т.: – делиорман түрікшесі
гаг.т.: – гагауыз түрікшесі
оң.әз.т.: – оңтүстік әзірбайжан түрікшесі
хак.т.: – хакас түрікшесі
ир.х.т.: – иран хорасан түрікшесі
қар.қыр.т.: – қарай қырымшақ түрікшесі
каз.т.: – қазақ түрікшесі
сол.әз.т.: – солтүстік әзірбайжан түрікшесі
кип.т.: – кипр түрікшесі
мос.кер.т.: – мосул керкук түріктері
қар.т.: – қарапалпақ түрікшесі
қар.мал.т.: – қарашай-малқар түрікшесі
қырғ.т.: – қырғыз түрікшесі
қыр.тат.т.: – қырым-татар түрікшесі
қаш.т.: – қашқай түрікшесі
құм.т.: – құмық түрікшесі
ноғ.т.: – ноғай түрікшесі
өзб.т.: – өзбек түрікшесі
каз.тат.т.: – қазан татарлары түрікшесі
түр.т.: – түрікмен түрікшесі
тув.т.: – тува түрікшесі
ұр.т.: – ұрым түрікшесі
ұйғ.т.: – ұйғыр түрікшесі
як.диал.: – якут (саха) диалектісі

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Армян-қыпшақ тілі – XIV ғасырда қазіргі Украина, Молдова және Румыния аумағында қауым болып өмір сүрген, армян-григориан дінін ұстанған және қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топтың армян графикасы негізінде қалыптасқан тарихи тілі.

Бұл тілде қалдырылған жазба мұралар көлемі жағынан ауқымды әрі жанрлық тұрғыдан сан алуан болып, құқықтық құжаттар, діни мәтіндер, паремиологиялық үлгілер мен ресми іс қағаздарын қамтиды. Аталған жазба дәстүрі армян-қыпшақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін, жазба тіл нормаларының қалыптасуын және тілдің функционалдық әлеуетін айқындайтын бірегей лингвистикалық дереккөз ретінде бағаланады.

Төрт ғасырға жуық уақыт бойы армян-қыпшақ тілі «өлі тіл» ретінде қарастырылып келгенімен, оның әлеуметтік-коммуникативтік қызметі, жазба дәстүрінің ішкі құрылымы, құқықтық дискурста қолданылуы және гендерлік репрезентациясы қазіргі лингвистикада, әсіресе тарихи лингвистика, әлеуметтік лингвистика және гендерлік лингвистика тұрғысынан жан-жақты әрі кешенді интерпретациялауды талап етеді. Бұл тілдік мұра көптілді және көпмәдениетті ортадағы тілдік конвергенция, функционалдық дифференциация және тілдік нормалану үдерістерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Армян-қыпшақ ескерткіштері түркі, славян және армян мәдени-тілдік элементтерінің тоғысуын көрсетіп, Еуразия кеңістігінің көпэтносты тарихи-әлеуметтік болмысын айқын бейнелейді. Алайда осы уақытқа дейін бұл мәтіндердегі құқықтық нормалар, әлеуметтік мәртебелер, гендерлік қатынастар мен әйел бейнесінің тілдік репрезентациясы арнайы лингвистикалық интерпретация нысаны ретінде жүйелі түрде қарастырылған жоқ.

Аталған олқылық армян-қыпшақ тілін тек тарихи немесе этностық феномен ретінде емес, әлеуметтік мағына тудыратын, құқықтық және гендерлік категорияларды тілде кодтайтын күрделі коммуникативтік жүйе ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды.

Қазіргі лингвистикада тілдік деректерді тарихи-диахрониялық, функционалдық және әлеуметтік-мәдени қырлар тоғысында интерпретациялау өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, армян графикасымен хатталған армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілдің көпқабатты құрылымын, көптілді ортадағы тілдік өзара ықпалды және жазба тілдің тарихи эволюциясын сипаттайтын бірегей лингвистикалық материал ретінде ерекше ғылыми маңызға ие.

Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінде сақталған фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік бірліктерді лингвистикалық интерпретациялау тілдік жүйенің тарихи дамуын, тілдік нормалардың қалыптасу үдерісін және жазба тілдің функционалдық қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәтіндер тілдің құрылымдық деңгейлерінің өзара байланысын, тілдік вариативтілік пен тұрақтылықтың арақатынасын, сондай-ақ

тілдік бірліктердің әлеуметтік контексте қызмет ету механизмдерін айқындау үшін аса құнды дереккөз болып табылады.

Армян-қыпшақ мәтіндерінің жанрлық сипаты тілдік деректерді таза құрылымдық талдаумен шектемей, оларды этномәдени, әлеуметтік және гендерлік факторлармен сабақтастыра интерпретациялауға мүмкіндік береді. Әсіресе паремиологиялық және құқықтық мәтіндердегі тілдік репрезентациялар арқылы концептуалдық модельдер, бағалауыштық жүйелер және әлеуметтік рөлдердің тілде көрініс табу жолдары анықталады.

Бұл қазіргі лингвистикадағы тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет, тіл мен билік қатынастарына қатысты теориялық тұжырымдарды нақты тілдік материал негізінде тереңдетуге жол ашады. Осы тұрғыдан қарастырғанда армян-қыпшақ ескерткіштері тілін лингвистикалық интерпретациялау тілдік жүйенің тарихи өзгерісін, көптілді жағдайдағы тілдік конвергенция үдерістерін және тілдік сананың қалыптасу ерекшеліктерін сипаттауға бағытталған өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны – XVI–XVII ғасырларда жазылған армян-қыпшақ ескерткіштері.

Зерттеу пәні – XVI–XVII ғғ. армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілінің лингвистикалық интерпретациясы.

Зерттеу жұмысының мақсаты – армян-қыпшақ ескерткіштері тілін лингвистикалық интерпретациялау арқылы армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдері жүйесіндегі орнын айқындау, қазақ тілімен генетикалық және тарихи-диахрониялық сабақтастығын ғылыми негіздеу, сондай-ақ паремиологиялық және құқықтық мәтіндер негізінде этномәдени және гендерлік репрезентацияның тілдік ерекшеліктерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

– армян-қыпшақ ескерткіштерінің әлемдік және отандық түркітануда зерттелу тарихын лингвистикалық тұрғыдан жүйелеу және армян-қыпшақ тілінің қазақ тілімен генетикалық әрі тарихи-диахрониялық сабақтастығын ғылыми негіздеу;

– А.Н. Гаркавецтің армян-қыпшақ ескерткіштеріне арналған ғылыми еңбектерін лингвистикалық тұрғыдан талдау арқылы армян-қыпшақ тілінің тарихи дамуы, қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюциясы және қыпшақ тілдері жүйесіндегі орнын нақтылау;

– армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі адам бейнесі мен рухани-адамгершілік құндылықтарды лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан талдап, олардың қыпшақ дүниетанымы мен қазақ паремиологиясымен тарихи сабақтастығын дәлелдеу;

– армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі материалдық мәдениет элементтері мен этномәдени кодты лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан интерпретациялап, олардың қыпшақ қоғамының тұрмыстық тәжірибесін, дүниетанымдық моделін және қазақ паремиологиясымен тарихи сабақтастығын айқындау;

– армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесінің құқықтық және әлеуметтік-гендерлік репрезентациясын гендерлік лингвистика тұрғысынан талдап, әйелдің құқық субъектілігінің тілдік тетіктерін, патриархалдық иерархиямен өзара қатынасын және теңдік пен шектеудің амбивалентті моделін анықтау;

– армян-қыпшақ құқықтық мәтіндерінде гендерлік теңдік пен патриархалдық иерархияның тілдік көрінісін талдап, әйелдің құқықтық субъектілігінің шектеулері мен мүмкіндіктерін айқындау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

– армян-қыпшақ жазба ескерткіштері қазақ тілінің тарихи лингвистикасы тұрғысынан алғаш рет кешенді түрде қарастырылып, олардың қыпшақ тілдерінің дамуындағы орны мен қазақ тілімен генетикалық әрі тарихи-диахрониялық сабақтастығы нақты тілдік деректер негізінде айқындалды.

– А.Н. Гаркавецтің армян-қыпшақ ескерткіштеріне арналған ғылыми еңбектерін лингвистикалық тұрғыдан талдау негізінде армян-қыпшақ тілінің тарихи дамуы, қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюциясы және қыпшақ тілдері жүйесіндегі орны ғылыми тұрғыдан сипатталып, жүйеленді.

– армян-қыпшақ мақал-мәтелдері лингвистикалық-семантикалық талдау негізінде алғаш рет адам бейнесі мен рухани-адамгершілік құндылықтарды репрезентациялайтын тұтас паремиологиялық жүйе ретінде сипатталып, олардың семантикалық құрылымы, бағалауыштық модельдері мен концептуалдық өрісі қыпшақ дүниетанымына ортақ екені және қазақ паремиологиясымен тарихи-генетикалық сабақтастығы нақты тілдік деректер арқылы ғылыми тұрғыдан дәйектелді.

– армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі материалдық мәдениет пен этномәдени код алғаш рет лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан жүйеленіп, олардың қыпшақ дүниетанымын бейнелейтіні және қазақ паремиологиясымен тарихи сабақтастығы нақты тілдік деректер арқылы негізделді.

– армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесі алғаш рет гендерлік лингвистика тұрғысынан кешенді талданып, әйелдің құқық субъектілігі құқықтық дискурста арнайы тілдік тетіктер (инклюзивті формулалар, модалдық маркерлер, агентсіз құрылымдар) арқылы бекітілетіні және бұл субъектіліктің патриархалдық иерархиямен шектеліп, теңдік пен шектеудің амбивалентті моделі ретінде репрезентацияланатыны ғылыми түрде айқындалды.

– армян-қыпшақ құқықтық мәтіндері негізінде гендерлік теңдік формулаларының тілдік деңгейде жарияланғанымен, олардың патриархалдық иерархиямен қатар қолданылып, әйелдің құқықтық субъектілігін бір мезгілде әрі кеңейтетін, әрі шектейтін амбивалентті дискурстық модель қалыптастырғаны лингвистикалық тұрғыдан алғаш рет жүйелі түрде анықталды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері және материалдары ретінде XVI–XVII ғасырларда армян графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер мен сол ескерткіштерге қатысты ғылыми еңбектер алынды. Негізгі тілдік материалдар ретінде А.Н. Гаркавец құрастырған «Кыпчакское

письменное наследие» (2002, 2017) еңбектеріндегі армян-қыпшақ мәтіндері, «Кыпчакский словарь. По армянописьменным памятникам XVI–XVII веков» (2018) сөздігі және «Төре бітігі» (Армяно-кыпчакский Судебник, 1519–1594) заңдар жинағы пайдаланылды. Мақал-мәтелдерге арналған зерттеу материалы ретінде Меркс Адалберттің 1877 жылы Венецияда жарияланған «Türkische Sprichwörter» атты еңбегінде қамтылған армян-қыпшақ тіліндегі 355 паремиялық үлгі және 18 құқықтық мәтін пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер. Зерттеуде армян-қыпшақ жазба ескерткіштері кешенді әдіснама негізінде талданды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы армян-қыпшақ тілі қыпшақ тілдерінің өзге нұсқаларымен (құман, мәмлүк, қарайым, татар, қазіргі қыпшақ тілдері) салыстырылып, грамматикалық, лексикалық және фразеологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалды.

Деректанулық және тарихи-этнографиялық әдістер жазба мұралардың сенімділігін, тарихи контекстін және армян-қыпшақ қауымының этникалық-мәдени табиғатын анықтауға бағытталды. Лингвистикалық талдау (фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық) тілдік жүйенің құрылымын сипаттауға мүмкіндік берді.

Паремиялогиялық, интерпретациялық және этнолингвистикалық әдістер мақал-мәтелдердің жанрлық, мағыналық және этномәдени мазмұнын ашуға қызмет етті. Сандық-статистикалық талдау паремиялардың түркі тілдеріндегі таралу жиілігін көрсетсе, гендерлік-лингвистикалық және дискурстық-структуралық талдау заң мәтіндерінде гендерлік теңдік пен ер-орталық иерархияның тілдік тұрғыда қалай репрезентацияланатынын анықтады.

Тақырыптың зерттелуінің теориялық-әдіснамалық негізі Тақырыптың зерттелуінің теориялық-әдіснамалық негізін отандық және шетелдік лингвист-түркітанушы ғалымдардың армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін әртүрлі қырынан зерделеген іргелі еңбектері құрайды. Бұл зерттеулер армян-қыпшақ тілінің тарихи дамуын, құрылымдық жүйесін, семантикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ оның түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілімен генетикалық және типологиялық сабақтастығын айқындауға бағытталған.

Отандық тіл білімінде армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеудің теориялық негіздері қазақ түркітанушыиясының қалыптасуымен тығыз байланысты. Атап айтқанда, Ғ. Айдаров еңбектерінде армян жазулы қыпшақ мәтіндерінің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жүйесі кешенді түрде сипатталып, бұл жазба мұралардың қыпшақ тілдері жүйесіндегі орны ғылыми тұрғыдан негізделді. А.Н. Гаркавец зерттеулерінде армян-қыпшақ тілінің тарихи-элеуметтік табиғаты, қостілділік жағдайындағы тілдік конвергенция және контактологиялық үдерістер кеңінен қарастырылды. С.Ж. Құдасов, Б.С. Жиёмбай, С.М. Төребекова, Т. Ақтипан, Н.Г. Шаймерденова, Ш.Д. Бүркітбаева, С.А. Ярыгин, Т. Молдабай еңбектерінде армян-қыпшақ мәтіндері тарихи-салыстырмалы, семасиологиялық, лингвомәдени және функционалдық аспектіде талданып, олардың қазақ тілінің тарихи грамматикасы мен лексикологиясын реконструкциялаудағы маңызы айқындалды.

Зерттеудің теориялық аясын кеңейтуде әлемдік түркітанушыия мен тарихи лингвистика өкілдерінің еңбектері де маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Ж. Клаусон, С.Г. Кляшторный, Ю.А. Евстигнеев, Э.Р. Тенишев, В.Р. Григорян, В.С. Кульчицкий, Ж.Т. Танауова, Е. Сецинский, Л.С. Хачикян, Э.Ш. Хуршудян, А.Е. Крымский, И.А. Абдуллин, Н.К. Кривонос, И.М. Миргалеев, Г. Алишан, Я.Р. Дашкевич, Э.О. Трыярский, И.П. Крипякевич, Э. Шютц, Н. Чирли, Ө.К. Памукчиян, Х.К. Ченгел, М. Құталмыш, И.Е. Өзкан, Е. Алтынқайнақ, Т. Кут, З. Каймаз, С. Коз, Х. Иылдыз, А. Өзтүрік, Я. Шимшек, Е. Ақбұлыт, Т.А. Актеров, Е.Д. Поливанов, В.Н. Ярцева, И. Кись, С. Коланджян, Э.М. Корхмазян, Ж. Дени, Т. Текин, Г. Куун, Б. Аталай, А.А. Паповян, Ө. Чобаноғлу еңбектері пайдаланылды.

Аталған ғалымдардың зерттеулері армян-қыпшақ ескерткіштерін тарихи-лингвистикалық, салыстырмалы-типологиялық, этнолингвистикалық, семантикалық және мәдени-әлеуметтік тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік беріп, жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы. Армян-қыпшақ ескерткіштерін тарихи-лингвистикалық, этномәдени және гендерлік қырлар тоғысында кешенді түрде зерделеу арқылы қыпшақ тілдерінің тарихи дамуы мен құрылымдық сабақтастығын терең түсіндіруімен айқындалады.

Зерттеу нәтижелері армян-қыпшақ тілін қыпшақ тілдік жүйесінің дербес тарихи нұсқасы ретінде негіздеп, түркі тарихи лингвистикасы, паремиология, этнолингвистика және гендерлік лингвистика салаларындағы теориялық тұжырымдарды нақты тілдік деректермен толықтырады.

Сонымен қатар, құқықтық және паремиологиялық мәтіндерді дискурстық және интерпретациялық тұрғыдан талдау тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет, тіл мен билік қатынастарының өзара байланысын түсіндіретін теориялық модельдерді дамытуға үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері түркі тіл білімі, қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикология, паремиология және құқықтық лингвистика бағыттарында оқу-әдістемелік және ғылыми мақсатта қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары жоғары оқу орындарында «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Лингвомәдениеттану», «Гендерлік лингвистика», «Құқықтық мәтіндердің тілі» сияқты курстарды оқытуда, сондай-ақ арнайы семинарлар мен элективті пәндерде пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар, жинақталған тілдік деректер армян-қыпшақ жазба мұраларын транскрипциялау, аудару, салыстырмалы сөздіктер мен мәтіндік корпустар жасау, тарихи-құқықтық құжаттарды түсіндіру және ғылыми басылымдарға дайындау ісінде практикалық негіз бола алады.

Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары.

1. Армян-қыпшақ ескерткіштерінің әлемдік және отандық түркітануда зерттелу тарихын лингвистикалық тұрғыдан жүйелеу нәтижесінде бұл

мұралардың қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы заңды әрі маңызды кезенді айқындайтын дербес жазба дәстүр екені айқындалды. Армян графикасымен хатталғанына қарамастан, олардың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйесі қыпшақ тілдік типологиясына толық сәйкес келеді және көне, ортағасырлық қыпшақ тілдері мен қазіргі қазақ тілімен тарихи-диахрониялық әрі генетикалық тұрғыдан тікелей сабақтас екені кешенді лингвистикалық талдау арқылы негізделді. Бұл армян-қыпшақ ескерткіштерін қазақ тілінің тарихи дамуын реконструкциялауда және қыпшақ тілдерінің эволюциясын сипаттауда репрезентативті тілдік корпус ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

2. А.Н. Гаркавецтің армян-қыпшақ жазба ескерткіштеріне арналған еңбектерін лингвистикалық тұрғыдан талдау нәтижесінде армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдер жүйесіндегі орны айқындалып, оның тарихи дамуы қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюциямен сабақтас екені анықталды. Армян-қыпшақ тіліндегі фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік өзгерістер ішкі тілдік заңдылықтар мен сыртқы әлеуметтік-лингвистикалық факторлардың өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасқаны ғылыми тұрғыдан негізделді.

3. Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріне жүргізілген лингвистикалық-семантикалық талдау олардың адам бейнесін, рухани-адамгершілік құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын жүйелі түрде репрезентациялайтынын көрсетті. Паремиялардың семантикалық құрылымы, метафоралық модельдері мен бағалауыштық оппозициялары қыпшақ дүниетанымына тән аксиологиялық жүйемен сабақтасып, қазақ мақал-мәтелдік қорымен тарихи-диахрониялық әрі генетикалық тұрғыдан тікелей байланыста қалыптасқаны ғылыми тұрғыдан негізделді.

4. Армян-қыпшақ мақал-мәтелдері қыпшақ қоғамының материалдық мәдениеті мен этномәдени дүниетанымын бейнелейтін лингвомәдени бірліктер ретінде сипатталды. Олардың құрамындағы тұрмыстық, шаруашылыққа қатысты атаулар мен символдық бейнелер қыпшақтардың өмір салты мен тәжірибесін жинақтайтын семантикалық модельдер екені айқындалды. Бұл паремиологиялық үлгілердің құрылымдық-семантикалық жүйесі мен бейнелілік тәсілдерінің қазақ мақал-мәтелдерімен тарихи-диахрониялық тұрғыдан тікелей сабақтастығы ортақ қыпшақтық этномәдени кодтың сақталғанын көрсетеді.

5. Армян-қыпшақ заң мәтіндерінде әйелдің құқықтық бейнесі формалды түрде тең құқықты субъект ретінде тілде бекітілгенімен, оның әлеуметтік-гендерлік статусы патриархалдық иерархиямен шартталып, құқықтық субъектілік көбіне туыстық, некелік және делдалдық қатынастар арқылы жүзеге асатыны айқындалды. Соның нәтижесінде құқықтық дискурс әйелді бір мезгілде әрі құқық иесі, әрі шектеулі әлеуметтік актор ретінде репрезентациялайтын амбивалентті гендерлік модельді қалыптастырады.

6. Армян-қыпшақ құқықтық мәтіндеріне жүргізілген лингвистикалық талдау гендерлік теңдіктің құқықтық деңгейде инклюзивті формулалар,

салыстырмалы құрылымдар және гендерге бейтарап терминдер арқылы жарияланғанын көрсетті, алайда дискурстың терең құрылымында бұл теңдік патриархалдық әрі патрилиниялық иерархиямен жүйелі түрде шектелетіні айқындалды. Әйелдің құқықтық субъектілігі мүліктік, отбасылық және қылмыстық қатынастарда белгілі бір деңгейде кеңейтілгенімен, ол көбіне туыстық және некелік байланыстар арқылы легитимделіп, ер адамның құқықтық мәртебесімен салыстыру негізінде ғана танылады. Соның нәтижесінде армян-қыпшақ құқықтық дискурсында теңдік пен шектеу қатар іске асатын амбивалентті гендерлік-құқықтық модель қалыптасқаны ғылыми тұрғыдан негізделді.

Жұмыстың талқылануы мен апробациядан өтуі. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, сондай-ақ отандық және халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда 9 ғылыми мақала түрінде жарияланды. Атап айтқанда, Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда – 1 мақала, шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 4 мақала, отандық халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімге енетін ғылыми журналдарда – 3 мақала жарық көрді.

Scopus деректер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы халықаралық ғылыми басылымдарда 1 мақала жарық көрді.

1. Serikkazykyzy, A., Avakova, R., Ibraimova, Z., et al., 2025. Lexical and Cultural Interactions between Armeno-Kipchak and Turkic Languages in a Medieval Context. Forum for Linguistic Studies. 7(2): 47–60. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8097>

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала баспаға берілді:

2. Serikkazykyzy A., Avakova R.A. Studies on the Armenian-Kypchak manuscripts in Turkey. – Turkic Studies Journal homepage: www.tsj.enu.kz Turkic Studies Journal 4 (2023) – p. 115-129. <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-115-129>

3. Serikkazykyzy A., Avakova R.A. Armenian-kypchak monument prayer book “Algysh bitigi”: phonetic and some grammatical features. Ясауи университетінің хабаршысы. –2024. – №3 (133). <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.81>

4. A. Serikkazykyzy, R.A. Avakova. Proverbs and Sayings in the Armenian-Kypchak Language: Semantic-Structural Analysis. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы. – №1(150)/ 2025. – p. 265-275. <https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-265-2755>.

Диссертацияның негізгі қорытындылары мен нәтижелері бірнеше отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда сыннан өтті:

1. Армян азулы қыпшақ ескерткіші «Төре бітігінің» фонетикалық ерекшеліктері. // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына «Тәуелсіз Қазақстан әлемдік ғылыми-зерттеулер кеңістігінде» атты халықаралық конференция. – Алматы, 9-10 желтоқсан 2021 ж.

2. Лексико-семантические группы слов в армянокипчакских памятниках. // II Международной научно-практической конференции «Сравнительно-сопоставительное изучение тюркских языков», посвященной 70-летию со дня рождения известного тюрколога, общественного деятеля, кандидата филологических наук, доцента Ю.И. Васильева-Дьяргыстай. – г. Якутск, 16 декабря 2022 г

3. Ermeni harflı kıpçak türkçesi. // Türkçe deyimler: bilimsel, kuramsal, metodolojik açısından incelenmesi; tarihi ve bugünü Uluslararası Bilimsel ve Teorik konferans materyalleri. Türkiye Cumhuriyeti, 24-27 Nisan İstanbul, 2023

4. Түркітану ғылымындағы армян-қыпшақ ескерткіштерінің зерттелуі. // «Түркі өркениетін зерттеу және тәжірибе орталығының» ұйымдастыруымен өткен «Түркі өркениетінің халықаралық конгресі». Манас қырғыз-түрік университеті, 2023 жыл, 23-25 қараша.

5. Kıpçak Türkçesindeki ikilemeler: Ermeni alfabesi ile dilin derinlikleri // XII. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu (21–23 Mayıs 2025, Niğde): Bildiriler Kitabı. – Niğde, 2025. – Cilt I.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

1.1 Әлемдік лингвистикадағы армян-қыпшақ ескерткіштеріне қатысты тілдік пайымдаулар

«Қыпшақ» этнонимінің ең ерте аталуы VIII ғасырдың бірінші ширегіне жататын, ұйғыр қағаны Эль Тутмыш Білгеге арналған эпиграфиялық жазбада тіркеледі, алайда бұл мәліметтің тарихи контексті айқын емес және мәтін тек нашар сақталған бір фрагменттік жолмен ғана жеткен [1, 153].

Ортағасырлық араб-парсы тарихнамасында кең қолданылған «қыпшақ» терминінің мазмұны тарихи даму барысында өзгеріп отырды. VIII-XI ғасырларда ол тайпалық қауымдастықтың этнонимі ретінде қызмет атқарды. 1030 жылдан бастап XIII ғасырға дейін «қыпшақтар» атауы Дешті Қыпшақ кеңістігін мекендеген этникалық тұрғыдан әртекті көшпелілердің барлығына қолданылды. Алтын Орда дәуірінде (XIII-XV ғғ.) және одан кейінгі кезеңдерде бұл атау қайтадан тайпалық қауымдастықтың этнонимі ретінде орнықты [2, 97].

XVI-XVII ғасырларда «қыпшақ» этнонимі «татар» атауымен синоним ретінде қолданылған. Армян деректерінде бұл атау әртүрлі мағыналық реңктермен және түрлі фонетикалық нұсқаларда (*Kipchak, Kypshak, Kypchakh* және т.б.) кездеседі. Қыпшақтар – негізінен түркі тілінде сөйлеген, моңғолоидтық нәсілге жататын халық, Батыс түріктердің «Көк түріктердің» бір тармағы болып саналады. XIII-XIV ғасырларда қыпшақ тілі халықаралық байланыс тілі деңгейіне көтеріліп, кең далалық өркениеттің рухани және мәдени өміріне ықпал етті. Моңғол дәуіріне дейінгі половец (куман) тілі жөнінде мәліметтер Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде де кездеседі [3].

Қазақ тілінің шығу арнасын қыпшақтармен сабақтастыра айқындау керектігі туралы тұжырымды XX ғасырда атақты тілші-ғалым, академик Н. Сауранбаев білдірген болатын [4, 11].

Орта ғасырлардан сақталған жазба мұралардың басым бөлігі әртүрлі әліпби жүйелерінде хатталып, бүгінгі күнге дейін жеткен. Ортағасырлық ескерткіштер мен қазіргі қазақ тілінің тарихи-лингвистикалық сабақтастығы мәселесі түркітанушы-ғалымдар М. Сабыр мен С. Боранбаевтың еңбектерінде жүйелі түрде қарастырылған. Қыпшақтану саласының белгілі маманы М. Сабыр ортағасырлық кезеңде диалектілік дифференциация болғанымен, түркі тілдік кеңістікте негізінен супрадиалектілік тұтастық қалыптасқанын атап көрсетеді [5]. Зерттеуші С. Боранбаев ескі қыпшақ тілдік деректері мен қазіргі қазақ тілінің генетикалық сабақтастығын лингвистикалық уәждермен негіздейді [7].

XI-XVII ғасырлардағы қыпшақ және печенег тілдік ескерткіштері түркі тілдерінің тарихи-мәдени эволюциясын түсіндіруде ерекше орын алады. Э.Р. Тенишев еңбектерінде осы материалдардың қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерімен тілдік ұқсастықтары дәлелденіп, тіл біліміндегі өзекті бағыттар тұжырымдалады [8].

Солтүстік Қара теңіз аймағындағы армяндардың түркі тілін қолдануы жөніндегі ең көне дерек француз миссионері және Франция королі VI Шарльдің Темірге жіберілген елшісі Жан де Галлифонның еңбегінде кездеседі. Ол 1404 жылы жазылған «Жер туралы білім кітабында» бұл өңірдегі христиан халықтарының – гректердің, армяндардың, готтардың, таттардың, украиндардың, аландардың, аварлардың, құмықтардың және басқа да этностардың – татар тілінде сөйлегенін атап өтеді.

Поляк тарихшысы Ян Длугош та армяндар мен татарлардың тілдік ұқсастығына назар аударып, өзінің «Польша тарихы» атты еңбегінде татар халқының шығу тегін армяндармен байланыстырған және олардың сыртқы бейнесі мен тілдік жүйесінің ұқсас екенін көрсеткен. XVI ғасырда Украина аумағына қоныс аударған армяндар арасындағы сөйлеу, әсіресе, діни (литургиялық) тілдің қолданысы поляк және еуропалық зерттеушілердің назарын аударған. Бұл мәселенің өзектілігі сол кезеңде Украинадағы армян-григориан шіркеуін Рим Папасының юрисдикциясына енгізу талпыныстарымен байланысты болды.

1564 жылы италиялық шіркеу қызметкері және дипломат Антонио Мария Грациани Львовтағы армяндармен кездесіп, олардың діни мәтіндері армян тілінде жазылғанымен, көпшілігі «скиф» және «түрік» тілдерінде сөйлейтінін атап өткен. Мұндағы «скиф тілі» татар тілі мағынасында қолданылған. Француз тарихшысы В.Э. Флешье бұл мәліметті «олар түрік және татар тілдерінде сөйлейді» деп аударған. Поляк архиепископы Ян-Дмитрий Соликовский де Львов армяндарының түрік тілін еркін меңгергенін, бұл олардың Түркиямен сауда қатынастарын жеңілдеткенін жазған [9, 48].

Армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалым С.Ж. Құдасов қыпшақтар мен армян-қыпшақтардың өзара тарихи байланысын былайша түсіндіреді: Сыр бойынан шыққан қыпшақтар XI ғасырда Селжүк әскерінің құрамында оңтүстік бағыт арқылы Оңтүстік Кавказ аймағына жеткен. Шаруханның ұлы Артық ханның басқаруындағы Дон өзенінің бойын мекендеген 40 мың шаңырақ қыпшақ (шамамен 200 мың адам) 1118 жылы Грузия патшасы Давидтің шақыруымен Дарьял асуы арқылы Қап тауының арғы бетіне өтіп, оған одақтас әрі тірек болған. Бұл оқиға жөніндегі дерек «Давид патшаның тарихы» атты грузин жылнамасында да баяндалады. Грузияның тәуелсіздігін қайта орнатуды мақсат тұтқан патша Давид сол кезеңдегі аса ықпалды саяси әрі әскери күш саналатын қыпшақтармен одақ құру ниетінде 1109 жылы Артық ханның қызы Гурандохт (немесе Турандохт) ханшайымға некеленген. Қыпшақ жасақтарының әскери қуатының арқасында патша Давид Грузия мен Армения аумағын селжүктердің үстемдігінен азат етіп, Арменияны өз билігіне қаратқан.

Ғалымның айтуынша, Давид патшаның ұрпақтары – ұлы Григорий мен қызы Тамар патшайым – әкелерінің саясатын жалғастырып, қыпшақтармен тығыз қатынасты сақтап отырған. Олар бұл этникалық топпен әскери әрі саяси байланыстарды үзбей, өз елінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде қыпшақтардың қолдауына сүйенген.

Құдасовтың мәліметінше, аталған кезеңдерде қыпшақ тайпалары біртіндеп, бірнеше толқын арқылы Оңтүстік Кавказ аймағына қоныс аударған. Зерттеуші көрсеткендей, сол өңірде тұрақтап қалған қыпшақтардың бір бөлігі уақыт өте келе христиан дінін қабылдағаны жөнінде грузин тарихшыларының еңбектерінде деректер кездеседі. Сондай-ақ, Тамар патшайымның (1166–1213 жж.) билік жүргізу дәуірінде Құтлұ Арслан, Шиабер, Апридон және Құбасар сияқты қыпшақ текті тұлғалар мемлекеттік басқару ісіне белсенді араласып, маңызды лауазымдар атқарғаны айтылады.

Тамар патшайымның көрнекті әскери қолбасшылары – ағайынды әмірсыпасалар Закария мен атабек Иванэ – Арменияны селжүктердің үстемдігінен азат ету ісінде ерекше үлес қосқан. Армян тарихшыларының еңбектері мен эпиграфиялық деректерде олардың жаудан қайтарылған аймақтарда жер сатып алып, сол жерлерде қоныстар мен шіркеулер тұрғызғаны туралы нақты мәліметтер келтіріледі.

Осындай тарихи орындардың ішінде атауы бүгінге дейін сақталған *Ғыпчак* (қазіргі *Һарич*, 1946 жылдан бастап осылай аталады) ауылы мен 1206 жылы тұрғызылған *Ғыпчакаванк* (*ғыпчақ* + *аванк* – «монастырь») шіркеуі ерекше аталады. Армения Республикасының Түркиямен шектесетін Ширақ облысында *Артик* (Артық) аталатын аудан орналасқан. Ауданның әкімшілік орталығы – *Артик* қаласының шығыс бағытында шамамен 2-2,5 шақырым қашықтықта, таулы өңірдің етегінде *Қыпшақ* деп аталатын шағын ауыл қоныс тепкен. Ауылдың атауы 1946 жылы ресми түрде *Һарич* болып өзгертілгенімен, жергілікті тұрғындар бүгінде де оны дәстүрлі түрде *Ғыпчаг* деп атай береді.

Бұл жайт – аталған өңірде қыпшақтардың қоныстанғанының нақты тарихи айғағы болып табылады. Туф тастан тұрғызылған ежелгі монастырь қабырғаларында әр кезеңде қашалып жазылған жазулардың арасында қыпшақтарға қатысты деректердің кездесуі де осыны дәлелдейді. Ең көне жазбалардың бірі 1696 жылмен даталанады. Сол жазбалардың бірінде Хупасарандардан жүзім сатып алынғаны жөнінде мәлімет берілген. Бұл дерек Артық ханның қосынымен бірге Грузияға келген қыпшақтардың бір бөлігі кейінірек Армения аумағына да қоныстанғанын айғақтайды.

Аталған тұжырымды соңғы жылдары Арменияның Қазақстандағы елшісі қызметін атқарған және қазақ-армян тарихи-мәдени байланыстарын зерттеумен айналысып жүрген Э. Хуршудяанның пікірі де қуаттайды. Оның айтуынша, *Хупсаренц* атауы *Хупсардан шыққандар*, яғни әмірсыпаса Құбасардың ұрпақтары дегенді білдіреді.

Украинадағы армяндар мен армян-қыпшақтардың тарихын зерттеуші Я.Р. Дашкевич те қыпшақ тілді армяндардың бір бөлігінің шыққан тегі Анкара аймағымен байланысты екеніне назар аударады. Ғалымның пайымдауынша, Армения аумағын мекендеген қыпшақтардың бір бөлігі уақыт өте келе Түркия жеріне қоныс аударып, кейіннен Украинадағы армян-қыпшақ қауымдастығының құрамына қосылған болуы ықтимал [13, 6].

С.Ж. Құдасовтың пікірінше, қыпшақ тілінде сөйлеп, христиан дінінің армян-григориан бағытын ұстанған және қауымдық (колониялық) түрде өмір

сүрген бұл этникалық топтың нақты этникалық тегі – армян ба, әлде қыпшақ па – ғылымда әлі де нақты айқындалмаған мәселе болып табылады. Ғалымның айтуынша, бұл жөнінде зерттеушілер арасында екі түрлі ұстаным қалыптасқан.

Бір топ ғалымдар: «егер олар қыпшақтар болса, олар қалай христиан дінін қабылдады? Армяндар саяси не діни тұрғыдан қыпшақтарға мұндай терең ықпал ете алмады, сондықтан олар қыпшақтар емес, Қырымда ассимиляцияланған армяндар болуы мүмкін» деген пікірді ұстанады.

Ал лингвистикалық тұрғыдан қарастырған зерттеушілер, керісінше, «бір этностың екінші бір халықтың тілін армян-қыпшақтардағыдай терең меңгеруі мүмкін емес, сондықтан олар қыпшақтар болуы керек» деген тұжырымды алға тартады. С.Ж. Құдасов аталған мәселенің этнолингвистикалық, экстралингвистикалық және тарихи-этнографиялық қырларын кешенді түрде қарастыру әлі де өзекті деп санады. [13,8].

Ғалымдар армян-қыпшақ тілінің өркендеуі мен құлдырауы тілдің ішкі құрылымынан емес, тарихи-әлеуметтік және экстралингвистикалық факторлармен байланысты екенін көрсетеді. Кесте арқылы түсіндіріп көрелік (Кесте 1):

Кесте 1 – Армян-қыпшақ тілінің өркендеу және құлдырау кезеңдері.

Кезеңдер	Сипаттама	Тілді қолдану деңгейі
XVI ғасыр (20–30 жыл)	Армяндардың қоныс аударуы, тілдің гүлдену кезеңі.	Жоғары
1521 жыл	Іс қағаздарын жүргізудің басталуы.	Жоғары
1559–1567 жж.	Әдеби және құқықтық мәтіндердің жасалуы.	Өте жоғары
1618 жыл.	Баспа ісінің дамуы.	Өте жоғары
1600–1662 жж.	Тілді қолданудың біртіндеп әлсіреуі.	Өте жоғары
1670 жыл.	Ассимиляция, басқа тілдерге ауысу.	Орташа
XVII ғасыр.	Тілдің жойылуы.	Төмен

Бұл деректер армян-қыпшақ тілін қыпшақ тілдерінің тарихи дамуын, жазба тілдің қалыптасуын және көптілді ортадағы тілдік үдерістерді зерттеуде маңызды лингвистикалық дереккөз ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Армян-қыпшақтар – қазіргі тарихнама мен тілтанымда орныққан «армян-қыпшақ» терминімен белгіленетін, өз дәуірінде христиандықтың армян-григориан тармағын қабылдаған қыпшақтар. Қолжетімді дереккөздер бұл армян-қыпшақтар өз тілін *қыпшақ (хыпчак) тілі, біздің тіл*, сондай-ақ *татарша* деп атағанын көрсетеді. Бүгінде 1521–1669 жылдарға жататын армян-қыпшақ тіліндегі 112 жазба ескерткіш белгілі, олардың негізінде шамамен 25-30 мың беттен тұратын ауқымды жазба корпус қалыптасуда [17, 40].

Армян-қыпшақ қауымдары қоныстанған өңірлерде әртүрлі кәсіппен айналысқан. Олардың арасында транзиттік сауда жүргізген ірі көпестер мен дипломаттар ғана емес, армян әліпбиін қыпшақ тілінің фонетика-графикалық нормаларына бейімдеп, жазба дәстүрді қалыптастырған жазушы-бітікшілер де болған.

Қауымның дербестігін сақтауға бағытталған күш-жігердің нәтижесінде 1496 жылы поляк королі Ян Ольбрахт армян-қыпшақтарға «өз істерін өздерінің заңымен шешуге» құқық берді. Осыдан кейін қыпшақ тілінде көптеген түпнұсқа және аударма еңбектер дүниеге келіп, армян-қыпшақтардың іс-қағаздары мен ресми құжаттарының айналымы да осы тілде жүргізілді.

Көне армян тілінен діни кітаптар, көркем шығармалар мен дұғалықтар армян-қыпшақ тіліне аударылып, армянша-қыпшақша сөздіктер, грамматикалық еңбектер және жылнамалар, тіпті діни сарындағы поэзия үлгілері де жазылды. Армян-қыпшақ тіліндегі ресми құжаттар Львов қаласының әкімшілік-сот мекемелерінде поляк, украин және латын тілдеріндегі құжаттармен тең дәрежеде қабылданды. Нәтижесінде қыпшақ тілі колониялық қауымдарда ресми іс жүргізу тілі мәртебесіне көтерілді.

1896 жылы Мәскеу археологиялық қоғамы армян-қыпшақ құжаттарын зерттеу үшін арнайы комиссия құрды. Комиссия құрамына Ф. Корш, С. Саков және А. Крымский сияқты ғалымдар енді. 1930 жылы А. Крымский өзінің «Тюрки, IX мови та лггератури» атты кітабында алғаш рет қыпшақ тілді армяндардың этникалық тобы туралы ақпаратпен бөлісіп, әлем халықтарын армян-қыпшақтармен таныстырды [18].

А. Крымский армян-қыпшақ тілі мен құмық тілі арасында айтарлықтай ұқсастықтардың бар екенін байқайды және оның «Кодекс Куманикус» тіліне де жақындығын анықтайды. А. Крымский армян-қыпшақ тіліне байланысты мынандай тұжырымдар ұсынады:

1. Армян тілімен жазылған түркі тіліндегі мәтіндер қыпшақ-половец түркі тілдері тармағына жататындығы туралы.

2. Жазба мұраларды бұрынғы лингвистикалық материалдармен (Кодекс Куманикус пен қарайым мәтіндерімен) байланыстырады.

3. Қыпшақ тілінде сөйлейтін армяндарда тілдік ауысудың XIV–XV ғасырларда болғаны туралы болжам ұсынады.

Тіл білімінде 1970-жылдардан бері «армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілі» мәселесін зерттеген Э. Трыарский, Э. Шютц, О. Прицак, Ж. Дени, И.А. Абдуллин, Т.И. Грунин сынды ғалымдардың еңбектерінде «армян-қыпшақ» терминін тұрақты қолдана отырып, демографиялық тұрғыдан басым болған қыпшақтардың ықпалымен армян қауымдарының ана тілінен ажырап, қыпшақ тілінде сөйлеп қана қоймай, сол тілде жазба мұра да қалдырғанын атап көрсетеді.

Бұл бағыт өкілдерінің пайымынша, уақыт өте келе діни мәтіндер мен дұғалықтар да қыпшақ тілінде хатталған. Армян-қыпшақ этникалық тобының қай халыққа жататыны жөніндегі мәселеге қатысты ғылыми ортада пікірталастар әлі күнге дейін жалғасуда.

И.А. Абдуллин 1971 жылы «Советская тюркология» журналының № 3 санында «Памятная записка Агопа на армяно-кыпчакском языке» атты мақаласын жариялады [19]. Ғалым бұл еңбегінде армян-кыпшақ жазба мұраларын зерттеу тарихын нақты деректермен толықтыра отырып, жаңа табылған жаднама жөнінде құнды мәліметтер береді.

Зерттеушінің көрсетуінше, жаднаманың алғашқы нұсқасын 1957 жылы поляк ориенталистері М. Левицкий мен Р. Конов тапқан, ал екінші нұсқасы 1967 жылдың ақпан айында Санкт-Петербург қаласындағы Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапхананың қолжазбалар қорынан анықталған. Қолжазбада Каменец-Подольскідегі армян-кыпшақ қауымына қатысты бірегей жазба дерек сипатталып, оның тілдік және тарихи құндылығы дәлелденеді.

Абдуллиннің мақаласы ғылыми ортаға Агоп жаднамасын жан-жақты таныстырып, оның деректанулық (қолжазбаның жазылған күні, орны) және лингвистикалық (сирек сөздік қор, армян-кыпшақ жазба дәстүрі) қырларынан маңызын көрсетеді, сонымен бірге Каменец-Подольскідегі армян-кыпшақ қауымының діни-мәдени өмірі мен қоныстану тарихына сенімді айғақ ұсынады.

Тарих ғылымдарының кандидаты, Татарстан Ғылым академиясының Ш. Марджани атындағы Тарих институты жанындағы М.А. Усманов атындағы Алтын Орда зерттеу орталығының жетекшісі, ғалым И.М. Миргалеев 2016 жылы «Золотоордынское обозрение» журналында жарық көрген «Кыпчакское наследие. О новом издании А.Н. Гаркавца» атты мақаласында И.А. Абдуллиннің ғылыми қызметіне жан-жақты тоқталып өтеді [27, 681].

Автордың дерегінше, И.А. Абдуллин XVI ғасырда армян графикасымен жазылған кыпшақтілді жазба мұраларды жан-жақты зерттеп, олардың тілдік құрылымы мен тарихи ерекшеліктерін айқындауға бағытталған кешенді ғылыми жұмыс жүргізген. Зерттеу нәтижесінде ғалым «Армян жазулы XVI ғасыр кыпшақ тілі жәдігерлері корпусы» (XVI ғасырдағы армян графикасымен жазылған кыпшақтілді құжаттар корпусы) атты екі томдық іргелі еңбекті әзірлеген. Алайда, Миргалеевтің атап көрсетуінше, бұл құнды ғылыми еңбек қазіргі уақытқа дейін жарық көрмей, қолжазба күйінде сақталып келеді.

1560-1652 жылдары армян-кыпшақ тілінде жазылған Каменец-Подольск қаласында болған тарихи оқиғаларды қамтитын хроникалардың алғашқы басылымын 1896 жылы Г. Алишан жариялады [28]. Кейін бұл дереккөздер негізінде армян мен түріктердің тілдік байланыстарын арнайы зерттеген филология ғылымдарының профессоры Ф. фон Крелиц-Грайфенхорс заманауи ғылыми талаптарға сай жаңа басылым дайындады. Онда түпнұсқа мәтін армян графикасымен беріліп, арменистік транслитерациясы, неміс тіліне аудармасы және лингвистикалық түсіндірмелері қоса ұсынылған.

Зерттеуші аталған мәтіндердің тілін алғаш рет кыпшақ типіндегі түркі тілі ретінде ғылыми тұрғыдан айқындап, олардың тілдік табиғатын жүйелі филологиялық талдау арқылы дәлелдеді. Ғалым өз еңбектерінде армян графикасымен берілген бұл мәтіндердің лексикалық, морфологиялық және

синтаксистік құрылымына назар аудара отырып, олардағы тілдік ерекшеліктерді діни жырлар мен христиандық мазмұндағы мәтіндердің қыпшақ тіліне жасалған аудармаларына тән құбылыстармен байланыстырады. Атап айтқанда, діни терминологияның берілу тәсілдері, тұрақты формулалар мен калькаланған құрылымдар, сондай-ақ семантикалық сәйкестендіру жолдары қыпшақ тілінің жүйелік заңдылықтары негізінде жүзеге асқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеуші өз дәуіріндегі ғылыми терминологияға сәйкес бұл тілді «татар» немесе «армян-татар» тілі деп атаған. Мұндай атаулар сол кезеңдегі еуропалық және шығыстанушылық дәстүрде қыпшақ тобына жататын тілдерді жалпылама «татар тілі» атауымен белгілеу үрдісімен тығыз байланысты болды. Аталған тұжырым қазіргі тіл біліміндегі зерттеулермен үндесіп, армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілін қыпшақ тілдері жүйесінде қарастырудың ғылыми негізді екенін дәлелдей отырып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді.

Украина Ғылым академиясының Түркітану комиссиясы жанында қызмет атқарған белгілі түрколог А.Е. Крымскийдің шәкірті Т.И. Грунин армян-қыпшақ мұраларын жүйелі түрде зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі саналады. Ғалым ғылыми қызметінің бастапқы кезеңінде ұстазының жетекшілігімен жұмыс істей отырып, қыпшақ тілінің тарихи дамуы мен оның түркі тілдері жүйесіндегі орнын анықтауға бағытталған іргелі зерттеулер жүргізді.

Ғалым 1944 жылы «Қыпшақ тілі және оның түркі тілдері жүйесіндегі орны» атты кандидаттық диссертациясын қорғап, онда қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің, соның ішінде армян графикасымен жазылған мәтіндердің лексикалық қоры мен грамматикалық құрылымына жан-жақты талдау жасады. Зерттеу барысында қыпшақ тілінің морфологиялық жүйесінің тұрақтылығы, сөзжасамдық үлгілердің бірізділігі және басқа түркі тілдерімен ортақ белгілері нақты тілдік деректер арқылы дәлелденді. Аталған диссертациялық еңбек қыпшақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуде маңызды ғылыми дереккөз ретінде бағаланып, қазіргі уақытта Мәскеу мемлекеттік университетінің кітапханасында сақтаулы.

XVI–XVII ғасырларға жататын армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап белсенді түрде зерттеген көрнекті ғалымдардың бірі – кеңестік және украиндік тарихшы, Украина мен Польша аумағындағы армян колонияларының тарихын арнайы қарастырған армянтанушы Я.Р. Дашкевич. Ғалым түркітану ғылымында армян-қыпшақ мұраларын дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырудың маңыздылығын алғашқылардың бірі болып атап өтті.

Я. Дашкевичтің армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеудегі еңбегі айрықша мәнге ие. Ол алғаш рет армян-қыпшақ тілі мен жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихына арналған толық библиографиялық шолу жасап, оған барлығы 152 кеңестік және шетелдік ғалымдардың еңбектерін енгізді [29]. Бұл библиография армян-қыпшақ мұраларын зерттеудің даму динамикасын, негізгі ғылыми бағыттарын және зерттеу географиясын айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен

қатар, ғалым армян-қыпшақ тілінің бірнеше ғасырға созылған тарихи даму үдерісін үш негізгі кезеңге бөліп қарастырып, оның ауызекі қатынас тілінен жазба әдеби және ресми тілге дейінгі эволюциясын, сондай-ақ кейінгі ассимиляциялық үдерістер нәтижесінде қолданыстан шығуын ғылыми тұрғыдан негіздеді (Кесте 2).

Кесте 2 – Я. Дашкевич бойынша армян-қыпшақ тілінің тарихи даму кезеңдері.

№	Кезең атауы	Хронологиялық шегі	Негізгі сипаттама	Тілдік мәртебе
1.	Ауызекі армян-қыпшақ тілі кезеңі	XIII–XV ғғ. (шамамен)	Бұл кезеңде армян қауымдары қыпшақ тілін ауызекі қатысым тілі ретінде пайдаланды; тіл негізінен тұрмыстық, сауда және қауымішілік байланыстарда қолданылып, жазба дәстүр қалыптаспаған.	Ауызекі қатынас тілі.
2.	Армян-қыпшақ жазба тілінің қалыптасуы және гүлденуі.	XVI – XVII ғғ. бірінші жартысы.	Қыпшақ тілінің армян графикасы негізінде жазба тілге айналып, діни, құқықтық, әкімшілік, тарихи және тұрмыстық мәтіндер арқылы ресми әрі әдеби қызмет атқарған кезең.	Жазба әдеби және ресми тіл.
3.	Армян-қыпшақ тілінің әлсіреу және жойылу кезеңі.	XVII ғ. екінші жартысы.	Ассимиляциялық үдерістердің күшеюі нәтижесінде поляк, украин, латын және армян тілдерінің ықпалы артты, соның салдарынан армян-қыпшақ тілінің қоғамдық қызметі тарылып, жазба дәстүрі біртіндеп тоқтады.	Қолданыстан шыққан тіл.

Кесте – 2 армян-қыпшақ тілінің ауызекі қатынас тілінен жазба әдеби және ресми тілге дейін дамып, кейін тарихи-әлеуметтік және ассимиляциялық факторлардың әсерінен қолданыстан шыққанын көрсетеді. Бұл тілдің дамуы мен жойылуы ішкі құрылымнан емес, экстралингвистикалық жағдайлармен айқындалған.

Армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың бірі – Э. Трыарский. Зерттеуші 1987 жылы «Советская тюркология» журналының № 4 санында жарияланған «О диалектной дифференциации армяно-кыпчакского

языка» атты мақаласында армян-қыпшақ тілінің диалектологиялық ерекшеліктері мен зерттелу тарихына терең ғылыми талдау жүргізген. Автор армян-қыпшақ тілінің диахрониялық даму сипатын айқындап, оны түркі тілдерінің тарихи-диалектологиялық жүйесімен сабақтастыра қарастырған [50, 23].

Мақалада тілдің құрылымдық және фонологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ оның басқа түркі тілдерімен байланыс эволюциясы ғылыми тұрғыдан талданған. Зерттеуші 1957 жылы М. Левицкий мен Р. Кон ұсынған диалектілік жіктелу гипотезасын сыни тұрғыдан қарастырып, оның дәлелсіз тұстарын көрсетеді. Ол армян-қыпшақ тілін жеке диалектілерге бөлуден гөрі, оны тарихи және диахрониялық аспектілерде қарастырудың ғылыми негізділігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, еңбекте армян-қыпшақ жазбаларының географиялық, әлеуметтік және тарихи факторлармен байланысы жан-жақты сипатталып, диалектілік айырмашылықтар аумақтық емес, тілдің табиғи даму эволюциясымен байланысты құбылыс ретінде түсіндіріледі. Мақалада армян жазуының қыпшақ фонетикасын жеткізудегі шектеулері мен графикалық сәйкессіздіктері де тілдік реконструкцияны қиындататын фактор ретінде қарастырылады.

Э. Трыарскийдің негізгі қорытындысы – армян-қыпшақ тілі дербес, толыққанды түркі тілі ретінде танылуы тиіс және оның диалектологиялық зерттелуі барлық қолжазбалар толық жарияланып, статистикалық-лингвистикалық талдау жүргізілген жағдайда ғана нақты нәтижелер бере алады деген тұжырымға саяды.

Осылайша, Э. Трыарский армян-қыпшақ тілін түркітану ғылымындағы өзекті зерттеу нысандарының бірі ретінде айқындап, оның тарихи-лингвистикалық маңыздылығын ғылыми тұрғыдан негіздеп көрсетеді. Сонымен қатар, Э. Трыарский XVII ғасырдағы армян-қыпшақ тіліндегі үш сөздікті зерттеген [51].

Аталған қолжазбалар Вена ұлттық кітапханасының және веналық мхитаристер орденінің қолжазбалар коллекциясына жатады. Зерттеушінің пайымдауынша, бұл сөздіктердің авторлары монахтар болған және олар бір немесе бірнеше армян тіліндегі сөздіктердің үлгісі негізінде жасалған. Ғалым бұл сөздіктердің негізінен практикалық мақсатта құрастырылғанын атап көрсетеді. Олар екітілділерге (билингвтерге) түрлі жанрдағы армян тіліндегі шығармаларды, әсіресе библиялық мазмұндағы мәтіндерді түсінуге және өзара тілдік қатынастарды жеңілдетуге мүмкіндік берген.

Зерттеушінің еңбегінің ғылыми құндылығын арттыратын маңызды тұсы – ол сөздіктерде тек түркі лексикасын ғана емес, сонымен қатар түркі тіліне жатпайтын сөздердің де этимологиясын талдаған. Бұл ерекшелік армян-қыпшақ тілінің басқа мәдени ортада қолданылған тілдік байлығын, тарихи даму деңгейін және тілдік өзара ықпалдастық аясын айқындай түседі.

Э. Шютц Вена кітапханасындағы Львовтық қолжазбаларды зерттеп, бұл жұмыстың алғашқы нәтижесі ретінде бірқатар неке келісімдері мен өсиеттердің

жарияланымын ұсынған. Бұл зерттеулер армян-қыпшақ тіліндегі жарияланған және жарияланбаған ескерткіштерді зерттеудің тәжірибелік міндеттерін айқындап, оларды тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерделеудің маңыздылығын негіздейді [69].

Армян-қыпшақ ескерткіштері түркі тілдес халықтарға ортақ мәдени мұра ретінде танылатындықтан, бұл жазба жәдігерлер түрік ғалымдарының да ғылыми қызығушылығын тудырған [75, 117]. Бірқатар түрік ғалымдары бұл мәселеге ерекше қызығушылық танытып, салыстырмалы-тарихи зерттеулер жүргізген. Мәселен, армян-қыпшақ тілін зерттеген түркітанушы Надежда Чирли өзінің «Ermeni Kırçakça Dualar Kitabı» атты еңбегінде «бір халық басқа бір халықтың тілін армян-қыпшақтардағыдай терең деңгейде меңгере алмайды, демек, олардың өздері қыпшақ тектес болуы мүмкін» деген бірқатар зерттеушілердің пікірлерін алға тартады.

Мұндай зерттеу тәсілі армян-қыпшақ қауымының мәдени-тарихи дамуын, сондай-ақ оның тілдік және конфессиялық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. «Армяндар қыпшақ болып, ана тілінен бас тартып, қыпшақша сөйлей бастады» деген пікірдің кеңінен таралуына саяхатнамалық деректердің ықпалы зор болған. Италиялық шіркеу қайраткері Антонио Мария Грацини (1537-1611), поляк тарихшысы Мартин Кромер (1512-1589) және неміс саяхатшысы Иоган Альнпе (1636) XV-XVIII ғасырлар аралығында армяндар мен қыпшақтар мекендеген аймақтарды аралап, өз жазбаларында бұл жөнінде мәліметтер қалдырған.

Олардың еңбектерінде «...осы өңірде тұратын, өздерін армян деп атайтын адамдар тек татар-қыпшақ тілінде сөйлейді, діни рәсімдерді де осы тілде орындайды, ал армян тілін тек кейбір діни қызметкерлер ғана пайдаланады» деген сипаттағы деректер келтірілген [76, 8].

Аталған және өзге деректерді талдау нәтижесінде профессор, түркітанушы Надежда Өзақда (Чирли) келесі ғылыми тұжырымды ұсынады: армян-қыпшақ жазба мәтіндерінің негізін қыпшақ тілі құрайтыны күмәнсіз, алайда «армяндар қыпшақ этносының өкілдері болып, бұл тілді өздерінің ана тілі ретінде қабылдаған» деген көзқарас нақты тарихи және лингвистикалық деректерге толық сәйкес келмейді. Сондықтан бұл пікірді ғылыми тұрғыдан қайта қарастыру қажеттігі туындайды.

Зерттеушінің пайымдауынша, христиан дінінің армян-григорян дәстүрін ұстанған қауым өкілдері қыпшақтар болған және дәл солар армян жазба дәстүрін қабылдап, өз тілін армян графикасы арқылы бейнелеген.

Надежда Чирлидің «Алғыш бітігі» атты докторлық диссертациясының негізінде жарық көрген «Ermeni Kırçakça Dualar Kitabı, ALGIŞ BİTİĞİ» еңбегі армян-қыпшақ тілінің грамматикалық құрылымын, әсіресе септік жалғауларының жасалуы мен қызметін кешенді түрде талдаған маңызды зерттеу болып табылады.

Зерттеу барысында автор «Алғыш бітігі» мәтінін армян әліпбиінен латын графикасына транскрипциялап, түрік тіліне аударып, септік жалғауларының толық индексін жасаған. Ол әрбір жалғаудың морфологиялық формасын,

синтаксистік қызметін және семантикалық ерекшелігін анықтап, оларды көне түркі, Мәмлүк және Алтын Орда қыпшақ тілдерімен салыстырған. Ғалымның пайымдауынша, армян-қыпшақ тілі – қыпшақ ортасында қалыптасқан, армян графикасымен жазылған, бірақ толықтай қыпшақ тілдік жүйесіне негізделген тарихи құбылыс.

Тілдің фонетикалық және грамматикалық жүйесі татар, қарайым және қырым татар тілдерімен ортақ сипаттарға ие. Нәтижесінде, Чирли армян-қыпшақ тілінің морфологиялық құрылымы мен септік жүйесі Алтын Орда және Мәмлүк қыпшақ тілдерімен ортақ тарихи-грамматикалық негізге ие екенін дәлелдеп, бұл тілді түркі тілдерінің дамуындағы аралық буын ретінде сипаттайды [76].

Надежда Чирли өзінің докторлық диссертациясында армян жазулы қыпшақ тіліндегі ең көне әрі толық сақталған діни ескерткіштердің бірі – «Алғыш бітігі» кітабының құрылымы мен тілдік ерекшеліктеріне терең ғылыми талдау жасайды. Ол бұл ескерткіштің бүгінде Нидерландтағы Лейден университеті кітапханасында сақталған жалғыз данасы бар екенін және оның көлемі 172 беттен, әр беті 15–16 жолдан тұратынын атап көрсетеді.

Зерттеуші «Алғыш бітігінің» тілінде барлығы 1100 сөз қолданылып, олардың ішінде 181 кірме сөздің кездесетінін анықтайды: араб тілінен – 96, парсы тілінен – 56, армян тілінен – 123, поляк тілінен – 3, және славян тілінен – 2 сөз. Бұл деректер қыпшақ тіліне сол дәуірдегі діни және мәдени ықпалдың кең тарағанын дәлелдейді.

Чирлидің пайымдауынша, «Алғыш бітігі» – қыпшақ тілінде жазылған христиандық дұғалар мен қасиетті мәтіндердің жинағы, яғни армян тілін білмеген, бірақ қыпшақ тілінде сөйлейтін христиандарға арналған діни кітап. Кітаптың мазмұны Забур жырларынан, Інжіл үзінділерінен, армян шіркеуінің дұғаларынан, жеке және ұжымдық ғибадаттарға арналған әнұрандар мен дұғалардан тұрады. Зерттеуші оның құрылымын нақты реттікпен сипаттап, мәтіннің шіркеулік канондарға сай жүйеленгенін, бірақ сонымен бірге қыпшақ мәдени ерекшеліктерін сақтап қалғанын айтады.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, Чирли кітап тілінің қарапайым әрі түсінікті екенін, қыпшақ тілінің морфологиялық және фонетикалық жүйесі сақталғанын көрсетеді. Армян әліпбиімен жазылғанына қарамастан, мәтіннің қыпшақ тілдік сипаты айқын екені дәлелденеді. Көптеген кірме сөздер діни ұғымдарға қатысты болып, «кұдай», «күнә», «жарылқау», «мейірім» сияқты терминдер арқылы діни стильдің тұрақтылығын көрсетеді [77, 154].

Зерттеуші «Алғыш бітігінің» миссионерлік мәнін де атап өтеді: бұл кітап армян шіркеуінің канондарын қыпшақ тілінде жеткізу арқылы сол дәуірдегі қыпшақ тілді христиандардың рухани бірлігін нығайтқан және ана тілінде діни мәтін оқу дәстүрін сақтап қалуға ықпал еткен.

Надежда Озақда Чирлидің пайымдауынша, «Алғыш бітігі» армян-қыпшақ жазба мәдениетінің ең жоғары деңгейін танытатын, қыпшақтардың діни дүниетанымы мен жазба тіл дәстүрін жүйелі түрде көрсететін канондық ескерткіш болып табылады. Бұл еңбек арқылы зерттеуші түркітану мен тарихи

лингвистика саласында қыпшақ тілді христиандық әдебиеттің қалыптасу тарихын айқындап, оның тілдік және мәдени негіздерін ғылыми тұрғыдан негіздеді [77, 155].

Сонымен қатар, зерттеу барысында «Алғыш бітігі» мәтініне жасалған талдау армян-қыпшақ тіліндегі септік жүйесінің тарихи дамуында орын алған фонетикалық және функционалдық өзгерістерді айқын көрсетеді. Аталған өзгерістер қыпшақ тілінің көне түркі негізінен дамып, кейінгі қыпшақ тілдеріне өтпелі сипат алғанын дәлелдейтін маңызды тілдік деректер ретінде бағаланады.

Түрік ғалымы Кеворк Памукчиян өзінің «Армян әріптеріне негізделген қыпшақ-түрік жазбалары» атты еңбегінде армян-қыпшақ тілінің қалыптасу, даму және тарихи эволюция кезеңдерін жан-жақты ғылыми тұрғыдан талдайды [78]. Зерттеуші бұл тілді түркі және армян мәдениеттерінің өзара ықпалы мен тоғысуы нәтижесінде пайда болған ерекше тарихи-лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырады.

К. Памукчиянның еңбегі армян-қыпшақ тілінің тарихи генезисін, оның фонетикалық, грамматикалық құрылымын және әлеуметтік-коммуникативтік қызметін айқындауға елеулі үлес қосқан іргелі ғылыми зерттеу болып табылады.

Осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыра отырып, армян-қыпшақ жазба дәстүрін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырған еңбектер түрік тіл білімінде де маңызды орын алады. Түркияда армян-қыпшақ тілін зерттеу саласында белсенді ғылыми ізденістер жүргізіп жүрген ғалым Хулиа Касапұлы Ченгел 2012 жылы жарық көрген «Армян жазулы қыпшақ түрікшесі» атты монографиясында армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің пайда болу мәселесін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдайды [79].

Зерттеуші бұл жазбалардың қалыптасуы мен таралу процесінде армян-григорян діни қауымының, әсіресе Львов пен Каменец-Подольск қалаларындағы армян-қыпшақтардың айрықша рөл атқарғанын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Армян-қыпшақ жазба дәстүрін тек тілдік құбылыс ретінде емес, мәдени және өркениеттік феномен ретінде қарастырады. Ғалымның тұжырымынша, XVI–XVII ғасырлар – армян-қыпшақ тілінің жазба мәдениетке орнығып, қоғамдық коммуникацияның негізгі құралына айналған кезеңі.

Бұл дәуірде қыпшақ тілі армян қауымының діни мәтіндерінде, құқықтық құжаттарында, ресми және тұрмыстық қатынас салаларында кеңінен қолданылған. Мұндай қолданыс армян қоғамының қыпшақ тіліне жоғары деңгейде бейімделгенін және екі этномәдени дәстүрдің өзара ықпалдастығын дәлелдейді. Ченгел армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің жанрлық және тақырыптық алуандығын (діни, құқықтық, тұрмыстық шығармалар) жүйелей отырып, бұл жазба мұралардың қоғамдағы мәдени интеграция мен діни-коммуникативтік функциясын айқындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Хулиа Касапұлы Ченгелдің еңбектері армян-қыпшақ тілінің диахрониялық дамуын, оның жазба мәдениеттегі эволюциясын және түркі тілдері жүйесіндегі орнын анықтауда ерекше ғылыми маңызға ие. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері армян-қыпшақ тілінің тек тарихи-

лингвистикалық емес, сонымен қатар өркениетаралық байланыстардың, мәдени және конфессиялық өзара ықпалдың нақты көрінісі екенін дәлелдейді.

Хулиа Ченгел 2005 жылы жарық көрген «Армян-қыпшақ тілінде жазылған Төре бітігі шығармасы және «төре, бітік, үкім» терминдерінің мағынасы» атты мақаласында армян-қыпшақ жазба мұраларындағы құқықтық терминдердің семантикалық және тарихи негіздері жан-жақты талданады. Зерттеу нәтижесінде ғалым төмендегідей қорытындыға келеді: «Төре» – түркі қоғамындағы заң, құқық және мемлекеттік тәртіп ұғымдарын білдіретін негізгі құқықтық термин. Ол сот, үкім және заң ережелері мағынасында қолданылған.

«Жарғы» – сот ісін, әділ шешім мен үкім шығаруды білдіретін, сонымен қатар діни және этикалық реңктегі ұғым. «Бітік» – жазу, кітап, құжат мағынасында қолданылып, құқықтық мәдениет пен жазба дәстүрдің өзара байланысын көрсетеді. Зерттеуде «Төре бітігі» шығармасы қыпшақ қоғамындағы жазбаша құқық жүйесінің қалыптасқанын дәлелдейтін тарихи ескерткіш ретінде бағаланады. Бұл еңбек армян-қыпшақ тілінің заң тілі ретіндегі қызметін, сондай-ақ түркі өркениетінде құқық, дін және мораль ұғымдарының бірлігін айқын көрсеткен маңызды ғылыми мұра болып табылады [80].

Зерттеуші М. Құталмыш өзінің «Армян қыпшақтары туралы» атты мақаласында [81] армяндар мен қыпшақтар арасындағы тарихи және мәдени өзара байланыстарға қатысты ғылыми көзқарастардың сан қырлы екеніне назар аударады. Ғалымның пайымдауынша, екі этностың өзара жақындасу үрдісі XI ғасырдан бастау алып, XIII ғасырдан бастап олардың арасында тұрақты достық және мәдени қарым-қатынастар қалыптасқан.

Бұл байланыстардың негізінде, ең алдымен, сауда және экономикалық қатынастар тұрған. Сауда алмасуы нәтижесінде екі халық арасында сенім мен өзара ынтымақтастық орнап, уақыт өте келе бұл ықпалдастық туыстық және некелік байланыстар арқылы одан әрі тереңдей түскен.

М. Құталмыштың тұжырымдары армян-қыпшақ қатынастарының тек тілдік немесе діни деңгеймен шектелмей, әлеуметтік-экономикалық және мәдени негізде дамыған күрделі тарихи процесс болғанын дәлелдейді. Зерттеуші бұл құбылысты екі өркениеттің тоғысында пайда болған табиғи мәдени интеграцияның айқын көрінісі ретінде қарастырады.

Ғалым Исмайл Емре Өзкан өзінің «Армяндар мен қыпшақтар арасындағы мәдени байланыс және армян әріптеріне негізделген қыпшақ жазбалары» атты зерттеуінде [82] армяндар мен қыпшақтар арасындағы мәдени, діни және тілдік қатынастардың күрделі әрі көпқырлы сипатын жан-жақты талдайды. Зерттеуші бұл өзара ықпалдастықтың тарихи тұрғыдан ұзақ мерзімді байланыстардың нәтижесінде қалыптасқанын атап көрсетеді.

Өзканның пайымдауынша, армян және қыпшақ қауымдарының мәдени өзара қатынасы дін, тіл және тұрмыс салаларында көрініс тауып, қыпшақтардың армян-григорян христиан дәстүрін қабылдауына ықпал еткен. Ғалымның пікірінше, дәл осы діни және мәдени тоғысу армян-қыпшақ тілінің қалыптасуына негіз болған.

Бұл тіл тек діни өмірдің тілі ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-коммуникативтік қатынас пен ресми іс жүргізудің құралына айналып, армян графикасы мен қыпшақ тілінің синтезінен туған ерекше жазба дәстүрдің пайда болуына жол ашқан. Зерттеуші армян-қыпшақ тілінің қалыптасуын екі халықтың мәдени интеграциясының нақты көрінісі ретінде бағалап, оны өркениетаралық өзара ықпалдастықтың айқын тілдік феномені ретінде сипаттайды.

Профессор Ердоған Алтынқайнақ – Григориан қыпшақтарының тілдік және мәдени мұрасын зерттеу арқылы түркітану ғылымына елеулі үлес қосқан көрнекті түркітанушылардың бірі. Ғалым өз еңбектерінде армян графикасымен берілген қыпшақ мәтіндерінің тілдік ерекшеліктерін айқындап, олардың түркі тілдерінің тарихи жүйесіндегі орнын нақтылауға бағытталған кешенді зерттеулер жүргізген. Зерттеушінің пайымдауынша, түрік ғалымдарының басым бөлігі дәстүрлі түрде бұл тілді «армян-қыпшақ тілі» деп атағанымен, мұндай атау тарихи және этнолингвистикалық тұрғыдан толық дәл бола бермейді.

Алтынқайнақ бұл көзқарасын 2008 жылы жарық көрген «Армян әріптерімен жазылған Григориан мақал-мәтелдер кітабы» атты еңбегінде жан-жақты негіздейді [83]. Аталған зерттеуінде ол неміс шығыстанушысы Меркс Адалберттің 1877 жылы жариялаған «Армян алфавитімен жазылған Григориан қыпшақтарының мақал-мәтелдері мен идиомалары» атты еңбегін түрік тіліне аударып, оның мазмұны мен құрылымына терең ғылыми талдау жүргізген.

Ердоған Алтынқайнақтың пікірінше, Меркстің еңбегі алғашында «Түріктердің мақал-мәтелдері» деген атаумен жарық көрген, себебі сол кезеңде «армян-қыпшақ тілі» ұғымы ғылыми айналымда орнықпаған болатын. Кітаптың мазмұны түркі тілінде жазылғанымен, мәтіндердің армян графикасымен берілуі армян жазуын қолданған қауым өкілдерінің барлығы этникалық тұрғыдан армян болмағанын айқын көрсетеді. Ғалымның зерттеуінде көрсетілгендей, аталған еңбектің көлемі – 82 бет, онда 355 мақал-мәтел мен идиома қамтылған. Меркс әрбір мәтінді екі түрде ұсынған: бірінші қатарда – армян әріптерімен түпнұсқалық нұсқасы, ал екінші қатарда – оның неміс тіліне аудармасы берілген.

Бұл еңбек түркі мақал-мәтелдерінің графикалық, фонетикалық және семантикалық деңгейлерін салыстыра зерттеуге мүмкіндік берген алғашқы жүйелі еңбектердің бірі ретінде бағаланады. Осылайша, Ердоған Алтынқайнақтың зерттеулері армян жазуының түркі тілдік ортада кеңінен қолданылғанын дәлелдеп, Григориан қыпшақтарының тілін түркі мәдени кеңістігінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға берік ғылыми негіз қалайды [84, 266].

Армян графикасымен жазылған түркі мақал-мәтелдерін алғаш жүйелі түрде зерттеген ғалымдардың бірі – Тургут Кут. Ол 1983 жылы жариялаған «Ermeni Harfleriyle Basılmış Türkçe Atasözleri Kitapları» атты еңбегінде [85] армян әріптерімен басылып шыққан түрік мақал-мәтелдеріне арналған 11 кітапты сипаттап, олардың ішіндегі тоғызына терең талдау жүргізген.

Ғалым еңбегінде бұл еңбектердің тілдік, тарихи және мәдени контекстін анықтап, олардың түркі дүниетанымындағы фольклорлық дәстүрмен байланысын көрсетеді. Куттың зерттеуі армян жазуындағы түрік мәтіндерінің лексикалық және құрылымдық ерекшеліктерін алғаш рет жүйелі сипаттап, осы бағыттағы кейінгі еңбектерге ғылыми негіз болған.

Бұл зерттеуді кейін профессор Зеки Каймаз жалғастырды. Оның 2013 жылы жарық көрген «Армян әріптерімен жазылған түрік мақал-мәтелдер кітабы» атты мақаласында [86] армян жазуындағы түрік мақал-мәтелдерінің фонетикалық дамуы мен дыбыстық эволюциясы кеңінен талданған. Каймаз, әсіресе, дауысты дыбыстар жүйесіндегі тарихи өзгерістерге назар аударады: мысалы, $i \rightarrow e$, $a \rightarrow e$ тәрізді фонетикалық ауысуларды нақты мысалдармен дәлелдейді.

Сонымен қатар, ғалым 355 мақал-мәтелді олардың халық арасындағы қолданыс жиілігіне қарай үш топқа бөліп, толық мәтінін салыстырмалы түрде жариялаған. Зеки Каймаздың еңбегі армян жазуындағы түрік мәтіндерінің фонетикалық және этнолингвистикалық сипатын анықтауға бағытталған маңызды зерттеу болып табылады. Ол мақал-мәтелдердің тілдік дамуын тек дыбыстық өзгерістер тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге мәдени-тарихи тұрғыдан да қарастырып, түрік фольклоры мен армян жазба дәстүрінің өзара ықпалының ауқымын нақтылай түседі.

2015 жылы түрік ғалымы Сабри Коз Роберт Данкоффың «Армян әріптеріне негізделіп жазылған түрік жиналысының жазбаша мақал-мәтелдері мен идиомалары» атты еңбегіне талдау жасап, онда келтірілген мәтіндерге салыстырмалы зерттеу жүргізген [87]. Ғалым осы зерттеу нәтижесінде 53 мақал-мәтел мен идиоманың салыстырмалы тізімін жасап, олардың семантикалық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтаған.

Сабри Коз еңбегінде армян жазуымен хатталған түрік мәтіндерінің лексикалық құрамына, фразеологиялық құрылымына және мәдени-танымдық астарына ерекше назар аударады. Зерттеу нәтижесінде ғалым армян графикасын қолданған түркі қауымдарының тілінде кездесетін тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің мазмұны мен мәні түркі дүниетанымымен тығыз байланысты екенін дәлелдейді.

2016 жылы Орду университетінің зерттеушілері Хусейн Иылдыз бен Абдулкадир Өзтүрік XVIII ғасырға тиесілі «Turkish Proverbs» атты көне жазба мұраны жан-жақты зерделеп, онда кездесетін 181 мақал-мәтелдің толық тізімін жариялаған [88]. Зерттеушілер еңбекте мәтіндердің графикалық ерекшеліктерін, атап айтқанда армян әліпбиінің түрік фонетикасын жеткізудегі бейімделу тәсілдерін талдай отырып, осы графикалық бейімделудің мақал-мәтелдердің тілдік құрылымына, фонетикалық жүйесіне және семантикалық мазмұнына ықпалын салыстырмалы тұрғыдан қарастырған. Нәтижесінде мақал-мәтелдердің тарихи даму сипаты мен тілдік эволюциясы айқындалған.

Ғалымдардың пайымдауынша, аталмыш еңбек армян жазуымен хатталған түрік мақал-мәтелдерінің XVIII ғасырда да кең қолданылғанын және бұл дәстүрдің мәдени сабақтастығы үзілмей жалғасқанын көрсетеді. Осы

зерттеулер түркі және армян мәдениеттерінің өзара ықпалдастығының нақты тілдік айғағы ретінде армян графикасында сақталған түркі фольклорының құндылығын айқындайды.

Түркиялық ғалым Кеворк Памукчианның 2002 жылы жарық көрген еңбегінде армян-қыпшақ жазба ескерткіштері түркітану ғылымындағы маңызды лингвистикалық әрі мәдени дереккөздер ретінде бағаланып, олардың түркі-армян тарихи байланыстарының қалыптасуын айқындаудағы рөлі ерекше атап көрсетіледі.

Түркітанушы Яшар Шимшек 2015 жылы өзінің Армян-қыпшақ тілінде жазылған мәтіндерде «Түрік» атауының қолданылуы» атты мақаласында [90] ортағасырлық армян-қыпшақ жазбаларындағы «түрік» этнонимінің семантикалық және мәдени мағыналық өрісін жан-жақты талдайды. Түркия түркітануында бұл тіл «армян-қыпшақ тілі» атауымен кеңінен танымал болса, Анадолы аймағында жүргізілген зерттеулерде көбінесе «армян-түрік тілі» термині қолданылады [89]. Аталған атаулардың айырмашылығы тілдің тарихи-географиялық таралуына, сондай-ақ оны зерттеудің қалыптасқан ғылыми дәстүрлеріне байланысты түсіндіріледі.

Зерттеуші бұл атаудың тек этникалық белгі ретінде ғана емес, сонымен қатар діни, саяси және мәдени категорияларды білдіретін кең ұғымға айналғанын көрсетеді. Ғалымның талдауынша, армян-қыпшақ мәтіндерінде «түрік» сөзі әртүрлі контексте қолданылады: бірде ол «мұсылман» ұғымының баламасы ретінде, кейде «осман», «ирандық», немесе «Ыстамбұл» атауларымен синонимдік қатарда, ал кей тұстарда әлеуметтік немесе тұрмыстық зат атауларында сипаттауыш ретінде қолданылады. Бұл деректер «түрік» этнонимінің мағынасы ортағасырлық армян-қыпшақ қауымында тек этностық шеңберден шығып, өркениеттік және діни-мәдени ұғымды білдіретін символдық мәнге ие болғанын дәлелдейді.

Шимшектің зерттеуінен байқауға болатыны – армян-қыпшақ тілдік кеңістігінде «түрік» сөзі этникалық атаудан гөрі өркениеттік идентификацияның көрсеткіші ретінде қызмет атқарған. Бұл құбылыс қыпшақтардың ислам мәдениетімен байланысын және олардың саяси әрі діни орталардағы орнын танытады. Сонымен қатар, этнонимнің осындай семантикалық кеңеюі түркі әлеміндегі тіл мен діннің өзара ықпалдастығының, мәдени бірегейліктің және ортағасырлық әлеуметтік санадағы символдық тілдік бейнелеудің айқын көрінісі болып табылады.

Қыпшақ құқықтық жазба мұраларының ішінде ерекше маңызға ие ескерткіштердің бірі – «Төре бітігі». Бұл туынды ортағасырлық қыпшақтардың құқықтық жүйесі мен әлеуметтік қатынастарын сипаттайтын аса құнды дереккөз болып табылады.

Зерттеуші Еркін Ақбұлыт өз диссертациялық жұмысында аталған жазба ескерткішке жан-жақты талдау жасап, оның құрылымдық-композициялық және мазмұндық ерекшеліктерін айқындаған [91]. Ғалымның зерттеуінде «Төре бітігінің» мәтіндік құрылымы бірнеше бөлімнен тұратыны көрсетілген: кіріспе

бөлімі, зайырлы билік пен құқық нормаларына арналған негізгі тараулар және процедуралық баптар.

Сонымен қатар, Ерсін Ақбұлыт шығарманың құқықтық мазмұнын жүйелей отырып, қыпшақ қоғамындағы әдет құқығы, мемлекеттік басқару және діни нормалардың өзара байланысын көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, «Төре бітігі» тек құқықтық ескерткіш қана емес, сонымен бірге қыпшақ тілінің ресми-құқықтық стильдегі қолданылуын дәлелдейтін маңызды жазба дерек болып табылады. Бұл еңбек армян-қыпшақ жазба дәстүрі мен түркі құқықтық мәдениетінің өзара ықпалының айқын көрінісі ретінде бағаланады.

Ерсін Ақбұлыттың «Төре бітігі (Мәтіндерге шолу)» атты зерттеуінде Григориан қыпшақ түрікшесі мен Төре бітігінің фонетикалық және синтаксистік ерекшеліктері салыстырмалы түрде талданған. Ғалымның тұжырымынша, бұл екі жазба нұсқада дыбыс үндестігі мен ырғақтық жүйе толық сақталмаған, себебі славян және армян тілдерінің фонетикалық ықпалы айқын байқалады.

Зерттеу барысында $/e/ > /i/$, $a > u$, $e > \ddot{o}$ сияқты дыбыс алмасулар, сондай-ақ $k > g$, $p > b$, $b > v$, $g > y$ сияқты дауыссыз дыбыстардың өзгерістері тіркелген. Бұл құбылыстар тілдің тарихи дамуында бөгде тілдік әсерлердің белсенді болғанын көрсетеді. Төре бітігінде 31 дауыссыз дыбыстың қолданылуы – армян және славян тілдерінің фонологиялық ықпалының дәлелі. Сөз соңындағы g дыбысының түсіп қалуы да фонетикалық бейімделудің бір көрінісі. Синтаксистік деңгейде сөйлем құрылысы классикалық түркі үлгісінен ауытқып, қазіргі гагауз түрік тіліне ұқсас сипат алған.

Қорытындылай келе, Ерсін Ақбұлыт бұл жазба мұраларды батыс қыпшақ тілдерінің бөгде мәдени ықпалдар арқылы қалыптасқан нұсқалары деп бағалайды. Зерттеу түркі тілдерінің тарихи дамуында фонетикалық бейімделу мен құрылымдық өзгерістердің табиғи эволюциялық процесін айқындап берген маңызды ғылыми еңбек болып табылады [92, 122].

Түркиялық зерттеуші Абдулкадир Өзтүрік 2018 жылы жарық көрген «Құман, Мәмлүк, Армян-қыпшақ және Қарай түрікшелеріндегі шақ пен рай жұрнақтарында байқалатын айырмашылықтар туралы» атты ғылыми мақаласында қыпшақ түрікшесінің төрт негізгі тармағын – Құман, Мәмлүк, Армян-қыпшақ және Қарай түрікшелерін морфологиялық және функционалдық тұрғыдан кешенді салыстырмалы зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Автор зерттеу барысында шақ пен рай категорияларын қыпшақ тілдерінің грамматикалық жүйесіндегі негізгі көрсеткіштер ретінде алып, олардың формалық құрамы мен мағыналық қызметін өзара салыстыра талдайды.

Зерттеуде аталған диалектілердің шақ пен рай жүйесіндегі ортақ белгілер мен айырым тұстар жүйелі түрде сипатталып, олардың тарихи-лингвистикалық эволюциясы ғылыми тұрғыдан негізделеді. Мақалада қыпшақ тілінің бұл төрт нұсқасының бір тарихи-лингвистикалық негізден тарағаны нақты тілдік деректер арқылы дәлелденіп, сонымен бірге әрбір диалектінің өзіндік грамматикалық ерекшеліктері бар екені көрсетіледі. Автордың пайымдауынша, бұл ерекшеліктер диалектілердің әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада

қолданылуы, діни дәстүрлердің ықпалы, сондай-ақ географиялық факторлардың әсері нәтижесінде қалыптасқан.

Абдулкадир Өзтүрік еңбегінің ғылыми маңызы қыпшақ тілдерінің ішкі морфологиялық жүйесіндегі тарихи сабақтастықты көрсетуімен қатар, олардың арасындағы диахрондық (тарихи даму барысындағы) және синхрондық (бір кезеңдегі) айырмашылықтарды нақты әрі дәйекті түрде сипаттауында көрінеді. Ғалымның тұжырымынша, қыпшақ тілдеріндегі шақ пен рай категорияларының негізі ортақ болғанымен, әр диалект бұл грамматикалық жүйені өзіне тән тілдік, мәдени және коммуникативтік қажеттіліктерге сәйкес дамытқан.

Зерттеу нәтижелері түркі тілдері арасындағы диахрондық сабақтастық пен синхрондық әртүрліліктің нақты сипатын ашып көрсетіп, қыпшақ тілдерінің тарихи морфологиясын зерделеуде құнды теориялық және деректік негіз ұсынады. Автор шақ пен рай категорияларының даму жолдарын нақты мысалдар арқылы дәлелдей отырып, қыпшақ тілдерінің грамматикалық құрылымын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеуге елеулі үлес қосқанын көрсетеді [93].

Түркиялық профессор Жан Өзгүрдің «Қыпшақ түрікшесіндегі синоним сөздер» атты мақаласы көне қыпшақ түрік тіліндегі синонимдік қатарлардың табиғатын, олардың қалыптасу жолдары мен тарихи-лингвистикалық мәнін кешенді түрде зерделеуге арналған ғылыми зерттеу болып табылады. Автор зерттеу нысаны ретінде *Kitābü 'l-Ġdrāk lī-Lisāni 'l-Etrak (Kİ)* атты ортағасырлық лексика-грамматикалық сөздікті алып, қыпшақ тіліндегі синонимдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін айқындауды, сондай-ақ олардың қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығын анықтауды мақсат етеді.

Мақалада қыпшақ тілі тарихи-лингвистикалық тұрғыдан үш негізгі диалектілік тармаққа бөлініп қарастырылады: дала қыпшақ тілі (құман тілі), мәмлүк қыпшақ тілі және армян-қыпшақ тілі. Бұл жіктеу қыпшақ тілдерінің географиялық таралуын, тарихи даму жолдарын және әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада қалыптасқан тілдік ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу негізіне алынған *Kitābü 'l-Ġdrāk lī-Lisāni 'l-Etrak* сөздігі шамамен үш мыңнан астам лексеманы қамтитын, тарихи тұрғыдан аса құнды лексикографиялық дереккөз ретінде сипатталады. Сөздікте қыпшақ тілдік материалы негізгі қабатты құрағанымен, онда оғыз, түрікмен, қараханлы және хорезм тілдеріне тән элементтердің де аралас берілуі түркі тілдерінің өзара ықпалдастығы мен тарихи тілдік байланыстарын айқын көрсетеді. Автор осы деректер негізінде қыпшақ тіліндегі синонимдердің көпқабатты сипатын, мағыналық жіктелуін және варианттылық құбылысын талдай отырып, олардың көне түркі тілдік жүйедегі орны мен дамуын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Автор синонимдерді екі негізгі топқа бөледі: біріншісі – туыстық байланысы бар және жоқ тілдерден енген сөздер, екіншісі – бір сөздің бірнеше нұсқада жазылуы, яғни фонетикалық және орфографиялық варианттар. Мәселен, *ağı ~ cömert* («жомарт»), *alp ~ yigit* («батыр»), *armağan ~ baħşiş* («сыйлық»), *balçık ~ çatur* («балшық») сияқты мысалдар синонимдердің

көпқабатты лексикалық қатынастар нәтижесінде қалыптасқанын дәлелдейді. Ал *aġla- ~ iġla-* («жылау»), *beg ~ bey* («мырза»), *dil ~ til* («тіл») тәрізді нұсқалар қыпшақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін және жазу дәстүрінің қалыптасу үдерісін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде қыпшақ тілінің сөздік қорының бай әрі көп қабатты екендігі анықталған. Синонимдер тек мағыналық ұқсастықты ғана емес, сонымен қатар мәдени және стильдік реңктерді де қамтиды. Мұндай деректер қазіргі қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт тілдерімен ортақ түбірлер мен мағыналас сөздердің тарихи сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Жан Өзгүрдің аталған еңбегі қыпшақ тілінің тарихи лексикологиясын тереңірек тануға, синонимдік қатарлардың қалыптасу және даму заңдылықтарын айқындауға, сондай-ақ түркі тілдері арасындағы лексикалық сабақтастықты нақты тілдік деректер негізінде дәлелдеуге елеулі үлес қосады.

Зерттеуде ұсынылған тұжырымдар қыпшақ тілінің сөздік қорының көпқабатты сипатын, лексикалық варианттылық пен мағыналық жіктелудің тарихи негіздерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу қыпшақ тілі мен қазіргі түркі тілдері арасындағы лексика-семантикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстырмалы тұрғыдан зерделеуге бағытталған болашақ ғылыми ізденістер үшін теориялық және әдіснамалық негіз бола алады. Осылайша, аталған мақала түркітану ғылымындағы қыпшақтану бағытының өзектілігін айқындайтын, нақты деректерге сүйенген салыстырмалы-тарихи талдаудың үлгісі ретінде бағаланады. Еңбектің ғылыми құндылығы көне түркі тілдеріндегі синонимдік жүйенің эволюциясын жүйелі түрде ашып көрсетуімен ерекшеленеді [94].

Армян-қыпшақ жазба ескерткіштері қазіргі түркітану, тарихи лингвистика және этнолингвистика ғылымдары үшін маңызды дереккөз ретінде бағаланып, түркі тілдерінің даму заңдылықтарын, тілдік байланыстар мен мәдени синтез үдерістерін тереңірек зерделеуге негіз қалайды. Осы ғылыми үдерістің қалыптасуы мен даму динамикасы төменде армян-қыпшақ тілін зерттеудің негізгі кезеңдері арқылы жүйеленіп көрсетіледі (Кесте 3).

Кесте 3 – Армян-қыпшақ тілін зерттеу тарихының кезеңдері.

№	Кезең / мерзімі	Зерттеудің негізгі сипаты	Негізгі нәтижелік тұжырым
1.	XV–XVII ғғ. Алғашқы дереккөздер кезеңі.	Еуропалық хронистер мен зерттеушілер еңбектерінде армян-қыпшақ қауымының тілі туралы алғашқы мәліметтердің тіркелуі; Солтүстік Қара теңіз өңірінде татар-қыпшақ тілінің кең қолданысы.	Армян-қыпшақ тілі кең әлеуметтік және коммуникативтік қызмет атқарған көпфункционалды тіл ретінде қалыптасты.
2.	XVI–XVII ғғ. Жазба дәстүрдің қалыптасу кезеңі.	Львов пен Каменец-Подольск армян қауымдарында діни, құқықтық және тұрмыстық мәтіндердің жазылуы.	Армян-қыпшақ тілі жазба мәдениеттің және ресми іс жүргізудің толыққанды тіліне айналды.
3.	XIX ғ. Археографиялық кезең.	Армян-қыпшақ тіліндегі қолжазбалардың табылып, ғылыми айналымға енгізілуі (О. Зограпян, М. Бжишкянц, К.А. Вартересевич және т.б.).	Армян-қыпшақ мұралары тарихи-лингвистикалық дереккөз ретінде ғылыми тұрғыда мойындалды.

4.	XX ғ. басы (1930–1970 жж.) Жүйелі түркітанудық зерттеулер кезеңі.	Грамматикалық, лексикалық және тарихи аспектілерде талдау жүргізілуі (А. Крымский, Т.И. Грунин, И.А. Абдуллин).	Армян-қыпшақ тілі түркі тілдері жүйесіндегі дербес тілдік тармақ ретінде айқындалды.
5.	1970–1990 жж. Кеңестік және еуропалық зерттеу кезеңі.	Диахрониялық, диалектологиялық зерттеулер мен библиографиялық жүйелеу жұмыстары (Э. Трыарский, Э. Шютц, О. Прицак, Ж. Дени және т.б.).	Тілдің ішкі құрылымдық ерекшеліктері жан-жақты сипатталып, дербес түркі тілі ретіндегі мәртебесі толық бекітілді.
6.	XXI ғ. Қазіргі түркітанушыял ық кезең.	Морфологиялық, фонетикалық және мәдени-лингвистикалық кешенді зерттеулер (Н. Чирли, Х.К. Ченгел, Е. Ақбұлыт, А. Өзтүрік және т.б.).	Армян-қыпшақ тілі өркениетаралық, тарихи- мәдени маңызы бар интерэтникалық тіл ретінде бағалануда.

Берілген кесте армян-қыпшақ тілін зерттеу тарихының бірнеше ғасырды қамтитын жүйелі әрі кезең-кезеңімен дамыған ғылыми үдеріс екенін көрсетеді. Алғашқы кезеңдерде тіл туралы деректер сипаттамалық сипатта тіркелсе, кейін жазба мұралардың ғылыми айналымға енуі армян-қыпшақ тілін тарихи-лингвистикалық нысан ретінде тануға жол ашты.

XX ғасырдан бастап жүргізілген жүйелі түркітанулық зерттеулер армян-қыпшақ тілінің грамматикалық және лексикалық құрылымын жан-жақты сипаттап, оның түркі тілдері жүйесіндегі дербес тілдік тармақ ретіндегі мәртебесін айқындады. Жалпы алғанда, кестеде көрсетілген зерттеу кезеңдері армян-қыпшақ тілін танудың ғылыми негіздерінің біртіндеп тереңдеп, сипаттамалық деңгейден теориялық және интерпретациялық деңгейге дейін дамығанын көрсетеді.

1.2 Қазақ тіл біліміндегі армян-қыпшақ ескерткіштеріне қатысты тұжырымдар

Армян-қыпшақ ескерткіштері түркітану ғылымында, әсіресе қазақ тіл білімінде, қыпшақ тілінің тарихи дамуын, құрылымдық жүйесін және қазақ тілімен генетикалық сабақтастығын айқындауда маңызды деректік база болып табылады. Бұл жазба мұралар тек тілдік ескерткіштер ретінде ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық түркі диаспорасының мәдени, құқықтық және әлеуметтік болмысын танытатын кешенді дереккөздер ретінде қарастырылады. Осыған байланысты армян графикасымен жазылған қыпшақ мәтіндерін зерттеу қазақ түркітануында тарихи-лингвистикалық, салыстырмалы-тарихи және мәдени-танымдық бағыттардың қалыптасуымен тығыз байланысты.

Отандық тіл білімінде армян-қыпшақ ескерткіштерін жүйелі түрде зерттеу XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми айналымға еніп, кейінгі кезеңдерде әртүрлі ғылыми аспектілерде тереңдей түсті. Алғашқы зерттеулер негізінен ескерткіштердің тілдік табиғатын, графикалық ерекшеліктерін және қыпшақ тіліне тән негізгі белгілерін анықтауға бағытталса, кейінгі еңбектерде фонетика, морфология, лексика, семантика және синтаксис мәселелерімен қатар тарихи-салыстырмалы және семасиологиялық проблемалар кешенді

түрде қарастырыла бастады. Бұл зерттеулер қазақ тілінің тарихи дамуын реконструкциялауға, қыпшақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орнын айқындауға және қыпшақ жазба дәстүрінің эволюциясын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік берді.

Осы бөлімде қазақ тіл білімінде армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеуге елеулі үлес қосқан отандық ғалымдардың еңбектері жүйелі түрде қарастырылады. Атап айтқанда, армян-қыпшақ мәтіндерін алғаш рет ғылыми негізде кешенді талдаған іргелі зерттеулерден бастап, кейінгі кезеңдердегі құрылымдық, тарихи-салыстырмалы, семасиологиялық және функционалдық бағыттағы диссертациялық жұмыстар мен ғылыми мақалаларға дейінгі ізденістердің негізгі бағыттары мен нәтижелері сипатталады. Мұндай шолу отандық түркітануда армян-қыпшақ мұраларын зерттеудің қалыптасу эволюциясын, қолданылған әдіснамалық ұстанымдарды және қазіргі ғылыми деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде түркітану ғылымының қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – Ғұбайдолла Айдаров. Ол армян графикасымен жазылған қыпшақ ескерткіштерін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған алғашқы қазақ ғалымдарының қатарында болды. Ғалымның 1992 жылы жарық көрген «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілі» атты еңбегі қазақ түркітануында айрықша ғылыми мәнге ие зерттеу ретінде бағаланады [119].

Аталған еңбектің ғылыми және әдістемелік маңызы бірнеше өзара сабақтас бағытта айқындалады. Ең алдымен, армян-қыпшақ жазба мұраларының тілдік материалына сүйене отырып, қыпшақ тілінің тарихи-фонетикалық және грамматикалық жүйесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қыпшақ тілдерінің даму эволюциясын нақты деректер негізінде сипаттауға, дыбыстық жүйе мен грамматикалық құрылымның тарихи тұрақтылығын анықтауға жағдай жасайды. Мұндай реконструкциялық сипаттағы зерттеулер қазақ тілінің көне қабаттарын айқындауда және оның тарихи негіздерін жүйелі түрде түсіндіруге ерекше маңызға ие.

Екіншіден, зерттеу тілдік деректермен ғана шектелмей, мәтіндердің мәдени-тарихи контекстін кеңінен қамтиды. Армян-қыпшақ жазбалары арқылы ортағасырлық қыпшақ қауымының әлеуметтік құрылымы, құқықтық нормалары, діни дүниетанымы мен рухани құндылықтары тілдік тұрғыдан зерделенеді. Бұл қыпшақ тілін тек құрылымдық жүйе ретінде емес, белгілі бір тарихи-әлеуметтік ортада қызмет атқарған қоғамдық коммуникация құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты ашып көрсететін маңызды дереккөз қызметін атқарады.

Үшіншіден, еңбекте ұсынылған тілдік материалдар мен ғылыми тұжырымдар қазақ тілінің тарихи дамуы мен қыпшақ тілі арасындағы генетикалық сабақтастықты дәлелдейтін сенімді деректік негіз болып табылады. Армян-қыпшақ мәтіндеріндегі фонетикалық, морфологиялық және лексикалық бірліктердің қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен сәйкес келуі қазақ тілінің қыпшақ тілдік негізден дамығанын айқын көрсетеді. Бұл деректер

қазақ тілінің тарихи грамматикасы мен лексикологиясын зерттеуде маңызды рөл атқарып, оның түркі тілдері жүйесіндегі орнын нақтылауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, зерттеу нәтижелері оқу үдерісінде және ғылыми ізденістерде әдістемелік құрал ретінде пайдалануға қолайлы. Армян-қыпшақ ескерткіштері негізінде жасалған лингвистикалық талдаулар жоғары оқу орындарында тарихи тіл білімі, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, тарихи лексикология және паремиология пәндерін оқытуда қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл материалдар болашақ зерттеушілер үшін деректік база ретінде қызмет атқарып, қыпшақ тілдері мен қазақ тілінің тарихи дамуын тереңірек зерделеуге жол ашады.

Ғ. Айдаров еңбегіндегі маңызды ғылыми бағыттардың бірі – лексикалық жүйелеу мен семантикалық саралау болып табылады. Ғалым армян-қыпшақ мәтіндеріндегі лексемаларды лексикалық-мағыналық топтарға жіктеу арқылы тарихи-диахрондық зерттеулердің жаңа ғылыми бағытын ұсынады. Мұндай тәсіл тілдің сөздік қорын тек тізбектеп сипаттаумен шектелмей, оның ішкі құрылымын, мағыналық жіктелуін және семантикалық өрістердің қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Лексика-семантикалық жүйелеу нәтижесінде қыпшақ тіліндегі әлеуметтік, құқықтық, тұрмыстық және рухани ұғымдардың тілдік бейнесі ашылып, қыпшақ халқының әлеуметтік-мәдени болмысы тілдік деректер арқылы сипатталады. Бұл тәсіл қыпшақ тілінің лексикалық құрамындағы тұрақты элементтер мен тарихи өзгерістерді анықтауға, сондай-ақ олардың қазақ тіліндегі жалғасын көрсетуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Ғ. Айдаровтың лексикалық жүйелеу мен семантикалық саралау әдісі қазақ тіл білімінде тарихи-диахрондық зерттеулердің әдіснамалық негізін кеңейткен маңызды ғылыми үлес ретінде бағаланады.

Сонымен қатар, Ғ. Айдаров армян-қыпшақ тілін зерттеудің үш негізгі ғылыми бағытын айқындап көрсетеді. Бірінші бағыт – ескерткіштермен таныстыру кезеңі, бұл кезеңде армян графикасымен жазылған қыпшақ мұраларының тілдік табиғаты анықталып, олардың түркі тілдері жүйесіндегі орны мен ғылыми маңызы белгіленеді. Осы кезеңде ескерткіштердің тілдік мәртебесін айқындау, олардың қыпшақ тілдеріне қатыстылығын дәлелдеу және жалпы түркологиялық кеңістікте тану негізгі міндет ретінде қойылады.

Екінші бағыт – мәтіндерді жариялау кезеңі, мұнда армян-қыпшақ қолжазбалары факсимиле, транскрипция және аударма түрінде ғылыми айналымға енгізіледі. Бұл кезеңнің басты мақсаты – жазба мұраларды қолжетімді ету, олардың тілдік материалын жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік жасау және болашақ лингвистикалық талдауларға деректік база қалыптастыру болып табылады. Мәтіндерді жариялау армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеудің сапалық жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашады.

Үшінші бағыт – құрылымдық-салыстырмалы зерттеу кезеңі, бұл кезеңде армян-қыпшақ тілі басқа түркі тілдерімен салыстырмалы тұрғыдан қарастырылады. Атап айтқанда, оның морфологиялық, синтаксистік және

лексикалық ерекшеліктері айқындалып, қыпшақ тілдеріне тән жүйелік белгілер тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талданады. Осы кезеңде тілдік деректер типологиялық және диахрониялық аспектіде зерделеніп, армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдері жүйесіндегі орны нақты айқындалады.

Ғалым ұсынған бұл кезеңдік жіктеу армян-қыпшақ мұраларын зерттеу эволюциясын айқын көрсетеді: алғашқы кезеңде дерек танылады және сипатталады, екінші кезеңде ол ғылыми айналымға енгізіледі, ал үшінші кезеңде типологиялық және тарихи-лингвистикалық тұрғыдан терең әрі кешенді талдау жасалады. Мұндай жүйелеу армян-қыпшақ жазба мұраларын зерттеудің әдіснамалық негізін қалыптастырып, кейінгі зерттеулер үшін бағыт-бағдар береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Ғұбайдолла Айдаровтың «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілі» атты еңбегі қазақ түркітануындағы іргелі ғылыми зерттеулердің бірі болып табылады. Зерттеуде армян-қыпшақ жазбаларының фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жүйесі кешенді түрде қарастырылып, түркі және славян тілдері арасындағы тілдік байланыстар, сондай-ақ қазақ тілінің тарихи негіздері ғылыми тұрғыдан айқындалған. Бұл еңбек түркітану ғылымының теориялық және деректік қорын елеулі түрде байытып, қазақ тілінің тарихи дамуын зерттеуге берік әдіснамалық бағдар берген құнды ғылыми мұра ретінде бағаланады.

Қазақ түркітануында армян-қыпшақ жазба мұраларын жүйелі түрде зерттеу ісін жалғастырған көрнекті ғалымдардың бірі – С.Ж. Құдасов. Ғалымның осы бағыттағы негізгі еңбегі – «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші Дана Хикар сөзінің тілі» атты монографиясы болып табылады [123]. Аталған еңбек армян графикасымен қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық дидактикалық шығарма – «Дана Хикар сөздерін» тілдік, тарихи және мәдени қырларынан кешенді түрде зерттеуге арналған іргелі ғылыми жұмыс ретінде бағаланады.

Монографияда С.Ж. Құдасов армян-қыпшақ ескерткішінің мәтінін толық көлемде транскрипциялап, оны армян графикасынан кирилл жазуына көшіру арқылы қазақ тіліне аударған. Бұл жұмыс ғалым тарапынан тек техникалық сипаттағы көшіру әрекеті ретінде емес, лингвистикалық реконструкцияның негізгі кезеңі ретінде жүзеге асырылған.

Зерттеуші мәтінді транскрипциялау барысында армян жазуының қыпшақ тілінің дыбыстық жүйесін берудегі мүмкіндіктері мен шектеулерін ескере отырып, фонетикалық сәйкестіктерді дәл айқындауға ұмтылады. Осы негізде мәтіннің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық құрылымы жүйелі түрде талданып, қыпшақ тілінің сол дәуірге тән ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан анықталады. Бұл ерекшеліктердің көне және ортағасырлық қыпшақ тілдік дәстүрімен сабақтастығы нақты тілдік деректер арқылы дәйектеледі.

С.Ж. Құдасов өз еңбегінде «Дана Хикар сөздерінің» тілін тек құрылымдық-лингвистикалық аспектіде ғана емес, сонымен қатар мәдени-өркениеттік контексте қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, бұл ескерткіш түркі

диаспорасының көпэтносты және көпконфессиялы ортада қалыптасқан мәдени, діни және тілдік өзара ықпалдастығының айқын көрінісі болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, «Дана Хикар сөздері» армян-қыпшақ жазба дәстүрінің рухани сабақтастығын танытып қана қоймай, қыпшақ қауымының дүниетанымын, этикалық нормаларын және тәрбиелік ұстанымдарын тілдік тұрғыдан бейнелейтін құнды тарихи-мәдени мұра ретінде сипатталады. Бұл ескерткіш қыпшақ тілінің тек қатысымдық қызметін ғана емес, оның дүниетанымдық және дидактикалық әлеуетін де айқын көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде С.Ж. Құдасов «Дана Хикар сөздерін» қыпшақ жазба дәстүріндегі ерекше үлгі ретінде сипаттап, оның түркі әлемінің мәдени кеңістігіндегі орнын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Ғалым армян графикасымен жазылған қыпшақ ескерткіштерін қазақ тілінің тарихи дамуын, көне қыпшақ тілінің құрылымдық жүйесін және жалпы түркі тілдерінің тарихи сабақтастығын тануға мүмкіндік беретін маңызды дереккөздер ретінде бағалайды. Бұл тұрғыда «Дана Хикар сөздері» қыпшақ тілінің жазба нормаларының қалыптасуын, лексикалық және грамматикалық жүйесінің тұрақтылығын айқындайтын тілдік материал ретінде ерекше мәнге ие.

Осы тұжырымдар негізінде, С.Ж. Құдасовтың аталған еңбегі қазақ тіл білімінде армян-қыпшақ жазба мұраларын зерттеудің жаңа ғылыми кезеңін қалыптастырған, тарихи-лингвистикалық және мәдени-танымдық бағыттағы іргелі зерттеу болып табылады. Бұл монография қыпшақ тілінің тарихи дамуын кешенді тұрғыдан пайымдауға, сондай-ақ қазақ тілінің генетикалық негіздерін терең түсіндіруге мүмкіндік беретін берік теориялық және деректік база қалыптастырып, отандық түркітану ғылымының дамуына елеулі үлес қосты.

С.Ж. Құдасов пен С. Төребекованың «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері және қазақ тілінің тарихы мәселесі» атты мақаласы қазақ түркітануында армян-қыпшақ жазба мұраларының тілін қазақ тілімен салыстыра зерттеген маңызды ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Зерттеудің негізгі мақсаты XVI–XVII ғасырларда армян графикасымен жазылған қыпшақ ескерткіштері тілінің сөздік қорын қазақ тілінің тарихи лексикасымен салыстыра отырып, олардың генетикалық және типологиялық сабақтастығын айқындау болып табылады.

Мақалада авторлар армян-қыпшақ мәтіндерінде кездесетін есімдер, етістіктер, сын есімдер мен көне түбірлерді қазіргі қазақ тіліндегі тұлғаларымен фонетикалық, морфологиялық және семантикалық тұрғыдан салыстыра талдайды. Зерттеу барысында *оғлан – ұлан, ағыз – ауыз, баш – бас, бурун – мұрын, бармах – бармақ, сув – су, йүрәк – жүрек, теңрі – тәңірі* тәрізді лексемалардың қазақ тіліндегі нұсқаларымен тікелей сабақтас екені нақты тілдік деректер арқылы дәлелденеді. Аталған сәйкестіктер қыпшақ және қазақ тілдеріндегі ортақ түбірлердің сақталуын, сондай-ақ тарихи лексикалық жалғастықты көрсетеді.

Сонымен қатар, мақалада фонетикалық сәйкестіктер мен дыбыстық ауысуларға (*й//ж, х//қ, ш//с, б//м; бурун → мұрын, баш → бас*) ерекше назар аударылып, олардың тарихи фонологиялық дамудың заңдылықтарына сәйкес

жүзеге асқаны айқындалады. Бұл құбылыстар қазақ тілінің қыпшақ тілдік негізден дамығанын дәлелдейтін маңызды лингвистикалық көрсеткіштер ретінде бағаланады.

Зерттеуде етістіктер жүйесі де арнайы салыстырмалы талдаудан өткізіледі. *Айт-, көр-, бер-, өл-, тұр-, бар-* сияқты негізгі етістіктердің армян-қыпшақ мәтіндерінде дәл осы тұлғаларда қолданылып, қазіргі қазақ тілімен құрылымдық және мағыналық сәйкестік танытатыны көрсетіледі. Авторлар бұл тілдік ұқсастықтарды кездейсоқ құбылыс емес, қазақ тілі мен көне қыпшақ тілі арасындағы тікелей генетикалық байланыстың нәтижесі ретінде түсіндіреді.

Қорытындылай келе, мақалада армян-қыпшақ жазба мұралары қазақ тілінің тарихи дамуын, көне қыпшақ қабатын және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі айырмашылықтардың табиғатын тануға мүмкіндік беретін нақты әрі сенімді тілдік дереккөздер ретінде бағаланады. Бұл зерттеу қазақ тілінің тарихи лексикасын, фонетикалық жүйесін және грамматикалық құрылымын реконструкциялауда маңызды ғылыми негіз қалыптастырып, армян-қыпшақ мұраларының қазақ түркітануындағы орны мен маңызын айқын көрсетеді [124].

С.Ж. Құдасовтың еңбектерінде түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихи қалыптасуы мен дамуындағы қыпшақ тілінің орны мен рөлі кешенді түрде қарастырылады. Ғалымның ғылыми көзқарасы түркі тарихи лингвистикасы мен қыпшақтанудың өзара сабақтастығын айқындайтын бірқатар негізгі тұжырымдарға негізделеді.

Біріншіден, қыпшақ тілін тарихи-лингвистикалық реконструкциялау қазақ тілінің генетикалық тамырын айқындаудың басты әдісі ретінде танылады. С.Ж. Құдасов қыпшақ тілін қазіргі қазақ тілінің тарихи негізі деп есептейді. Ғалымның пікірінше, армян графикасымен жазылған қыпшақ ескерткіштерін кешенді түрде зерттеу қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық жүйесінің қалыптасу сатыларын нақты тілдік деректер арқылы қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Екіншіден, жазба деректер тілдің тарихи эволюциясын дәлелдейтін негізгі деректік база ретінде қарастырылады. Ғалым ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерін, әсіресе армян графикасымен жазылған мәтіндерді, қазақ әдеби тілінің тарихи кезеңдерін айқындаудағы басты дереккөздер деп таниды. Бұл ескерткіштер қазақ тіліндегі көне қабаттарды, соның ішінде түбірлік морфемалардың тұрақтылығын, синтаксистік үлгілердің тарихи сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, графикалық көптүрлілік тарихи-фонетикалық талдауда әдістемелік қиындық тудыратын фактор ретінде сипатталады. С.Ж. Құдасов атап өткендей, армян, араб, готика, еврей және грузин жазуларымен сақталған түркі мәтіндерін салыстыра зерттеу бірізді әдіснамалық негізді қажет етеді. Осы тұрғыда ғалым фонетикалық реконструкция мен графемалық сәйкестендіру тәсілдерін жүйелеудің маңызын көрсетеді. Мұндай әдіс әртүрлі графикалық жүйелерде берілген фонемалардың мәнін дәл сәйкестендіріп, тарихи дыбыстық заңдылықтарды айқындауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, қыпшақ тілі тарихи байланыстырушы буын ретінде бағаланады. С.Ж. Құдасов қыпшақ тілін көне түркі мұралары (соның ішінде Codex Cumanicus) мен қазіргі қыпшақ тілді халықтардың (қазақ, ноғай, қарақалпақ, қарайым, башқұрт және т.б.) тілдері арасындағы лингвистикалық дәнекер деп сипаттайды. Армян-қыпшақ жазба мұралары осы сабақтастықты нақты тілдік деректермен дәлелдеп, қазақ тілінің тарихи эволюциясын салыстырмалы тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бесіншіден, қыпшақ тілі ортағасырлық Еуразия кеңістігіндегі халықаралық қатынас тілі әрі типологиялық тұтастықтың үлгісі ретінде қарастырылады. Ғалым қыпшақ тілінің әртүрлі этномәдени ортада қолданылғанына қарамастан, оның құрылымдық біртұтастығын сақтағанын атап өтеді.

Бұл қыпшақ тілінің жүйелік тұрақтылығын және қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған тарихи алғышарттарды көрсетеді. Осыған байланысты қазақ тілінің тарихи лингвистикасын дамыту жазба мұраларды кешенді зерттеумен тығыз байланысты деп бағаланады. С.Ж. Құдасов «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында әкелінген армян-қыпшақ жазбаларының көшірмелерін ұлттық тіл тарихын жаңаша пайымдауға мүмкіндік беретін стратегиялық бағыт ретінде қарастырады. Бұл материалдар қыпшақ тілі арқылы қазақ әдеби тілінің қалыптасу жолдарын, оның лексикалық және грамматикалық жүйесінің тарихи негіздерін нақтылауға жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, С.Ж. Құдасовтың ғылыми концепциясы қыпшақ тілін түркі тілдерінің тарихи дамуындағы өзек тілдік жүйе ретінде қарастыруға негізделеді.

Ғалымның пікірінше, армян-қыпшақ ескерткіштерін кешенді зерттеу қазақ тілінің тарихи дамуын қайта құруға, оның фонетикалық, морфологиялық және лексикалық жүйесінің эволюциясын дәл айқындауға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы зерттеулер түркітану ғылымының әрі қарай дамуы мен қазақ тілінің тарихи генезисін анықтауда стратегиялық маңызы бар лингвистикалық бағыт ретінде бағаланады.

С. Төребекованың «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштеріндегі етістік категорияларының семантикасы мен қолданылуы» атты докторлық диссертациясы (2018) қазіргі қазақ түркітануындағы армян-қыпшақ жазба мұраларын жаңа ғылыми деңгейде зерттеген іргелі еңбектердің бірі болып табылады [125].

Зерттеу армян графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі етістік категорияларын тарихи, құрылымдық және функционалдық аспектіде кешенді түрде қарастыруға бағытталған. Зерттеудің негізгі ғылыми идеясы армян-қыпшақ тіліндегі етістік жүйесін тарихи-компаративтік әдіс негізінде талдау арқылы түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің морфологиялық және семантикалық сабақтастығын айқындау болып табылады.

С. Төребекова етістіктің грамматикалық категорияларын көне түркі мұраларымен, ортағасырлық қыпшақ ескерткіштерімен және қазіргі қыпшақ тілді халықтардың (қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, қарайым) тілдік

материалдарымен салыстыра отырып, олардың диахрониялық эволюциясын ғылыми тұрғыдан реконструкциялайды [125].

Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері бірнеше бағытта айқындалады. Ең алдымен, етіс категориясына қатысты армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі етіс формаларының жүйесі қазіргі қазақ тілімен тығыз байланысты екені анықталады. Бұл ұқсастықтар тарихи сабақтастықты, морфологиялық модельдердің тұрақтылығын дәлелдей отырып, қыпшақ тілдерінің тарихи грамматикасын қалпына келтіруге нақты тілдік негіз ұсынады [125].

Бұйрық рай (императив) жүйесіне қатысты зерттеуде бұйрық рай тұлғаларының семантикалық өрісінің кең әрі мағыналық реңктерге бай екені көрсетіледі. Армян-қыпшақ мәтіндерінде императив формалары қалау, тілек, өтініш, ұсыныс және түрткілік мағыналармен қабаттаса қолданылатыны айқындалады. Бұл құбылыс бұйрық райдың қалау раймен семантикалық тоғысуы арқылы тарихи грамматикалық дамудың табиғи кезеңін танытады. Сонымен қатар, бұйрық рай тұлғаларының аймақтық нұсқалары қыпшақ тілінің диалектілік жіктелісін де көрсететін маңызды тілдік белгі ретінде сипатталады [125].

Шартты рай (кондиционалис) категориясына қатысты зерттеу шартты рай тұлғаларының формалық және семантикалық ерекшеліктерін алғаш рет жүйелі түрде сипаттайды. *-ca/-сә* тұлғаларының әртүрлі шақтық мағыналарда (*барды есә, айтқан есә, келіп есә, жазар есә*) қолданылуы шартты райдың тарихи дамыған грамматикалық категория екенін дәлелдейді. Автордың тұжырымы бойынша, бұл тұлғалар қазіргі түркі тілдеріндегі шартты рай жүйесінің қалыптасуына негіз болған [125].

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық үлесі армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін функционалды-грамматикалық және тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерделеудің жаңа ғылыми моделін ұсынуымен айқындалады. Ғалым етістік категорияларын тек морфологиялық бірліктер ретінде ғана емес, тарихи даму барысында қалыптасқан семантикалық-функционалдық жүйе ретінде қарастырады [125].

Еңбектің ғылыми маңызы түркі тілдерінің тарихи-грамматикалық типологиясын кеңейтумен, қазақ тілінің морфологиялық жүйесінің қалыптасу заңдылықтарын нақты тілдік деректер арқылы айқындаумен сипатталады. Армян-қыпшақ тіліндегі етістік құрылымын тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерттеу қыпшақ және қазақ тілдерінің генетикалық байланысын дәйекті түрде дәлелдеуге мүмкіндік береді [125].

Осылайша, С. Төребекованың диссертациялық зерттеуі армян-қыпшақ тіліндегі етістік категорияларының семантикасы мен қолданысын кешенді түрде зерделей отырып, түркі тілдерінің грамматикалық дамуы мен тарихи сабақтастығын терең түсіндіруге бағытталған маңызды ғылыми еңбек болып табылады. Бұл зерттеу қазақ түркітануында қыпшақ тілдерінің тарихи грамматикасын жаңаша пайымдаған, қазақ тілінің морфологиялық жүйесін тарихи-диахрондық тұрғыдан негіздеген іргелі ғылыми жұмыстардың қатарынан орын алады.

Б.С. Жиёмбайдың «Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім категориясының семасиологиялық аспектіде дамуы» атты докторлық диссертациясы (2020) қазақ және жалпы түркі тарихи тіл білімінде армян-қыпшақ жазба мұраларын лингвистикалық тұрғыдан кешенді түрде зерттеген іргелі еңбектердің бірі болып табылады [126]. Зерттеу XVI–XVII ғасырларда армян графикасымен жазылған қыпшақ мәтіндеріндегі есім категориясының, соның ішінде антропонимдік жүйенің семасиологиялық және тарихи-грамматикалық тұрғыдан дамуын зерделеуге арналған.

Зерттеудің ғылыми өзегі армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім категориясының морфологиялық және семантикалық эволюциясын көне түркі мұраларымен, ортағасырлық қыпшақ ескерткіштерімен және қазіргі түркі тілдерімен, әсіресе қазақ тілімен, салыстырмалы-тарихи аспектіде қарастыру болып табылады. Ғалым есім жүйесінің тарихи дамуын генетикалық сабақтастық тұрғысынан талдай отырып, армян-қыпшақ және қазақ тілдері арасындағы типологиялық ұқсастықтарды ғылыми негізде дәйектейді [126].

Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері бірнеше бағытта айқындалады. Алдымен көптік категориясының тарихи дамуы қарастырылады. Диссертацияда *-ut/-it*, *-z*, *-an*, *-q/-k*, *-lar/-ler*, *-dar/-der*, *-tar/-ter* тәрізді көптік тұлғалардың тарихи эволюциясы талданып, қыпшақ тілдерінің морфологиялық дамуының жүйелі заңдылықтары анықталады. Бұл формалар арқылы қазіргі қазақ тіліндегі көптік жалғауларының тарихи негіздері ғылыми тұрғыдан дәлелденеді [126].

Сонымен қатар, септік жүйесінің эволюциясы арнайы зерттеу нысанына айналады. Армян-қыпшақ мәтіндеріндегі септік жалғауларының тарихи өзгерістері, олардың семантикалық өрісінің кеңеюі мен меңгерілу ерекшеліктері нақты тілдік деректер негізінде сипатталады. Ескерткіштер мен қазіргі қазақ тіліндегі септік жүйесінің ұқсастықтары тілдік сабақтастықтың айқын дәлелі ретінде көрсетіледі [126].

Зерттеуде тәуелдік пен жіктік жүйелердің қалыптасуы да жан-жақты қарастырылған. Тәуелдік жалғауларының көне түркі дәстүрімен сабақтастығы нақты мысалдар арқылы дәйектеліп, есім сөздерде жіктік жалғауларының қолданылуы ортағасырлық қыпшақ тіліне тән маңызды грамматикалық белгі ретінде сипатталады. Бұл құбылыстың қазақ тілінде сақталуы тарихи-грамматикалық сабақтастықтың көрінісі ретінде түсіндіріледі [126].

Сонымен бірге, сын есім жүйесі мен шырай категориясы диахрониялық тұрғыдан зерделеніп, салыстырмалы шырай формаларының басқа түркі тілдерімен типологиялық ортақтығы және олардың грамматикалық жүйедегі орны айқындалады [126].

Диссертацияның теориялық-әдіснамалық жаңалығы есім категориясын семасиологиялық аспектіде, яғни мағына эволюциясы мен функциялық дамуы тұрғысынан кешенді түрде қарастыруымен сипатталады. Ғалым семасиологиялық талдауды салыстырмалы-диахрониялық әдіспен ұштастырып, әрбір грамматикалық категорияның тарихи даму сатыларын нақты тілдік деректер негізінде жүйелі түрде дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің материалдары түркі тілдерінің ортағасырлық даму кезеңін айқындайтын маңызды дереккөз ретінде қарастырылып, есім категориясының семантикалық өзгерістері мен функционалдық жіктелуі тарихи контексте талданады. Бұл тәсіл түркі тілдерінің тарихи семантикасын жүйелі әрі ғылыми тұрғыдан терең түсіндіруге мүмкіндік береді [126].

Еңбектің деректік және қолданбалы маңызы да ерекше атап өтіледі. Б.С. Жиёмбай Армения Республикасының Ереван қаласындағы Матенадаран институтында сақталған сегіз армян-қыпшақ қолжазбасының лингвистикалық тұрғыдан толық зерттелмегенін көрсетіп, олардың көпқабатты тілдік табиғатын (армян графикасы, армян диалектілері, қыпшақ-оғыз элементтері) талдаудың ғылыми күрделілігін айқындайды. Осы тұрғыда қолжазбаларды оқу мен транскрипциялауда пәнаралық әдістердің (палеография, тарихи фонетика, салыстырмалы морфология) маңыздылығы көрсетіледі [126].

Толстой Ақтипанның «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Төре бітігі» мәтініндегі «төре» және «бітік» сөздерінің семантикасы» атты мақаласында көне түркі жазба дәстүріне тән құқықтық және әкімшілік терминдердің семантикалық әрі этимологиялық табиғаты жан-жақты қарастырылады [127]. Автор зерттеу барысында армян графикасымен жазылған қыпшақ құқықтық мәтіндеріндегі негізгі терминдердің мағыналық құрылымын ашып, олардың тарихи-лингвистикалық мазмұнын анықтауға ерекше назар аударады.

Зерттеуде «төре», «бітік» және «жарғы» тәрізді атаулардың тарихи-лингвистикалық мәні талданып, олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен сабақтастығы нақты тілдік деректер арқылы көрсетіледі. Автордың пайымдауынша, бұл терминдер түркі халықтарында қалыптасқан құқықтық жүйенің, мемлекеттік басқару тетіктерінің және жазба мәдениеттің жоғары деңгейін дәлелдейді. Әсіресе «төре» сөзі көпмағыналы лексема ретінде сипатталып, оның «билік», «үкімет», «құқық», «заң», «сот», «төреші» сияқты негізгі мағыналарымен қатар, кейінгі тарихи кезеңдерде ақсүйек әлеуметтік топтың атауы ретінде қолданылғаны көрсетіледі.

Толстой Ақтипан Севортян, Клаусон және Доерфер еңбектеріне сүйене отырып, «төре» терминінің түпнегізін моңғол тіліндегі *törü* «ереже», «билік», «мемлекеттік тәртіп», «династия» ұғымымен байланыстырады. Бұл дерек «төре» сөзінің тек лексикалық бірлік қана емес, мемлекеттік және құқықтық құрылыммен тығыз байланыста қалыптасқан ұғым екенін айқындайды.

Сонымен қатар, зерттеуде «бітік» сөзінің көне түркі *bitig* формасынан тарағаны дәлелденіп, оның тарихи мәтіндерде «жазу», «құжат», «хат», «жарлық» мағыналарында қолданылғаны көрсетіледі. Бұл атаудың құқықтық мәтіндердегі қызметі мемлекеттік басқару мен заңдық рәсімдердің жазбаша түрде бекітілгенін аңғартады.

Осы тұжырымдар негізінде, Толстой Ақтипан «Төре бітігі» ескерткішіндегі аталған терминдердің мағыналық өрісін кешенді түрде зерделей отырып, оларды түркі халықтарының құқықтық мәдениеті мен мемлекеттік жазба дәстүрін бейнелейтін канондық лексикалық бірліктер

ретінде бағалайды. Зерттеу нәтижелері көне қыпшақ құқықтық терминологиясының тарихи сабақтастығын, сондай-ақ оның қазіргі қазақ тіліндегі құқықтық және әкімшілік лексикамен байланысын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Түркітанушы Бүркітбаева Шынарайдың 2022 жылы жарық көрген «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші “Дана Хикар сөзіндегі” дәстүрлі сөз (мақал-мәтелдер) қолданысының қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі» атты мақаласы армян-қыпшақ жазба мұраларының тілдік материалдары негізінде ортағасырлық қыпшақ тіліндегі дәстүрлі сөздер мен мақал-мәтелдердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен тарихи және лингвомәдени сабақтастығын кешенді түрде зерделеуге арналған ғылыми еңбек болып табылады. Автор зерттеу нысаны ретінде армян графикасымен хатталған «Дана Хикар сөзі» ескерткішін алып, ондағы дидактикалық мазмұндағы тұрақты сөз орамдарын қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен салыстыра қарастырады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты ортағасырлық жазба мұраларда кездесетін мақал-мәтелдердің құрылымдық, семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ олардың бүгінгі қазақ тілінде сақталу деңгейін айқындау болып табылады. Осы мақсатта автор мақал-мәтелдерді тек тілдік бірлік ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымның, этикалық нормалардың және тәрбиелік құндылықтардың тілдік көрінісі ретінде қарастырады. Мақалада ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерінің тарихи-әлеуметтік маңызы ерекше атап көрсетіледі. Автор армян-қыпшақ мұраларын қыпшақ әдеби тілінің қалыптасуындағы маңызды деректік және мәдени негіз ретінде бағалап, олардың қазақ тілінің тарихи дамуын танудағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Бұл еңбек армян-қыпшақ ескерткіштерін тек тарихи-лингвистикалық дереккөз ретінде ғана емес, қазақ халқының рухани-мәдени мұрасымен сабақтас тілдік феномен ретінде бағалауға негіз қалайды және қыпшақтану мен паремиология саласындағы зерттеулерді жаңа деректермен толықтыратын маңызды ғылыми үлес болып табылады [128].

Бұдан бөлек, жекелеген ғылыми мақалаларда армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі құқықтық-әкімшілік терминология, мақал-мәтелдер жүйесі мен дидактикалық тілдік үлгілер жан-жақты талданып, бұл мұралардың тек тілдік емес, мәдени-өркениеттік құндылығы да айқын көрсетілді.

Төмендегі кестеде отандық ғалымдардың армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеу барысында қалыптастырған негізгі ғылыми бағыттары мен олардың түркітану ғылымына қосқан үлесі жүйеленіп берілді (Кесте 4). Кестеде қамтылған еңбектерде армян-қыпшақ тілінің құрылымдық жүйесі, оның диахрониялық дамуы, сондай-ақ қазақ тілімен генетикалық және типологиялық сабақтастығы нақты тілдік деректер арқылы дәлелденген.

Кесте 4 – Отандық ғалымдардың армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеу бағыттары.

Ғалым	Негізгі еңбек	Зерттеу нысаны	Зерттеу бағыты	Ғылыми үлесі
Ғ. Айдаров	Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілі (1992)	Армян жазулы қыпшақ мәтіндері	Кешенді тілдік талдау	Армян-қыпшақ тілін тұтас жүйе ретінде алғаш сипаттады
С.Ж. Құдасов	Дана Хикар сөзінің тілі	«Дана Хикар сөзі»	Тарихи-салыстырмалы	Қыпшақ пен қазақ тілдерінің генетикалық сабақтастығын дәлелдеді
С. Төребекова	Етістік категорияларының семантикасы мен қолданылуы (2018)	Етістік жүйесі	Функционалды-диахрониялық	Қыпшақ етістік жүйесінің тарихи эволюциясын реконструкциялады
Б.С. Жиёмбай	Есім категориясының семасиологиялық дамуы (2020)	Есім категориясы	Семасиологиялық, тарихи-грамматикалық	Есім жүйесінің тарихи дамуын кешенді сипаттады
Толстой Ақтипан	«Төре» және «бітік» сөздерінің семантикасы	Құқықтық терминология	Семантикалық-этимологиялық	Түркі құқықтық терминдерінің тарихи мағынасын ашты
Ш. Бүркітбаева	Дана Хикар сөзіндегі дәстүрлі сөздер (2022)	Мақал-мәтелдер	Лингвомәдени	Қыпшақ дидактикалық дәстүрінің қазақ тілімен сабақтастығын көрсетті

Берілген кесте отандық ғалымдардың армян-қыпшақ ескерткіштерін фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, семасиологиялық, лингвомәдени және тарихи-салыстырмалы тұрғыдан әртүрлі лингвистикалық қырынан зерттегенін айқын көрсетеді. Бұл зерттеулер армян-қыпшақ жазба мұраларының түркі тілдері жүйесіндегі орнын айқындап қана қоймай, олардың қазақ тілінің тарихи грамматикасы мен лексикологиясын реконструкциялаудағы маңызды дереккөз екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, отандық ғалымдардың еңбектерінде армян-қыпшақ ескерткіштері тек тілдік материал ретінде емес, көпэтносты ортада қалыптасқан мәдени-тарихи феномен ретінде қарастырылып, тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыс кешенді түрде ашылады. Зерттеулерде ескерткіштердің құқықтық, діни, дидактикалық және паремиологиялық қырлары талданып, қыпшақ қауымының дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымының тілдік бейнесі сипатталады.

Қорытындылай келгенде, отандық ғалымдардың іргелі зерттеулері армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін қазақ тіл білімінде тарихи-лингвистикалық,

салыстырмалы-тарихи, семасиологиялық және мәдени-танымдық тұрғыдан кешенді зерттеу дәстүрін қалыптастырды деп тұжырымдауға болады.

Бұл ғылыми дәстүр армян-қыпшақ тілін қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы маңызды буын ретінде танып, қазақ тілінің тарихи генезисін, оның грамматикалық және лексикалық жүйесінің қалыптасу жолдарын терең түсіндіруге мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеу қазіргі қазақ түркітануындағы стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі ретінде бағаланып, болашақта да кешенді әрі пәнаралық зерттеулер жүргізуді қажет ететін өзекті ғылыми сала болып табылады.

1.3 А.Н. Гаркавец еңбектеріндегі армян-қыпшақ тілінің тарихи және әлеуметтік-лингвистикалық табиғаты

А.Н. Гаркавец – қазіргі түркітану ғылымындағы ірі тұлғалардың бірі, армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеу мен жариялау ісінде айрықша еңбек сіңірген ғалым. Александр Гаркавецтің есімі тек Қазақстанда ғана емес, шетелдік ғылыми ортада да кеңінен танылған. Көп жылдар бойғы табанды еңбегі нәтижесінде ол армян-қыпшақ тарихи-мәдени мұрасын жүйелеу, тілдік ерекшеліктерін анықтау және оларды ғылыми айналымға енгізу бағытында зор жетістіктерге жетті. Ғалым армян-қыпшақ тілдерінің тарихы мен құрылымын зерттеуге шамамен қырық жылын арнаған. Осы ұзақ мерзімді зерттеу кезеңінде А.Н. Гаркавец кең көлемді дереккөздер қорын жинақтап, оларды салыстырмалы-тарихи және типологиялық тұрғыдан жан-жақты талдаған.

Ғалымның еңбектерінің басты ғылыми құндылығы – армян-қыпшақ жазба мұраларын алғаш рет жан-жақты, жүйелі және кешенді түрде зерттеп, ғылыми айналымға енгізуінде. А.Н. Гаркавец бұл ескерткіштерді тек тарихи-лингвистикалық аспектіде ғана емес, сонымен қатар мәдениеттану, мәтінтану, тарихи фонетика мен морфология тұрғысынан да терең талдаған. Оның зерттеулері армян-қыпшақ жазбаларының тілдік табиғатын, тарихи дамуын және түркі әлемінің мәдени байланыстарындағы орнын айқындауда зор маңызға ие болды.

А.Н. Гаркавец атап көрсеткен үш түрлі атау – *«хыпчах тілі»*, *«бізім тіл»*, *«татарча»* – армян-қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі тілдік жағдайдың көпқырлы сипатын айқын көрсетеді. Бұл атаулар тек тіл атауы ғана емес, сонымен бірге сол дәуірдегі тілдік сана, этникалық сәйкестік, және әлеуметтік-лингвистикалық ахуалды бейнелейді.

1. *«Хыпчах тілі»* – этнотілдік атау. Бұл термин нақты этностық негізге сүйенеді және тіл мен этникалық бірліктің өзара байланысын көрсетеді. *«Хыпчах тілі»* (қыпшақ тілі) атауының қолданылуы жазба ескерткіштер авторларының өз тілін қыпшақ этносының тілі ретінде танығанын дәлелдейді.

«Қыпшақ» этнонимінің шығу тегі (этимологиясы) ұзақ тарихи эволюциядан өтіп, өзге этнонимдік нұсқалармен қатар дамыған. Бұл бағыттағы алғашқы зерттеулер ортағасырлық дереккөздерге, негізінен Рашид ад-Диннің еңбектеріне сүйенген. Дәл осы ғалымның және басқа да мұсылман авторлардың

еңбектерінің арқасында «Қыпшақ» атауы «ағаш қуысындағы ойық, қуыс» деген мағынаға ие болған.

Кейбір жағдайларда бұл сөз «қуыс, шірік, бақытсыз, сәтсіз» деген мағыналарда да түсіндірілген. Зерттеуші С. Кляшторный да осы бағытты жалғастырып, «Қыпшақ» этнонимі «сәтсіз, бақытсыз» деген мағына берген деген қорытындыға келген [95, 249]. Осылайша, бұл атау тарихи-лингвистикалық тұрғыдан тілдің этникалық идентификациясын айқындайды және армян-қыпшақ қауымының тілдік санасын бейнелейді.

2. «*Бізім тіл*» – этникалық меншіктілік ұғымын білдіретін тілдік бірлік. Бұл тіркес «өз тіліміз» мағынасында қолданылып, этностың тілдік сана-сезімі мен этникалық идентификациясының көрінісі болып табылады.

Мұндай атау сөйлеушілердің өз тілін өзге тілдерден ажырата отырып, оны ұлттық және этникалық құндылық ретінде қабылдағанын айғақтайды. «*Бізім тіл*» ұғымы этнолингвистикалық зерттеулерде және тіл мен мәдениет өзара байланысын талдауда ерекше мәнге ие. Ол тілдің тек коммуникациялық құрал ғана емес, сонымен қатар этностың рухани және мәдени болмысының ажырамас бөлігі екенін дәлелдейді.

3. «*Татарча*» – этнотілдік атау. «Татарча» этнонимінің қолданылуы тілдік байланыстардың кеңістіктік және мәдени контекстегі күрделілігін айғақтайды. Ғылыми әдебиеттерде *татар* этнонимінің этимологиясына қатысты түрлі көзқарастар бар. Алайда ғалымдардың көпшілігі бұл атаудың шығу тегі ортағасырлық *тат* этнонимінен бастау алады деген пікірде. Бұл сөз сол кезеңде «бөгде», «жат адам» деген мағынаны білдірген. Орта ғасырларда *тат* деп иран тілінде сөйлейтін халықтарды, соның ішінде соғдыларды да атаған. Белгілі түркі ғалымы Махмұд Қашқари өз еңбегінде: «Түріктер парсы тілінде сөйлейтіндерді *тат* деп атайды» деп жазады. Осыған сүйене отырып, бастапқыда *тат* сөзі *ирандық, иран тілінде сөйлейтін адам* деген ұғымда қолданылғаны анықталады. Кейінірек бұл атау барлық бөгде, өзге жұрт өкілдерін білдіретін жалпылама мағынада қолданыла бастаған.

Орта ғасырларда «татар» этнонимі Саяно-Алтай өңірі мен Моңғолия аумағында өмір сүрген көшпелі тайпалардың кең ауқымын қамтығандықтан, «татар» атауының этимологиясы, сондай-ақ ортағасырлық татар этносының этногенезі мен қалыптасу тарихы бүгінгі күнге дейін өзекті әрі талас тудырып келе жатқан мәселе болып табылады [96, 35].

Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, «татар» этнонимі түркі тіліндегі *жат эр* «бөгде адам», «жат жұрттық» тіркесінен шығуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Бұл атау бастапқыда «бөтен тайпа өкілдерін», яғни иноплеменниктерді белгілеу үшін қолданылған.

Сәйкесінше, орта ғасырларда *татар* атауы өзге этникалық топтарға, ең алдымен соғдыларға, сондай-ақ моңғол және түркі тілді тайпаларға қатысты қолданылған. Бұл атау кей жағдайда қарсы жақтағы халықтарды немесе бөтен этникалық бірлестіктерді сипаттау үшін пайдаланылған.

Айта кету керек, *татар* этнонимі кеңінен таралуын цзубу тайпалық конфедерациясының күшею дәуірінде алған, ал Моңғол империясы кезеңінде

бұл атау одан да үлкен саяси және әскери маңызға ие болды. Моңғолдар дәуірінде *татар* атауы монғол әскерінің құрамындағы бірлестіктердің жалпы атауы ретінде қолданылған [96, 42].

1975 жылы А.Н. Гаркавец «Конвергентная эволюция армяно-кыпчакского языка в условиях субординативного славянско-кыпчакского двуязычия его носителей в г. Каменец-Подольском XVI–XVII вв.» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбек армян-кыпшақ тілінің тарихи қалыптасу үдерісін және оның славян-кыпшақ билингвизмі жағдайындағы конвергенттік даму ерекшеліктерін кешенді түрде сипаттайтын ғылыми зерттеу болып табылады.

Диссертациялық жұмыста ғалым XVI–XVII ғасырлардағы Каменец-Подольск қаласында өмір сүрген армян-кыпшақ қауымының тілін жүйелі түрде зерттеген. Зерттеу барысында армян-кыпшақ тілінің қалыптасу және даму динамикасы, сондай-ақ қостілділік (славян-кыпшақ билингвизмі) жағдайындағы лингвистикалық өзара әрекеттесу процестері жан-жақты талданған.

Автор *конвергенттік эволюция* ұғымын теориялық-методологиялық негіз ретінде ала отырып, армян-кыпшақ және славян тілдерінің арасындағы өзара ықпал мен құрылымдық ұқсастықтардың табиғатын нақты тілдік материалдар арқылы дәлелдейді. «Конвергенция» ұғымы алғаш рет Е.Д. Поливановтың [97]

1928 жылғы диахрониялық фонология теориясында қолданылған. «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікке» сәйкес, конвергенция ұғымы – бұл екі немесе одан да көп тілдік құбылыстардың жақындасуы немесе өзара сәйкестенуі [98, 234].

Конвергенция түсінігі екі қырынан қарастырылады: глоттогенетикалық және құрылымдық-диахрониялық. Глоттогенетикалық конвергенция – бұл бірнеше тілдерде (туыстас немесе туыстығы жоқ тілдерде) ұзақ және қарқынды тілдік байланыстардың нәтижесінде ортақ құрылымдық қасиеттердің пайда болуы. Мұндай ұқсастықтар сонымен қатар конвергенцияға ұшыраған тілдерге ортақ субстрат негізінде де қалыптасуы мүмкін.

Конвергенция тіл жүйесінің жекелеген деңгейлерін (мысалы, фонологиялық жүйе немесе лексика) қамтуы мүмкін, немесе тілдің бүкіл құрылымына әсер етуі ықтимал. Бұл зерттеуде ықпал лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде қарастырылып, тілдік жүйелердің интеграциялық және адаптациялық механизмдері айқындалған. Зерттеу нәтижесінде армян-кыпшақ тілінің тарихи дамуында әлеуметтік-лингвистикалық факторлардың рөлі және билингвизмнің тілдік эволюцияға әсері анықталып, тілдердің өзара байланысу заңдылықтарын сипаттайтын маңызды ғылыми тұжырымдар жасалды.

А.Н. Гаркавецтің бұл еңбегі тарихи және әлеуметтік лингвистика саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған, түркітану мен славистика тоғысындағы конвергенттік процестерді түсіндіретін маңызды ғылыми зерттеу ретінде бағаланады.

А.Н. Гаркавецтің 1979 жылы кандидаттық диссертациясының негізінде жарық көрген «Конвергенция армяно-кыпчакского языка к славянским в XVI–XVII вв.» атты монографиясы – түркітанушыия мен жалпы лингвистика саласындағы аса маңызды ғылыми еңбектердің бірі болып табылады [99]. Бұл монографияда ғалым XVI–XVII ғасырлардағы Каменец-Подольск қаласында өмір сүрген армян қауымының тілін жан-жақты зерттеп, сол кезеңге тән жазба ескерткіштерді тілдік тұрғыдан талдайды.

Зерттеу нысаны ретінде армян-кыпшақ тілінің морфологиялық және синтаксистік жүйесі алынған. Автор армян-кыпшақ тілінің славян-кыпшақ субординативті қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюциясын кешенді түрде қарастырып, кірме элементтердің табиғатын, морфологиялық құрылымдағы және синтаксистік жүйедегі трансформациялық құбылыстарды ғылыми тұрғыда жүйелеген. Бұл тұрғыдан еңбектің негізгі бағыты – кыпшақ (половец) тілінің грамматикалық жүйесін басқа тілдермен, әсіресе славян тілдерімен өзара әрекеттесу контекстінде қарастыру.

Ғалым өз зерттеуінде «конвергенция» (жақындасу) ұғымын түркі-славян тілдік байланыстарын түсіндірудің жаңа әдістемелік тұғыры ретінде қолданды. Ол тілдердің өзара ықпалдасуы тек лексикалық деңгеймен шектелмей, сонымен қатар грамматикалық және құрылымдық деңгейлерде де жүзеге асатынын нақты тілдік деректер арқылы дәлелдеді.

Армян-кыпшақ тілінде славян тілдеріне тән синтаксистік құрылымдар мен морфологиялық формалардың пайда болу фактілері нақты мысалдармен көрсетілді. Зерттеу материалдары ретінде армян, латын және ішінара кирилл графикасында жазылған кыпшақ және славян тілдеріндегі жазба ескерткіштер пайдаланылды. Бұл мәтіндер Каменец-Подольск қаласындағы армян-кыпшақ қауымының тілдік мұрасы ретінде қарастырылып, олардың тарихи-әлеуметтік, мәдени және лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде айқындауға мүмкіндік береді.

А.Н. Гаркавецтің бұл еңбегі түркі және славян тілдерінің өзара байланысын тарихи-контактологиялық тұрғыдан түсіндіруде жаңа бағыт қалыптастырды. Зерттеу нәтижелері контактология, социолингвистика, және салыстырмалы типология салаларында жүргізілетін болашақ ғылыми ізденістерге берік теориялық негіз бола алады.

А.Н. Гаркавец өз еңбектерінде армян-кыпшақ тілінің қалыптасуы мен дамуы барысында байқалатын күрделі тілдік құбылыстарды жан-жақты ғылыми талдаудан өткізген. Ғалым тілдің құрылымында көрініс табатын синтаксистік қайта құрылымдану мен лексикалық интерференция үдерістерін жалпы тілдік типология, контактология, морфологиялық дифференциация және тілдік конвергенция теорияларының негізгі қағидаттары тұрғысынан зерделеген. Ол тіл дамуының әлеуметтік қырларына да назар аударып, тілдің әлеуметтік дифференциациясын тіл мен қоғамның өзара байланысын айқындайтын ең маңызды көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырған.

Бұл тұрғыда В.М. Жирмунскийдің тұжырымы өзекті болып табылады: ғалымның пікірінше, социолингвистиканың басты міндеттерінің бірі – тілдің

әлеуметтік жіктелуін зерттеу, ал сонымен тығыз байланысты екінші міндет – тілдің әлеуметтік факторлар негізінде дамуын талдау болып саналады [100, 14].

Тілдің әлеуметтік дифференциациясы мәселесі әлемдік лингвистикада ұзақ тарихи дәстүрге ие. Бұл бағыттың бастауында И.А. Бодуэн де Куртенэнің белгілі тұжырымы жатыр, онда ол тілді «көлденең» (территориялық) және «тігінен» (әлеуметтік) жіктеу қағидатына негіздейді [101, 102].

Қазіргі лингвистикада тілдің әлеуметтік дифференциациясы мәселесін қарастыру неғұрлым кең тұрғыда жүргізілуде. Бұл мәселе енді тілдік құралдардың вариациялану (өзгермелілік) проблемасымен тығыз байланыста қарастырылады. Мұндай вариациялар әлеуметтік факторлармен қатар, ішкі тілдік себептерге де тәуелді болуы мүмкін.

А.Н. Гаркавец бұл тілдік құбылыстарды армян-қыпшақ тілінің ішкі эволюциясының нәтижесімен қатар, түркі және славян тілдерінің өзара ықпалдасуының, сондай-ақ олардың мәдени және тарихи байланыстарының нақты көрінісі ретінде бағалайды. Осы ғылыми ұстаным негізінде ол армян-қыпшақ тілін түркі-славян тілдік конвергенциясының әмбебап үлгісі ретінде қарастырған.

Ғалым көптілді ортадағы тілдердің өзара әсерлесу және құрылымдық бейімделу заңдылықтарын нақты тілдік материалдар арқылы дәлелдеп, бұл үдерістердің тарихи-лингвистикалық мәнін айқындап берген. Ғалымның пайымдауынша, аталған тілдік үдерістердің қалыптасуына бірқатар экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлар әсер еткен. Солардың ішінде негізгі бірнеше факторды бөліп көрсетуге болады:

1. Бірінші фактор – армян-қыпшақтардың бастапқы қыпшақтілді біртілділігі және XIV ғасырдың соңында Каменец-Подольскийге қоныстанғаннан кейін қалыптасқан славян-қыпшақ қостілділік жағдайы болып табылады. Бұл құбылыс армян-қыпшақ қауымының жаңа әлеуметтік-экономикалық және мәдени ортаға бейімделу қажеттілігінің нәтижесінде туындаған. Каменец-Подольскийде поляк және украин тілдерімен тұрақты қарым-қатынас орнауы қостілді әлеуметтік ортаның қалыптасуына алып келді. Нәтижесінде қыпшақ және славян тілдері арасындағы өзара ықпалдастық пен конвергенциялық үдерістер күшейіп, армян-қыпшақ тілінің құрылымдық және функционалдық жүйесінде славян элементтері белсенді түрде орнықты. Мұндай қостілді әлеуметтік орта армян-қыпшақтардың славян тілді этностармен ұзақ мерзімді мәдени және тұрмыстық байланыстарының нәтижесінде тілдік ықпалдастықтың артуына себеп болды.

Осыған байланысты М.С. Джунусовтың анықтамасы бұл құбылыстың табиғатын нақты сипаттайды: ол қостілділікті «әртүрлі тілде сөйлейтін халықтардың қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болған әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс» деп түсіндіреді [102].

Қостілділік – тілдің қызметі мен құрылымына тікелей қатысты, мазмұны жағынан көпқырлы құбылыс болып табылады және ол лингвистика, әлеуметтану, психология, этнолингвистика мен этнопсихология ғылымдарымен тығыз байланыста қарастырылады [103, 6].

А.Н. Гаркавец атап өткендей, мұндай тілдік байланыстар мен өзара әрекеттесу жағдайында коммуникативтік қажеттілік ерекше маңызға ие болып, тілдердің аралас қолданысы мен өзара бейімделуін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, осы факторлар кешені армян-қыпшақ тілінің құрылымдық, семантикалық және функционалдық деңгейлеріндегі өзгерістердің табиғатын түсіндіруге мүмкіндік беріп, оны тілдік байланыстар мен конвергенция процестерінің нақты үлгісі ретінде сипаттауға негіз болады.

2. Діни және жазба дәстүрдің ықпалы – армян жазба мәдениетінің сақталуы мен сонымен қатар славян рухани-әдеби дәстүрінің әсер етуі, бұл факторлар тілдің функционалды және стильдік дамуына ықпал еткен.

А.Н. Гаркавец армян-қыпшақ тілін славян ықпалы нәтижесінде конвергенттік қайта құрылымданған тілдік жүйе ретінде сипаттайды. Ғалымның тұжырымдары бойынша:

1. Славян тілдерінен енген лексемалар мен фразеологиялық калькалар тілдің грамматикалық жүйесін күрделендіріп, жаңа үлгілердің қалыптасуына әсер еткен;

2. Славян сөздері қыпшақ тілінде морфологиялық тұрғыдан бейімделіп, өз семантикасы мен синтаксистік қызметін сақтаған;

3. Славян морфемаларының енуі ішкі славяндық кіші жүйенің қалыптасуына негіз болған;

4. Фразеологизмдер мен ресми стиль үлгілерінің тікелей не калька түрінде алынуы славян грамматикалық үлгілерінің қатар қолданысын орнықтырған.

Жалпы алғанда, «Конвергенция армяно-кыпчакского языка к славянским в XVI–XVII вв.» атты монографиясында армян-қыпшақ тілінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін, сондай-ақ қостілділік (славян-қыпшақ билингвизмі) жағдайындағы тілдік үдерістерді жан-жақты талдаған. Ғалым зерттеуінде тілдің морфологиялық, синтаксистік және лексикалық деңгейлеріндегі конвергенттік өзгерістердің табиғатын айқындап, армян-қыпшақ тілін тілдік байланыстар мен конвергенцияның тарихи үлгісі ретінде ғылыми тұрғыда негіздеген.

А.Н. Гаркавецтің 1987 жылы жарық көрген «Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский» атты еңбегі – қыпшақ тілдерінің тарихи-компаративтік зерттелуіндегі маңызды ғылыми кезең болып табылады [104]. Зерттеуші бұл еңбегінде куман және армян-қыпшақ тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және құрылымдық жүйелерін салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде жан-жақты талдап, олардың генетикалық сабақтастығы мен типологиялық ұқсастығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеген.

Ғалымның тұжырымдарына сәйкес, «Codex Cumanicus» және армян-қыпшақ ескерткіштері – әртүрлі діни және этникалық қауымдардың сөйлеу тәжірибесін бейнелейтін тарихи-лингвистикалық дереккөздер, әрі олар Қырым татар, қыпшақ-половец, қыпшақ-ноғай, қыпшақ-бұлғар және оғыз тілдерімен тығыз байланыста дамыған қыпшақ-оғыз диалектологиялық кешенінің жазба нұсқалары болып табылады.

Бұл ескерткіштер Солтүстік Қара теңіз маңы мен Азов өңіріндегі түркі тілдерінің ортақ генетикалық негізін көрсетеді. Фонетикалық деңгейде А.Н.

Гаркавец армян-қыпшақ тілінде көне түркі дәуіріне тән қ > х дыбыстық ауысуының толық жүзеге асқанын, сондай-ақ куман және армян-қыпшақ тілдеріндегі аффикстік параллельдердің (*-pa / -xa ~ -ga / -ka; -gan / -хан ~ -ган / -кан; -гай / -хай ~ -гай / -кай*) тілдік конвергенцияны айқындайтын маңызды дәлел екендігін көрсетеді.

Морфологиялық тұрғыдан ғалым *-мыш* жұрнағының куман тіліндегі өнімділігі мен армян-қыпшақ тіліндегі шектеулі қолданысын салыстыра отырып, бұл айырмашылықтың тілдердің тарихи дамуы мен грамматикалық жүйесінің дивергенциясын сипаттайтынын анықтаған. Сонымен қатар, ол армян-қыпшақ тіліндегі жаңа грамматикалық формаларды (*-ганча* септік тұлғасы, *май* арқылы бұйрық рай, *ойор* жұрнақты осы шақ, *оп-тор* нәтижелі өткен шақ, *мах* тұлғалы міндеттілік рай және аналитикалық инфинитивтік құрылымдар) ішкі эволюция мен сыртқы ықпалдың өзара тоғысу нәтижесі ретінде түсіндіреді.

Графикалық жүйелерді салыстырмалы талдау барысында ғалым «Codex Sumanicus» ескерткішіндегі итальян-неміс графикасы мен армян-қыпшақ жазбаларындағы армян графикасының түркі фонетикалық жүйесін бейнелеудегі ерекшеліктерін анықтап, бұл айырмашылықтар түркі фонемаларының тарихи реконструкциясына нақты деректік негіз беретінін дәлелдейді. Сондай-ақ, ғалым латын және герман тілдерімен салыстырмалы талдау жүргізу арқылы куман тіліндегі есім және етістік жүйелерінің құрылымдық және семантикалық сәйкестіктерін анықтап, бұл ұқсастықтардың түркі және еуропалық тілдер арасындағы типологиялық параллельдерді айқындайтынын көрсетеді.

Қорытындылай келе, А.Н. Гаркавецтің бұл еңбегі куман және армян-қыпшақ тілдерін тарихи-компаративтік аспектіде қарастыра отырып, олардың фонетикалық, морфологиялық және графикалық жүйелеріндегі конвергенттік және дивергенттік заңдылықтарды айқындаған. Зерттеу нәтижелері армян-қыпшақ тілінің дамуын түркі тілдерінің тарихи эволюциясы мен мәдени ықпалдасу процестері контекстінде қарастыруға мүмкіндік беріп, оны еуропалық және түркі өркениетінің тоғысында қалыптасқан аралық тілдік феномен ретінде ғылыми тұрғыда негіздеген.

А.Н. Гаркавецтің 1988 жылы жарық көрген «Тюрские языки на Украине» атты монографиясы түркі тілдерінің тарихи дамуын, әлеуметтік-лингвистикалық сипатын және типологиялық эволюциясын кешенді тұрғыдан қарастырған іргелі ғылыми еңбек болып табылады [105]. Зерттеуде Украина мен Қырым аумағында таралған түркі тілдерінің көпқабатты тарихи дамуы дивергенция (ыдырау) және конвергенция (жақындасу) үдерістері аясында қарастырылып, олардың ұзақ мерзімді тілдік байланыстар нәтижесінде қалыптасқан күрделі эволюциялық сипаты ғылыми тұрғыда негізделеді.

Монографияда А.Н. Гаркавец түркі тілдерінің тарихи дамуын тұрақты емес, динамикалық көптілді байланыстар жүйесінде қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, Украина мен Қырым өңіріндегі түркі тілдері, соның ішінде урум және армян-қыпшақ тілдері, түркі және үндіеуропалық тілдер арасындағы

ұзақ мерзімді контакт нәтижесінде қалыптасқан. Бұл тілдердегі грамматикалық жүйенің қайта құрылуы, аналитикалық элементтердің күшеюі және типологиялық ұқсастықтардың пайда болуы контакттық конвергенцияның заңды нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Зерттеу барысында ғалым тілдік дамудың екі өзара байланысты бағытын айқындайды. Біріншісі – дивергенция, яғни біртұтас Қырым түркі тілдік жүйесінен жеке диалектілік және тілдік нұсқалардың бөлініп шығуы. Екіншісі – конвергенция, бұл урум және армян-қыпшақ тілдерінің грек және славян тілдерімен ұзақ қарым-қатынас нәтижесінде құрылымдық бейімделуін білдіреді. Автор бұл екі үдерісті бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар ретінде емес, біртұтас тарихи-типологиялық механизмнің өзара толықтырушы құрамдас бөліктері ретінде сипаттайды.

А.Н. Гаркавец армян-қыпшақ және урум тілдерінің дамуын қостілділік жағдайындағы типологиялық ұқсастық тұрғысынан дәлелдейді. Екі тіл де славян-түркі қостілді ортасында дамып, грамматикалық құрылымның аналитизациясы, лексика-грамматикалық категориялардың славян үлгісінде жіктелуі, сондай-ақ түркі тілдеріне тән синтетикалық құрылымдардың ішінара редукциялануы сияқты ортақ белгілерге ие болған. Бұл құбылыстар *contact-induced typological shift* теориясының нақты тілдік үлгісі ретінде бағаланады.

Ғалым урум тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесін ішкі және сыртқы факторлардың тоғысуынан туындаған конвергенттік құбылыс ретінде сипаттайды. Новогрек фонетикасының ықпалымен урум тілінде сингармонизм жүйесінің әлсіреп, оның орнына палатализация құбылысының қалыптасқаны көрсетіледі. Нәтижесінде дауыссыз дыбыстардың жаңа *рефлекстері* ($k' - g'$, $m' - d'$) пайда болып, бұл үдерістер славян тілдерінің фонетикалық аналогиясымен сәйкес дамыған. Осылайша, урум тіліндегі дыбыстық өзгерістер ішкі жүйелік эволюция мен сыртқы ықпалдың синтезі ретінде жүзеге асқаны дәлелденеді.

Морфологиялық және грамматикалық өзгерістер мәселесінде А.Н. Гаркавец етістік жүйесінің эволюциясын тілдің ішкі заңдылықтары мен әлеуметтік-лингвистикалық факторлардың өзара ықпалы арқылы түсіндіреді. Етістік категорияларының жіктелуі, медиалды және сабақты формалардың лексикализациялануы, модальдық және шарттылық мағыналардың аналитикалық жолмен берілуі, сондай-ақ ашық және шартты рай формаларының функционалдық саралануы конвергенттік бейімделудің нәтижесі ретінде қарастырылады. Армян-қыпшақ тіліндегі бұл өзгерістер негізінен славян тілдерінің ықпалымен, ал урум говорларында грек және славян субстраттарының әсерімен дамығаны көрсетіледі.

Ғалым тіл құрылымындағы өзгерістерді интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға бөліп қарастырғанымен, олардың бір-бірінен оқшау емес екенін атап өтеді. Тілдің дамуы осы факторлардың өзара тоғысуы мен теңгеріміне негізделеді. Мәселен, урум тіліндегі осы-келер шақ формаларының континуумы диалектілік конвергенцияның нақты нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Зерттеу нәтижесінде А.Н. Гаркавец түркі тілдеріне тән агглютинация мен типологиялық тұрақтылықтың сыртқы ықпалдарға қарамастан сақталатынын дәлелдейді. Урум тілінде сингармонизм жүйесінің әлсірегеніне қарамастан, морфологиялық негіздің, яғни сөзтүрлендіргіш және формалық аффикстер жүйесінің сақталуы агглютинативтік типтің құрылымдық беріктігінің айғағы ретінде бағаланады. Бұл түркі тілдерінің морфемалық деңгейдегі ішкі үйлесімділігі мен типологиялық біртұтастығын көрсетеді.

Социолингвистикалық тұрғыдан ғалым тілдік өзгерістердің тұрақтылығын олардың қоғамдық қолданыс дәрежесімен байланыстырады. Ауызекі сөйлеуде орныққан тілдік элементтер ең тұрақты әрі қайтымсыз болып саналса, жазба және поэтикалық контекстердегі инновациялар көбіне стильдік және прагматикалық сипаттағы уақытша құбылыстар ретінде бағаланады. Бұл тұжырым тілдік дамудың әлеуметтік шарттылығын дәлелдеп, қостілді ортада тілдік нормалардың қалыптасу және тұрақтану механизмін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, аталған еңбек түркі тілдерінің тарихи дамуын, соның ішінде армян-қыпшақ тілінің әлеуметтік-лингвистикалық табиғатын түсіндіретін теориялық-әдіснамалық негізі мықты, докторлық деңгейдегі зерттеу ретінде бағаланады.

А.Н. Гаркавецтің 2002 жылы жарық көрген «Кыпчакское письменное наследие. Том I. Каталог и тексты памятников армянским письмом» атты монументалды еңбегі армян графикасымен жазылған қыпшақ ескерткіштерін жинақтап, оларды ғылыми айналымға енгізген алғашқы толыққанды каталогтық және мәтінтанулық басылым болып табылады [106]. Бұл еңбек армян-қыпшақ жазба мұраларын жүйелі түрде сипаттап қана қоймай, оларды кешенді лингвистикалық зерттеуге арналған берік деректік база қалыптастыруымен ерекшеленеді.

Кітаптың жалпы көлемі 1084 беттен тұрады және онда 1519–1689 жылдар аралығында жазылған армян жазулы қыпшақ тіліндегі 109 жазба ескерткіштің мәтіндері мен ғылыми сипаттамалары қамтылған. Әрбір ескерткішке оның сақталған орны, жазылу уақыты, жанрлық сипаты, мазмұндық ерекшеліктері және тілдік белгілері жөнінде нақты деректер беріліп, мәтіндер ғылыми талаптарға сай жүйеленген. Бұл каталог армян-қыпшақ жазба дәстүрінің хронологиялық ауқымын, жанрлық алуан түрлілігін және функционалдық қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

Еңбектің басты ғылыми жаңалығы мен айрықша ерекшелігі – қыпшақ мәтіндерінің латын транскрипциясындағы нұсқалары мен орыс тіліндегі аудармаларының қатар берілуі болып табылады. Мұндай формат зерттеушілерге мәтіндерді түпнұсқалық графика, фонетикалық бейнелеу және семантикалық мазмұн тұрғысынан салыстыра зерттеуге қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл тәсіл тарихи фонетика, графематика, лексикология және мәтінтану салаларында жүргізілетін салыстырмалы зерттеулердің әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Жинаққа енгізілген материалдар Австрия, Армения, Италия, Нидерланды, Польша, Ресей, Румыния, Украина және Франция мемлекеттерінің кітапханалары мен мұрағаттарынан алынған. Бұл деректер армян-қыпшақ жазба мұраларының кең географиялық таралу аймағын көрсетіп, олардың Еуропа мен Шығыс өркениеттерінің тоғысындағы тарихи-мәдени құбылыс екенін дәлелдейді. Өртүрлі елдердегі архивтік қорлардан жиналған мәтіндерді бір басылымға топтастыру армян-қыпшақ мұраларын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік беретін бірегей ғылыми жетістік болып табылады.

Жалпы мәтіндік деректердің көлемі 3,5 миллионнан астам таңбаны құрайды, бұл армян-қыпшақ тіліндегі жазба мұралардың бүгінгі күнге дейінгі ең толық әрі жүйелі корпусын қалыптастырғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, аталған еңбек армян-қыпшақ тілін тарихи-лингвистикалық, социоллингвистикалық және мәтінтанулық тұрғыдан зерттеуде іргелі деректік база қызметін атқарады. А.Н. Гаркавецтің бұл басылымы армян-қыпшақ жазба дәстүрін түркі тілдерінің тарихи дамуы, қыпшақ тілдерінің эволюциясы және қазақ тілінің тарихи негіздерімен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік беретін аса құнды ғылыми мұра ретінде бағаланады.

А.Н. Гаркавецтің 2017 жылы жарық көрген «Кыпчакское письменное наследие» атты екі томдық көлемді еңбегі қыпшақ жазба дәстүрін зерттеудегі ең ауқымды әрі жүйелі ғылыми басылымдардың бірі болып табылады [107]. Бұл еңбек армян графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі мұраларды жинақтау, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу ісін жаңа сапалық деңгейге көтерумен ерекшеленеді. Басылым қыпшақ жазба дәстүрін тарихи-лингвистикалық, мәтінтанулық және деректанулық тұрғыдан кешенді зерттеуге арналған іргелі ғылыми база қызметін атқарады.

Еңбектің бірінші томында 1519–1689 жылдар аралығында жазылған 109 армян жазулы қыпшақ ескерткіші толық қамтылып, олар хронологиялық, жанрлық және функционалдық тұрғыдан жүйеленген. Бұл мәтіндер діни, құқықтық, әкімшілік, тұрмыстық және дидактикалық сипаттағы жазба үлгілерді қамтып, армян-қыпшақ қауымының қоғамдық өмірі мен тілдік тәжірибесін жан-жақты танытады. Осы деректер түркі филологиясы, тарихи тіл білімі, социоллингвистика және этнолингвистика салалары үшін аса құнды материалдық база қалыптастырады.

Еңбектің құрылымдық негізін факсимильдік көшірмелер, латын графикасындағы транскрипциялық нұсқалар және аудармалық түсіндірмелер құрайды. Мұндай көпдеңгейлі берілім тарихи мәтіндерді түпнұсқалық графика, фонетикалық бейнелеу және семантикалық мазмұн тұрғысынан қатар зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тарихи мәтіндерді ғылыми айналымға енгізудің жоғары филологиялық стандарттарына толық сәйкес келеді және палеография, тарихи фонетика, лексикология мен мәтінтану салаларындағы салыстырмалы зерттеулерге кең жол ашады.

Жалпы мәтіндік корпус көлемі шамамен төрт миллион таңбаны құрайды. Мұндай ауқымды деректік база қыпшақ жазба мұраларының тілдік құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін, функционалдық қызметін және тарихи даму

контекстін терең әрі жүйелі түрде талдауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл корпус қыпшақ тілінің тарихи эволюциясын, оның басқа түркі тілдерімен және көршілес тілдермен өзара байланысын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, А.Н. Гаркавецтің «Кыпчакское письменное наследие» атты екі томдық еңбегі қыпшақ жазба дәстүрін, соның ішінде армян-қыпшақ тілін зерттеуде іргелі деректік және әдіснамалық негіз қалыптастырған, түркі тілдерінің тарихи дамуын және қазақ тілінің генетикалық бастауын түсіндіруге зор үлес қосқан аса маңызды ғылыми басылым ретінде бағаланады.

А.Н. Гаркавецтің 2018 жылы жарық көрген «Кыпчакский словарь. По армянописьменным памятникам XVI–XVII веков» атты іргелі еңбегі түркітану, тарихи лексикология және салыстырмалы-тарихи тіл білімі салаларындағы аса маңызды ғылыми жетістік болып табылады. Аталған сөздік ортағасырлық қыпшақ тілінің жазба дәстүрін, нақтырақ айтқанда, XVI–XVII ғасырларда армян графикасы негізінде қалыптасқан армян-қыпшақ тілдік мұрасын кешенді түрде сипаттауға бағытталған алғашқы әрі ең толық лексикографиялық зерттеу ретінде бағаланады.

Зерттеудің басты ғылыми мақсаты – армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінде сақталған лексикалық бірліктерді жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізу арқылы қыпшақ тілінің тарихи даму кезеңдерін, оның ішкі құрылымдық эволюциясын, сондай-ақ басқа түркі тілдерімен генетикалық және типологиялық байланыстарын анықтау болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, сөздік тек тілдік деректерді жинақтаушы еңбек қана емес, қыпшақ тілдерінің тарихи динамикасын айқындайтын концептуалды ғылыми модель ұсынатын зерттеу ретінде де құнды.

Автор сөздікте 1519–1689 жылдар аралығында жазылған 109 армян-қыпшақ жазба ескерткішін толық қамтып, оларды тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде жүйелейді. Сонымен қатар, Codex Cumanicus, қарайым дұға кітабы, қыпшақ (половец) дұғалары, гимндер, уағыздар мен жұмбақтар, сондай-ақ Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегіндегі қыпшақ лексикасы салыстырмалы дереккөз ретінде тартылған. Мұндай кең әрі көпқабатты деректік база қыпшақ тілінің лексикалық құрамының диахрониялық дамуын, оның семантикалық өзгерістерін және басқа тілдік жүйелермен (оғыз, қарлұқ, иран, славян тілдері) өзара ықпалдасуын жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Сөздікте пайдаланылған жазба деректер Австрия, Армения, Италия, Нидерланд, Польша, Ресей, Румыния, Украина және Франция архивтері мен кітапханаларынан жинақталған. Барлық мәтіндер қазіргі түркітану талаптарына сай ғылыми транскрипцияланып, шамамен төрт миллионға жуық таңбаны қамтитын ауқымды тілдік корпус ретінде ұсынылған. Бұл корпус қыпшақ тілін тарихи-диахрониялық тұрғыдан зерттеу үшін бірегей дереккөз болып табылады әрі армян-қыпшақ жазба мұраларының ең толық лексикографиялық базасын қалыптастырады.

Еңбектің құрылымы логикалық тұрғыдан өзара сабақтас бірнеше бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімінде автор қыпшақ–құман–половец тілдерінің тарихи типологиясын, олардың фонетикалық жүйесін және армян графикасының қыпшақ тілінің дыбыстық жүйесін беру барысында қалыптасқан бейімделу заңдылықтарын терең талдайды. Сонымен қатар, Махмұд Қашқари кезеңіндегі көне қыпшақ лексикасы мен XVI–XVII ғасырлардағы армян-қыпшақ мәтіндері арасындағы тарихи сабақтастық нақты тілдік фактілер арқылы дәлелденіп, қыпшақ тілінің эволюциялық үздіксіздігі ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Негізгі сөздік бөлімінде армян-қыпшақ мәтіндерінен алынған лексемалар алфавиттік тәртіппен беріліп, әрбір бірлікке армян графикасындағы түпнұсқалық нұсқасы, түркітанулық транскрипциясы, орыс тіліндегі баламасы, грамматикалық сипаттамасы және семантикалық түсіндірмесі ұсынылады. Бұл құрылым сөздікті тек анықтамалық құрал ретінде ғана емес, қыпшақ тілінің тарихи лексикологиясын, морфологиялық жүйесін, семантикалық өрістерін және этномәдени дүниетанымын зерттеуге арналған әмбебап ғылыми ресурс деңгейіне көтереді.

А.Н. Гаркавец еңбегінің теориялық құндылығы – түркі тілдерінің дамуын ішкі тілдік эволюция мен сыртқы тілдік ықпалдың (армян, иран, славян элементтері) өзара конвергенттік әрекеттестігі арқылы түсіндіруінде. Автор тарихи-лингвистикалық үдерістерді модельдік сипатта жүйелеп, қыпшақ тілдерінің даму заңдылықтарын жалпы түркі тілдері жүйесі аясында ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Кыпчакский словарь» армян-қыпшақ тілін зерттеумен шектелмей, жалпы қыпшақ тілдерінің тарихи дамуын, олардың түркі тілдері ішіндегі орнын және қазіргі қазақ тілінің лексикалық-тарихи негіздерін айқындауда стратегиялық маңызы бар іргелі ғылыми еңбек болып табылады. Бұл сөздік қыпшақтану, қазақ тілінің тарихи лексикологиясы, этнолингвистика және түркі халықтарының мәдени-тарихи сабақтастығын зерттеу бағыттарында болашақ ғылыми ізденістерге берік методологиялық негіз қалайды.

Осы ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалық ұстанымдар А.Н. Гаркавец еңбектерінің армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеудегі ерекше орнын айқындайды. Төменде ғалымның негізгі зерттеу бағыттары мен түркітану ғылымына қосқан үлесі армян-қыпшақ мұраларын зерделеу контексінде жүйеленіп көрсетілді (Кесте 5).

Зерттеу нәтижелері армян-қыпшақ тілінің XV–XVII ғасырларда кең әлеуметтік және коммуникативтік қызмет атқарғанын, ал XVI–XVII ғасырларда жазба мәдениеттің, діни және құқықтық іс жүргізудің толыққанды тіліне айналғанын дәлелдейді.

Кесте 5 – А.Н. Гаркавец еңбектерінің армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеудегі орны

№	Еңбек (жылы)	Зерттеу нысаны	Әдіснама, бағыт	Талдау деңгейі	Негізгі ғылыми нәтижелер
1.	Канд. дисс. (1975) «Конвергентная эволюция...»	Каменец-Подольск армян-қыпшақ тілі	Контакт логия, билингвизм	Лексика, морфология, синтаксис	Қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюция дәлелденді
2.	Монография (1979) «Конвергенция армяно-кыпчакского языка...»	Армян-қыпшақ мәтіндері	Тарихи-контактологиялық	Морфология, синтаксис, лексика	Славян ықпалының грамматикалық деңгейге дейін жеткені көрсетілді
3.	Тілдік атаулар жүйесі	«Хыпчах тілі», «бізім тіл», «татарча»	Этно және әлеуметтік лингвистика	Метаілдік деңгей	Этникалық сана мен тілдік мәртебе айқындалды
4.	Монография (1987) «Кыпчакские языки...»	Куман және армян-қыпшақ тілдері	Салыстырмалы -тарихи	Фонетика, морфология, графика	Генетикалық сабақтастық нақтыланды
5.	Монография (1988) «Тюрские языки на Украине»	Армян-қыпшақ, урум т.б.	Типология, конвергенция/ дивергенция	Фонетика, грамматика	Құрылымдық бейімделу механизмдері сипатталды
6.	Каталог-корпус (2002) «Кыпчакское письменное наследие» I т.	109 ескерткіш (1519–1689)	Мәтінтану, археография	Мәтіндік база	Ескерткіштер толық ғылыми айналымға енгізілді
7.	Корпустық басылым (2017) II т.	Факсимиле, транскрипция	Деректану	Мәтінтану	Географиялық ауқымы кең корпус жасалды
8.	Сөздік (2018) «Кыпчакский словарь...»	109 ескерткіш лексикасы	Тарихи лексикография	Лексика, семантика	Лексикалық жүйе толық сипатталды

Кесте 5 деректері А.Н. Гаркавецтің армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеуде кешенді әрі жүйелі ғылыми бағдар қалыптастырғанын көрсетеді. Ғалым армян-қыпшақ тілін контактология, тарихи типология, социолінгвистика, мәтінтану және лексикография тұрғысынан көпдеңгейлі талдап, оның қостілді ортада дамыған дербес қыпшақ тілдік нұсқа екенін дәлелдеді. Гаркавецтің еңбектері армян-қыпшақ мұраларын ғылыми айналымға толық енгізіп қана қоймай, түркі тілдерінің тарихи эволюциясын түсіндіретін үлгілік теориялық-методологиялық негіз қалыптастырды.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Осы тарауда армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеудің қалыптасуы мен дамуы, оның әлемдік және отандық түркітанудағы орны, сондай-ақ негізгі

ғылыми бағыттары кешенді түрде қарастырылды. Жүргізілген талдау армян-қыпшақ тілін зерттеу тарихы тарихи-лингвистикалық дамудың өзара сабақтас бірнеше кезеңін қамтитынын және бұл үдерістің бірізді эволюциялық сипатта жүзеге асқанын көрсетті.

XIX ғасырдағы археографиялық ізденістер нәтижесінде армян графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі мұралар ғылыми айналымға енгізіліп, тарихи-лингвистикалық дереккөз ретінде танылды. XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап бұл тіл жүйелі тіл білімінің дербес зерттеу нысанына айналып, оның грамматикалық құрылымы, лексикалық құрамы және тарихи дамуы жан-жақты сипатталды. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдағы зерттеулер армян-қыпшақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі дербес тілдік құбылыс ретіндегі мәртебесін түбегейлі айқындап, оның диахрониялық, құрылымдық және мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерін нақтылады. Қазіргі түркітануда армян-қыпшақ тілі қостілділік пен мәдени ықпалдастық жағдайында қалыптасқан, өркениетаралық сипаты бар интерэтникалық тіл ретінде бағаланады.

Тарауда отандық ғалымдардың еңбектеріне жасалған шолу қазақ тіл білімінде армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеу дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасқанын көрсетті. Ғ. Айдаровтың кешенді лингвистикалық талдаулары, С.Ж. Құдасовтың қыпшақ тілі мен қазақ тілінің генетикалық сабақтастығын негіздеген тұжырымдары, С. Төребекова мен Б.С. Жиёмбайдың грамматикалық категорияларды тарихи-диахрониялық тұрғыдан зерттеген еңбектері армян-қыпшақ мұраларының қазақ тілінің тарихи грамматикасы мен лексикологиясын реконструкциялаудағы маңызын айқындады. Сонымен қатар, құқықтық терминология, паремиология және дидактикалық мәтіндерге арналған зерттеулер бұл жазба дәстүрдің тек тілдік емес, мәдени-өркениеттік құндылығын да дәлелдеді.

Аталған тарауда А.Н. Гаркавецтің ғылыми мұрасына ерекше назар аударылды. Ғалым армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізіп, оларды контактология, тарихи типология және социоллингвистика тұрғысынан кешенді зерттеу арқылы түркітануда жаңа ғылыми бағыт қалыптастырды. Оның еңбектерінде конвергенция мен дивергенция тілдік дамудың өзара толықтырушы тетіктері ретінде қарастырылып, қостілділік пен көптілді ортаның тілдік жүйеге әсері нақты тілдік деректермен дәлелденді. Жалпы алғанда, тарауда жинақталған ғылыми деректер армян-қыпшақ тілін зерттеу тарихының сипаттамалық деңгейден кешенді тарихи-лингвистикалық, этнолингвистикалық және мәдени-интерпретациялық деңгейге дейін тереңдегенін көрсетеді.

2 АРМЯН-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

2.1. Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі рухани-адамгершілік концептілердің лингвистика-семантикалық табиғаты

Қазіргі лингвистикалық зерттеулерде интерпретация мәселесі тілдік деректерді тек формалды-құрылымдық сипаттаумен шектелмей, олардың мағыналық, когнитивтік және мәдени-тарихи мазмұнын кешенді түрде ашуға бағытталған әмбебап әдіснама ретінде қарастырылады. Бұл бағыт тіл мен ойлаудың, тіл мен мәдениеттің, тілдік сана мен тарихи тәжірибенің өзара байланысын терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдер тілдің кумулятивтік қызметін айқын көрсететін, ұжымдық сананың, мәдени жадтың және дүниетанымдық ұстанымдардың жинақталған көрінісі ретінде ерекше маңызға ие.

Армян-қыпшақ мақал-мәтелдері тарихи-лингвистикалық тұрғыдан аса құнды әрі күрделі тілдік құбылыс болып табылады. Олар қыпшақ тілдік негізінде қалыптасып, армян мәдени-діни ортасында жазба түрде хатқа түскендіктен, екі түрлі мәдени кеңістіктің тоғысында пайда болған синкретті тілдік материалды құрайды. Сондықтан бұл паремиологиялық бірліктерді зерттеу тілдік мағынаны тек ішкі құрылымдық деңгейде емес, кең мәдени-тарихи және когнитивтік контексте түсіндіруге мүмкіндік беретін интерпретациялық әдіснаманы талап етеді.

Лингвистикалық интерпретация армян-қыпшақ мақал-мәтелдерін зерттеуде тек мәтін мағынасын ашу тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар тілдік сананың жұмыс істеу механизмдерін, идеалдық бейнелер жүйесінің қалыптасуын, ойлау мен тілдің өзара байланысын айқындайтын танымдық құрал ретінде қолданылады. Интерпретация тілдің қатысуымен жүзеге асатын рефлексия ретінде мақал-мәтелдердегі мағынаның қалай қалыптасатынын, қандай мәдени кодтар арқылы бекітілетінін және олардың тарихи санада қалай сақталатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Армян-қыпшақ мақал-мәтелдерін интерпретациялау барысында герменевтикалық шеңбер қағидасы маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Бұл қағидаға сәйкес мәтіннің жекелеген элементтері тұтас мағыналық құрылым арқылы, ал тұтас мазмұн оның құрамдас бөліктері арқылы түсіндіріледі. Мағыналық күту, оны түзету және қайта құру үдерістері арқылы мақал-мәтелдер тарихи тәжірибе мен қазіргі танымның өзара әрекеті нәтижесінде ұғынылады. Осылайша, олар тек тілдік форма ретінде емес, мәдени-тарихи ойлау типтерінің көрінісі ретінде қарастырылады.

Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі мақал-мәтелдерді зерттеу түркі халықтарының, соның ішінде қыпшақ этносының тарихи, мәдени және тілдік мұрасын кешенді түрде тануға бағытталған маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Орта ғасыр кезеңінде жазылған бұл ескерткіштер құрамындағы паремиологиялық материалдар сол дәуірдегі қыпшақтардың дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі, моральдық-этикалық қағидалары мен рухани

құндылықтары жөнінде нақты мәлімет беретін бірегей дереккөздер жүйесін құрайды. Мұндай деректерді интерпретациялық тұрғыдан талдау тіл мен ойлаудың, мәдениет пен сананың ажырамас бірлігін айқындауға мүмкіндік береді.

Армян-қыпшақ жазба мұраларындағы мақал-мәтелдерді жан-жақты талдау қазақ тіліндегі паремиологиялық жүйенің қалыптасу және даму үдерістерін, олардың тарихи түп-төркінін, мағыналық уәжін анықтауға жағдай жасайды. Бұл ретте интерпретация тілдік мағынаның тарихи өзгерісін, семантикалық эволюциясын және мәдени сабақтастығын түсіндіретін негізгі әдіснамалық құрал ретінде көрінеді. Мақал-мәтелдердегі мағынаның қалыптасуы мен трансформациясы тұтастық пен бөлшектің, өткен мен бүгіннің өзара байланысы арқылы жүзеге асады.

Сонымен қатар интерпретация когнитивтік тұрғыдан мақал-мәтелдердегі семантикалық абстракцияларды, метафоралық модельдерді және бағалауыштық құрылымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тілдік бірліктерде жеке және ұжымдық тәжірибенің, «нақты» және «идеал» дүниенің өзара қатынасы айқын көрініс табады. Мақал-мәтелдерде жинақталған білім сөйлеу әрекетінде қайта құрылып, әр тарихи кезеңде жаңа мағыналық реңктерге ие болады. Бұл үдеріс қазіргі психолингвистика мен когнитивтік лингвистикада қарастырылатын мағына қалыптастыру механизмдерімен тығыз байланысты.

Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі мақал-мәтелдерді лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан талдау олардың тілдік-құрылымдық ерекшеліктерін, семантикалық өрісін және дүниетанымдық мазмұнын ашудың тиімді әдістемелік жолы болып табылады. Мұндай талдау барысында интерпретация аналитикалық қызмет ретінде мақал-мәтелдердің мағынасын болжау, абстракциялау және концептуалдық жүйелерге енгізу үдерістері арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде бұл паремиологиялық бірліктер көне қыпшақ қоғамының рухани-мәдени коды, символдық мәндер жүйесі ретінде бағаланады.

Осы тұрғыдан алғанда, армян-қыпшақ тілінің паремиологиялық жүйесін лингвистикалық-семантикалық және интерпретациялық аспектіде зерттеу қазіргі қазақ паремиологиясының тарихи тамырларын, мағыналық даму бағытын және семантикалық өзгеру заңдылықтарын айқындауға елеулі үлес қосады. Демек, армян-қыпшақ мақал-мәтелдерге лингвистикалық интерпретация жасау түркі халықтарының ортақ мәдени-тілдік қазынасын, тілдік санасы мен ойлау мәдениетін кешенді түрде танудың маңызды ғылыми алғышарты болып табылады.

Мақал-мәтелдер этностың мәдени жады мен дүниетанымын бейнелейтін лингвомәдени бірліктер ретінде ерекше мәнге ие. Олардың мазмұнында моральдық қағидалар, әлеуметтік нормалар және өмір философиясы көрініс табады. Төменде берілген мақалдар қыпшақ қоғамына тән қанағат, сабыр, еңбек және адалдық сияқты құндылықтардың тарихи-мәдени негізін ашуға бағытталады.

Aza kanaat etmeyen çoğu bulamaz – түркі халықтарының философиялық мағынасы терең, көнеден келе жатқан мақалы. Қазақ тіліндегі баламасы: «Азға

қанағат етпеген, көптен құр қалады». Мақал түркі дүниетанымына тән құндылықтар – сабыр, қанағат, еңбек, адалдық аясында туындаған. Бұл ұғым ислам дінімен тереңдей түскенімен, ол исламға дейінгі көшпелі мәдениетте де өз орнын тапқан. «Қанағат» – бұрыннан бері түркі-ислам этикасында мадақталатын моральдық қасиет. «Көп» пен «аз» – түркі халықтарының өмір салтына, яғни күнделікті тіршілік пен табиғатпен үндестікке байланысты қолданылатын ұғымдар. Қырғыз-орыс сөздігінде *канааттан* «қанағаттану, аз нәрсеге шүкіршілік ету» мағынасында қолданылады [130, б. 338].

Түрік тілінде «*кан*» түбірінен жасалған «*канаат*» зат есімі семантикалық ауқымын кеңейткен: 1. Қарапайымдылық, қанағатшылдық, разылық; 2. Сенім, пікір, көзқарас. «Қанағаттану, риза болу» етістік мағынасы «*канаат*» лексемасын көмекші етістік «*ет*» (жасау) сөзімен тіркестіру арқылы беріледі: «*канаат етмек*». «Кан» мен «канаат» сөздерін бір контексте қарастыру өрескел қате болмайды. Көрініп тұрғандай, бұл жерде «*канаат*» сөзі (қырғыз және түрік тілдері мысалында) қанағат мағынасымен байланысты және қарастырылып отырған «*кан*» түбірінен жасалған. Бұл сөздің жалпытүркілік таралуы бізге белгілі дереккөздерде расталады. Сонымен бірге канат «қанат» және кана «қабырға» деген сөздер де бар, олар туралы былай делінген: «қанат» сөзінің иран, орта моңғол және балқан тілдеріне енгені жөнінде Г. Дёрфер моңғол тіліндегі кана сөзін ерте түркілік кірме сөздер қатарына жатқызады, бірақ бұл әзірге дәлелденген жоқ. Моңғол тілінен хакас тіліне хана «қабырға» сөзі енген [131, 164-165]. Татар тіліндегі түбірлес *канәгатълән* етістігі: 1. қанағаттану, қанағат қылу, риза болу, риза күйінде қалу; *эчке ~ү* – ішкі қанағат; *йөзөндә тулы ~ү* – бетінде толық қанағат бейнеленген; 2. үстеу мағынасында *канәгатъләнеп* – қанағаттанып, риза болып; 3. шектелу, ғана қанағат қылу; *чәй белән генә ~ү* тек шаймен ғана қанағат қылу – семантикалық және сөзжасамдық мүмкіндіктерінің байлығымен сипатталады.

Канәгатъ бастапқы формасы тиісті жұрнақтарды қабылдап, сөйлемнің басқа мүшелері қатарына өте алады, мысалы: баяндауыш – *канәгатъ* (риза, қанағаттанған); сын есім – *канәгатъләндерерлек* (қанағаттандыра алатын, қанағаттандыратын); зат есім – *канәгатълек*: 1) қанағат, қанағаттану; *зур ~ белән хезмәт күрсәту* – үлкен қанағатпен қызмет көрсету; Осындай жағдай қазақ тілінде де байқалады: түбірлес *қанағат* сөзінен қанағат мағынасын білдіретін есім және етістік формалары жасалады, мысалы: *қанағат ету* (қанағаттану), *қанағаттанған* (қанағаттанарлық), *қанағатшыл* (қанағат қылатын, қанағатшыл), *қанағаттану* (қанағаттану, риза болу) және т.б. Аталған тілдерден бөлек, Х.И. Суюнчевтің деректеріне қарағанда, осы етістікке мағыналық жағынан жақын етістік формасы Солтүстік Кавказ қыпшақ тілдерінде де бар: *қарашай-балқар тілінде* – *къанаргъа*, ноғай тілінде – *канмага*. Айта кету керек, оғыз және қыпшақ тобы түркі тілдерінде *хан-* / *кан-* / *ханаха-* / *һан-* / *һан-* (қанағаттану) етістік негізінің семантикалық және құрылымдық алуан түрлілігіне қарамастан, екітілді сөздіктерде олардың фразеологиялық тұтастықтары көрсетілмейді [131, 165].

Паремнологиялық талдау: «Aza kanaat etmeyen, çoğu bulamaz» мақал-мәтелі түркі тілдерінің ортақ паремиялық қорының құрамына енеді және тәрбиелік-этикалық мазмұнға ие. Мақалдың негізгі идеясы – қанағат ұғымын адам мінезінің басты өлшемі ретінде дәріптеу. Мақалдың семантикалық өрісі адамның мінез-құлқына, моральдық құндылықтарына және еңбектің нәтижесіне бағытталған. Ол қанағатшылдықты – ізгі қасиет, тойымсыздықты – адамды құрдымға кетіретін мінез ретінде көрсетеді. Семантикалық жағынан паремия антитетикалық құрылымға ие: *аз ↔ көп, қанағат ету ↔ жете алмау* қарама-қарсылықтары арқылы өмірлік ақиқат көрініс табады.

«*Adam olana bir nasihat, cudama bin nasihat*» – дидактикалық-этикалық сарындағы мақал. Қазақ тіліндегі баламасы: «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң, құйып алар». Мақалдың негізгі мағынасы – *ақылды* мен *надандықтың* айырмасын көрсету, яғни «ақылды адамға бір ескерту жеткілікті, ал санасыз адамға мың сөз де әсер етпейді» деген идеяны білдіреді. Бұл – адам психологиясына, танымына және моральдық деңгейіне қатысты өмірлік түйін. Мақалдың семантикалық өрісі *адамның парасат деңгейі, ақыл мен надандықтың айырмашылығы, тәлім мен қабылдау қабілеті* ұғымдарына негізделген. Ол ақылдылықты – ізгі қасиет, ал надандықты – рухани әлсіздік ретінде көрсетеді. Мақалдың антонимдік жұбы ретінде *ақыл* мен *надандық, түсіну* мен *немқұрайлылық, рухани ояну* мен *бейқамдық* қарама-қарсы қойылады. Бұл қарама-қарсылық арқылы мақал моральдық-дидактикалық мазмұн алады.

Мақал араб, парсы және түркі элементтерінен құралған. Құрылымында параллелизм мен сандық антитеза (*бір ↔ мың*) бар. Лексикасы: *Adam* – араб *Ādem* түбірінен, «кісі», *olana* – *olmak* («болу») етістігінен, «адам болғанға», *nasihat* – араб *naṣīḥa*, «кеңес, өсиет», *cūda (cudama)* – парсы *judā*, «жат, бөлек», *bir* және *bin* – түркі сан есімдері. Мақал исламдық және шығыстық даналық дәстүріне тән, құрылымы симметриялы екі тармақтан тұрады.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Адам олана бір сөз йетер*; ос.т.: *Инсан олана бір сөз йетер*; бұл.т.: *Адам олана бір сөз йетәр*; доб.т.: *Адам болганга бір сөз йетер*; сол.эз.т.: *Адама сөзі бир дәфә дәйерлер*; мос.кер.т.: *Сөз билене, бир сөз йетер*; қырғ.т.: *Чакшыга бир сөз, жаманга миң сөз*; қаш.т.: *Эгер кестир бир сөз бестир*. / *Адам олана бір сөз бестир*; өзб.т.: *Гәни гапир укканга*; түр.т.: *Ақыла бир сөз бес, акмага миң сөз hebес* [137, б. 56].

Ak akçe kara gün içindir – экономикалық тәжірибе мен моральдық тәрбиені біріктірген, қысқа да мазмұнды паремия. Қазақ тіліндегі аудармасы: Ақ ақша кара күн үшін. Ол түркі және османлы мәдениетінде үнемшілдік пен алдағыны болжай білудің өмірлік қағидасына айналған.

Мақалдың семантикалық өзегі – жақсы күнде жиған дәулет пен үнемделген қаражат қиын-қыстау кезеңде қажет болады; алдын ала сақтық жасап, қаржыны орнымен жинау – даналық. Нақты семантикалық компоненттер:

1. Сақтық пен алдын ала қамдану: Болашақтағы белгісіз немесе ауыр жағдайға дайын болу үшін қаржыны жинау қажет.

2. Үнемшілдік: Артық ақша босқа шашылмай, мақсатты түрде сақталуы керек.

3. Экономикалық тәжірибе: Халық тұрмысында «қара күн» ұғымы – қиындық, таршылық, күтпеген жағдай.

4. Моральдық-этикалық астар: Тәртіпті, ұқыпты адам ғана қиын кезде өзін қорғай алады, бұл – жауапкершіліктің белгісі.

Тарихи-мәдени негізі. Османлы дәуірінде ақше – күміс теңге атауы, XVII ғасырға дейін негізгі ақша бірлігі болған. «Ақ ақша» тіркесі экономикалық тұрғыдан нақты мағынаны, ал «қара күн» метафорасы қиындық пен тарлықты бейнелейді. Османлы мақал жинақтарында да кездеседі: «*Beuâz aқше siyâh euuâm içindir*» – қазіргі нұсқаның түпкі формасы.

Фонетикалық және поэтикалық ерекшелік. Антитеза: *ak* ↔ *kara* (ақ-қара) оппозициясы түркі поэтикасына тән қарама-қарсылықты бейнелейді. Аллитерация: *ak aқше және kara gün* тіркестері дыбыстық симметрия жасап, мақалдың ырғақтылығын күшейтеді.

Паремнологиялық талдау. Мақал – нормативтік-дидактикалық сипатқа ие паремиялық бірлік болып табылады. Ол дәстүрлі этикалық қағидаларды, соның ішінде үнемшілдік пен алдын ала қамдану тәрізді құндылықтарды насихаттайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Ак акче кара күн үчүндир*; ал.о.т.: *Ак акча кара күн үшін*; өзб.т.: *Аа аааш керек күн үчүн*; ос.т.: *Ак акче кара күн үчүндүр*; ах.т.: *Аа ахча кара күн үчүндүр*; балқ.т.: *Ак акче кара күн үчүндүр*; бұл.т.: *Ак акча кара күн үчүндир*; бат.фр.т.: *Ак акча кара күн үчүндир*; доб.т.: *до.т.: Ак акча кара күн үчүндир*; гаг.т.: *Ак акча кара күн үчүндир*; қар.қыр.т.: *Ак акча кара күн үчүн*; сол.эз.т.: *Аа пулу гара күн үчүн йыгарлар*; кип.т.: *Ак агча гара күн үшіндір*; мос.кер.т.: *Ак акча кара күн үчүндир*; қыр.тат.т.: *Ак акча кара күн үчүн*; қаш.т.: *Аа пул кара күн үчүндир*; құм.т.: *Ак акча кара күн үчүндүр*; өзб.т.: *Ок танга – кара куңга*; қаз.тат.т.: *Акчаны кара күнүң үчүн сакла*; түрік.т.: *Ак пулу сакларлар гара күн үчүн* [137, б. 67].

Akıl yaşda deyil başda dır – қысқа, ырғақты және антитезалық құрылымдағы дидактикалық паремия. Қазақ тіліндегі баламасы: *Ақыл баста емес, жаста*.

Мақалдың семантикалық өзегі. Ақылдың өлшемі – адамның жасы емес, оның ойлау қабілеті мен парасаты, даналық тәжірибемен ғана емес, табиғи зиятпен, зердемен анықталады. *Нақты семантикалық компоненттер:*

1. *Ақылдың жасқа тәуелді еместігі:* *Көне дәстүрдегі «үлкен – ақылды, кіші — тәжірибесіз» деген түсінікке қарсы көңіл қояды.*

2. *Зерделілік пен парасаттылықты жоғары қою:* Ақыл – адамның интеллектуалдық қасиетіне байланысты.

3. *Антитеза негізіндегі ой:* *жас ≠ ақыл, бас = ақыл* (ақылдың баста, яғни ойда екенін білдіру).

4. *Әлеуметтік-этикалық мазмұн:* Адамды жасы үшін емес, ақылы мен қабілеті үшін бағалау қажет екенін меңзейді.

Паремиологиялық талдау. *Akıl yaşda deyil başda dır* – түркі халықтарының дидактикалық паремияларының ішіндегі адамның интеллектуалдық деңгейін жасқа тәуелсіз қарастыратын маңызды мақал.

Басқа тілдердегі баламалары: түр.т.: *Акыл йаишта деишл, баишта*; длат.: *Тириг эсен болса, таң өкүш көрүр*; ал.о.т.: *Акыл яишта олмаз, баишта олур*. / *Акыл яишта деишл, баишта*; шағ.т.: *Акыл яишта олмаз, баишта олур*. / *Акыл яишта деишл, баишта*; ос.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; ауғ.т.: *Акыл яишта олмаз, баишта болар*; балқ.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; башқ.т.: *Акыл йәштә түгел, баишта*; бай.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; бұл.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; доб.т.: *Акыл яишта тугил, баиштадыр*; до.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; гаг.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; оң.эз.т.: *Кишинин яшыңа бакма, башына бак*; хак.т.: *Хуйга чаиштаң нимес, пастаң*; ир.х.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; қар.қыр.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; сол.эз.т.: *Аыыл баишта олар, яишта олмаз*; кип.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; мос.кер.т.: *қыр.тат.т.: Акыл яишта тугил, баиштадыр*; қар.т.: *Акыл яишта тувил, баиштадыр*; қар.мал.т.: *Акыл картта да, яишта да түлүдү, баиштадыр*; қырғ.т.: *Акыл яишта емес, баишта болот*; қаш.т.: *Акыл яишта деишл, баиштадыр*; құм.т.: *Хакыл яишта болмас, баишта болур*; ноғ.т.: *Акыл яишта тугил, баишта*; өзб.т.: *Акыл яишта емес, баиштадыр*; қаз.тат.т.: *Акыл яишта түгел, баишта*; түрік.т.: *Акыл яишта болмаз, баишта болар*; ұйғ.т.: *Екил яишта емес, баишта*; як.диал.: *Өй сааска буолбакка, төбөгө баар буолар [137, б. 72-73]*.

Allah bir kariyi kaparsa birini açar. Қазақ тіліндегі баламасы: Алла бір есікті жапса екінші есікті ашады – араб және түркі элементтерінің үйлесімінен туған гномикалық паремия. Қазақ тіліндегі баламасы: Алла бір есікті жапса, екіншісін ашады. Мақалдың семантикалық өзегі – адам өмірінде бір мүмкіндік жабылса, басқа мүмкіндік міндетті түрде пайда болады; қиындықтың артында жаңа жол, жаңа үміт тұрады. Нақты семантикалық компоненттер:

1. Үміт пен сенім: Қиындық қайталанып тұрса да, адам үшін жаңа мүмкіндік әрдайым бар.

2. Құдіретке тәуелділік идеясы: Жақсылық та, сынақ та – жоғары күштің (Алланың) даналықпен берген сыны.

3. Оптимистік дүниетаным: Кез келген тоқырау соңында бір таңдау немесе жаңа бағыт ашылады.

4. Тағдыр философиясы: Жабылған есік – аяқталу емес, жаңа бастаманың белгісі.

Паремиологиялық талдау. Бұл мақал көбіне жұбату мен демеу көрсету, қиын жағдайдан шығудың жолы бар екенін аңғарту және тағдырға сенуге шақыру мақсатында қолданылады, сондықтан оның коммуникативтік қызметі консолидацияны қамтамасыз етуге, моральдық қолдау көрсетуге және оптимизм тудыруға бағытталады.

Мақалдың құрылымдық моделі шартты себеп-салдарлық байланысқа негізделген, мұнда «Алла бір есікті жапса» – шарттық бөлік, ал «Екіншісін ашады» – оның салдары болып табылады. Бұл дихотомиялық құрылым «жабу ↔ ашу», «қиындық ↔ мүмкіндік» оппозицияларын білдіріп, мақалға екі

бөлімді, параллель синтаксистік өрнек береді, сондықтан ол есте сақтауға да жеңіл.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Аллаһ бир қапыны қапарса, диеерини ачар*; ал.о.т.: *Аллаһ бир қапыны қапарса, бир қапыны ачар*; оғ.т.: *Хазрети Аллаһ бир қапуны бент идерсе, мин қапуны ейлер күшат*; ос.т.: *Аллаһ бир қапыны қапарса, мин қапыны ачар*; бұл.т.: *Аллаһ бир қапыны қапарса, өбүрүни ачар*; бат.фр.т.: *Аллаһ бир қапыны қапарса, мин қапыны ачар*; оң.әз.т.: *Аллаһ бир қапыны қапарса, мин қапыны ачар*; кип.т.: *Аллаһ бир қапы қапарса, мин қапы ачар*; мос.кер.т.: *Аллаһ бир қапыны багласа, бир қапыны ачар* [137, б. 78].

Bin ölç, bir biç – түркі мәдениетінің рационалды және этикалық құндылықтарын жинақтаған универсалды паремия. Қазақ тіліндегі аудармасы: Мың рет өлшеп, бір рет кес. Мақалдың семантикалық өзегі – асығыстық қателікке әкеледі, ал ойланып, алдын-ала есептеп әрекет ету дұрыс шешімнің кепілі. Нақты семантикалық компоненттер:

1. Ойлану мен сақтықты жоғары қою: Кез келген істі бастамас бұрын көп өлшеп, ақылға салып, салдарын бағалау қажет.

2. Рационалдылық: Әрекеттің тиімді және дұрыс болуын қамтамасыз ететін – алдын ала жасалған жоспар мен есеп.

3. Жауапкершілік: Адам ісіне жауап беретіндіктен, шешім қабылдарда абай болуға тиіс.

4. Этикалық астар: Өз ісіне ұқыптылықпен қарау – мәдениетті адамның белгісі.

Құрылымдық ерекшелігі. Мақал екі параллель тармақтан тұрады: *bin ölç* (шарт) – *bir biç* (нәтиже). Екі бөлік те императивтік формада, яғни бұйрық райда құрылған. Құрылымдық симметрия мен аллитерация (*b–b, ç–ç*) мақалдың дыбыстық және ырғақтық тұтастығын күшейтеді.

Паремиологиялық талдау. Бұл мақал – дидактикалық-нормативтік паремия. Ол адам мінез-құлқына бағыт беріп, ақыл мен байсалдылықты ұстануға шақырады. Мағынасы жағынан ол қағидалық (gnomic) типке жатады, яғни жалпы өмір заңы мен тәжірибелік даналықты тұжырымдайды.

Deveden böyük fil var. Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: *Түйеден биік піл бар*. Бұл мақалдың түпкі идеясы: Адам өзін ең үлкен, ең мықты, ең беделді деп ойласа да, одан да жоғарысы, үлкені, қуаттысы бар. Өзін тым жоғары қоюға болмайтынын, әрқашан біреуден біреу асып түсетінін еске салады. Мақалдың құрылымдық ерекшелігі – қарапайым екі мүшелі сөйлемнен тұрып, құрамында *түйе* мен *піл* арқылы жасалған антитезалық салыстыру бар, сондай-ақ оның синтаксистік құрылысы «*A*-дан үлкен *B* бар» үлгісіне негізделген. «*Түйеден биік піл бар*» мақалының Паремиологиялық табиғаты – адамды тәкаппарлықтан тежейтін, салыстырмалы дүниетанымды танытатын, жануарлық бейнелер арқылы құрылатын тәрбиелік-дидактикалық мақал.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Деведен бүйүк фил вар*; ос.т.: *Деведен бүйүк фил вар*; ах.т.: *Деведен бүйүк фил вар*; бұл.т.: *Деведен бүйүк фил вар*; доб.т.: *Түйеден балабандан фил вар*; қар.қыр.т.: *Деведен бүйүк фил вар*;

сол.эз.т.: *Деведен бүйүк фил вар*; мос.кер.т.: *Деведен бүйүк филде бар*; каш.т.: *Деведен бүйүк Аллахдыр*; түрік.т.: *Дүйеден бүйүк тил бар* [137, б. 209].

Deliye her gün bayram – қысқа, формулалық құрылымды, бейнелі әрі ирониялық мазмұндағы мақал. Қазақ тіліндегі аудармасы: Жындыға әр күн мейрам. Мақалдың семантикалық өзегі – ақылсыз, жауапсыз немесе шындықтан бейхабар адам айналадағы жағдайды бағалай алмайтындықтан, оған бәрі оңай, бәрі қуаныш сияқты көрінеді. Нақты семантикалық компоненттері:

1. Шындықты бағалай алмау: Ақылсыз адамның санасы жағдайдың ауырлығын, күрделілігін қабылдамайды.

2. Жауапсыздық пен салғырттық: Өмірдегі қиындықтар мен міндеттер оған әсер етпейді, себебі ол жауапкершілікті сезінбейді.

3. Ирониялық астар: Қиындықты түсінбейтін адам үшін бәрі «мейрам» болып көрінеді деген мысқыл бар.

4. Әлеуметтік-психологиялық түйін: Ақыл-парасат жоқ жерде құндылық, тәртіп және шынайы өмір түсінігі жоғалады.

Құрылымдық-семантикалық сипат. Формуласы – [NP₁ = NP₂] типіндегі теңдестік сөйлем. Бұл құрылым мақалға жалпылау, аксиомалық сипат дарытады. Негізгі сема – қамсыздық пен бейғамдықтың тұрақты күйі.

Паремиологиялық сипаты. Жанрлық типі — ирониялық-дидактикалық мақал, өйткені ол адам мінезіндегі кемшілікті әжуамен көрсетіп, тәлімдік ой түйеді; ал функциялары тұрғысынан ол әлеуметтік тұрғыда жеңілтектікке қоғамдық тыйым салып, прагматикалық жағынан жауапсыз мінез-құлықты сынап, эмоциялық деңгейде әжуалау мен кекесін арқылы адам мінезін бағалайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Делийе һәр гүн байрам*; оғ.т.: *Саг олана һәр күн байрам*; ос.т.: *Делийе һәр гүн байрам*; балқ.т.: *Дели кыза һәр гүн байрамдыр*; башқ.т.: *Ялкавга көнде байрам, көнде той*; бұл.т.: *Делийе һәр гүн дүгүн, байрамдыр*; чув.т.: *Уммаһа кашны күн празник*; доб.т.: *Саг кишиге әр күн байрам*; до.т.: *Делийе ее күн байрам*; таг.т.: *Делийе һәр күн ёрту*. / *Дели кыза әр күн байрам*; хак.т.: *Аргаиша күннүң сай позирах*; қар.қыр.т.: *Айт телиге ығыт, кабунур моро кугурт*; *Айт телиге ығыт, кабунур моро кугурт*; сол.эз.т.: *Айт телиге ығыт, кабунур моро кугурт*; кип.т.: *Делийе һәр гүн байрам*; қыр.тат.т.: *Дели ичин һәр гүн байрам*; қар.т.: *Акмакка күнде байрам*; қар.т.: *Телиге һәр күнде де байрам*; қырғ.т.: *Арак ичкен тойдо мас, акыллы чөк күнде мас*; каш.т.: *Делинин күнде тойдур*; құм.т.: *Хайгевге һәр күн байрам*; ноғ.т.: *Тентекке күнде байрам*; өзб.т.: *Жиннига һәр күн той*; қаз.тат.т.: *Жүүлергә күн де бейрам*. / *Тилеге көн де туй*; түрік.т.: *Деле һәр гүн байрам*; ұр.т.: *Делиге шап та бир, шәйтер да бир*; ұйғ.т.: *Иши йок кишиге күнде хейт*; як.диал.: *Акаарыга сокоун суруллубатах* [137, б. 203].

Dost başa bakar, dūşman ayağa. Қазақ тіліндегі баламасы: Дос басқа, дұшпан аяққа қарайды. Мақалдың семантикалық өзегі: Шынайы дос адамның жан дүниесін, көңіл-күйін, ой-тілегін аңғарады; ал дұшпан адамның кемшілігін,

әлсіздігін, сәтсіздігін іздейді. Яғни мақалдың түйіні: Достың ниеті – қолдау, дұшпанның ниеті – мін табу.

Түркі дүниетанымындағы негізгі концепттер бойынша, *достық* – мейірім мен қолдауды, адалдық пен жанашырлықты білдірсе, *дұшпандық* – қастық пен күдікті, кемшілік іздеу мен қызғанышты меңзейді, ал *бас* – адамның құндылығын, абыройын және рухани әлемін бейнелейтін жоғары мәнді ұғым, *аяқ* – әрекет пен күнделікті қадамды, сонымен бірге адамның әлсіз әрі төмен тұрған қырларын көрсететін символ. Осы екі деңгейлі рөлдік семантика мақалдың когнитивтік мазмұнын қалыптастырып, достың адамның қадіріне назар аударып, дұшпанның оның сүрінген тұсын андитынын эмоционалды-бағалауыштық түрде білдіреді.

Паремиологиялық талдау. Қарама-қарсылыққа (антитезаға) құрылған екі тармақ: *dost* ↔ *düşman*, *baş a bakar* ↔ *ayağa bakar*. Параллель синтаксис, дыбыстық үндестік мақалға ықшамдық пен ритм береді.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Дост башка бакар, душман аяаа*; ал.о.т.: *Дос башка, душман аякка карайт*; оғ.т.: *Дост башка багар, душман аякаа багар*; ос.т.: *Дост башка, душман аяаа*; ах.т.: *Дост башка бахар, душман аяаа*; башқ.т.: *Дус башка карар, душман аякка карар*; бұл.т.: *Дост башка карар, душман аяаа*; доб.т.: *Дост башка карар, душман аяаа*; хак.т.: *Аргыс рассар, ирчы изе азахсар пахлидир*; оң.әз.т.: *Дост бахар башка, душмен бахар аяаа*; қар.қыр.т.: *Дост башка, душман аякка базы*; сол.әз.т.: *Дост башка бакар, душман аякка карайды*; кип.т.: *Дост башка, душман аякаа*; мос.кер.т.: *Дост башка бакар, душман аякаа*; қыр.тат.т.: *Дост башка бахар, душман аякаа*; қар.т.: *Дос башка, душман аякка карайды*; қар.мал.т.: *Шолну башына карайт, душман аяғына карайт*; қырғ.т.: *Дост башка карайт, душман аякка*; қаш.т.: *Мерд башка япсар, на-мерд аякаа*; құм.т.: *Дос башка, душман аякаа карай*; ноғ.т.: *Душпан аякка, дос башка карар*; өзб.т.: *Дост башка бакар, душман аякка карат*; қаз.тат.т.: *Дус башка, душман аякаа*; түр.т.: *Дост башына генар, душман башына бахар*; ұр.т.: *Дост башына бахай, душман аякка*; ұйғ.т.: *Дост башка карайду, душмен аякка* [137, б. 221-222];

Fukarelik ateşden gömlekdir – дидактикалық және бейнелі мазмұндағы мақал. Қазақ тіліндегі сөзбе-сөз аудармасы: Кедейлік – оттай көйлек. Негізгі мағынасы – кедейлік – оттан тігілген көйлек іспетгі, жанға бататын, ауыр хал. Мақалдың семантикалық өрісі кедейлік, азап, сабыр және өмір сынағы ұғымдары төңірегінде қалыптасқан. Ол адамның тұрмыстық қиындықтарымен күресуін, рухани төзімділігін және өмірдің ауыртпалығын метафоралық бейнелер арқылы суреттейді. Мақалдың мазмұндық өзегі – адамның тұрмыстық жағдайы мен рухани күйін бейнелеу. Ол кедейліктің тек материалдық емес, психологиялық ауыртпалық екенін білдіреді. Сонымен қатар, бұл мақал адамның тағдыр алдындағы сабырын және шыдамдылық қасиетін сынайды.

Мақалдың құрылымы есімді сөйлем үлгісінде жасалған: бастауыш – абстракт ұғым (*fukarelik*), баяндауыш – бейнелі теңеу (*ateşden gömlek*).

Мәдени-көркем контекст: «Оттан көйлек» образы шығыс әдебиетінде

азап, қауіп және төзімділіктің символы ретінде қолданылған. Мақалда ол кедейліктің жанға бататын, күйдіргіш күйін бейнелейді.

Паремиологиялық талдау. Мақал дидактикалық әрі әлеуметтік астары бар бейнелі нақыл. Оның қызметі – кедейліктің ауырлығын көрсету, оған немқұрайдылық танытпау және қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікке назар аударту.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Фукаралық атештен гөмлектир*; ал.о.т.: *Карлылық оттан көйнектир*; ос.т.: *Факирлик атештен гөмлектир*; балқ.т.: *Йоклук атештен гөмлек*; бұл.т.: *Факирлик атештен гөмлектир*; доб.т.: *Пикарелик атештен көлмектир*; гаг.т.: *Фукаралық маскаралық*; қар.қыр.т.: *Фукарелик оттан колмек, ешк болсын кыйме билгине*; кип.т.: *Аллаһдан булсун фукаралық*; мос.кер.т.: *Йоксуллуз атештен көнекти*; қыр.тат.т.: *Фукарелик – оттан колмек*; түрік.т.: *Йоксуллуқ отлу көйнектир* [137, б. 260].

Her koyunu kendi bacasından asarlar. Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: Кез келген қойды өзінің аяғынан асады, яғни, әркім өзінің іс-әрекетіне жауап беруі керек. Бұл мақалда әр адам өз ісінің, өз қылығының, өз шешімінің салдарына өзі ғана жауап береді деген негізгі мағына жатыр. Мақалдың семантикалық ядросы: адам өз ісі үшін өзі жауапты. Бұл ядро «қой» мен «аяқ» бейнелері арқылы метафораланған: «әр қой» – әр адамды білдіреді, «өз аяғынан асу» – салдарын тек өзі тартады деген тұрақты образ.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Хер койун кенди багачындан асылыр*; шағ.т.: *Хер койуны өз аягы бирле ас*; ос.т.: *her койун кенди багагындан асылыр*; балқ.т.: *Ер бир койин ганди аяандан асылыр*; бұл.т.: *Her коюн кенди багагындан асылыр*; доб.т.: *Койну кой багагынан, кузунун куззу багагынан асарлар*; гаг.т.: *Her бир коюн кенди аяаннан асылыр*; сол.эз.т.: *Койу/кечини аягынан асарлар*; кип.т.: *Her гойун ганди багагынан асылыр*; мос.кер.т.: *Her койун өз аягынан асылы*; қыр.тат.т.: *Ер коу өзү багагынан асылыр*; өзб.т.: *Ак койни ҳам өз өгидан асадилар, кара койни ҳам өз өгидан асадилар*; түр.т.: *Гечини ҳам өз аягынан асарлар, гойни ҳам өз аягынан асарлар*; ұйғ.т.: *Өшкени өз аягы билан асар* [137, б. 287-288];.

Her ne ekersen onu biçersin – түркі дүниетанымындағы еңбек пен жауапкершілік ұғымын білдіретін, табиғи заңдылықты адам мінезіне көшіру арқылы әмбебап моральдық формулаға айналған мақал. Қазақ тіліндегі баламасы: Не ексең, соны орасың. Бұл мақалдың түпкі мағынасы – әрекеттің нәтижесі сол әрекеттің сапасына, сипатына байланысты. Яғни адам қандай іс жасаса, соның жемісін көреді.

Лексика-грамматикалық құрылым. *Her ne* – коррелятивтік есімді тіркес («не болса да»), *onu* – коррелятивтік есімдік («соны»). *Ek-er-sin* – екмек «егу» етістігі + аорист *-er* + 2-жақ, *-sin* → «егесің». *Biç-er-sin* – *biçmek* «орып алу» + аорист *-er* + 2-жақ *-sin* → «орасың». Мақал таза түркілік түбірлер мен агглютинативтік морфологияға негізделген.

Мағыналық құрамдары: Себеп–салдар байланысы: себебі қандай болса, нәтижесі де сондай болады. Моральдық-этикалық астар: жақсы істің жемісі –

жақсы, жаман істің жемісі – жаман. Жеке жауапкершілік: адамның өз өміріндегі нәтижелер – өз іс-әрекетінің салдары.

Паремиологиялық сипаттама. Түрі – дидактикалық-қағидалық мақал (gnomic proverb). Мазмұны – себеп пен салдардың әмбебап заңдылығы. Қызметі – этикалық ескерту және тәрбиелік нормалау.

Басқа тілдердегі баламалары: түр.т.: *Не әкерсен, оны бичерсин;* ал.о.т.: *Не әкерсен, оны орарсын / чалышырсын;* шағ.т.: *Әгер арпа хам сача, болмақта ток; анга бугдай ормак имканы йок;* оғ.т.: *Киши не эксе, аны гетирир. / Киши эктигини бичер;* ос.т.: *Киши эктигини бичер;* ауғ.т.: *Һәр ким экенини орар;* ал.т.: *Ниени сегенг, ор аларын;* балқ.т.: башқ.т.: *Ни сешең, шуну урарң;* бай.т.: *Не әкерсен, оны бичерсин;* бұл.т.: *Ким һәр не әкерсе, оны бичер;* чув.т.: *Мен акран, уна вир;* доб.т.: *Не эксен, оны пишерсин;* до.т.: *Не әкерсен, оны бичерсин;* гаг.т.: *Не әкерсен, оны бичерсин;* оң.әз.т.: *Арпа экен арпа дерер, бугда экен бугда дерер;* хак.т.: *Малды хайды азыразаң, сүлтү идуқ аларзың;* сол.әз.т.: *Не чачсең, аны орарсын;* сол.әз.т.: *Ne ekersen, onu da biçersin;* кип.т.: *Не әкерсең, оны бичен;* мос.кер.т.: *Не екерсев, оны бичесен;* қыр.тат.т.: *Не сачсаң, аны орарсың;* қар.т.: *Не эксен, соны орарсан;* қырғ.т.: *Егиндин жабийын еккен билет;* қаш.т.: *Арпа экен бугда бичмез. / Экмеген бичмез;* құм.т.: *Не чачсаң, шону орарсан;* ноғ.т.: *Не чачсаң, соны орарсың;* өзб.т.: *Арпа эккан арпа олар, бугдай эккан бугдай олар;* қаз.тат.т.: *Ни иксең, шуну орырсың;* түрік.т.: *Неме эксең, соны орарсың;* ұйғ.т.: *Ниме терсең, шуну орарсен;* як.диал.: *Туғу үүннэргин да оно хоомуяғын [137, б. 387].*

Isırgan köpek dişini göstermez. Бұл мақалдың мағынасы: шын қауіпті, шын зиян тигізетін адам алдын ала белгі бермейді, шын тістейтін ит үремейді, тісін көрсетпейді. Қазақ тіліндегі баламасы: Үреген ит қаппайды.

Мақалдың семантикалық өзегі – нағыз қауіп сырттай байқалмайды. Күш көрсетуі немесе зиян тигізуі мүмкін адам оны алдын-ала ашық көрсетпейді, ал айқайлап, қорқытып жүргендер әдетте нақты қауіп төндірмейді. Мақалдың құрылымдық-синтаксистік ерекшелігі – қысқа әрі екі компоненттен тұратын «Үрген ит – қаппайды» тәрізді инверсиясыз, қарапайым баяндауышты құрылымнан құралуы, жіктелмеген тұлға арқылы жалпылама субъектіні білдіруі және жалпы заңдылықты танытатын номинативті-генерализаторлық предикацияға ие болуы.

Паремиологиялық талдау. Мақал тұжырымды әрі жинақы айтылатын, тұрақты құрылымы бар, халықтық өмірлік тәжірибеге сүйенетін, тәрбиелік-философиялық мазмұнды ой түйінін білдіретін және логикалық салыстыруға негізделген сөйлем.

Мақал төмендегі құндылықтарға сүйенеді:

1. Ақыл мен байқампаздық – сыртқы айқайға сенбеу;
2. Сабырлылық пен ұстамдылық – көп сөйлейтін адамның әлсіздігін түсіну;
3. Істің сөзден жоғары тұруы – әрекеттің бағалануы.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Ысырачак ит дишини гөстермез;* ал.о.т.: *Тислейик ит тишин көрсетмес;* оғ.т.: *Ысыран ит тиш гөлермез;* ос.т.:

Ысыраджак ит дишини гөстөрмез; балқ.т.: Ысыран күпек авланмас; / Чүпек не хавлар – ысырамас; башқ.т.: Аштыртын ит өрмей тешлей; бұл.т.: Ысыраджак ит дишини гөстөрмез; чув.т.: Вирмен уыты ырттытын сыртат; доб.т.: Көп үрген ит тишлемез; до.т.: Ысыран күпек диш гөстемез; хак.т.: Ызырар адай тизн азынада көзитпес; сол.эз.т.: Капан ит дишини гөстөрмез; кип.т.: Ысыраджак ит дишини гөстөрмез; мос.кер.т.: Хавлайан ит капмаз; қыр.тат.т.: Тишлеген ит тишин гөстөрмез; қырғ.т.: Каба турган ит тишин ырысатпайт; қаш.т.: Капаган ит дишини гөрседмез; ноғ.т.: Үрген ит кисьиди капнас; түрік.т.: Дишлечек ит дишини гөркезмез; ұйғ.т.: Чишлейдиген ит чишини көрсәтмес; як.диал.: Ыттаахтаах ит ахытын көрдөрбөт [137, б. 293-294].;

Kendi düşen ağlamaz – дидактикалық және моральдық мазмұндағы түркі мақал. Қазақ тіліндегі баламасы: *Өзі жығылған бала жыламас*. Мақалдың негізгі мағынасы – адам өз еркімен жасаған ісінің салдарына өзі жауапты, сондықтан мұндай жағдайда шағымдануға немесе ренжіуге хақысы жоқ. Яғни егер қателікті өзің жасасаң, оның ауыртпалығын да өзің көтеруге тиіссің. Мақалдың мазмұндық өзегі жеке жауапкершілік пен адамның өз қателігінің салдарын өзі көтеруі, өмірлік тәжірибеден сабақ алу қажеттігімен сипатталады.

Құрылымдық тұрғыда мақал өздік есімдік пен есімше тіркесінен құралған бастауыш (*kendi düşen*) және болымсыз аорист тұлғалы баяндауыштан (*ağlamaz*) тұрады. Аорист формасы жалпы ақиқаттық, яғни тұрақты заңдылық реңкін береді.

Паремиологиялық тұрғыдан алғанда, бұл – дидактикалық-нормативтік мақал болып табылады, оның негізгі функциясы кеңес беру, ескерту жасау, адамды жауапкершілікке тәрбиелеу және қателік пен оның салдарынан сабақ алуға үйрету болып саналады.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Кенди дүшен агламаз; ал.о.т.: Өзи чыгыган чыламас; оғ.т.: Генди дүшен ааламаз; ос.т.: Генди дүшен ааламады / Кенди дүшен ааламаз; ах.т.: Кенди дүшен ааламаз; балқ.т.: Генди дүшен ааламас, ааласа да ойнамас; башқ.т.: Үзе кологан бала ыламай; бұл.т.: Кенди дүшен ааламас, ааласа да якышмаз; доб.т.: Өзи дүшген жыламас; до.т.: Кенди дүшен ааламас; гаг.т.: Кенди дүшен аламаз; оң.эз.т.: Өзи ығылан ааламас; қар.қыр.т.: Өзи ыкыган йыламас, сызламас; сол.эз.т.: Өзү йыхылган ааламаз; кип.т.: Генди дүшен ааламаз; қыр.тат.т.: Өзү йыкылган ааламаз; қар.т.: Өзи чығылган бала чыламайды; қаш.т.: Өзү йыхылган ааламаз; ноғ.т.: Өзи ығылган, ыйламас; қаз.тат.т.: Үзи ығылган йыламас; түрік.т.: Өзи йыкылган чаа/оглан агламаз; тув.т.: Боду ушкан уруг ыгылаवास; ұйғ.т.: Өзи йыкылган бала йығылмас [137, б. 339].*

Keskin sirke küpüne zarar verir» – метафоралық-дидактикалық мазмұндағы түркі мақал. Қазақ тіліндегі баламасы: *Сірке су құтысына зиян*. Мақалдың семантикалық өрісі ашу, зиян, өзін-өзі басқару және ішкі үйлесім ұғымдары төңірегінде қалыптасқан. «*Keskin sirke*» (өткір, ашулы сірке) – ашу мен қатқыл мінездің символы, «*kür*» – адамның өз болмысы, ішкі әлемі. Мақал осылайша адамның қатқыл, ызалы мінезі алдымен өзіне зиян тигізетінін көрсетеді.

Бұл мақалдың семантикалық өрісі ашу, мінез, өзін-өзі бақылау, ішкі үйлесім және эмоционалдық тұрақтылық ұғымдары төңірегінде қалыптасқан. Мақалдың мазмұны «өткір сірке» метафорасы арқылы ызалы, қатқыл, ашулы адамды, ал «күп» – сол адамның өз ішкі әлемін, психикасын, денесін немесе ортасын білдіреді.

Мәдени және психологиялық контекст: халық тұрмысында қыш құмырадағы тым қышқыл сіркенің ыдысты бүлдіруі жақсы белгілі құбылыс болған. Осы нақты тәжірибеден алынған бейне адамның ішкі күйін бейнелеуге айналған. Сірке – агрессия мен ашудың символы, ал құмыра – адамның табиғаты, денесі немесе рухы.

Паремиологиялық талдауы: мақал – моральдық және психологиялық мәні бар дидактикалық нақыл. Ол сабырлылық пен өзін-өзі ұстай білудің маңызын дәріптейді. Моральдық тұрғыда ол адамды ашу мен шамадан тыс эмоциядан сақтандырады, әлеуметтік тұрғыда – қақтығысты өршітпеуге, тепе-теңдік сақтауға үндейді.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: Кескин сирке күпүне зарар; оғ.т.: Сарп/явуз сирке кенди кабына зиян едер; ос.т.: Екиши сирке кенди кабына зарар едер. / Сарп сирке кабын чатладар; балқ.т.: Кескин сирке күпүне зиян; бұл.т.: Кескин сирке, кенди кабына кедердир; бат.фр.т.: Кескин сиркенин күпүнадир зарары; чув.т.: Час силенекенсин, час ватлат; доб.т.: Кескин сирке кабына зарар; гаг.т.: Кескин сирке, кабына зарар; қар.қыр.т.: Сарп сирке кабына зарар; сол.әз.т.: Сирке түнд олганда өз күпүнү партладар; кип.т.: Кескин сирке кенди кабына зарар верир; мос.кер.т.: Кескин сиркенин зарары өз кабынадыр; қыр.тат.т.: Кескин сирке кабына зарар; қырғ.т.: Ачуусу чукул, айыпка чыглат; қаш.т.: Сирке түнд олганда өз кабын чатладар; түрік.т.: Сиркенин туршусу кабына зиян [137, б. 343].;

Parayı veren düdüğü çalar. Қазақ тіліндегі аудармасы: Ақшаң болса қалаған нәрсеңді сатып ала аласың. Мақалдың түпкі мәні – билік, таңдау құқығы, шешім қабылдау мүмкіндігі сол нәрсенің (қызметтің, істің) ақысын төлеген адамда болады. Яғни мақал материалдық ресурсқа ие адам қалағанын істей алады, деген ойды білдіреді. Бұл мақал қоғамдағы қаржылық қатынастар мен материалдық мүмкіндіктердің байланысын бейнелейді: ақша – мүмкіндік кілті. Қысқаша: мақалдың семантикалық өзегі – ақшаның шешуші күшке ие екендігі.

Құрылымдық-ұғымдық өзек: Эквиваленттік қатынас: ақша ↔ бақылау/ықпал. Прагматикалық мән: кім төлейді, сол талап қояды. Әлеуметтік коннотация: қаржысы бар адамның үстемдігі.

Тарихи және лексикалық негізі. «Para» – парсы тіліндегі pāre («бөлшек, мыс монета») сөзінен енген, «veren» – vermek («беру») етістігінің есімше формасы, «düdük» – түркі түбірлі, дыбыстық имитациядан (ономатопеядан) шыққан сөз, «ысқырық, үрмелі ойыншық» мағынасында, «çalar» – çalmak («ұру, ойнау, дыбыс шығару») етістігінің аорист формасы.

Паремиялық және прагматикалық сипаты. Мақал – прагматикалық-дидактикалық сипаттағы паремия. Ол әлеуметтік әділет қағидасын («кім төлесе,

сол пайдаланады») бейнелейді. Сонымен бірге еңбектің, өнімнің және қызметтің құны төлем арқылы бағаланатынын көрсетеді.

Құрылымдық-синтаксистік ерекшелік. Мақалдың құрылымы шарт-салдарлық қатынасқа негізделген: *Paraуı veren* (ақшаны берген) – анықтауыштық топ, *düdüğü çalar* (ысқырықты ойнайды) – баяндауыштық топ. Жасырын шарт мағынасы бар: «Кім ақша берсе, сол ойнайды».

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Параны верен дүдүү чалар*; ал.о.т.: *Парады берген дудукди чалар*; ос.т.: *Параны верен дүдүү чалар*; балқ.т.: *Парейи верен, дүдүги чалыр*; бұл.т.: *Пара верен дүдүгү чалар*; доб.т.: *Параны берген дудуктен салар*; гаг.т.: *Параи верен, дүдүү чалар*; қар.қыр.т.: *Парасы бергенине дуду чала*; кип.т.: *Параны верен дүдүү чалар*; мос.кер.т.: *Параны верен дүдүүү чалар*; қыр.тат.т.: *Параны берген, дүдүгүнү чалар*; түрік.т.: *Пул берген түүлдүги чалар* [137, б. 408].

Sabrılan koruk şarab olur, tut yaprağı sandal – дидактикалық сарындағы мақал. Қазақ тіліндегі баламасы: «Сабыр түбі – сары алтын».

Мақалдың негізгі мағынасы – сабыр мен төзімділік арқылы қиындықтың нәтижесі жақсылыққа ұласады деген өмірлік қағиданы білдіреді. «Koruk» (піспеген, қышқыл жүзім) уақыт өте келе «şarap» (шарап) сияқты тәтті әрі бағалы өнімге айналады, дәл сол сияқты, «tut yaprağı» (тұт жапырағы) «sandal» (жібек мата) жасауға негіз болады. Бұл өзгеріс – табиғи жетілу мен еңбектің нәтижесі.

Мақалдың семантикалық өрісі үш негізгі ұғым төңірегінде қалыптасқан:

- 1) Сабыр және уақыт;
- 2) Өзгеріс пен жетілу;
- 3) Табиғи тепе-теңдік пен даму заңдылығы.

Паремиологиялық сипат: қос тармақты, бейнелі, дидактикалық мақал, параллель құрылым арқылы бір идеяны екі түрлі метафорамен дәлелдейді. Мағынасы – сабыр мен уақыт – жетілу мен табыстың негізгі шарты.

Түркі тілдеріндегі баламалары. сол.эз.т.: *Себир ачыдыр, мейвеси шириндир*; кип.т.: *Сабырнан горуг халва, дут япрагы атлас болур*; мос.кер.т.: *Сабыр ачыса да, ахыры татлыдыр*; қыр.тат.т.: *Сабыр дйби сары алтын*; қар.т.: *Сабыр түби сары алтын*; қар.мал.т.: *Сабыр түбү, сары алтын*; қырғ.т.: *Сабырдын түбү сары алтын*; қаш.т.: *Сабыр ачидір, мивеси дадлы*; құм.т.: *Сабур түбү сары алтын, уялыр алгасаган*; ноғ.т.: *Сабан түби сары алтын*. / *Сабыр эткен мирадына йеткен*; өзб.т.: *Сабр теги сори олтин*. / *Сабр кылсаң горадан халва битер*; қаз.тат.т.: *Сабырлықының түби алтын*. / *Сабыр иткән мурадына йеткән*; түр.т.: *Савыр ачыды, мивеси сүчүдүр*; / *Сабыр эден бекли гапыны ачар*; ұр.т.: *Сабыр түбү сары алтын*; ұйғ.т.: *Севир кылсаң горидин халва пүтер*; як.диал.: *Тулуур эрәйдәэх тихеге мининигәс*; түрік.т.: *Сабыр ачыдыр, мейвеси татлыдыр*. / *Сабырла корук халва олур*; қп.т.: *Сабыр билен багда гюре пишер*. / *Сабр бирле соңы максудин болду*; ал.о.т.: *Сабыр түби сары алтын*. *Сарайган жете муратка ашыккан калыр уятка*; оғ.т.: *Гөенлер хардан хурма йедилер*; *горугдан себр иле халва йедилер*; ос.т.: *Сабыр иле корук халва, дут япрагы атлас олур*; ауғ.т.: *Сабыр түви сары алтын*; балқ.т.: *Сабыр ачыдыр, фақат мивеси*

татлыдыр; башқ.т.: Сабыр түби хары алтын. / Сабыр еткен моратина йеткен; бай.т.: Сабыр эден дервиш мурадына ырмиш. / Горук беклее-беклее хавла олур; бұл.т.: Сабыр ачыдыр, мейвеси татлы; бат.фр.т.: Сабрын соны селаметтир; чув.т.: Кетме пелекене, кетмел кукли; доб.т.: Сабыр ашыш, мейвасы татлы. / Сабрының соны сары алтын; до.т.: Сабыры ачиды, йемиши татлыды; гаг.т.: Сабыр ачыдыр, мейвасы татлыдыр; оң.эз.т.: Сабыр илен халва пешер, эй гәре сенден, беслесен атлас олур тут япрагындан; хак.т.: Сиданыс аар, че нимистери магат; қар.қыр.т.: Сабур тыбы алтын. / Дут йапрагы сабурлык илен атлаз олур [137, б. 413];

Su testisi su yolunda kırılır. Қазақ тіліндегі баламасы: Су құмырасы су жолында сынады. Мақалдың семантикалық өзегі – адам қандай іспен көп айналысса, сол істің үстінде оның басына қауіп те, нәтиже де, қайғы не қуаныш та соған байланысты келеді. Әр құбылыстың соған тән табиғи соңы болады. Нақты семантикалық компоненттер:

1. Табиғилық заңдылығы: Зат немесе адам қай салада көп жүрсе, сол салада өзіндік салдары мен тәуекелі пайда болады.

2. Қауіптің дерек көзі сол істің ішінде болуы: Істелетін әрекет неғұрлым жиі болса, оның салдары да сол жерден туындайды.

3. Өмірлік тәжірибе: Халық тіршілігіне негізделген байқау – әр құбылыс өз ортасында аяқталады.

4. Фаталистік реңк: Тағдырлы оқиға сол әрекеттің сипатына сай түрде келетінін меңзейді.

Паремиологиялық талдау. Мақал қысқа, екі құрамды, ырғақты және тұжырымды паремиялық құрылымға жатады. Негізгі формуласы: Су құмырасы → су жолы → сынау (нәтиже). Бұл классикалық себеп-салдарлық құрылымға негізделген мақал түрі. Онда белгілі бір әрекет (су тасу) мен оның салдары (бұзылу, сыну) логикалық байланыста беріледі. Құрылымдық ерекшелігі: Жеңіл айтылатын, дыбыстық үйлесімі бар: су – су – сынады дыбыстары мақалға фоносемантикалық ырғақ береді. Үш компонентті модель: субъект – орта – нәтиже. Жасырын мағынаға құрылған метафора: құмыра – адам; су жолы – адамның кәсібі, ортасы; сыну – қауіпке ұшырау.

Мақалдың бағалау қызметі әрекеттің салдары сол әрекеттің өз табиғатынан туындайтынын көрсетеді. Тәрбиелік қызметі адамды кез келген істің ықтимал қауіптілігін алдын ала ескеріп, жауапкершілікпен әрекет етуге бағыттайды. Насихаттық қызметі кәсіп пен ортаның қауіпсіз болмауы мүмкін екенін еске салып, сақтыққа, ойланған шешім қабылдауға және өмірлік заңдылықтарды мойындауға шақырады.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: Су тестиси су йолунда кырылыр; ал.о.т.: Сув чермеси сувда синар; оғ.т.: Ендек сегек судан дүрүшмез гелмез; ос.т.: Су дестиси су йолунда кырылыр; бұл.т.: Су тестиси су йолунда кырылыр; бат.фр.т.: Су тестиси су йолунда кырылыр; түр.т.: Су тизиси су йолунда кырылыр; доб.т.: Сув дестеси сув жолында сыналыр; гаг.т.: Су күзеси су йолунда сынар; мос.кер.т.: Су жерреси су йолунда кырылыр; қыр.тат.т.: Су тестиси сувда сынар; қар.мал.т.: Сув челәкни түби сувда калыр; қаш.т.: Су

күзеси су йолунда сынасы; түрік.т.: *Су күйеси, сувда сынар*; ұйғ.т.: *Булакка кеткениң козаси синип кетиду* [137, б. 433].

Yalancının evi yanmış, kimse inanmamış. Қазақ тіліндегі баламасы: Өтірікшінің шын сөзі де өтірік. Мақалдың негізгі семантикалық ядросы: өтірікші адамның сөзіне ешкім сенбейді, тіпті шындық айтқанда да сенім жоғалады.

Мақалдың құрылымы екі бөліктен тұратын классикалық мақал формасы: себеп (*yalancının evi yanmış*) → нәтиже (*kimse inanmamış*). Параллелизм және себеп-салдар байланысы анық. Бұл – әлеуметтік сенімнің қайтымсыз бұзылуы туралы моральдық тұжырым. Мақалдың негізгі қызметтері – өтірік айтпауға тәрбиелеу, өтіріктің түбі сенімсіздікке әкелетінін ескерту, қоғамдық моральдық қағидаларды бекіту және өтірікшіні әшкерелеу арқылы әлеуметтік бақылау механизмі ретінде қызмет ету.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Яланчынын эви янмыш, кимсе инанмамыш*; ал.о.т.: *Яланчынын үйү жанган, бирәү инанмаган*; оғ.т.: *Яланчыдан ит йегдiр*; ауғ.т.: *Жалганчынын чын сөзү жалганга чыгат*; балқ.т.: *Яланчынын эвi яңмыш, кимсе инанмамыш*; башқ.т.: *Ялгансының өйө янган, берәү зе ишанмаган*; бұл.т.: *Яланчынын эви янмыш, кимсе инанмамыш*; чув.т.: *Талпасың тьяппи митык*; доб.т.: *Яланчының үйү жанган, бирев инанмаган*; до.т.: *Яланчынын эви янмыш, кимсежиклер инанмамыш*; гаг.т.: *Яланчынын муму, өлөгөнө тиклем янар*; хак.т.: *Чойдiң иби көйгәндә пирдезi киртинмеен*; қар.қыр.т.: *Яланчынын эви янса – инанма*; сол.әз.т.: *Яланчынын эви янды, кимсе инанмады*; кип.т.: *Яланчынын эви янмыш, кимсе инанмамыш*; мос.кер.т.: *Яланчынын эви янып, кимсе инанмыйып*; қыр.тат.т.: *Яланчының эви аңган – кимсе инанмаган*; қырғ.т.: *Жалганчынын чын сөзү да жалган*; қаш.т.: *Яланчы деди: «Эвим янды», һеч кес дадына келмеди*; құм.т.: *Ялганчының гертисине лә инанмай*; ноғ.т.: *Өтірікшінің ушын сөзі де зая*; өзб.т.: *Йолгонның умри кыска*; қаз.тат.т.: *Йолгонның умри кыска; Ялганчының йорты янган, кеше ишанмаган*; түр.т.: *Яланчының өйи янды, һич ким инанмады*; ұр.т.: *Яланчың/йынамсызның уйы янган, аман халқ йынанмаган*; ұйғ.т.: *Ялганчының өйигә от кетсе, һечким ишенмәепти* . [137, б. 466-467];

Zaman sana uymazsa sen zamana uy. Қазақ тіліндегі баламасы: Заманыңа қарай адамы. Мақалдың семантикалық өзегі – адам өз әрекеті мен мінезін уақыттың талабына, қоғамның өзгерістеріне сәйкес бейімдей білуі керек, заманға қарсы келу емес, оған сай болу – даналық. Түркі халықтарының дүниетанымында «заман» – кеңістік-уақыттық категория ғана емес, қоғамның моральдық-әлеуметтік жағдайын білдіретін философиялық ұғым. Мақал сол дүниетанымдағы негізгі қағиданы көрсетеді: адам қоғаммен үндес болуы тиіс.

Паремиологиялық талдау. Мақал халық даналығына, әлеуметтік тәжірибеге негізделген жасалған тұрақты сөйлеу бірлігі. Мақалдың функционалдық-прагматикалық қызметі – әлеуметтік бейімделуге үйретіп, қоғам ережелерін түсініп, өзгерістерге қарсы тұрмай, оны тиімді қолдануға бағыттау. Тәрбиелік мәні жағынан жаңалықтан қорықпай, заманауи талаптарға

сай болуға шақыру. Бағалауыштық тұрғыда уақытқа бейімделмеген адамды артта қалған, ал бейімделе алған адамды ақылды деп тану.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Заман саңа уймазса, сен замана уй;* ал.о.т.: *Чак саңа уюмаса да, сен чакка (өзлекке) уй;* шағ.т.: *Земан саңа буйун коймас, сен заманга буйун кой;* оғ.т.: *Заман уймайажак саңа, сен уй замана;* ос.т.: *Гөрдүгүн заман саңа уймады, сен замана уй;* балқ.т.: *Земан саңа уймаса, сен замана уй;* бұл.т.: *Заман саңа уймазса, сен замана уймалысың;* доб.т.: *Земан саңа уюмаса, сен заманга уй;* до.т.: *Земан саңа уюмаса, сен замана уйсан;* гаг.т.: *Заман, замана уйумазса, сен замана уй;* хак.т.: *Тус сагаа нимес, син агаа килис;* қар.қыр.т.: *Заман саңа уюмаса, заманга уй;* қаз.т.: *Заман жаман емес, заманга сай болмаған жаман. / Заманын қалай болса, бөркіңді сондай кий;* сол.эз.т.: *Заман саңа саз олмаса, сен замана саз ол;* кип.т.: *Заман саңа уюмасса, сен замана уй;* мос.кер.т.: *Заман саңа уймазса, сен замана уй;* қыр.тат.т.: *Заман саға уймаса, сен заманга уй;* қар.мал.т.: *Заманга көре атла;* қырғ.т.: *Заманың қандай болсо, бөркүңдү ошондой кий;* құм.т.: *Замандар гечсе де, халк гитмес;* ноғ.т.: *Сен заманга ыйермесең, заман саға ыйермес;* өзб.т.: *Заман сенга бакмаса, сен заманга бак, гана;* қаз.тат.т.: *Заман саңа буйун коймас, сен заманга буй кой;* түрік.т.: *Заман саңа эйерленмезсе, сен заманга эйер;* ұр.т.: *Заман саңа уйумаса, сен заманга уй* [137, б. 488-489].

2.2. Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі материалдық мәдениет пен этномәдени кодтың семантикалық интерпретациясы

Мақал-мәтелдер тілдің бейнелі-құрылымдық қабатын құрай отырып, этностың материалдық мәдениеті мен тарихи тәжірибесін семантикалық тұрғыдан жинақтайтын маңызды лингвомәдени бірліктердің бірі болып табылады. Олардың құрамында күнделікті тұрмысқа, шаруашылыққа, еңбек құралдарына, табиғи ортаға және әлеуметтік қатынастарға қатысты нақты заттық атаулар мен бейнелер орнығып, этномәдени кодтың тұрақты элементтері ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, армян-қыпшақ мақал-мәтелдері ортағасырлық қыпшақ қоғамының материалдық мәдениетін тілдік деңгейде реконструкциялауға мүмкіндік беретін құнды дереккөздер болып саналады.

Мақал-мәтелдер этностың материалдық мәдениеті мен тарихи тәжірибесін жинақтаған тілдік бірліктер ретінде ерекше маңызға ие. Олардың құрамында тұрмыстық заттар, шаруашылыққа, еңбекке және табиғи ортаға қатысты атаулар этномәдени кодтың тұрақты элементтері ретінде қызмет етеді. Бұл бірліктер арқылы қоғамның күнделікті өмірі, әлеуметтік қатынастары және құндылықтық бағдарлары тілдік формада көрініс табады.

Осы бөлімде төменде берілген мақал-мәтелдерді талдау арқылы армян-қыпшақ жазба мұраларында көрініс тапқан материалдық мәдениет элементтері мен этномәдени кодтың лингвистикалық-семантикалық сипаты айқындалады. Талдау барысында мақал-мәтелдер құрамындағы заттық-мәдени лексемалардың семантикалық жүктемесі, бейнелік қызметі және символдық мағынасы қарастырылады. Аталған бірліктердің этномәдени ақпаратты

жеткізудегі рөлі мен қыпшақ қоғамының дүниетанымымен байланысы ашып көрсетіледі.

«*Аш ауи оунамаз*». Қазақ тіліндегі баламасы: Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ аш боламын деп ойламайды. Мақалдың семантикалық өзегі – аш адамға ойын емес, ең алдымен қарынның тоюы қажет деген ой. Яғни:

1. Физикалық немесе рухани мұқтаждықты өтемейінше, адам басқа іске кірісе алмайды;

2. Қажеттілігі қанағаттанбаған адамның ниеті мен әрекеті өзгеден (тоқ адамнан) өзгеше болады;

3. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан тең емес жағдайдағы адамдардың ойы да, ісі де бір жерден шықпайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Ач айы ойнамаз*; длат.: *Арпасыз ат эшиймес*; ал.о.т.: *Ач айыуқ ойнамас*; шағ.т.: *Ач айыуқ ойнамас*; оғ.т.: *Айыыз ойу, делү-толу*; ауғ.т.: *Ач айыу ойнамаз*; балқ.т.: *Ач айы ойнамас*; бай.т.: *Ач айы ойнамаз*; башқ.т.: *Ач айы уйнама*; бұл.т.: *Ач айы ойнамаз*; бат.фр.т.: *Ач айы калгымаз*; чув.т.: *Ситермен лаша туртмаст*; до.т.: *Ач айыу ойнамаз, токмай өксуз джырламаз*; до.т.: *Ач айы ойнамас*; гаг.т.: *Ач айы ойун ойнамаз*; оң.эз.т.: *Ачлык айыя калайлы ошулар*; хак.т.: *Ас аба телбэк ойнабас*; қаз.т.: *Аш аю ойнамайды*; сол.эз.т.: *Ач айы ойнамаз*; мос.кер.т.: *Ач айы ойнамаз*; қар.мал.т.: *Ач айуқ ойнамаз*; қырғ.т.: *Ачканнын аты жүрбөйт*; қаш.т.: *Ач айы ойнайабилмез*; өзб.т.: *Ач айыыз ойнамас*; қаз.тат.т.: *Ач айыу уйнамас*; түрік.т.: *Ач айы ойнамаз*; ұр.т.: *Ач айыу ойнамаз*; ұйғ.т.: *Ач эйик ойнимас* [137, б. 46].

Ağlatayan çociğa teme/ süd vermezler. Қазақ тіліндегі баламасы: Жыламаған балаға сүт/емшек жоқ. Бұл мақалдың семантикалық өзегі – адам өз қажеттілігін, талабын, мүддесін ашық білдірмесе, оған ешқандай көмек те, қолдау да көрсетілмейтіні туралы қағида. Тура мағынадағы нәрестенің жылауы мен күтім арасындағы биологиялық байланыс әлеуметтік деңгейге ауыстырылып, белсенділік көрсеткен, талап еткен, ізденген адам ғана өзіне қажетті нәтижеге қол жеткізеді деген ойды білдіреді. Осылайша, мақалдың мағына өзегі екі негізгі компонентке негізделеді:

1. Қажеттілікті білдіру – әрекетке түрткі. Талап қойылмаса, оны орындау күтілмейді; сұралмаған нәрсе берілмейді.

2. Әлеуметтік белсенділік – жетістік шарты. Адам өз құқығы мен мұқтаждығын өзі қорғамаса, басқа тараптан қолдау автоматты түрде келмейді.

Паремиологиялық талдау. Жанрлық типі. Мақал қысқа нормативті паремиялар қатарына жатады. Бұл жанрлық типке тән ерекшелік – қоғамда қалыптасқан мінез-құлық нормаларын, әлеуметтік талаптар мен этикалық ұстанымдарды қысқа әрі жинақы формула түрінде беру. Мұндай мәтіндер логикалық симметрияға негізделіп, шарт-салдар құрылымында ұйымдасады және нормативтік қағиданы вербалды түрде бекіту қызметін атқарады.

Мақалдың функциялық (прагматикалық) қызметі. Паремияның негізгі прагматикалық қызметі – қоғамда жағымды мінез-құлық үлгісін ұсыну арқылы тыңдаушыны белгілі бір әрекетке бағдарлау, талап қою және ынталандыру. Ол тәрбиелік, реттеуші және мотивациялық сипатқа ие дидактикалық тілдік бірлік

болып табылады. Мақал әлеуметтік тәжірибеге сүйене отырып, мінез-құлық нормасын қалыптастыру және оны қоғамдық санада бекіту міндетін орындайды.

Мақалдың стильдік және экспрессивтік ерекшелігі. Паремияның стильдік табиғаты қысқа әрі ырғақты құрылымымен, ойдың жинақылығымен және антонимдік немесе мағыналық қарама-қарсылыққа құрылған симметриясымен сипатталады. Мұнда логикалық нақтылық, тұжырымдылық және нормативтік реңк айқын көрінеді. Моральдық үн мен нұсқаулық сипат мақалдың прагматикалық әсерін күшейтеді. Формулалық жасалымы оның есте сақталуын, репродукциялануын және түрлі коммуникативтік жағдаяттарда қайта қолданылуын жеңілдетеді.

Құрылымдық-синтаксистік формуласы. Бұл құрылымда бірінші компонент – шарттық бөлік, яғни белгілі бір іс-әрекеттің орындалмауы; екінші компонент – нәтижелік бөлік, сол шарттың орындалмауына байланысты туындайтын салдар. Мұндай шарт-салдарлық модель қазақ мақалдарында кең таралған және себеп-салдарлық логика арқылы әлеуметтік ақиқат пен мінез-құлық қағидасын бекітуге қызмет етеді.

Мақалдың түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: Ааламайан чоджуа мемме вермезлер; ал.о.т.: Джыламаган балага емчек бермеслер; шағ.т.: Джыламаган балага емчек кайда; өзб.т.: Оолан ааламайынджа емчек верилмез; ос.т.: Оолан ааламайынджа мемме верилмезлер; ауғ.т.: Бала ийлаваганча ене емчек салват; ах.т.: Ааламайана мемме йокдур; ал.т.: Ислабаган балага емчек емиспес; балқ.т.: Ааламайан чоджуа анасы мемме вермез; башқ.т.: Иламаган балага имшиак бирмейлер; бұл.т.: Ааламайан ушагъа мемме верилмез; бат.фр.т.: Ааламайан чоджуа мемме верилмез; чув.т.: Ача макармасаш анасы илтмес; доб.т.: Джыламайан балага емчек берилмез; до.т.: Ааламайан ушагъа мемме вермезлер; гаг.т.: Ааламайан ушага мемме вермезлер; оң.әз.т.: Ааламайан ушага сют вермезлер; хак.т.: Иглабан палаа ас пирилбечен; қар.қыр.т.: Йыламан бала емчек берилмез; оң.әз.т.: Бала йыламаса, анасы емчек бермес; кип.т.: Йыламаган балага емчек бермейлер; мос.кер.т.: Ааламадык оолана емчек йок; қыр.тат.т.: Иглаваан чашка емик емзиртпес; қар.т.: Ааламаан балаа көкүс вермийлер; қар.мал.т.: Бала йыыйлимиса, ана емчек салмас; қырғ.т.: Итаабат ооону емшех тебеттер; қаш.т.: Ааламайан чоджуа мемме йодур; құм.т.: Йыыламыйан ушага емчек вермезлер; ноғ.т.: Ааламайан балага емчек бермезлер; өзб.т.: Джыламаган балага емчек кайда; қаз.тат.т.: Джыламаган гаша анасы емчек салмаз; түрік.т.: Ийлабаган балага емчек чок; тув.т.: Ааламайана сүт йок; ұр.т.: Йыламаган балага/йашга емчек бермес; ұйғ.т.: Бала йыламаса, анасы емчек бермейди; як.диал.: Ааламайан оолана емчек йок [137, б. 62].

Anasına bak kızını al, kenarına bak bezini al – түркі халықтарының өмірлік тәжірбиесінен туындаған мақал. Қазақ тіліндегі баламасы: Анасына қарап қызын ал, ыдысына қарап асын іш. Бұл мақал адамның мінезі мен тәрбиесін оның шыққан ортасынан, әсіресе анасынан тануға болатынын білдіреді. Мұндағы «қара» сөзі бақылау, талдау, салыстыру ұғымдарын қамтиды, ал

«қызын ал» тіркесі шешім қабылдау мен әрекет ету мағынасында қолданылады. Қоғамда ана – отбасы тәрбиесінің және әдептің бастауы. «Ананың ақ сүтімен сіңген мінез» ұғымы арқылы ананың тұлға қалыптастырудағы рөлі мойындалады. Қыз тәрбиесі – халық мәдениетінің өзегі, ал тектілік пен ұрпақ сабақтастығы мақалдың мазмұндық негізін құрайды.

Құрылымы: Екі тармақты, бұйрық райлы сөйлемдерден құралған. Бірінші тармақ – шарт (бақылау әрекеті), екіншісі – нәтиже (шешім қабылдау). Синтаксистік симметрия мен ырғақтық үйлесім мақалдың ықпалын арттырады.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: Анасына бак, кызын ал, кенарына бак, безин ал; ал.о.т.: Анасына карра, кызын ал; шағ.т.: Енесини көр, кызын ал; оғ.т.: Анасын көр, кызын ал; ос.т.: Анасын көр, кызын ал; ауғ.т.: Енесин көр де, кызын ал; ах.т.: Енесына анамың гыйине кирбе; балқ.т.: Ашығына карап, кызын ал; башқ.т.: Анасына бак та, кызын ал; бұл.т.: Анасына бак та, кызын ал; Кенарына бак, безини ал; бат.фр.т.: Анасына бак, кызын ал, кенарына бак, безини ал; чув.т.: Анасына пәх та, херинеси ил; доб.т.: Сабысын көрүп атын ал, анасын көрүп кызын ал; до.т.: Анасына/несине бак, кызын ал; тарана бак, безини ал; гаг.т.: Анасына бак, данасын ал; оң.әз.т.: Анасына бах, кызын ал, кырагына бах, безин ал; хак.т.: Инезине көрүп, кызын ал; күзине көрее, чүктенис ал; ир.х.т.: Кәнаруна бах, безини ал, әнәсина бах, кызыны ал; қар.қыр.т.: Кенарына багып, безин ал; анасына багып, кызын ал; сол.әз.т.: Анасына бах, кызын ал, кырагына бах, безин ал; кип.т.: Анасына баг кызын ал, кенарына баг, безин ал; мос.кер.т.: Кенарылы бах, безин ал; қыр.тат.т.: Басмасына көрө бези, анасына көрө кызы; қар.мал.т.: Анасына караб, кызын ал; атасына караб, часына бар; қар.т.: Анасын көрүп, кызын ал, табагын көрүп, ашын иш; қырғ.т.: Енесин көрүп, кызын ал, ешигин көрүп, төрүн өт; қаш.т.: Анасына бах кызын ал, кырагына бах, безини ал; құм.т.: Анасына бах кызын ал, дарайна бак, безин ал; қаз.тат.т.: Анасына карап, кызын ал, кырыыйна карап, бұзен ал; ноғ.т.: Аягын көрүп, ашын иш, анасын көрүп, кызын ал; өзб.т.: Милкини көр, безини ал; анасын көр, кызыны ал; қар.тат.т.: Табагына кара да, ашын ич, анасына кара да, кызың көч; түрік.т.: Енесини көрүп, кызын ал; гырасын көрүп, безин ал; ұр.т.: Тенарын көр де, безин ал; анасын көр де, кызын ал; ұйғ.т.: Ана көрүп, кыз ал; кырғак көрүп, бөз ал; тув.т.: Ийезин көргеш, уруун ал; як.диал.: Иьетин көр, кылыгын ал [137, б. 83-84].

Arkadaşını söyle kim olduğunı söyleyim. Қазақ тіліндегі баламасы: «Маған досыңның кім екенін айт, мен де сенің кім екенінді айтайын». Мақалдың семантикалық өзегі – адамның болмысы, мінезі және өмірлік ұстанымы оның айналасындағы адамдар арқылы танылады, адамның досы – оның ішкі дүниесінің, көзқарасының, моральдық деңгейінің айнасы. Мақалдың тақырыптық өрісі: адам болмысы, қарым-қатынас, достық, адамды тану, моральдық-этикалық бағалау

Паремиологиялық талдау. Бұл – дидактикалық сипаттағы мақал. Мақалдар қысқа, нұсқа, қорытынды ойы бар, өмірлік тәжірибені жинақтап беретін паремиялардың түріне жатады. Мақалдың құрылымдық-синтаксистік ерекшелігі екі жай сөйлемнен тұратындығымен сипатталады, оның құрылымы

тепе-тең әрі параллель құрылған, ал екінші сөйлем бірінші сөйлемге мағыналық жағынан тәуелді болып келеді. Сонымен қатар ол диалогтық формаға ұқсап, риторикалық стильмен жасалған. Паремияның құрылымы шартты байланысқа негізделген. Бірінші тармақ – дәлел немесе айғақ (*arkadaşını söyle*), екінші тармақ – қорытынды немесе үкім (*kim olduğunı söyleyeyim*). Яғни, бірінші тармақ – себеп, екінші тармақ – салдар. Бұл мақал себеп-салдарлық логикалық модельге құрылған.

Бұл мақалдың прагматикалық мақсаты – адамды дұрыс орта таңдауға ынталандыру, жастарға тәрбиелік ескерту жасау, әлеуметтік мінез-құлықты реттеу және адамның іс-әрекетіне моральдық баға беру болып табылады. Ол тыңдаушыға тікелей әсер етуге бағытталған, өйткені «айт», «айтайын» деген етістіктер арқылы ынталандыру және сендіру амалдары қолданылған.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Аркадашыны сөйле, ким олдууну сөйлейейим*; қп.т.: *Ол киши ким явузлар билен олтургай, ейгүлик йүзүн көрмегей*; балқ.т.: *Чимнле жезерсин, она бензерсин*; бұл.т.: *Аркадашының ким олдууну сөйле, сөйлейейим ким олдуғуну*; гаг.т.: *Сөле ким сенин достун да, мен сөйлейджем кимсин сен*; сол.әз.т.: *Йолдашын мәнә сөйле, сенин ким олдуғуну дийим*; кип.т.: *Де маңа аркадашынды, сөйлейейим саңа не мал / ким олдуғуну*; құм.т.: *Йолдашың ким экенин айтсаң, сен ким экени айтарман*; өзб.т.: *Достиңниң кимлигини айтсаң, сенин кимлигини айтаман*; қаз.тат.т.: *Үзе нинди илдәше – дә шундый*; түрік.т.: *Йигиди достундан танырлар [137, б. 91]*.

Az veren candan verir. Қазақ тіліндегі баламасы: Аз беремін дегеннің көп бергенін көргенмін. Мақалдың семантикалық өзегі – шын ықыласпен жасалған аз көмектің құндылығы – көп беріп, бірақ шын ниеті жоқ адамның бергенінен жоғары.

Мақалдың семантикалық өзегін құрайтын басты мағыналар:

1. Жомарттықтың өлшемі – мөлшерде емес, ниетте. Аз берген адам – жүрегімен, жанымен береді (*candan*), яғни бұл – шынайы көмектің белгісі.

2. Ниет пен ықылас материалдық көлемнен маңызды. Көп берген адам кейде міндет, даңқ, есеп үшін береді; ал аз берген адамның көмегі жүректен шығады.

3. Ризашылық мәдениеті. Адамның бергенінің мөлшеріне емес, оның ықыласына баға беру – түркі дүниетанымындағы негізгі моральдық ұстаным.

4. Әлеуметтік-этикалық норманы бекіту. Мақал адамдарды шын көңілмен көмектесуге, риясыздыққа, ал алған жақты – азды да бағалай білуге шақырады.

Паремиологиялық талдау: Мақал бір тармақтан тұратын ықшам құрылымды паремия. Түрік нұсқасында – етістікті сөйлем (*veren – verir*), қазақ нұсқасында – экспрессивті-бағалаушылық құрылым (...көп бергенін көргенмін). Сөйлем құрамында *az* – мөлшер, *candan* – ниеттің сапасы, *verir* – әрекет сияқты негізгі семантикалық компоненттер көрініс тапқан. Құрылымдық типі – жалпылама-аксиомалық (*gnomic sentence*), яғни өмірлік заңдылықты тұжырымдайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Аз верен жандан, чок верен малдан verir*; ал.о.т.: *Аз берген жандан, көп берген малдан*; оғ.т.: *Аздан бирен*

жандан верир, чокдан вирен малдан верир; ос.т.: Чок вирен гөнюлсуз верир, аз вирен жандан верир; балқ.т.: Аз верен жандан, чок верен малдан верир; бұл.т.: Аз верен жандан, чок верен малдан верир; доб.т.: Аз берген жанындан, көп берген малындан берер; до.т.: Аз верен жандан, чок верен малдан верир; оң.эз.т.: Аз верен жандан, чок верен малдан; қар.қыр.т.: Көп беривчи берет малдан, аз беривчи берет жандан; сол.эз.т.: Аз верен жандан, чок верен малдан; қыр.тат.т.: Аз берген жандан берир, көп берген малдан; қар.мал.т.: Аз берген жүректен, көп берген байлықтан; қырғ.т.: Аз берген тез берген, көп берген малдан; қаз.тат.т.: Аз берген жандан, чок берген малдан [137, б. 121.]

Bakış verilen atın dişine bakılmaz. Қазақ тіліндегі баламасы: Сыйға берілген аттың тісіне қарамайды. Мақалдың семантикалық өзегі – сыйды сый ретінде қабылдау керек, оның сапасына, кемшілігіне қарап, риза еместік білдіру – әдепсіздік. Мақалдың мән-мағынасы төмендегідей семалардан құралады:

1. Шүкіршілік пен ризашылық. Сыйлау актісі – еркін, қайтарым талап етпейтін әрекет. Сондықтан сыйды қабылдаған адам оның сапасын, кемшілігін талқылауға тиіс емес.

2. Қадірлеу және құрмет көрсету. Сыйдың мазмұны емес, оның артындағы ниет маңызды. Сыйдың «тісін қарау» – сыйлаушының ниетін менсінбеу белгісі.

3. Еңбек пен жақсылыққа құрмет. Басқаның жақсылығын бағалау – әлеуметтік қарым-қатынастың мәдени нормасы.

4. Моральдық-этикалық норманы бекіту. Адамға көрсетілген жақсылыққа құрметпен қарау, кінә іздемеу, салыстырмау – мақалдың басты ойы.

Тарихи тұрғыдан алғанда, «ат» лексемасы көшпелі мәдениеттегі аса құнды байлықтардың бірі ретінде ерекше әлеуметтік-экономикалық және символдық мәнге ие болған. Ат – көлік құралы, жорықтағы серік, қауымның тұрмыс-тіршілігіндегі стратегиялық ресурс ретінде жоғары бағаланған. Аттың тісі оның жасын, денсаулығын және құндылығын айқындайтын көрсеткіш ретінде қолданылғаны Еуразия далалық мәдениеттеріне ортақ тәжірибе болған.

Түркі әлемінің жазба мұраларында, атап айтқанда «Құтадғу білігі» пен «Диуани лұғат ат-түрік» еңбектерінде «at» сөзі қазіргі түркі тілдеріндегі мағынасына сәйкес қолданылатыны байқалады [140, 136].

«Ат» сөзінің қайдан шыққаны жөнінде бірнеше көзқарас бар. Алғаш рет түркі тілдеріндегі жануар атауларын салыстырған белгілі түркітанушы ғалым А.М. Щербактың пікірінше ол, ат (және аад) сөзі барлық аталған тілдерде «жылқы, ат» мағынасында қолданылады, сондай-ақ алтай, құмық, қырғыз, тува, хакас, якут тілдерінде «мерін» мәнінде, якут тілінде «есек» және «піштірілген ат», ат оғус – «піштірілген бұқа, өгіз» мағынасында қолданылады [144, 8].

А. Вамбери оны айғыр («жеребе») сөзінің алғашқы бөлігімен (ат – ай) және кейбір жазба ескерткіштерде кездесетін от/өт («бұқа») сөзімен салыстырған. С. Мираяма ат сөзін агт («жылқы») тұлғасынан шыққан деп есептейді, тува тіліндегі аът сөзін моңғол тіліндегі агта («мерін») сөзімен салыстырған. Ал П.М. Мелиоранский агта сөзін парсы тіліндегі агма («піштірілген») және ахтан («алып тастау, шығарып тастау») сөздерімен

байланыстырады. Г. Рамстедт алғашында түркі тілдеріндегі акта («піштірілген ат, салт мінетін жылқы») сөзін тунгус тіліндегі актаки («піштірілген (солтүстік) бұғы») сөзімен салыстырса, кейінірек моңғол тіліндегі ата, атан («мерін, піштірілген түйе») сөздерімен салыстырған [141, 197].

Фразеологизмдік тұрақтылық. Бұл мақал – тұрақты сөз тіркесі, яғни фразеологизм. Мағынасы тікелей емес, астарлы.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Бахиши атын дишине бакылмаз;* ал.о.т.: *Багыш атынын дишине каралынмаз. / Бий берген атдын тишине каралмас;* ос.т.: *Бахиши атын дишине бакылмаз;* ах.т.: *Бехиши атын дишине бакылмаз;* балқ.т.: *Бакшыш атын дишине бакылмаз;* бұл.т.: *Белеш атын яшына бакылмаз;* доб.т.: *Бахиши атынын дишине каралынмаз;* до.т.: *Бахиши атын дишине бакылмаз;* гаг.т.: *Аданмыш бейгирин ағзына бакмазлар;* оң.әз.т.: *Бей верен атын дишине бакмазлар;* қар.қыр.т.: *Бахиши атынын дишине бакылмаз;* қаз.т.: *Дос бергеннің тишине карама;* сол.әз.т.: *Бахиши атын дишине бакмазлар;* қыр.тат.т.: *Бахиши атынын дишине каралынмаз;* қаш.т.: *Пешкеш атын дишине саймазлар;* ноғ.т.: *Бахиши атдын кезине каралмас;* өзб.т.: *Текин атның тишине көрме* [137, б. 127].

Balık baştan kokar. Қазақ тіліндегі баламасы: Балық басынан шіриді. Мақалдың түпкі идеясы – қоғамдағы кемшіліктің, келеңсіздіктің бастауы көбіне басшылықтан шығады. Яғни қандай басшы болса, қарамағындағы жүйе де соған ұқсайды. Мақалдың семантикалық өзегі:

1. Биліктің мінез-құлқы қоғамның жағдайын айқындайды. Мақалдың түпкі идеясы – қоғамдағы кемшіліктің, келеңсіздіктің бастауы көбіне басшылықтан шығады. Яғни қандай басшы болса, қарамағындағы жүйе де соған ұқсайды.

2. Жауапкершілік иерархиясы. Мақал жауапкершілік жоғарыдан төменге түсетінін көрсетеді. Бұзылу, коррупция, тәртіпсіздік, әділетсіздік әдетте басқарушы топтан басталса, төменгі деңгей автоматты түрде соны қайталайды.

3. Билік – қоғамның моральдық өлшемі. Түркі дүниетанымында басшы – елдің тәртібі мен берекесінің кепілі. Сондықтан мақал басшының адалдығы мен әділдігі бүкіл қоғамға үлгі болатынын меңзейді. Керісінше, басшы бұзылса, моральдық құлдырау жалпы жұртқа тарайды.

4. Салдарлы-себептік байланыс. Мақал таза дидактикалық: Бастау бұзылса → жүйе бұзылады. Жоғарғы қабаттағы кінәрат → төменгі қатарға жұғады. Бұл – қоғамдағы құбылыстардың иерархиялық тәуелді, тізбекті сипатын көрсететін себеп-салдарлық модель.

5. Басқару мәдениетіне қатысты ескерту. Мақал – халықтық бақылау тетігі. Ол басшыға: – «Елдің жағдайы сенің мінезіңе, шешіміңе, әділдігіңе байланысты» деген ескерту береді. Яғни жақсы басшы – дұрыс жүйе, жаман басшы – шіріген жүйе.

Этимологиялық тұрғыдан *balık* лексемасы көне түркі жазба ескерткіштерінде *baluk/baluk* тұлғаларында қолданылады. Оның шығу тегіне қатысты ғылыми пікірлер әртүрлі: Л. Рашоньи бұл форманы «жарқырау, жалтырау» мағынасын білдіретін түбірмен байланыстырады, ал М. Рәсәнен

аталған сөздің моңғол және маньчжур тілдеріндегі *falu* («лещ» балығының түрі) лексемаларымен фонетикалық ұқсастығын атап көрсетеді [139].

Құрылымдық-синтаксистік тұрғыдан бұл мақал – тура сөз тәртібімен (SOV) құрылған жай сөйлемдік үлгі: *Balık baştan кокар*. Мұндағы *baş* – бастапқы себепті білдіретін метафора (басшы, жетекші), ал *кокар* – одан туындайтын салдарлық әрекетті (бұзылу, іріп-шіру) көрсетеді. Бір тармақтан тұратынымен, құрылымдық астары терең және жинақы формамен берілген.

Паремиологиялық сипаттамасы бойынша бұл – дидактикалық мазмұндағы метафоралық мақал. Оның семантикалық қатынасы себеп–салдарлық байланысқа негізделген, ал коммуникативтік қызметі сын айту, ескерту жасау және моральдық тұжырым білдірумен сипатталады. Метафоралық өрнекте «бас» – билік, басшы, жетекші ұғымдарын, ал «иіс» – моральдық немесе құрылымдық құлдырауды білдіреді. Мақалдың функциясы – әлеуметтік және моральдық кеңістікте басшылық позицияда тұрған адамның жауапкершілігін еске салу, қоғамдағы тәртіп пен әділеттің ең алдымен басшының іс-әрекетіне тәуелді екенін көрсету.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Балык баштан кокар*; ал.о.т.: *Балык баштан сасыр*; оғ.т.: *Балык башындан йыйыр*; ос.т.: *Балык башдан кокар*; ауг.т.: *Балыкты башыннан тут*; ал.т.: *Балык башыннан чыдыр*; балқ.т.: *Балык баштан кокар*; башқ.т.: *Балык баштан серей*; бұл.т.: *Балык баштан кокар*; чув.т.: *Пула пюшенген серет*; доб.т.: *Балык баштан сасыр*; до.т.: *Балык баштан кокар*; гаг.т.: *Балык кафадан кокар*; хак.т.: *Балык пазинан пасты чыстанидир*; қар.қыр.т.: *Балык башындан сасыр*; сол.эз.т.: *Балык башындан ийленир, жамыш аяғынан*; кип.т.: *Балыг башдан кокар*; мос.кер.т.: *Балыг баштан кохар*; қыр.тат.т.: *Балык баштан сасыр*; қар.т.: *Балык башыннан ширийди*; қар.мал.т.: *Чабак чурисе башындан чуруйюди*; қырғ.т.: *Балык башынан сасыңыт*; құм.т.: *Балык башындан чурюр*; өзб.т.: *Балыг (балыыг) башыдан сасыйды*; түрік.т.: *Балык келлесинден порсар*; тув.т.: *Балык башындан чыдыр*; ұр.т.: *Балык башындан сас* [137, б. 130-131].

Beş parmak bir değil. Қазақ тіліндегі баламасы: *Бес саусақ бірдей емес*. Мақалдың семантикалық өзегі – адамдар арасындағы табиғи айырмашылық пен даралықтың заңдылығын мойындау, яғни әр адамның болмысы, мінезі, көзқарасы мен қабілеті бір-біріне ұқсамайтынын білдіретін идея. Семантикалық өзекті нақтылайтын құрамдас мәндер:

1. Табиғи көптүрлілік концептісі. Бес саусақтың әртүрлі болуы – әлем мен адам қоғамының табиғи түрде сан алуан екенін білдіретін әмбебап модель.

2. Даралық пен ерекшелік идеясы. Мақал әр индивидтің өзіндік қасиеттерін, мүмкіндіктерін және мінездік ерекшеліктерін мойындау қажеттігін көрсетеді.

3. Толеранттылық пен түсіністікке шақыру. Адамдар арасындағы айырмашылықты қабылдаудың қарым-қатынастарды үйлестіруге ықпал ететінін меңзейді.

4. Қоғамдық тұтастықтың шарттылығы. Саусақтардың әртүрлі болғанымен, бір қолдың құрамына енетіні сияқты, қоғамдағы жеке тұлғалар да айырмашылықтарына қарамастан ортақ жүйенің бөлшегі болып табылады.

Паремиологиялық талдау. Мақалдың құрылымы бейнелі-дидактикалық сипатқа ие болып, оның мазмұны салыстыру мен символдық аналогия қағидаттарына негізделеді. Мақалдың бейнелілік сипаты бес саусақ бейнесінің адамзат көптүрлілігінің символы ретінде, «бір емес» тіркесінің айырмашылық пен даралықтың көрсеткіші ретінде, сондай-ақ қолдың тұтастық пен өзара байланыс идеясын білдіретін метафоралық образ ретінде қолданылуымен көрінеді.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Беш пармак бир дееил*; длат.: *Биш емек түз ермес*; ал.о.т.: *Беш пармак түз болмас*; оғ.т.: *Беш бармак түз дееилдир*; ос.т.: *Беш бармак түз олмаз*; ауғ.т.: *Беш бармак бирдей емес*; ал.т.: *Беш седеp беш башка*; балқ.т.: *Беш пармак бир дилдир*; башқ.т.: *Беш бармак та тигез булмай*; бай.т.: *Беш пармагын беши бир дееил*; бұл.т.: *Беш пармак бирбирине уймаз*; чув.т.: *Пилек пүрне те (пер) тан мар*; доб.т.: *Беш пармакның беши бир болмаз*; до.т.: *Беш паамак би дил*; гаг.т.: *Беш пармак бир дееиль*; оң.эз.т.: *Аллаһ беш бармагы бир яратмыйуб*; хак.т.: *Пиш сала айна аймах боладир*; қар.қыр.т.: *Беш пармак та түз дееил*; сол.эз.т.: *Беш пармагын беши де бир дееил*; кип.т.: *Беш пармагын хепси де бирдир*; мос.кер.т.: *Беш бармагыв бир олмаз*; қар.мал.т.: *Бармакла да түлөдүле тенг*; қыр.тат.т.: *Беш пармагын беш түрлү*; қырғ.т.: *Беш кол тең емес. / Беш бармак бирдей емес*; қаш.т.: *Беш бурмак бир бир теклин олмаз*; құм.т.: *Беш бармакта тең болмас*; ноғ.т.: *Беш бармак та бирдей болмайды*; өзб.т.: *Беш кол баробар емас*; қаз.тат.т.: *Бармаклар да тиеш тугел*; түрік.т.: *Беш бармак денг дееилдир*; ұйғ.т.: *Беш кол бирдек емес*; як.диал.: *Биес тарбах бишр буолбатаһ* [137, б. 141-142].

Vişak yarası geçer dil yarası geçmez. Қазақ тіліндегі баламасы: Оқ жарасы жазылады, тіл жарасы жазылмайды. Мақалдың семантикалық өзегі – сөз арқылы келетін психологиялық жарақаттың ұзақ сақталатыны, ал паремия ретінде ол этикалық норманы бекіту, әлеуметтік мінез-құлықты реттеу міндетін атқарады.

Бұл дидактикалық, адамгершілік-этикалық мазмұндағы мақал болып табылады, оның құрылымы *bişak yarası ↔ dil yarası, geçer ↔ geçmez* түріндегі антонимдік қарама-қарсылыққа негізделген, сондай-ақ параллель құрылыс пен ритмикалық симметрия оның әсерлік күшін арттырады. Түрік және қазақ нұсқалары формалық жағынан шағын өзгерістерге ие болғанымен, мағыналық ядросы ортақ, ол – сөздің күші және оған жауапкершілікпен қарау. Мұнда басты концепттер: *жара* (бүтіндікке зақым), *уақыт* (жазылу/жазылмау процесі), *сөздің күші* (verbal harm), *көңіл*, *жүрек* (адамның ішкі әлемі).

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Бычак ярасы гечер, дил ярасы гечмез*; ал.о.т.: *Бычак чарасы оналур; кенүл чарасы оналмаз*; оғ.т.: *Кылыч ярасы онулур; дил ярасы онулмаз*; ос.т.: *Кылыч чарасы өлер, дил чарасы өлмез*; ауғ.т.: *Тыл балуу ондос, агач балуу онор*; балқ.т.: *Бычак ярасы гечер, сөз ярасы гечмез*; башқ.т.: *Кылыш ярасы төзелер; тыл ярасы төзелмес*; бұл.т.: *Бычак*

ярасы гечер; дил ярасы гечмез; чув.т.: Тимер касни турленет, самал касни турленмест; доб.т.: Кол чарасы гечер, тил чарасы гечмез. до.т.:

Бычак ярасы гечер, сөз ярасы гечмез; гаг.т.: Бычак ярасы унутулур, дил ярасы унутулмаз / онулмаз; хак.т.: Хылыш устуг өче, тыл ошас мимес; қар.қыр.т.: Тыл ярасы сав болмас; сол.эз.т.: Кылыңч ярасы сагалар, дил ярасы сагалмаз; кип.т.: Бычак ярасы гечер, дил ярасы гечмез; мос.кер.т.: Ханчер ярасы сагады, дил ярасы сагалмаз; қыр.тат.т.: Тыл ярасы пычак ярасындан мюшкюльдир; қар.т.: Ок жарасы битер, сөз жарасы битпес; қар.мал.т.: Кылыч чара сав болур, тыл чара сав болмаз; қырғ.т.: Кылыч жарасы бүтөт, тил жарасы бүтпөйт; қаш.т.: Гулле ярасы гечер, дил ярасы гечмез; құм.т.: Кылыч ярасы сав болур, тыл ярасы сав болмаз; ноғ.т.: Тил ярасы түзелмес, кылыш ярасы түзелер; өзб.т.: Тил кылычдан өткүр; қаз.тат.т.: Кылыч ярасы оңалар, тил ярасы оңалмас; түрік.т.: Тың ярасы бітер, сөз ярасы битмез; ұйғ.т.: Кылыч зәрбиси үзилиду, тил зәрбиси үзилмейду; як.диал.: Быхах быстагына бахын, тыл быспытын аагар, түргәнник охор [137, б. 144-145].

Dağ dağa kavuşmaz, insan insana kavuşur. Қазақ тіліндегі баламасы: *Тау мен тау кездеспейді, адам мен адам кездеседі.* Мақалдың семантикалық өзегі – адамдар арасындағы байланыс пен кездесу мүмкіндігі шексіз, адам баласының жолы түбі бір түйіседі. *Мазмұндық компоненттері:*

1. *Тәрбиенің уақтылығы (темпоральдық аспект):* Тәрбие кешіктірілсе, нәтиже болмайды. «Ерте жастан үйрету» – түркілік тәрбиелік дәстүр.

2. *Метафоралық «ұру» образы:* Бүгінгі гуманистік түсінікпен бұл сөз физикалық жаза мағынасында емес, тәртіп беру, бақылау, жөнге салу, талап қою ұғымдарының символы.

3. *Салдарлық қайтарым:* «Тізесін ұру» – өкіну, өз қатесін өзі көру, жазасын өзі тарту мәніндегі тұрақты мәдени образ.

4. *Әлеуметтік-нормативтік мазмұн:* Қоғам бала тәрбиесін ата-ананың міндеті деп таниды. Әдеп, инабат, қыз баланың жауапкершілігі – негізгі моральдық категориялар.

Паремнологиялық талдау. Бұл – дидактикалық, этикалық мазмұндағы мақал. Ол өмірлік тәжірибеден алынған тұжырымды, қысқа әрі нұсқа түрде білдіреді.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: Даа даа кавушмаз, инсан инсана кавушур; длат.: Таа таака кавушмас, киши кишике кавушур; ал.о.т.: Таав таавга кавышмаса киси кисида кавышир; оғ.т.: Гавышыр адам адама, ама гавышмаз таа таа; ос.т.: Таа таа кавушмаз, адем адеме кавушур; ауғ.т.: Тоо тоога жетмес, адам адамга жетер; ал.т.: Туувла туув бирикбес, кижиле кижиле биригер; балқ.т.: Даа даа кавушмас, инсан инсана кавушур; башқ.т.: Тав тав менән осрашмас, кеше кеше менән осрашыр; бай.т.: Даа даа кавушмас, инсан инсана кавушур; бұл.т.: Даа даален кавушмас, инсан инсаннан кавушур; доб.т.: Даг ман көрүшмес, инсан ман көрүшир; до.т.: Даа даага кавышмас, инсан исана кавышир; гаг.т.: Байыр байырылан булушмер, адам адамнан булушер; оң.эз.т.: Адам адам ковушар, даа даа кавушмаз; хак.т.: Таа таага уурашмас, киизи киизиге тоорашар; ир.х.т.: Даа даа йетирмәс, адам адама йетияр; сол.эз.т.:

Даа даа говушмас, адам адама говушар; кип.т.: Даа даа кавушмас, инсан инсана кавушур; мос.кер.т.: Даа даа кавушмас, адам адама кавушур; кыр.тат.т.: Даа даа булушмас, адем адеме булунур; қар.мал.т.: Тав тавга түбемедий, адам адамга түбейди; кырғ.т.: Эки тоо кошулбайт, эки киши көрүшөт; қаш.т.: Даа даа йетишимес, адам адама йетишир; құм.т.: Таав таавга йолукмас, адам адамга йолугур; ноғ.т.: Таав таавга иласна да, адем адемге иласер; өзб.т.: Таа таага гавушмас, адам адама гавушар; қаз.тат.т.: Тав белен тав көрешмес, кеше белен кеше көрешер; түрік.т.: Даа даа говушмас, адам адама говушар; тув.т.: Ийи дагынын бажы чоок-даа болза, көрийүр; ұр.т.: Төбе төбеге бармай, йисаман йисана бар; ұйғ.т.: Таа таақа қошулмас, эл элге қошулар; як.диал.: Хая кихиэхэ чугаһаабар, кихи хаяга чугаһыр [137, б. 194].

Dağ dağa küsmüş, dağın haberi yok. Қазақ тіліндегі баламасы: Қоян тауға ренжіпті бірақ таудың одан хабары болмапты. Мақалдың семантикалық өзегі – реніштің біржақтылығы және оның мағынасыздығы. Яғни мақалдың түпкі мәні:

1. Бір адамның реніші екінші адамға әсер етпеуі мүмкін. Ренжіген тарап ауыр қабылдап жүрген нәрсенің екінші жақ үшін тіпті маңызды болмауы ықтимал.

2. Реніш ақпараттық емес, эмоционалдық акт. Яғни ренішті адам өзі «таңдайды», бірақ оның адресаты бұл реніштен хабарсыз болуы да мүмкін.

3. Өкпе мен реніштің пайдасыз әрі нәтижесіздік сипаты. Реніш жағдайды өзгертпейді, керісінше, қарым-қатынасты қиындатады.

4. Қарым-қатынастағы түсінбеушілік пен үндестіктің жоқтығы. Тараптардың бірінің эмоциялық реакциясы екіншісімен үйлеспейді – бұл коммуникацияның үзілуін, параллель өмір сүруді білдіреді.

Паремиологиялық талдау. Құрылысы жағынан бұл мақал метафоралық сипаттағы, бір сөйлемнен тұратын тұжырымдық паремиялық бірлік болып табылады. Формалық тұрғыдан ол бейнелі ойға негізделген дидактикалық құрылым ретінде көрінеді. Мақал табиғи құбылысты метафоралық үлгі ретінде қолдана отырып, өмірлік заңдылықты ықшам әрі мәнерлі түрде жеткізеді. Логикалық схема: аздық → көптік, тамшы → көл.

– Жанрлық типі: ирониялық-дидактикалық мақал, себебі ол адам мінезіндегі орынсыз өкпешілдікті мысқыл арқылы сынайды.

– Құрылымы: антонимдік-қарама-қарсы мәнге негізделген екі жай сөйлемнен тұрады (бірі ренішті, екіншісі – бейтараптықты білдіреді).

– Функциясы: моральдық тұрғыда – шамадан тыс сезімталдық пен реніштің мағынасыздығын көрсету, әлеуметтік тұрғыда – өзара түсіністікке шақыру, эмоциялық тұрғыда – әжуалау мен кекесін арқылы мінезге сын айту.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Тавшан дааа күсмүш, даағын хабери олмамыш*; ос.т.: *Тавшан дааа кюсмүш, даағын хабери олмамыш*; ах.т.: *Айы мешеден күсмүш, мешенин хабери олмамыш*; бұл.т.: *Тавшан дааа күсмүш, дааын хабери олмамыш*; оң.әз.т.: *Айы мешеден күсүб, мешенин хабери олмамыш*; қар.қыр.т.: *Тавшан даага ачууланьб, дааын хабери олмамыш*; сол.әз.т.: *Дөвшан даадан кюсмүш, дааын хабери йок*; кип.т.: *Тавшан дааа күсдү,*

дааын хабери йок; Тавшан даага күсүккен, даагын хабери йок; кыр.тат.т.: Дөвшан даагдан күсмүш, дааын хабери олмамыш; ұр.т.: Тавшан даага күсмүш, дааын хабери йок [137, б. 441-442];

Damlaya damlaya göl olur. Қазақ тіліндегі баламасы: Тама-тама көл болар. Мақалдың семантикалық өзегі – ұсақ, шағын істердің де үздіксіз, тұрақты жасалуы үлкен нәтиже береді, аз-аздан жиналған дүние көпке айналады. Мазмұндық компоненттері:

1. Кумулятивтілік (жиналмалылық). Шағын нәрсе де тұрақтылық арқылы молшылыққа айналады.

2. Сабыр мен табандылықтың маңызы. Үлкен жетістік бірден келмейді, ол уақыт пен қайталауды талап етеді.

3. Табиғи құбылыс арқылы ұғымды түсіндіру. Тамшының жиналып көлге айналуы – өмірлік процестің символы.

4. Рационалдық-тәжірибелік түсінік. Халық ұғымында кез келген игілік жинақталудан басталады: байлық, білім, тәжірибе.

Тарихи контекст: мақал түркі халықтарының су мен табиғатқа негізделген бейнелі ойлау дәстүрінен шыққан; көне түркі кезеңінен бастау алатын «аздан көп болады» идеясы Осман дәуірінде тұрақталып, ХІХ ғасырдан бастап жазба жинақтарда дәл осы формада кездеседі.

Функциялары: дидактикалық тұрғыда – еңбек пен табандылықтың маңызын үйретеді; әлеуметтік-экономикалық тұрғыда – үнемшілдік пен жинақтылықты насихаттайды; моральдық тұрғыда – шыдамдылық пен тәртіп құндылығын бекітеді.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Дамлая дамлая гөл олур*; длат.: *Бирин бирин миң болар, тама тама көл болур*; қп.т.: *Катра катра сейл болур, аз аз йығылса хайли болур*; ал.о.т.: *Бирлей бирлей бин болур, тама тама көл болур*; шағ.т.: *Тама-тама көл болар, бир тамбаса чөл болар*; оғ.т.: *Тама-тама гөл олур, дүшман гөзи көр олур*; ос.т.: *Тамла тамла гөл олур*. / *Дамла дамла гөл олур*; ауғ.т.: *Тама тама көл болот*; балқ.т.: *Дамлая дамлая чөл олур, дамладжыкътан сел олур*; башқ.т.: *Тамсынын күл йыйыла*. / *Тамсы тамып таиш тишер*; бұл.т.: *Дамла дамла гөл олур, дамладжыкътан сел олур*;

чув.т.: *Тумлам сине тумлам күле пулат*; доб.т.: *Дамла дамла көл болыр*; до.т.: *Дамлая дамлая гөл олур*; гаг.т.: *Дамлая дамлая гөл олур*; оң.эз.т.: *Дама дама гөл олур, дада дада хич олур*; хак.т.: *Суу тэрбенни де талапча*; қар.қыр.т.: *Дамла дамла гөл болур, дүшман гөзи көр болур*; қаз.т.: *Тамсыдан тама-тама көл болар*; сол.эз.т.: *Дама-дома гөл олар, аха аха сел*; кип.т.: *Дамлая дамлая гөл олур, дамладжыкътан сел олур*; мос.кер.т.: *Адым адым йол олур, дамла дамла гөл олур*; кыр.тат.т.: *Тама-тама гөл олур, ака ака сел олур*; қар.т.: *Тама-тама көл болар, бир тамбаса шөл болар*; қар.мал.т.: *Көл да тама-тама болады*. / *Көп тамчыдан көл болур*; қырғ.т.: *Булақты жыйсаң көл болот, майданы жыйсаң эл болот*; қаш.т.: *Дама дама гөл олур, аммо дада дада хич олмаз*; ноғ.т.: *Көп түкірсе көл болар*; өзб.т.: *Тама-тама көл болар, бир тамбаса чөл болар, тамчы тама-тама күл була*; түрік.т.: *Дама-дома көл болар, хич даммаса чөл болар*; тув.т.: *Дамдыдан далай бүдер*. / *Далайга дамды дууза*; ұр.т.: *Тамнам-тамнам*

көл олуы, лаф лафтан олуы бир талай. / Тама тама көл болуы; ұйғ.т.: Тама-тама көл болар, тамламиса чөл болар; як.диал.: Отонноотоххо оңоойук туолар [137, б. 196-197];

Demiri tavında döverler. Қазақ тіліндегі баламасы: Темірді қызған кезінде соқ. Бұл мақалдың семантикалық өзегі – әрекетті дұрыс, қолайлы, тиімді сәтінде орындау қажеттігі, яғни уақытты дәл пайдалану, ыңғайлы мезеттің құнын түсіну. Негізгі мағыналық өзек төмендегі ұғымдарға негізделеді:

1. Дұрыс уақытты таңдау – табыстың алғышарты. Қолайлы жағдай туса, оны дер кезінде пайдалану керек; мүмкіндікті жіберіп алсаң, нәтиже шықпайды. Қызған темір жұмсақ болса, суығанда қатаяды – бұл уақыттың маңызын бейнелейтін метафора.

2. Қолайлы мезет – әрекетке итермелеуші күш. Мақал адамды кешеуілдетпеуге, дер кезінде шешім қабылдауға, шапшаң қимылдауға үндейді.

3. Мүмкіндік әрқашан бола бермейді. Қызған темірдің бір сәттік жұмсақтығы сияқты, өмірдегі мүмкіндік те қысқа мерзімді болуы мүмкін. Дәл сол сәтті пайдалану – басты тұжырым.

4. Уақытты өткізіп алған жағдайда нәтиже өзгеріске ұшырайды. Сәті келмегенде жасалған әрекет – тиімсіз, бос күш жұмсау болуы мүмкін.

Паремиологиялық талдау. Бұл – қысқа, нормативті, тәжірибелік-тәлімдік мазмұны бар мақал. Ол белгілі бір іс-әрекеттің қолайлы сәтінде орындалуы тиіс екендігін көрсететін нормативтік-ұсынымдық формула ретінде қызмет етеді.

Мақал императивтік (бұйрық) құрылымға құрылған: Темірді қызған кезде соқ. Құрылымы қысқа, екі компонентті: Темірді қызған кезде – шарттық, жағдайлық бөлік, соқ – нәтижелік, амалдық бөлік. Бұл шарт-салдар формуласының классикалық үлгісі.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: Демир кызгын икен/ тавында довулур; қп.т.: Совук ирикен тимүрни төөгмегейим; ал.о.т.: Темирни кизгын экен түймели; / Кызгын темир тавында чарашир; ос.т.: Демир тавында йапышур; ах.т.: Демүри сицах-сицах довгелер; балқ.т.: Демир кызгын икен довулур; башқ.т.: Тимерзе кизвында хук; бай.т.: Демүри гызгынкен доведгерлер; бат.фр.т.: Демир сицаккен довулур; чув.т.: Тимерзе херу чухне/вахатра тупта; доб.т.: Темирни сыджак екенде ур, созни керек екенде айт; до.т.: Демир сычакка довулөү; гаг.т.: Дүү демүри кизгыйынка; хак.т.: Темир хызартыйлган озынан сабылджан; қар.қыр.т.: Демирни кизганда бас; сол.эз.т.: Демир исти-исти дөйелер; мос.кер.т.: Демир тавунда керек; кип.т.: Демир сычаккен довулур; қыр.тат.т.: Демир кызгын олганда доогүлур; қар.т.: Темирди кизганда сок; қар.мал.т.: Темир сувугунчу жазылады; қырғ.т.: Темирди табында согот; құм.т.: Темирди кизвында токала; ноғ.т.: Темирди кизганда согып кал; өзб.т.: Темирни кизгида бас; қаз.тат.т.: Тимер кызы чаагында сугылыр; ұйғ.т.: Темирни кизигида сок [137, б. 204].

«*Denize düşen yılana sarılır*». Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: Суға түскен тал қармайды. Мақалдың семантикалық өзегі – қиын жағдайға түскен адам аман қалу үшін немесе мақсатқа жету үшін кез келген амалға, тіпті сенімсіз не жағымсыз жолға да жүгінеді.

Фонетикалық ерекшелігі: [d], [y], [s] дыбыстарының қайталануы мен екі екпінді ырғақтық құрылым (de-ni-ze / dü-şen // уі-la-na / sa-rı-lır) мақалға аллитерациялық үндестік пен афористік ықшамдық береді.

Семантика және прагматика: негізгі сема – шарасыздық; адам аман қалу үшін қауіпті нәрседен де медет күтеді. «Жылан» бейнесі түркі мәдени кодында қорқыныш пен жиіркеніштің символы, сондықтан мәтелдің экспрессивтілігін күшейтеді.

Паремиологиялық талдау. Бұл мақал құрылымдық тұрғыдан шарт–салдар қатынасына негізделген имплицитті модельді құрайды (формуласы: кімде-кім X жағдайына түссе → Y әрекетін жасайды). Мұндай құрылым түркі мақалдарына тән «генерализатор – предикация» үлгісінің көрінісі болып табылады. Мәтелдің ықшамдылығы, параллелизмге негізделген құрылымы және дыбыстық үйлесімі оның есте сақталуын жеңілдетіп, ауызекі және жазба қолданыста тұрақталуына ықпал етеді.

Функциялары: дидактикалық жағынан бұл паремия қауіпті немесе сенімсіз тандаулардан сақтануға, қиын жағдайда амалсыз шешім қабылдаудың табиғилығын түсіндіруге бағытталған. Прагматикалық тұрғыдан ол адамның әрекетін ақтау немесе керісінше, оның қиналғандағы мінез-құлқын сынау мақсатында қолданылады. XX ғасырдағы әдеби тілде жиі ұшырасуы оның тұрмыстық және мәдени дискурста орныққан тұрақты мәтел екенін айғақтайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Денизе дүшен йылана сарылыр*; ал.о.т.: *Сувка / отка түшкен жыланга сарылыр*; ос.т.: *Денизе дүшен йылана сарылыр*; ал.т.: *Суда чал йок*; балқ.т.: *Суя дүшен йылана сарылыр*; башқ.т.: *Хыва төшкән һаламга ябыша*; бұл.т.: *Денизе дүшен самана сарылыр*; доб.т.: *Денизге түшкен жыланга сарылыр*; до.т.: *Денизе дүшен самана сарылыр*; гаг.т.: *Суя дүшен (богулан) самандан да тутунур*; хак.т.: *Суға түшкен саша даа хабырнарға сөререр*; сол.эз.т.: *Денизе дүшен йылана сарылыр. / Суда батан йылана да сарылыр*; кип.т.: *Денизе дүшен йылана сарылыр*; қыр.тат.т.: *Денизге түшкен жыланга сарылыр*; қар.мал.т.: *Сува түшген таш кармар*; қаш.т.: *Суя дүшен һәр неге долашар*; ноғ.т.: *Суаа батқан тал семрер*; өзб.т.: *Чў кайотган чөпгә япышар*; қаз.тат.т.: *Денизегә төшкән йыланга сарылыр*; түрік.т.: *Сува гарк болган саман чөпүнден дал да гөзлер*; ұр.т.: *Агуланган йыланга да сарылыр*; ұйғ.т.: *Деряга чүшкен йыланга есидиди*; як.диал.: *Өлөн эрэр өлөнөтөн тардыыһар* [137, б. 205]

Dilin ketiуi yok, söyler. Қазақ тіліндегі баламасы: Тіл – сүйексіз. Паремиологиялық талдау. Бұл мақалдың негізгі семантикалық өзегі –тілдің тежелусіз, еркін қозғалып, адамға жақсылық та, жамандық та әкелетін қуатты күш екендігі. Яғни мақалдың өзегі үш мағыналық бағытты қамтиды:

1. Тілдің тежегіші жоқ, ауыздан тез шығады. Сүйексіз, тоқтаусыз қимылдайтын тіл – адам ойының сөзге оңай айналатынын, кейде ойланып-толғанбай сөйлей салатынын білдіреді.

2. Сөз – зиян да, пайда да әкелетін күш. Тіл «сүйексіз» болғандықтан, сөз бақылаусыз шықса – реніш тудырады, ұрысқа, араздыққа себеп болады. Ал дұрыс қолданылса – ақиқат айтады, ақыл береді, татуластырады.

3. Адамның мінез-құлқы сөзінен байқалады. Тілдің жүгірмелігі – адамның ойы мен пиғылының сыртқа шығу жолы. Мақал «ойланып сөйле» деген тәрбиелік ойды меңзейді.

Паремиологиялық талдау. Мақал антропоморфтық бейнелеуге иек артады: тіл – сүйексіз мүше, тоқтаусыз қозғалады, ойланбай айтылған сөздің қауіптілігі. Сүйексіздік – бақылаусыздықтың метафорасы. Физикалық мүше арқылы психологиялық, этикалық құбылыс суреттеледі.

Мақал қысқа, номинативтік құрылымда: Тіл – сүйексіз. Бастауыш – тіл, баяндауыш – сүйексіз (ауыспалы сын есім). «Тіл – сүйексіз» мақалында тәрбиелік қызмет көрінеді, өйткені ол адамды сөзді ұстамды айтып, артық сөйлемей, жауапкершілікпен сөйлеуге үйретеді. Сонымен бірге бұл паремия әдептік-нормативтік функция атқарып, қоғамдағы сөйлеу мәдениетін реттеуге бағытталады. Мақалдың ескерту немесе сақтандыру қызметі де бар, себебі ол «аузыңды анда, сөз оқ жаралайды» деген ойды меңзеп, бейберекет айтылған сөздің зиянын ескертеді. Бұған қоса, мақал танымдық қызмет атқарып, адам тілінің шапшаң қозғалысына байланысты психологиялық құбылысты түсіндіреді. Құрылысы ықшам, афоризмдік, бір сөйлемнен тұрады. Бұл оны есте сақтауға, тез айтуға ыңғайлы етеді.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Дилин кемши ёк; / Дилин кемши ёк ама кемши кырар;* оғ.т.: *Дилүн кемүги ёк;* ос.т.: *Дилде сүнүү ёк.; / Дилин кемши ёк, ама кемши кырар;* ах.т.: *Дилин кемүги йохтур;* ал.т.: *Дилде сүйек ёк;* балқ.т.: *Дилин гемшиги ёк, ама кемик кърар;* башқ.т.: *Тилдин һөйәги юк.; / Тилдә һөйәк булмаһа ла һөйәк һындырыр;* бұл.т.: *Дилин кемши ёк ама кемши кырар;* чув.т.: *Селхем самук сук, тессе;* доб.т.: *Тилинин кемшиги ёк;* до.т.: *Балдыран баш ямаз, күңел кырар;* гаг.т.: *Дилин кемши йок;* хак.т.: *Тидин сөөгү чок;* сол.әз.т.: *Дил сүмйүксүздүр, амма сүмюүйү сыңдырар;* кип.т.: *Дилин кемши ёк ама кемши кырар;* қыр.тат.т.: *Тилин сүйеки чок;* қырғ.т.: *Сөөксүз тил, сөөкту сындырат;* қаш.т.: *Дилле ки сүмик йок;* құм.т.: *Тилде сүйек йок, амма сүйек сындыра;* өзб.т.: *Тил сүйексиз; / Тилни сүйеги йок;* қаз.тат.т.: *Тил сүйексез; / Тилнинг сүйеги йок, үзе сүйек сындыра;* түрік.т.: *Дил сүйексиз, немени диймез; ұр.т.: Тилинин темиги йоқтур, хайда айландырыддын, анда тети; ұйғ.т.: Тилинин кемшиги йок, неге карыса о йеге чуғула;* як.диал.: *Тил уныюга сууһ [137, б. 215*

Her gecenin bir sabahı, her kışın bir yazı olur – араб, парсы және түркі элементтері араласқан, симметриялық құрылымдағы метафоралық-дидактикалық мақал. Қазақ тіліндегі баламасы: Әр қиындықтың бір жақсылығы бар. Мақалдың семантикалық өзегі – қиындық пен ауыр кезең уақытша құбылыс, әрбір қиын жағдайдың артында оң өзгеріс, жеңілдік немесе жақсылық келеді. Негізгі мағыналық элементтер:

1. Уақытша негатив – түн, қыс (қиындық, ауыртпалық, суық, қараңғылық).

2. Уақыт өте келе оң өзгеріс – таң, жаз (жақсылық, жаңару, үміт, жеңілдік).

3. Шыдам мен үміт идеясы – адам қиындыққа төтеп берсе, түбінде ол міндетті түрде жеңілдейді.

4. Табиғи заңдылыққа негізделген оптимизм – табиғаттағы циклдік құбылыстар арқылы адам өміріндегі өзгерістерді түсіндіру.

Мәдени контекст: түркі және ислам дүниетанымында табиғи циклдар – өмір мен тағдырдың символы; қараңғылық пен суықтың артынан жарық пен жылылық келетіні Құран және фольклор дәстүрлерімен үндес.

Құрылымдық ерекшелігі: екі тармақ параллельді және симметриялық; бірінші бөлікте баяндауыш түсірілген (эллипсис), екіншісінде толық нұсқада берілген, бұл ырғақ пен есте сақтауды жеңілдетеді.

Функциялары: моральдық тұрғыда – үмітсіздікке берілмеуге шақырады, әлеуметтік тұрғыда – қиын кезеңде сабыр мен сенімді бекітеді; психологиялық тұрғыда – болашақ жақсылыққа сенім ұялатады.

Бейнелілік: «түн» мен «қыс» – қиындықтың, «таң» мен «жаз» – жеңілдік пен қуаныштың символы.

Her horoz kendi çöplüğünde öter. Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: Әр әтеш өзінің тауық қорасында қоқылдайды. Қазақ тіліндегі баламасы: Шаңыраққа қарап сөйле мағынасында. Мақалдың семантикалық өзегі – адам өзіне таныс, өз ықпалындағы ортада ғана батыл, сенімді және үстем әрекет ете алады. Ядролық мағына үш компонентке негізделеді:

1. Horoz – өзін көрсетуге, батылдыққа ұмтылатын агент;
2. Çöplük – адамның «өз аймағы», қауіпсіз, таныс кеңістік;
3. Ötmek – белсенділік, батылдық, өзін көрсету акті.

Паремиологиялық талдау. Аталмыш мақалдың түрі метафоралық-әлеуметтік мақалдар қатарына жатады. Оның әлеуметтік қызметі – адамның өз ортасында өзін сенімді әрі беделді сезінуін көрсетуге бағытталған. Психологиялық қызметі жеке тұлғаның қауіпсіз, таныс кеңістікте белсенділік танытып, ал беймәлім ортада абайлық сақтайтынын бейнелеу арқылы көрініс табады. Мақалдың әжуалық реңкі кей жағдайларда «өз ауласында ғана батыр» деген ирониялық мағынада қолданылуымен айқындалады. Мақалдың бейнелілік жүйесі қораздың батылдық пен өзін көрсету символы ретінде, қоқыстың (çöplük) жеке аумақ пен ықпал аймағының нышаны ретінде, сондай-ақ шақыру әрекетінің (ötmek) белсенділік пен үстемдіктің көрінісі ретінде сипатталуынан құралады.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Хер хороз кенди чөплюгюнде өтер*; ал.о.т.: *Хер хороз өз чөлигинде чакырыр*; оғ.т.: *Хер адем кюллюгюнын хороздур*; ос.т.: *Хер хороз кенди кюллюгюнде эшинер*; балқ.т.: *Ер ороз кенди чөлигинде өтер*; бұл.т.: *Хер хороз кенди чөплюгюнде өтер*; доб.т.: *Эр кораз өз чөплюгюнде өтер*; до.т.: *Э ороз боклугюнда өтер*; гаг.т.: *Хер бир хороз кенди боклугюнда өтер*; сол.эз.т.: *Хер хороз өз чөплюгюнде эшеленир*; қар.қыр.т.: *Хер хороз кенди чөплигинде отлар*; кип.т.: *Хер хороз кенди чөплюгюнде өтер*; мос.кер.т.: *Хороз өз кюллюгюнде хороздур*; қыр.тат.т.: *Эр-хороз өөрү чөплюгюнде кышырыр*; түрік.т.: *Хораз өз кюллюгюнде хораздыр* [137, б. 286].

Her kuşun eti yenmez. Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: Кез келген құстың етін жеуге болмайды. Мақалдың семантикалық өзегі – әр адамды, әр жағдайды

немесе әр мүмкіндікті оңай деп қабылдамау, кез келген адамға, іске немесе нәрсеге бейғам, жеңіл қарауға болмайтынын ескерту.

Паремиологиялық талдау. Мақалдың құрамында антитезалық құрылым мен тыйым мәні айқын көрінеді: «ет жеу» әрекеті мен «жеуге болмайды» деген болымсыздық формасының қарама-қайшылығы мәтінге ескерту сипатындағы прагматикалық реңк береді. Метафоралық деңгейде «құс» адамның немесе әлеуметтік типтің символы ретінде көрінсе, «ет» белгілі бір әрекет, қарым-қатынас немесе нәтиженің астарлы бейнесін білдіреді. Болымсыз етістік формасы мақалдың назиралық, яғни тәрбиелік-этикалық ролін күшейтіп, оның өнегелік мазмұнын айқындай түседі.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: Хер кушун эти йенмез; ал.о.т.: Алай кушун эти челинмез; оғ.т.: Куш вар эти йенүлүр, куш вар эти йенүлмез; ос.т.: Куш вар эти йенир, куш вар эти йедирилир; балқ.т.: Хер кушун эти йенилмез; бұл.т.: Хер кушун эти йенмез; доб.т.: Хер кушун эти ашалмаз; гаг.т.: Эпси учан кушлар энмес; оң.эз.т.: Куш вар этин йейиллер, куш вар эти йедирдиллер; сол.эз.т.: Куш вар этин ейерлер, куш вар эт едирдирлер; каш.т.: Куш вар ки этини йейелер, куш вар ки эт йедирдирлер; түрік.т.: Гуш бар, эт бермели; гуш бар, этини иймели [137, б. 288].

Армян-қыпшақ мәтіндеріндегі мақал-мәтелдердің қолданыс жиілігін талдау олардың қазіргі түркі тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде, кең таралғанын және құрылымдық тұрғыдан жоғары деңгейде сәйкес келетінін көрсетті. Жиілігі жоғары мақалдардың синтаксистік үлгілері, метафоралық жүйесі, тұрақты лексикалық компоненттері мен ритмикалық ұйымдасуы қазақ мақал-мәтелдеріне тән формулалық құрылымдармен толық үйлеседі. Мәселен, *Damlaya damlaya göl olur, Akıl yaşta değil başdadır, Ağlamayan çocuşa teme vermezler* сияқты мақалдардың қазақ тіліндегі баламалары (Тамшы-тамшыдан көл болар, Ақыл жаста емес, баста, Жыламаған балаға емшек жоқ) семантикалық та, құрылымдық та тұрғыдан толық сәйкестік танытады.

İki ayağı bir rabucda. Қазақ тіліндегі баламасы: Екі аяғың бір етікке тығу. Мақалдың семантикалық өзегі – адамның еркіндігі шектеліп, қысымға түсіп, сасқалақтап әрекет етуге мәжбүр болатын тығырықтағы психологиялық және әлеуметтік күйді бейнелеу.

Паремиологиялық талдау. Құрылымдық ерекшеліктері. Тіркес құрамында айқын семантикалық контраст байқалады: *iki ayak* – кеңдік пен еркіндік ұғымдарын білдірсе, *bir rabuç* – тарлық пен шектеуді меңзейді. Осы қарама-қарсылыққа негізделген параллелизм мен визуализация тыңдаушыға физикалық қысылу сезімін нақты түрде елестетуге мүмкіндік береді.

Функционалдық сипаттамасы. Паремияның тілдік және коммуникативтік қызметі көпқырлы. Біріншіден, ол адамның қысым жағдайындағы күйін бейнелі түрде сипаттайды. Екіншіден, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл паремия күтпеген қысым жағдайының индивидті әрекетсіздікке әкелетінін көрсетеді. Үшіншіден, моральдық-бағалау қызметі арқылы мұндай мінез-құлық не жағдай әдетте сынмен немесе ирониялық-сықақ реңкімен беріледі.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Ики аяк бир пабуджа гирмез;* ал.о.т.: *Эки аяғың бир папуча кетикти;* ос.т.: *Ики аяғыны бир пабуджа койар;* балқ.т.: *Ики аяғыны бир пабуджа койар;* бұл.т.: *Ики аяк бир пабуджа гирмез;* доб.т.: *Эки аяк бир папушка сшмаз;* оң.эз.т.: *Ики аяғың гийип бир башмага;* қар.қыр.т.: *Еки аяғыны бир папуга сокмайлар;* сол.эз.т.: *Ики аяк бир башмага йерлешмез;* кип.т.: *Ики аягы бир бабуджа гирди;* қар.мал.т.: *Бир чабырны эки аякка кийгессе;* қаш.т.: *Ики аяк бир башмага йерлешмез* [137, б. 297].

İki kılıç arasında. Қазақ тіліндегі баламасы: Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды. Мақалдың семантикалық өзегі – бір кеңістікте не бір ортада екі күшті, беделді, билікке ұмтылған адамның қатар өмір сүре алмайтынын, мүддесі мен мінезі ұқсас, үстемдікке таласатын тараптардың қақтығысы сөзсіз туындайтынын білдіру.

Паремиологиялық талдау. Мақал адамның билікке ұмтылу, өзін үстем көрсету және бәсекелесінен басым болуға тырысу сияқты табиғи психологиялық мотивтерін бейнелей отырып, екі лидердің кездесуі психологиялық тұрғыдан қақтығыс пен тартысқа әкелетінін көрсетеді. Түрік мақалындағы екі қылыш бейнесі – билік, күш, үстемдік символы. Түрік әскери-жауынгерлік мәдениетінде қылыш – ерлік пен өктемдіктің көрінісі. Қазақ мәтеліндегі екі қошқар – үстемдікке жүгінетін, мінезі қайсар күшті тұлғалардың метафорасы. Екі образ да бір мағыналық арқауды көрсетеді: бір кеңістікте екі үстем күш қатар өмір сүре алмайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Ике коч башы бир казанда кайнамаз;* длат.: *Ике кочун башы бир ашта пишмез;* ал.о.т.: *Еки кочкар башы бир казанда пишмез;* ос.т.: *Ике келле бир казанда кайнамаз;* доб.т.: *Еки кой башы бир казанда пишмез;* оң.эз.т.: *Ике баш бир казанда кайнамаз;* сол.эз.т.: *Бир казанда ике келле кайнамаз;* қар.т.: *Еки кочкарың геллеси бир казанга сыымайды;* қар.мал.т.: *Еки баш бир казанда кайнамаз;* қаш.т.: *Ике баш бир казанда кайнамаз;* өзб.т.: *Икки кочкарниң башы бир козонда кайнамас;* қаз.тат.т.: *Ике теке башы бир казанга сыымас;* түрік.т.: *Ике гочун келлеси бир газанда гайнамаз;* ұйғ.т.: *Икки кошкарниң башы бир казанга сыымас* [137, б. 300].

«Kaş yaparken göz çikarma». Қазақ тіліндегі баламасы: Қасын түзеймін деп, көзін шығару. Мақалдың семантикалық өзегі – ұсақ-түйекке мән беремін деп, маңызды нәрсеге зиян келтірме, әрекет пен шешім қабылдауда шамадан тыс түзету, асыра сілтеу немесе орынсыз араласу үлкен қателікке апаратынын ескерту.

Паремиологиялық талдауы. Мәтел метафоралық-дидактикалық паремиялар қатарынан орын алады. Оның моральдық қызметі адамның кез келген әрекетінде ықтимал салдарын алдын ала ойластырып, әр қадамын сақтықпен жүзеге асыру қажеттігін ескертеді. Әлеуметтік қызметі қоғамдық қатынастарда ұсақ кемшілікті түзету барысында негізгі құндылықтарға нұқсан келтірмеу қағидасын бекітеді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, мәтел адамды

асығыстық пен шектен шығудан тежеп, әрекетінде сабырлылық пен тепе-теңдікті сақтауға ынталандырады.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Каиш япаркен гөз чыкарыр*; оғ.т.: *Түйүнмү иш көрен йордамсыз йөрүк, каиш япмак истеркэн ояр чеиманы*; ос.т.: *Каиш япайым деркен гөз чыкарма*; ауғ.т.: *Чылпагыны алайым деркен гөзүнү ойду*; балқ.т.: *Кояджагына каиш, чыкарыр гөз*; башқ.т.: *Каиш өзөтәм тиип, кыз сығарған*; бұл.т.: *Каиш япайым деркен гөз чыкарыр*; доб.т.: *Каиш чағаман дер, гөз чыкарыр*; гаг.т.: *Каиш чэкинже, гөз чыкарыр*; оң.эз.т.: *Каиш кылыркен, гөз чыкарырсан*; сол.эз.т.: *Истеди кашыны түзелтмек, вурду – гөзүнү чыкарды*; кип.т.: *Каиш япаркен гөз чыкарыр*; мос.кер.т.: *Каиш япаркен гөз чыкармак*; қыр.тат.т.: *Каиш алайым дер, гөз чыкарыр*; қар.т.: *Каиш кондурайым дер, гөз оюп алма*; қырғ.т.: *Чылпагыны алайым дер, гөзүнү ойуп алыптыр*; қаш.т.: *Истеди кашыны түзелт, гөзүнү де чыкарды*; өзб.т.: *Каиш кояйим дер, гөз чыкарма*; қаз.тат.т.: *Каиш яшайым дер, гөз чыкарыр*; түрік.т.: *Каиш дюзеджек олуп гөз чыкарма*; ұйғ.т.: *Каиш түзэлтмән дер, гөзини чыкариверипти [137, б. 328]*

Kızını döyмеуен dizini döyer. Қазақ тіліне аудармасы: Қызын ұрмаған тізесін ұрады. Мақалдың семантикалық өзегі – қыз балаға ерте жастан дұрыс тәрбие бермеген ата-ана кейін оның кесірін өздері тартады, тәрбие – алдын-ала жасалуы тиіс әрекет. Негізгі мазмұндық компоненттері:

1. Тәрбие – алдын алу шарасы. Мақалдың өзегінде балаға, әсіресе қыз балаға, жүйелі тәрбие берудің маңыздылығы жатыр. Егер дер кезінде тәрбиелемесең, соның салдары ертең өзіңе тиеді.

2. «Ұру» – физикалық жаза емес, символдық мән. Қазіргі түсінікте бұл жерде ұрмақ сөзі: қадағалау, тәртіпке шақыру, жөнге салу, талап қою мағынасында метафоралық, символдық қызмет атқарады.

3. Салдардың қайтып келуі. «Тізесін ұрады» – істің зардабын өзі шегетінін, өкінетінін білдіретін тұрақты мәдени образ. Тәрбиесіздіктің ауыр нәтижесі ата-анаға қайтып оралады.

4. Әлеуметтік норма. Мақал қоғамдағы тәрбие жүйесінің нормасын белгілейді: Қыз баланы кішкентайынан жауапкершілікке, әдепке үйрету керек.

Лингвистикалық ерекшелігі: Фонетикалық тұрғыда [d] және [z] дыбыстарының қайталануы аллитерациялық әуезділік туғызып, мақалдың ырғақтық әсерін күшейтеді. Морфологиялық жағынан тәуелдік пен септік жалғауларының қолданылуы құрылымның жинақылығын қамтамасыз етеді. Синтаксистік тұрғыда шарт пен салдар қатынасының айқын берілуі мақалдың логикалық тұтастығын қалыптастырады.

Семантикалық деңгейі: тура мағынасы – қызын жазаламаған адам кейін өкініш көреді; ауыспалы мағынасы – баланы дер кезінде тәртіпке салмаған ата-ана соның салдарынан зиян шегеді. Мақал жазалауға емес, жауапкершілік пен тәртіпке шақыруға бағытталған.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Кызыны дөвмеген, дизи дөвер*; ал.о.т.: *Кызын төбелемеген, тизини төбелер*; ос.т.: *Оолуны дөвмеген кесесини дөвер, кызыны дөвмеген дизи дөвер*; ах.т.: *Кызыны дөвмеген, дизи дөвер*; балқ.т.: *Кызыны дөвмеген, дизи дөвер*; бат.фр.т.: *Кызыны дөвмеген, дизи*

дөвер; доб.т.: *Кызын көтеклемеген, тизини көтеклер*; оң.эз.т.: *Кызын дөвмеген, дизни дөвер*; қар.қыр.т.: *Эвелден баланы урмасаң, сон өзүн тузун урарсың*; сол.эз.т.: *Бүгүн кызыны дөвмеген, сабах дизни дөвер*; кип.т.: *Гызыны дөвмеген, дизни дөвер*; мос.кер.т.: *Кызыны вурмаган, дизни вурудр*; қыр.тат.т.: *Баласын көтеклемеген, тизини көтеклер*; қаш.т.: *Кызыны вурмаган, дизни вурудр*; түрік.т.: *Овал кызыны урмасаң, сон дизни урарсың [137, б. 350-351]*;

Kusursuz dost arayan dostsuz kalır. Қазақ тіліндегі баламасы: Мінсіз дос іздеген адам доссыз қалады. Мақалдың семантикалық өзегі – адамнан мінсіздік іздеу шынайы достыққа кедергі. Әр адамның кемшілігі бар, сондықтан достық сабыр мен түсіністікке негізделуі керек. Мазмұндық компоненттері:

1. Антропологиялық компонент: Адам табиғаты – кемшілікті. Идеал адам болмайды.

2. Этикалық компонент: Достықта кешірім, түсіністік қажет. Жоғары талап қоя беру – қарым-қатынасты бұзады.

3. Әлеуметтік-нормативтік компонент: Қоғамдық тәжірибе мінсіз досты іздеудің мәнсіз екенін көрсетеді. Бұл – ұжымдық өмір тәжірибесінен қалған моральдық норманың көрінісі.

4. Прагматикалық компонент: Тым таңдамалы болмаудың керек екенін ескертеді.

Паремиологиялық талдау. Паремия түрі: дидактикалық мақал (моральдық мазмұндағы нақыл). Құрылымдық ерекшелігі: екі тармақтан тұрады, шарт-салдар қатынасына негізделген: бірінші бөлік – себеп (*Kusursuz dost arayan*), екінші бөлік – нәтиже (*dostsuz kalır*). Дыбыстық және мағыналық параллелизм (*kusursuz ↔ dostsuz*) мақалдың ырғақтық үйлесімін күшейтеді. Мағынасы: мінсіз досты іздеген адам достықтан айрылады; шынайы достық – адамды оның кемшілігімен қабылдай білуде.

Түркі тілдерінің баламалары: түр.т.: *Айыпсыз йар/дост истеген, йарсыз/достсуз калыр*; длат.: *Йалнук оолу мунсуз болмас*; ал.о.т.: *Минсиз дос караган, доссиз калир*; оғ.т.: *Ейыпсыз йар истеген, йарсыз галур*. / *Айыпсуз йар истеген, йарсыз калур*; ос.т.: *Айыпсыз йар истеген, йарсыз калур*; ауғ.т.: *Тандаган таза кообулайат*; ах.т.: *Ейыпсыз йар иштиян, йарсыз калур*; ал.т.: *Уят йок узак йол алар*; балқ.т.: *Кусурсуз дост араян, доссуз калыр*; башқ.т.: *Гайыпсыз дүш эзлеме, тек калырһың*. / *Гайыпсыз дүш булмай*; бұл.т.: *Кусурсуз яр истеген, ярсыз калыр*; чув.т.: *Каччасене тиртишкен, хер урсана лекне*; доб.т.: *Кусурсуз дос кылдырсаң, доссуз калырсың*; до.т.: *Ийи дост араян, доссуз калыр*; гаг.т.: *Кусурсуз дост араян, доссуз калыр*; қар.қыр.т.: *Кусурсуз яр кылдырған, ярсыз калған*; сол.эз.т.: *Ейыпсыз дост ахтаран, ярсыз калыр*; кип.т.: *Айыпсыз дост истеген, доссуз калыр*; мос.кер.т.: *Айыпсыз дост истеген, доссуз калып*; қыр.тат.т.: *Бир минсиз дост кылдырған, доссуз калыр*; қар.мал.т.: *Айыпсыз тени издеген, теңсиз калыр*; қырғ.т.: *Тандаган таза коолуаят*; қаш.т.: *Айыплы олмайан дост сечен, досту олмаз*; құм.т.: *Айыпсыз дос излеген, доссуз калыр [137, б. 118-119]*.

Meuveli ağacı taşlarlar // Жемісі бар ағашқа ғана тас атады. Мақалдың семантикалық өзегі – адамдар өзара кездесуге, табысуға, қарым-қатынас

жасауға әрқашан мүмкіндік табады, адамдар арасындағы байланыс табиғи, алыс болса да қайта жалғанады.

Паремиологиялық талдау: Мақал адамның өміріндегі қиындық пен ауыр кезеңдердің уақытша екенін, олардың орнын уақыт өте келе жақсылық басатынын білдіреді. Негізгі идея: циклдік өзгеріс – өмір заңдылығы; қиындықтың соңы – жеңілдік.

Паремия екі параллельдік антонимдік жұптан тұрады: *gese* ↔ *sabah* (түн ↔ таң), *kış* ↔ *uz* (қыс ↔ жаз). Бұл антонимдік құрылым оппозициялық параллелизм жасайды. Ол арқылы табиғаттағы қарама-қарсы, бірақ бір-бірін толықтыратын құбылыстар өмірдегі өзгерісті моделдейді.

Паремияның негізінде «Өмір – маусымдық цикл», «Қиындық – қараңғылық/суық», «Жақсылық – жарық/жылу» деген метафоралық модель жатыр. Яғни, түн метафоралық тұрғыда ауыр кезеңді білдірсе, таң – үміт пен жаңарудың белгісі, қыс – қысым мен қиындықтың көрінісі, ал жаз – жеңілдік, молшылық және қуаныштың символы болып табылады, осылайша бұл бейнелер түркі және жалпы әлемдік мәдениетте кең тараған «жамандық → жақсылық» трансформация метафорасын құрайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары: ал.о.т.: Джемисли терекке таиш атканлар көп болур; оғ.т.: Мивесиз аача таиш атылмаз; ос.т.: Мейвели аача таиш атан чок олур; ах.т.: Бар верен аачы кесмезлер; балқ.т.: Мейвасыз аача таиш атылмаз; бұл.т.: Алмасы олан аачы таишларлар; доб.т.: Мейва берген аачка балта вурулмаз; гаг.т.: Мевасыз аачы дегил, языг гөкледек; оң.әз.т.: Барлы аача даиш дэгер; қар.қыр.т.: Йетилган йемиш тэрэгин таишлайет; қаз.т.: Мейвалы аачка сарыгы да карайды; сол.әз.т.: Бар верен аача даиш аталар; кип.т.: Мейве верен аачы даишалар; мос.кер.т.: Барлы аача даиш аталар; қыр.тат.т.: Мейва аачыына таиш аткан көп булур; қаш.т.: Барлы аача даиш атарлар; өзб.т.: Мевали дарахтга тош тегар; түрік.т.: Аагач мевели болса, даиш атан табылады; ұйғ.т.: Мивилик дәрехте һәр ким чалма атиду [137, б. 380].

«*Sinek küçük ama mide bulandırır*». Қазақ тіліндегі аудармасы: Шыбын-шіркей ештеңе емес, бірақ жүректі айнытады. Мақалдың семантикалық өзегі – болмашы, көзге елеусіз көрінетін нәрсенің өзі үлкен қолайсыздық немесе жағымсыз әсер тудыруы мүмкін деген ой. Оның құрамындағы негізгі мағыналар:

1. Ұсақ нәрсенің де әсері үлкен болуы мүмкін. Кішкентай шыбынның өзі адамның көңілін бұзып, дене жай-күйіне ықпал ете алады. Бұл – өмірдегі «ұсақ-түйектің» жиі шешуші рөл атқаратынын меңзейді.

2. Маңызды емес деп есептелетін нәрсе де залал тигізуі ықтимал. Көп жағдайда адам мән бермейтін, елемейтін нәрсе шын мәнінде үлкен мәселенің себебі болып шығады.

3. Тітіркендіру мен жағымсыздықтың көзі – көлемде емес, мазмұнда. Кішкене нәрсе (сын, сөз, қателік, әрекет) адамға жақсыдан гөрі көбірек жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін.

4. Әлеуметтік-психологиялық астар. Мақал адамды ұсақ нәрсені менсінбей қарамауға, оның ықпалын бағалай білуге шақырады.

Құрылымдық ерекшелігі: мақал екі жай сөйлемнен құралған (есімді + етістікті), ама жалғаулығы қарама-қарсылық қатынасты білдіреді. Параллелизм мен ырғақтық симметрия мақалдың ықшам әрі есте қаларлық құрылымын қамтамасыз етеді.

Фонетикалық сипат: [s], [k], [m], [b] дыбыстарының қайталануы аллитерациялық үндестік пен ырғақ береді; екпін екі сөйлемге тең бөлінген.

Паремиологиялық талдау. Бұл мақалдың түрі – дидактикалық-ескерту сипатындағы паремия; құрылымы себеп–салдарлық қарама-қарсылыққа негізделген (ұсақ нәрсе → үлкен әсер). Метафоралық өрнегі «шыбын» бейнесі арқылы ұсақ әрі мәнсіз көрінетін объектіні, ал «асқазан» арқылы адамның ішкі күйін, сезімдік және физиологиялық реакциясын символдық деңгейде ұштастырады. Мақалдың бейнелілік қуаты – күнделікті тұрмыстық құбылысты этикалық ереже деңгейіне көтеруінде: ең қарапайым, елеусіз нәрсенің өзі айтарлықтай салдар тудыруы мүмкін деген ойды ықшам, айқын және ырғақты формада береді. Осылайша ол түркі даналық дәстүріндегі «аз нәрседен де үлкен нәтиже шығады» қағидасын көркем әрі тұжырымды түрде білдіреді.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Синек кичүктүр ама миде буландырыр*; ос.т.: *Сингек адам өлдүрмез, ме'де буландырыр*; ах.т.: *Синек мурдар дегүл, йүрек буландырур*; балқ.т.: *Синек кичүктүр ама мидеи буландырыр*; бұл.т.: *Синек бир шейдир, ама мидеи буландырыр*; доб.т.: *Шыбын кичик ама миде буландырыр*; гаг.т.: *Синек бир шей дегильдир ама миде буландырыр*; сол.эз.т.: *Чибин мурдар дегиль ама гөнүл буландырыр*; кип.т.: *Синек де кичүктүр ама миде буландырыр*; мос.кер.т.: *Чибин кичүктүр ама миде буландырыр*; қыр.тат.т.: *Синек харам деил, миде буландырыр*; ұр.т.: *Синек арам дегиль ама маде буландырыр* [137, б. 423].

Tencere yuvarlandı karağını buldu. Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: Қазан қақпағын тапты. Қазақ тіліндегі баламасы: Апама жездем сай. Мақалдың семантикалық өзегі – адам өзіне мінезі, болмысы, ойы немесе тағдыры жағынан сәйкес келетін адамды табады.

Паремиологиялық талдау. Бұл мақалдың типі салыстыру-метафоралық болып табылады, оның қызметі бағалауыштық әрі сипаттауыштық мән атқарады. Прагматикасы адамдар арасындағы үйлесімділікті көрсетуге немесе оларды әжуалауға негізделеді, ал тілі тұрмыстық реалияға сүйенген символдық құрылым арқылы жасалған.

«Tencere yuvarlandı – бұл бөлікте бастауыш пен етістіктен құралған іс-әрекетті білдіретін simple (жалаң) сөйлем бар, ал «karağını buldu» – табыс септігіндегі толықтауыш пен етістіктен тұратын нәтижелік мағынадағы жалаң сөйлем. Екі бөліктің бірігуі синтаксистік жағынан классикалық құрмалас сөйлемге ұқсас мақал құрылымын жасайды.

Түркі тілдеріндегі баламалары. түр.т.: *Тенджерере йуварланыр, қапагыны булур*; ос.т.: *Чөмлек йуварланды, қапагыны булду*; балқ.т.: *Чүмлек текерленди, қапагыны булды*; бай.т.: *Газан япагыны булур*; бұл.т.: *Тенджерере юварланмыш,*

капагыны булмыш; гаг.т.: *Тенджерте текерленди, капагыны булду*; оң.эз.т.: *Бесди дийрлануб, капагыны тапуб*; қар.қыр.т.: *Казан каталан, капагыны тапкан*; сол.эз.т.: *Гувеч йумбалана, капагыны тапар*; кип.т.: *Тенджерте текерленди, капагыны булду*; мос.кер.т.: *Казан дингирлени, капагыны тапар*; қыр.тат.т.: *Куту йуварланган, капагыны булган*; құм.т.: *Ошаганға яраган, ишлегенге табулган*; ұр.т.: *Бардах/хуту хаталанган/ гыдырылганган, хапаны тапхан* [137, б. 444].

«*Tilkinin dönür dolaşacağı yer kürkçü dükkânı*». Қазақ тіліндегі баламасы: Ат айналып қазығын табады. Мақалдың семантикалық өзегі – адам қанша жерден ұзап кетсе де, ақыры өз негізіне, өз ортасына, бастапқы күйіне немесе тәуелді жеріне қайта оралады. Қосымша семалар:

1. Тұрақсыздық ұзаққа бармайды.
2. Әркімнің өзіне тән орны, міндеті бар.
3. Өз тамырынан, рухани негізінен алыстаған адам уақыт өте қайта оралады.

4. Тағдыр заңдылығы, өмірлік циклдік қайталаным.

Паремиологиялық талдау. Мақал адам қанша алыстаса да, ақыры өзінің түп негізіне – туған жеріне, өскен ортасына, ішкі табиғатына немесе тәуелді ортасына қайта оралады.

Мақал екі бөліктен тұратын анықтауыштық-сөйлемдік құрылым: *Tilkinin dönür dolaşacağı yer* – анықталатын зат, *kürkçü dükkânı* – сол заттың атауы, предикативті анықтау (қорытынды).

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Тилкинин дөнүп долашып геледжеи йер, түркчү дүкканыдыр*; длат.: *Таз келиги бөркчиге*; ал.о.т.: *Таздын келими бөркчиге*; ос.т.: *Тилкинин дөнып долашуп геледжеи йер, түркчү дүкканыдыр*; бұл.т.: *Тилкинин дөнып долашажагы йер, түркчү дүкканыдыр*; қар.қыр.т.: *Тилки не кадар качарса, бараджак йери түркчү дүкканыдыр*; сол.эз.т.: *Тилкинин гедип-гедеджеи түркчү дүкканыдыр*; кип.т.: *Тилкинин дөнып долашажагы йер түркчү дүкканыдыр*; қыр.тат.т.: *Тилкинин айланып, үйрөтүп геледжеи йери – түркчү дүкканы* [137, б. 447].

Ucuz etin çorbasi dadsız olur – бұл мақал прагматикалық даналықтың үлгісі. Қазақ тіліндегі баламасы: *Арзан еттің сорпасы татымас*. Мақалдың семантикалық өзегі – тым арзан, сапасыз нәрсеге жүгіну түбінде қанағатсыздық пен нашар нәтижеге әкеледі, сапа әрдайым еңбекпен, шығынмен және құнмен байланысты.

Паремиологиялық талдау. Мақалдың құрамында айқын антитезалық құрылым байқалады: арзан және дәмсіз сөздерінің қарама-қарсылығы баға мен сапа арасындағы оппозицияны көрсетеді. Метафоралық негіз ретінде «ет» пен «сорпа» тәрізді нақты кулинарлық объектілер қолданылып, олардың арқылы абстракт ұғымдар – еңбек пен нәтиже, шығын мен сапа – көркем түрде бейнеленеді. Мәтіннің эвфониялық сапасы оның қысқа, ұйқасты және ырғақты құрылымынан байқалады, бұл мақалдың есте сақталуын жеңілдетіп, оның дидактикалық ықпалын арттырады.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Учуз этин чорбасы татсыз олур*;

ал.о.т.: *Алык этин сорпасы татымас*; оғ.т.: *Учуз этин шорвасы ит йемез*; ос.т.: *Учуз этин чорбасы яван олур*; балқ.т.: *Учуз этин чорбасы татсыз*; башқ.т.: *Арзандын тозыгы татымас*; / *Ошоозон хурнахы ла татихс*; бұл.т.: *Учуз этин йахнисы татсыз олур*; доб.т.: *Учуз этин сорпасы татымас*; оң.эз.т.: *Учуз этин чорбасы татсыз олур*; қар.қыр.т.: *Арзаннын казаны кайнамас, кайнаса да сорпасы татымас*; кип.т.: *Учуз этин йахнисы татсыз олур*; мос.кер.т.: *Учуз эт казан дибини делер*; қыр.тат.т.: *Учуз эт сорпасы татымас*; қар.т.: *Пулы арзаннын, сорпасы татымас*; қырғ.т.: *Арзандын сорпосу татыйбайт*; ноғ.т.: *Баасы ушсыздын сорбасы татымас*; өзб.т.: *Арзонниң шорвасы татымас*; қаз.тат.т.: *Арзанның шулпасы татымас*; түрік.т.: *Арзаннын арзисы болмаз*; ұр.т.: *Уджуз этин шорвасы татымсыз*; ұйғ.т.: *Эрэн гошниң шортиси татымас [137, б. 450-451]*.

Üzüm üzüme baka baka kararır. Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: Жүзім жүзімге қарап аударады. Мақалдың семантикалық өрісі – адамның мінезі мен болмысының әлеуметтік ортамен, қарым-қатынас шеңберімен тікелей байланыстылығы, ортаның адамға әсері және осы әсердің жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы.

Паремиологиялық талдау. Паремия құрамында айқын параллелизм мен қайталау тәсілдері байқалады: *üzüm – üzüme* сөздерінің дыбыстық және морфологиялық жақындығы мәтіннің ырғақтық тұтастығын қамтамасыз етіп, фонетикалық әуезділікті арттырады. Көркемдік бейне ретінде «жүзім» табиғи заттың атауы қолданылып, оның арқылы адамның мінездік өзгерісін сипаттайтын метафоралық символ жасалады. Сонымен қатар ырғақтық және синтаксистік үйлесім паремияның құрылымдық бірлігін күшейтіп, оның тез есте сақталуына және дидактикалық ықпалдылығының артуына мүмкіндік береді.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Үзүм үзүме бака бака карарыр*; ал.о.т.: *Үзүм үзүме карай карай кигарыр*; оғ.т.: *Үзүм үзүмегоре карарыр*; ос.т.: *Үзүм үзүми горерек кызарыр*; балқ.т.: *Үзүм үзүме бака карарыр*; бұл.т.: *Үзүм үзүме бака бака карарыр*; сол.эз.т.: *Үзүм үзүме баха баха каралар*; кип.т.: *Үзүм үзүме горе карарыр*; мос.кер.т.: *Үзүм үзүме бака бака карарыр*; түрік.т.: *Үзүм үзүме бака-бака гаралар [137, б. 459]*.

«Yılanın kuyruğuna basma». Қазақ тіліндегі баламасы: Тыныш жатқан жыланның құйрығын баспа. Мақалдың семантикалық өзегі – тыныш тұрған, зияны тимей отырған адамды (немесе құбылысты) себепсіз тітіркендірме, дау-жанжалсыз жағдайды өзің ушықтырма. Негізгі ойлар: өзіңе бәле шақырмай, күші не қауіпі бар нәрсені себепсіз қоздырмай, арандатушылық жасамай, бейбіт те тыныш жағдайды бұзбау қажет.

Паремиологиялық талдау. Мәтелдің негізінде жылан образы жатыр, ал түрік және жалпы шығыс мәдениеттерінде жылан қауіпті, тістеуі ауыр, болжауы қиын әрі ызакор жануар ретінде қарастырылады. Жыланның құйрығына басу – оны ашуландырудың ең тура, қауіпті жолы. Сондықтан бұл образ нақты тәжірибеге негізделген метафора болып табылады.

Мәтел келесі жағдайларда қолданылады:

- Біреу артық сөйлеп, өзгеден реніш шақырып тұрғанда;
- Қатерлі, ашуы тез адамды ашуландыратын әрекет жасағанда;
- Қауіпке апаратын жағдайға бейғам қарағанда;
- Жағдайды ушықтырмай, сабырға шақыру қажет болғанда. Бұл – ескерту, тыйым, сақтандыру қызметін атқаратын паремия.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Уйуян йыланын куйрууна басма*; оғ.т.: *Уйур йыланын куйрууна басма*; ос.т.: *Йыланын куйрууна басма, сокмасын сени*; ах.т.: *Юхляян йыланын куйрууни басма*; балқ.т.: *Уйуян йыланын куйрууна басылмаз*; башқ.т.: *Йоклаган йыланын коюрууына басма*; бұл.т.: *Уйуян йыланын куйрууна басма*; бат.фр.т.: *Йыланын куйрууна басмастан – ысырмаз*; чув.т.: *Выртан сылан хюрйине ан атпрат*; доб.т.: *Чаткан жылаанын куйрууна басма*; до.т.: *Уйуян йиланы уяндырма*; гаг.т.: *Уйуян йыланын куйрууна басмасан, даламаз*; хак.т.: *Сым чаткан чылаанның хузуруна паспа*; қар.қыр.т.: *Яткан йыланын куйрууна басма*; сол.эз.т.: *Ятан ыыланын гуйругуну басма*; мос.кер.т.: *Иланы басмассаң, чалмаз*; қыр.тат.т.: *Йыланын куйрууна басма*; қырғ.т.: *Ажалдаа киши ачыдаадын куйругун басат*; қаш.т.: *Иланың та куйругуни басмаган чалмаз*; өзб.т.: *Йотган илониң башини күзгатма*; қаз.тат.т.: *Йоклаган йыланын коюрууына басма*; түрік.т.: *Ятан ыйыланын гуйрууына басма*; ұйғ.т.: *Яткан йыланының бешини дәшсима* [137, б. 455].

Zorlan güzellik olmaz. Қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармасы: Күштеп сүйкімді болмайсың. Мақалдың семантикалық өзегі – әдемілік, сүйкімділік, жақсылық сияқты қасиеттер зорлықпен, мәжбүрлеумен жасалмайды, шынайы құндылық тек табиғи түрде, еркіндік пен өз еркіңнен туған жағдайда ғана қалыптасады.

Паремиологиялық талдау. Құрылымдық жағынан мақал екі бөліктен тұрады: біріншісі – негативті тұжырым («зорланған гүл болмас» – болымсыздық форма), екіншісі – себептік немесе теңестірмелі синтаксис («күш бар жерде әдемілік жоқ»).

Концептуалдық өріс. Бұл мақалдың негізгі концептілері: Әдемілік (сұлулық) – жаратылыс, еркіндік, табиғи үйлесім ұғымдарымен байланысты. Күш (зорлық) – қысым, мәжбүрлеу, еркіндікті шектеу ұғымдарымен байланысты. Сондықтан мақал – еркіндік пен зорлықтың диалектикасын көрсететін паремия.

Түркі тілдеріндегі баламалары: түр.т.: *Зорла гүзеллик олмаз*; ал.о.т.: *Зорман гүзеллик олмаз*; длат.: *Қара күшпен қуыршақ та ұстай алмайсың*; ос.т.: *Гүзеллик гүч иле олмаз*; ах.т.: *Хоринен гүзеллик олмаз*; балқ.т.: *Зорла гүзеллик олмаз*; бұл.т.: *Зорлан гүзеллик олмаз*; доб.т.: *Зорма гүзеллик олмаз*; до.т.: *Зорла гүзеллик олмаз*; гаг.т.: *Зорла гүзеллик олмаз*; қар.қыр.т.: *Зорла гүзеллик олмаз, олса да якышмаз*; қаз.т.: *Зорлап ашыған гүлүн ийиси болмас*; сол.эз.т.: *Зор иле гүзеллик олмаз*; кип.т.: *Зорунан гүзеллик олмаз*; қыр.тат.т.: *Зормен гүзеллик олмаз*; түрік.т.: *Зор билен гөзеллик болмаз* [137, б. 492-493].

Кесте 6 – Армян-қыпшақ тіліндегі мақал-мәтелдердің түркі тілдеріндегі қолданылу жиілігі.

№	Армян-қыпшақ тіліндегі мақал-мәтелдер	Түркі тілдеріндегі қолданылу жиілігі
1.	Dost başa bakar, düşman ayağa.	27
2.	Her koyunu kendi bacağında asarlar	15
3.	Yalancının evi yanmış, kimse inanmamış.	27
4.	Sabrılan koruk şarab olur, tut yaprağı sandal	35
5.	Adam olana bir nasihat, cudama bin nasihat	10
6.	Fukarelik ateşden gömlekdir	13
7.	Deveden büyük fil var	11
8.	Isırgan köpek dişini göstermez	22
9.	Keskin sirke küpüne zarar verir	18
10.	Kendi düşen ağlamaz	24
11.	Parayı veren düdüğü çalar	13
12.	Her ne ekersen onu biçersin	32
13.	Zaman sana uymazsa sen zamana uy	26
14.	Ak akçe kara gün içindir	22
15.	Deliye her gün bayram	27
16.	Akıl yaşda deyil başda dır	33
17.	Allah bir kapıyı kaparsa birini açar	10
18.	Su testisi su yolunda kırılır	16
19.	Anasına bak kızını al, kenarına bak bezini al	38
20.	Kusursuz dost arayan dostsuz kalır.	25
21.	Kızını döymeyen dizini döyer	16
22.	Arkadaşımı söyle kim olduğunu söyleyim.	12
23.	Dağ dağa kavuşmaz, insan insana kavuşur	33
24.	Dağ dağa küsmüş, dağın haberi yok	11
25.	Damlaya göl olur	35
26.	Meyveli ağacı taşlarlar	20
27.	Denize düşen yılana sarılır	23
28.	Balık baştan kokar	28
29.	Bakış verilen atın dişine bakılmaz	18
30.	Az veren candan verir	16
31.	Sinek küçük ama mide bulandırır	13
32.	Aç ayı oynamaz	28
33.	Tilkinin dönüp dolaşacağı yer kürkü dükkanı	10
34.	Yılanın kuyruğuna basma	24
35.	Tencere yuvarlandı kapağını buldu.	15
36.	Her horoz kendi çöplüğünde öter	16
37.	Beş parmak bir değil	33
38.	İki ayağı bir pabucda	13
39.	Bıçak yarası geçer dil yarası geçmez	30
40.	Kaş yaparken göz çıkarma	22
41.	Dilin kemiği yok, söyler	26
42.	Ağlamayan çocuğa meme/ süd vermezler	37
43.	Demiri tavında döverler	28
44.	İki kılıç arasında	15
45.	Ucuz etin çorbası dadsız olur	22
46.	Üzüm üzüm baka kararır	11
47.	Zorılan güzellik olmaz	16
48.	Her kuşun eti yenmez	12

Осылайша, Кесте 6-да берілген деректер армян-қыпшақ тіліндегі паремиологиялық қордың қазақ тілінің мақал-мәтелдік жүйесімен тікелей сабақтас екенін, тарихи тұрғыдан ортақ тілдік-мәдени кодтың құрамдас бөлігі екенін айқын көрсетеді. Бұл материалдар қазақ паремиологиясының көне қыпшақ негізінен бастау алатынын дәлелдеп қана қоймай, армян-қыпшақ жазба мұраларының қазақ тілінің тарихи-диалектілік дамуын зерттеудегі маңызды тілдік-корпустық ресурс екенін нақтылай түседі.

Аталған сәйкестік армян-қыпшақ паремиологиялық материалдың қыпшақ тілдік тобына, соның ішінде қазақ тіліне, генетикалық әрі типологиялық тұрғыдан жақындығын дәлелдейді. Армян-қыпшақ деректерінде тіркелген мақал-мәтелдердің шамамен 80–90%-ының қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен сәйкес келуі екі тіл арасындағы тарихи-диалектілік сабақтастықты және ортақ паремиологиялық үлгілердің ұзақ уақыт бойы тұрақты сақталғанын көрсетеді.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Екінші тарауда армян-қыпшақ мақал-мәтелдері түркі паремиологиялық дәстүрі аясында кешенді түрде қарастырылып, олардың семантикалық, құрылымдық, этномәдени және салыстырмалы-тарихи қырлары жан-жақты талданды. Жүргізілген зерттеу армян-қыпшақ паремиологиялық қорының жалпы түркілік мақал-мәтелдер жүйесінің ажырамас бөлігі екенін және ортақ түркі дүниетанымына негізделген тұтас концептуалдық кеңістікті құрайтынын көрсетті.

Талдау нәтижелері армян-қыпшақ мақал-мәтелдерінде қанағат, сабыр, адалдық, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, достық пен дұшпандық, әлеуметтік әділет, тағдыр мен үміт сияқты негізгі этикалық-аксиологиялық құндылықтардың жүйелі түрде көрініс табатынын дәлелдеді. Бұл құндылықтар антитезалық оппозициялар, себеп–салдарлық модельдер және параллель синтаксистік құрылымдар арқылы жинақталып, паремиялардың дидактикалық және реттеуші қызметін күшейтеді.

Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі материалдық мәдениет элементтері (тұрмыстық заттар, еңбек құралдары, жануарлар, тағам атаулары, табиғи нысандар) тек номинативтік бірліктер ретінде ғана емес, этномәдени кодтың тұрақты символдық белгілері ретінде қызмет атқаратыны анықталды. Олар арқылы қыпшақ қоғамының тұрмыстық тәжірибесі, әлеуметтік қатынастары, моральдық нормалары мен мінез-құлық үлгілері тілдік деңгейде бекітіледі. Бұл армян-қыпшақ паремияларының мәдени-реттеуші механизм ретіндегі қызметін айқындайды.

Салыстырмалы және жиілікке негізделген талдау армян-қыпшақ мақал-мәтелдерінің басым бөлігінің қазіргі түркі тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде, жоғары дәрежеде сақталғанын көрсетті. Паремиялардың шамамен 80–90%-ының қазақ тіліндегі нұсқаларымен семантикалық әрі құрылымдық тұрғыдан сәйкес келуі армян-қыпшақ паремиологиялық материалдың қазақ тілімен тарихи-диалектілік және генетикалық сабақтастығын нақты дәлелдейді.

Синтаксистік үлгілердің, метафоралық жүйенің және формулалық құрылымдардың сәйкестігі ортақ қыпшақтық дүниетанымның ұзақ тарихи кезеңдер бойы тұрақты сақталғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, екінші тарауда жүргізілген паремиологиялық талдау армян-қыпшақ мақал-мәтелдерінің тек тілдік емес, сонымен қатар когнитивтік, мәдени және өркениеттік маңызын айқындады. Армян-қыпшақ паремиялары қазақ паремиологиясының көне қыпшақ негізін тануға мүмкіндік беретін маңызды тарихи-тілдік дереккөз әрі корпустық ресурс ретінде бағаланып, түркі халықтарының ортақ дүниетанымын, моральдық кодексін және мәдени сабақтастығын айқындайтын негізгі дискурсивтік арналардың бірі екені ғылыми тұрғыдан негізделді.

3 АРМЯН-ҚЫПШАҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

3.1 Армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесінің құқықтық және гендерлік репрезентациясы

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда гендерлік репрезентация мәселесі әлеуметтік субъектінің жынысқа байланысты бірегейлігінің құқықтық, мәдени және дискурсивтік кеңістікте қалай құрылатынын түсіндіруге бағытталған маңызды теориялық ұғымдардың бірі болып табылады. Гендерлік репрезентация әлеуметтік шындықтың бейтарап көрінісі емес, керісінше белгілі бір тарихи-мәдени контексте қалыптасқан нормалар мен құндылықтар жүйесінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда құқықтық мәтіндер гендерлік репрезентацияны талдаудың аса маңызды дереккөздерінің бірі саналады, өйткені олар қоғамдағы гендерлік рөлдер мен мәртебелерді нормативтік деңгейде бекітеді.

Армян-қыпшақ заң мәтіндері ортағасырлық қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың құрылымын ғана емес, сонымен қатар әйел мен ер адамның қоғамдағы орнын, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындаған гендерлік үлгілерді де бейнелейді. Бұл мәтіндерде әйел бейнесі биологиялық жынысқа ғана емес, әлеуметтік мәртебеге, отбасылық жағдайға, моральдық нормаларға және құқықтық жауапкершілікке байланысты конструиленеді. Сондықтан армян-қыпшақ заң ескерткіштерін талдау әйел бейнесінің құқықтық және әлеуметтік-гендерлік репрезентациясының ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеліп отырған заң мәтіндерінде әйел ең алдымен құқықтық субъект ретінде көрініс табады, алайда оның субъектілігі шектеулі әрі әлеуметтік рөлдер арқылы анықталады. Әйелдің бірегейлігі көбіне оның ер адаммен байланысы (әкесі, күйеуі, отбасы) арқылы сипатталып, дербес тұлғалық өлшем екінші қатарға ығыстырылады. Бұл жағдай гендерлік репрезентацияның дәстүрлі, патриархалдық модель аясында жүзеге асқанын көрсетеді.

Сонымен қатар армян-қыпшақ заң мәтіндерінде әйелге қатысты құқықтық нормалардың болуы оның әлеуметтік қорғалуының белгілі бір деңгейін де білдіреді. Әйелдің ар-намысына, некелік мәртебесіне, мүліктік құқықтарына қатысты ережелер гендерлік репрезентацияның тек тыйым салу немесе шектеу сипатында емес, реттеуші және қорғаушы функция атқарғанын аңғартады. Алайда бұл қорғау тетіктері де ер адам үстемдігіне негізделген әлеуметтік құрылым шеңберінде жүзеге асқан.

Осы бөлімде армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесінің құқықтық және әлеуметтік-гендерлік репрезентациясы гендерлік теория, бірегейлік ұғымы және құқықтық дискурс тұрғысынан қарастырылып, әйелдің қоғамдағы орны мен мәртебесінің қалай репрезентацияланғаны нақты мәтіндік материал негізінде талданады.

Армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесінің құқықтық репрезентациясын ашуда мүліктік және мұрагерлік қатынастарды реттейтін нормалар ерекше маңызға ие. Аталған нормалар арқылы әйелдің құқықтық субъект ретіндегі мәртебесі, оның ер адаммен арақатынастағы орны және заң алдындағы теңдігі немесе теңсіздігі айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, төменде келтірілген мәтіндер әйел мен ер адамның мүліктік құқықтарының арақатынасын көрсетуге мүмкіндік береді.

1-мәтін. Қыз бала тұрмысқа шыққан кезде ата-анасы берген жасау (жасау мүлкі), сыйлық немесе садақа (алтын, күміс, інжу-маржан және т.б.) – оның жеке меншігі ретінде танылған. Сонымен қатар, күйеуі қайтыс болған жағдайда, одан қалған мүлік те әйелдің меншігіне өткен. Мұрагерлікке қатысты заң нормаларына сәйкес, егер адам көзі тірісінде өсиет қалдырмаған болса, оның мүлкі балалар арасында теңдей бөлінген. Егер ер адамның ұл баласы болмаса, барлық мүлік қыз балаларына өткен. Қыздары да болмаған жағдайда, мұра ер адамның туған ер бауырлары мен олардың балаларына берілген. Егер олар да болмаған жағдайда, мұра оның туған әпкелері мен олардың ұлдарына көшкен (Төрі бітігі, 115-бан).

1. Ерлер мен әйелдердің тең құқығын көрсету. Мәтінде «ер адамдар сияқты әйелдер де өзіне мирас ретінде қалған мүліктерді меншігіне ала алады», «әйелдер де мұрагер бола алады» деген тұжырымдар бар. Бұл сөйлем құрылымдарында қатыстырушы тәсіл қолданылған: әйелдердің құқығы ерлермен салыстырыла отырып бекітіледі. Мұнда «сияқты», «де» шылаулары ер мен әйелдің құқықтық теңдігін көрсету үшін қызмет етеді. Дегенмен, бұл теңдікті ер адамның құқығына «теңестіре» көрсету әйелдердің дербес статусы бар екенін емес, еркектерге ұқсастыру арқылы легитимдеуді аңғартады.

2. Гендерлік рөлдер мен дәстүрлік ұғымдар. «Қызға әке-шешесі тарапынан берілген жасау немесе сыйлық, садақа ... қыздың жек мүлкі ретінде саналады» бұл сөйлемде гендерлік дәстүр тіл арқылы заңдық нормаға ендірілген. «Жасау» ұғымы тек қана қыз балаға қатысты қолданылып отыр, ал ұл балаға мұндай дәстүрлік категория берілмейді. Әйелге қатысты «жеке мүлік» түсінігі көбіне некеге дейін және некеден кейінгі сыйлықтар, жасау, әшекей бұйымдар арқылы сипатталады. Бұл гендерлік стереотипті бекітеді: әйелдің меншігі тұрмыстық немесе сәндік сипатта, ал ер адамның меншігі – негізгі «отбасылық капитал» ретінде көрінеді.

3. Мұрагерлік жүйесіндегі гендерлік иерархия. Мәтінде мұрагерлік тізбегі көрсетілген:

1. Ер адам қайтыс болғанда, балалары теңдей бөліседі.
2. Егер ұлдары болмаса – барлығы қыздарына қалады.
3. Егер қыздары да болмаса – туған ер бауырларына, олардың балаларына өтеді.
4. Олар да болмаса – туған әпкелеріне және олардың ұлдарына беріледі.

Бұл иерархияда еркек мұрагерге басымдық берілген: алдымен ұлдар, сосын ер бауырлар, тек содан кейін әпкелер аталады. Мұнда әйелдің мұрагер болуы – екінші деңгейлі немесе ерлер жоқ жағдайда ғана іске асатын мүмкіндік.

Лингвистикалық тұрғыдан бұл «алдымен ер адам», «болмаса әйел» деген құрылымдармен бекітілген.

4. Лексикалық таңдау. «Қыз», «әйел» сөздері – тұрмыстық және отбасылық контекстпен байланысты. «Ер адам», «ұл» сөздері – тікелей мұрагерлік, билік пен негізгі капиталмен байланысты қолданылады. Бұл лексикалық оппозиция гендерлік рөлдерді нақтылап, еркекті «мұраның басты иесі», әйелді «шартты жағдайда ғана мұрагер» ретінде бейнелейді.

5. Заң тілі мен дәстүр тілі арасындағы қайшылық.

Мәтінде бір жағынан «әйелдер де мұрагер бола алады» деп теңдік жарияланады, бірақ дәстүрлі мұрагерлік схемасында ер адамға басымдық берілетіні айқын көрінеді. Бұл – гендерлік амбиваленттілік: тілде теңдік бекітілсе де, құрылымда патриархалдық жүйе сақталған.

Қорытынды. Берілген үзіндіде гендерлік лингвистика тұрғысынан мынадай ерекшеліктер байқалады:

1. Әйел құқығы ерлерге теңестірілу арқылы бекітіледі (дербес емес).

2. Әйелдің меншігі негізінен тұрмысқа қатысты ұғымдармен сипатталады (жасау, әшекей, сыйлық).

3. Мұрагерлік тізбегінде ерлердің басымдығы тіл арқылы заңдық нормаға айналған.

4. Лексикалық деңгейде ер мен әйелдің статустары нақты айырмаланған. Бұл мәтін гендерлік тұрғыдан патриархалдық мұра үлгісін сақтап отыр, бірақ «тең құқылы» деген заңдық формула арқылы қазіргі заман талабына сәйкестендірілген.

2-мәтін. Әкенің мүлкі балаларының арасында тең дәрежеде бөлінуі керек. Қыз немесе ұл деп бөлмеу керек. Әкелері дүниеден өткеннен кейін үйдегі ер балалар, әкенің мүлкін бөліске салмай тұрып әуелі әйелдерінің (егер үйленген болса) әке-шешесі тарапынан берілген жасауды бөліп қою керек. Өйткені ол әйелінің жеке меншік заттары. Содан кейін барып әкенің мүлкін қыз бен ұлдың арасында тең бөлісуге болады. Сонымен қатар, әкелері көзі тірісінде бір ұлына немесе қызына бір зат берген болса ол затты да бөліске түскелі жатқан мүліктің қатарына қосу керек. Өсиеттерде мүліктің иесі бола алатындар қатарында ананың да әкенің де, бауырлардың да (ер немесе әйел) көрсетілуі (Төрі бітігі, 89-бап).

1. Жанр және коммуникативтік бағдар. Мәтін – нормативтік-құқықтық дискурс пен әдет-ғұрып түсіндірмесінің гибриді. Мақсаттық бағдар – «қалай болуы керек» деген норманы бекіту. Бұл бекіту «заңға сәйкес», «... керек» сияқты модал маркерлермен жүзеге асады, яғни тіл деонтикалық (міндеттілік) мағынаны стабилдейді.

2. Модалдылық пен агентсіздік: «...тең дәрежеде бөлінуі керек», «жасауды бөліп қою керек», «...қосу керек» – міндеттеу, регуляциялау, «бөлінуі керек» – агентсіз етіс (пассивация): нақты субъект жасырылады, норма жалпылық сипат алады (кім бөлетіні емес, норманың өзі негізгі тақырып); «егер ... болса» шартты құрылымдары мен «Содан кейін барып» тәрізді процедуралық дискурс маркерлері (реттеу, кезеңдеу) нұсқаулық сипат береді.

3. Гендерлік субъектілердің тілдік репрезентациясы. Атауыштар және позициялау: «Әке» – бастапқы иеленуші (мүліктің бастауы). «Балалары» – бастапқыда гендер-нейтрал («ұл-қыз деп бөлмеу»), бірақ төменде «үйдегі ер балалар» деп тармақталып, ер балалар фокусқа шығарылады. «Әйелдері» (ұлдардың жұбайлары) – «әке-шешесі тарапынан берілген жасау» арқылы белгіленеді, олардың меншігі «сырттан келген», яғни экзогенді (қалың/жасау дискурсы) ретінде индекстеледі. «Ана», «әке», «бауырлар (ер немесе әйел) – өсиет мәтіндерінде «мүліктің иесі бола алатындар» ретінде тізімдік инклюзия арқылы аталады. Қорытынды: ер субъектілер (әке, ер бала, ер бауыр) – немаркаланған норма, әйел субъектілер (әйелдері, әпкелер, қыздар) – шартты/контекстуал маркаланған статусқа ие.

4. Лексика-семантикалық қарама-қарсылық. Теңдік фреймі: «қыз немесе ұл деп бөлмеу керек», «тең дәрежеде». Патриархал фрейм: «үйдегі ер балалар», «әйелдерінің жасауы» – әйелдің меншігі көбіне тұрмыстық/сәндік доменмен байланыстырылады. Бір мәтінде екі фреймнің қатар келуі амбиваленттілік тудырады: заң тілі теңдікке ұмтылса, әдет-ғұрып лексикасы ер-орталық (андроцентрлік) иерархияны сақтайды.

5. Иерархияны тіл арқылы құру. Реттік сценарий:

1. Алдымен ер балалардың отбасылары контексттеледі («үйдегі ер балалар... әйелдерінің жасауы... бөліп қою керек»).

2. Содан кейін ғана «әке мүлкін қыз бен ұлдың арасында тең бөлу». Бұл дискурстық приоритизация: синтаксистік рет (алғашқы айтылым) – салмақты норма ретінде қабылданады. Теңдік принципі бар, бірақ фокустың ер балаларға ауысуы тіл арқылы «жарамды алғашқы қадам» ретінде легитимделеді.

6. Номинализация және құқықтық эффект. 1. «Бөліске түскелі жатқан мүлік» – қатыстық есімше + көсемше (алдындағы процессуалдық семантика) кейіптеу арқылы мүлікті дербес құқықтық объект етеді, акторлар екінші планға түседі.

2. «Жеке меншік заттар», «тең дәрежеде», «мүліктің иесі бола алатындар» – құқықтық терминдер мен номинализациялар (пропозицияны заттандыру) норманы «табиғи» етіп көрсетуге қызмет етеді.

7. Индексикация және кеңістік-әлеуметтік импликациялар. «Үйдегі ер балалар» – патрилокалды (үй – әкенің үйі) моделін индексейді, мұнда қыз – көбіне «үйден шығатын» субъект, ұл – «үйде қалатын» субъект ретінде жасырыңқы рөлдік сценарий құрылады.

«Әйелдерінің жасауы» – әйелдің меншігі әкелік үйден тасымалданған (әлеуметтік тегі бойынша белгіленген), демек әйелдің агенттігі емес, тегі (lineage) активацияланады.

8. Гендерлік бинаризмнің тілдік таңбалануы. «Ер немесе әйел» (жақша ішінде) – бинаризмді эксплицитті маркілейді, табиғи-категориялық оппозицияны заңдық тізімге енгізеді. «Қыз немесе ұл деп бөлмеу» деген формула инклюзивтілік акті болғанымен, кейінгі тармақтарда еркек

субкатегориясының (ер бала, ер бауыр) айрықша аталуы бинаризмді қайта белсендіреді.

9. Қарама-қайшылықтар (когеренттілік пен идеология). Декларатив теңдік (қыз-ұл бөлмеу) vs процедуралық приоритет (ең әуелі ер балалардың жұбайларының жасауы ажыратылады). Әкенің бастапқы иелік позициясы vs ананың кейін, өсиет контексінде ғана аталуы. Лингвистикалық тұрғыдан бұл қос норма: теңдік нормасы тілде бар, бірақ мәтіннің ақпараттық құрылымы «ер орталық мұра» түсінігін қайта жаңғыртады.

10. Техникалық-тілдік детальдар. Деонтикалық маркерлер: «керек» – міндеттілік, «мүліктің қатарына қосу керек» – құқықтық директива. Дискурс маркерлері: «Содан кейін барып» (реттік байланыс, процедуралық логика). Терминдер: «жеке меншік», «бөліске салу», «өсиет», «мүліктің иесі» – құқықтық жаргон норманы формализациялайды. Стилистика: бағалаудан аулақ, инструкцияға ұқсас наррация – норманы «бейтарап» етіп көрсетеді (идеологиялық бейтараптық иллюзиясы).

11. Гендерлік-нейтрал рефреймингке ұсыныстар (тек лингвистикалық). Теңдік пен айқындықты күшейту үшін тұжырымды мынадай тілдік реформациялар қолдайды:

1. «Үйдегі ер балалар» орнына «балалары».

2. «Әйелдерінің жасауы» орнына «жұбайының/жұбайларының некеге дейінгі/неке кезіндегі жеке мүлкі» (гендер-нейтрал лексема – жұбайы);

2. «Қыз-ұл деп бөлмеу керек» формуласына сәйкес, тәртіптік рет те гендер-нейтрал ретпен берілуі (алдымен барлық үшінші тұлғалардың жеке мүлкін ажырату, кейін мұраны барлық мұрагерлер арасында тең бөлу);

4. Ер немесе әйел тіркестерін бір реттік инклюзивті анықтамамен алмастыру (мыс., «жынысына қарамастан жақын туыстары»).

Мәтін тең бөлуді жарияласа да, дискурстық фокус пен процедуралық реттік ер субъектілерді («ер балалар», «ер бауырлар») орталыққа шығарып, әйел субъектілердің меншігін экзогенді (жасау) әрі контекстке тәуелді етіп сипаттайды. Лингвистикалық құралдар – деонтикалық модалдылық, агентсіз пассивация, тізімдік инклюзия, реттік маркерлер, бинарлық атауыштар – әдеттік-патриархал норманы құқықтық теңдік формуласына біріктіріп, мәтінде амбивалентті гендерлік идеологияны тұрақтандырады.

3-мәтін. Әйел адам өзіне тиесілі үйді басқа біреуге жалға бере алады. Сонымен қатар өзі де басқа біреуден үйді жалға ала алады. Әрі өзіне тиесілі мүлікті сатуға, басқа біреуден мүлік сатып алуға құқылы. Егер бір ата-ана өздерінің дүние-мүліктерінен бір дүниені сатқылары келсе онда балаларынан (қыз, еркек) рұқсат сұрауға міндетті. Өйткені әке-шешенің мүлкінде балалардың да үлесі бар. Сондай-ақ, сатылым жұмыстары балаларының куәгерлігімен өтуге тиісті (Төрі бітігі, 88-бап).

1. Жанр және мақсат. Бұл мәтін – құқықтық-нормативтік дискурс. Ол адамның (әйел, ер, ата-ана, бала) құқықтық статустарын бекітуге бағытталған. Әсіресе, әйелдің экономикалық субъект ретінде танылуы негізгі жаңалық болып тұр.

2. Әйелдің құқық субъектілігінің тілдік репрезентациясы.

1. «Әйел адам өзіне тиесілі үйді басқа біреуге жалға бере алады».

2. «Әрі өзіне тиесілі мүлікті сатуға... құқылы» Мұнда әйел дербес құқық иесі ретінде көрсетілген. Бұған дейінгі баптарда әйел көбіне «жасаумен» немесе мұрагерлікте ер адамға байланысты сипатталса, бұл бапта әйелдің өз мүлкіне толық иелік ету еркіндігі тілде бекітіледі. Лексикалық маркер: «құқылы» – заңдық теңдікті білдіретін модал сөз. Әйелдің меншік иесі болуының лингвистикалық индикаторы.

3. Гендерлік теңдікті білдіретін құрылымдар. «Балаларынан (қыз, еркек) рұқсат сұрауға міндетті» – мұнда балалардың құқықтық статусы гендер-нейтрал берілген. «Қыз» бен «ер бала» қатар аталып, құқықтық теңдік бекітіледі. Бұл қатарлық формула – инклюзивті тізімдеу тәсілі, яғни тілдік тұрғыдан теңдікті көрнекі ету.

4. Иерархиялық қатынастардың тілдік көрінісі. Әйелдің меншіктік еркіндігі бар, бірақ ата-ана мүлкіне қатысты:

1. «Балаларынан рұқсат сұрауға міндетті»

2. «Сатылым жұмыстары балаларының куәгерлігімен өтуге тиісті». Бұл нормалар ата-ананың билігін шектеп, балаларға қадағалаушы (куәгер, бақылаушы) рөл береді. Яғни, мұрагерлік құқық алдын ала балаларға танылып отыр. Гендерлік қыр: «балалар» сөзі гендер-нейтрал, бірақ контекстте отбасы иерархиясы өзгергенін көрсетеді: бұрын ер адам басты иеленуші болса, енді ұрпақ құқықтық тең дәрежеде агент ретінде мойындалады.

5. Модалдық формалар мен міндеттеу.

1. «Құқылы» — құқықтық еркіндік, позитивті модалдық.

2. «Міндетті», «өтуге тиісті» – міндеттеу, нормативтік регуляция.

Әйелге қатысты – еркіндік, ата-анаға қатысты – шектеу, балаларға қатысты – бақылаушы рөл. Осылайша, модалдық маркерлер арқылы рөлдік иерархия конструиленген.

6. Лексикалық өріс. Әйелге қатысты: үй, мүлік, жалға беру, сатып алу, құқылы → экономикалық дербестік. Ата-анаға қатысты: міндетті, рұқсат сұрау. → биліктің шектелуі. Балаларға қатысты: рұқсат, куәгерлік → жаңа бақылаушы мәртебе. Бұл сөздік өріс гендерлік қана емес, ұрпақаралық құқықтық қатынастарды да айқындайды.

7. Гендерлік қырдағы жаңашылдық. XVI–XVII ғғ. контекстінде әйелдің үйді жалға беру, сатып алу, сату құқығы заңдық деңгейде бекітілуі – гендерлік тұрғыдан өте маңызды. Бұл әйелдің тек «мұрагер» ғана емес, экономикалық актор екенін көрсетеді. Гендерлік лингвистикада бұл рөлдік кеңеюдің дискурстық индикаторы ретінде қаралады.

8. Қарама-қайшылық (амбиваленттік). Бір жағынан, әйелге тең құқық беріліп отыр (құқылы). Екінші жағынан, ата-ананың мүлкіне қатысты шешімде балалардың «рұқсат» пен «куәгерлік» міндетті болуы – биліктің теңдей бөлінуін көрсетеді, бірақ ата-ана агенттігін шектейді. Осылайша, гендерлік теңдік жарияланғанымен, жалпы отбасы иерархиясы күрделі қатаң бақылауға негізделген.

Қорытынды. Гендерлік лингвистика тұрғысынан, 88-бапта:

1. Әйел адам алғаш рет толыққанды экономикалық субъект ретінде танылып, оның меншікке иелік ету құқығы тілде бекітілген (құқылы).

2. Балалардың құқықтық мәртебесі қыз-ұл деп бөлінбей теңестірілген – бұл инклюзивті тілдік формула. Дегенмен, патриархалдық ренктер сақталған: ата-ананың мүлкіне қатысты балалардың бақылаушы статусы алдыңғы қатарға шығады. Бұл мәтін – гендерлік рөлдердің трансформациясының айқын мысалы: дәстүрлі патриархал модель шеңберінде әйелге де, балаларға да жаңа құқық субъектілігі беріледі.

4-мәтін. Әйел адамдар біреуге қарыз беруге және біреуден қарыз алуға құқылы. Әйелдердің қарыздарына қатысты армян-қыпшақ тілінде жазылған екі құжат бар. Соның бірі Kartuşa Lamanka borç Asvadurga oğluna «Картуша Ламанканың ұлы Асвадураға қарызы» атты құжат. Аталған құжатта Картуша Ламанка есімді бір әйел өзінің ұлынан 200 флорин қарызға алғаны жазылған. Құжаттың мазмұны келесідей: «Bugüingi lentvoytovskiuy ur'ad alnına turup oblicne, uçtiva Kartuşa Bedros hatını opatrniy Vasil Filipoviç ur'ad hulu da kensinä privjnetiy opekun ötläş borç bilindi uçtivy Asvadurga, oğluna kensiniñ,» (...) Екінші құжат “Golub'un oğlu David annesi Zuzanna Golubova'ya verdiği senet” (Голубын ұлы Давидтің анасы Зузанна Голубовайа жазып берген қол хаты) деп аталады. Аталған құжатта Давид есемді азаматтың анасы Зузаннадан 450 флорин қарыз алғандығы және ол қарызды Түркиядан келген соң төлейтіндігі туралы жазылған. Хаттың толық мазмұны келесідей: «Men, David Holub oğlu, biliniyirmen bu benim tserografim bilä, ki haldım borçlu anama dört yüz elli flü, här flnü sanap 30 hroş. Bununıki aħşanı povinen men tölämä, kelip Türktän. Dağın igi könlük için möhürümnü bastım hem holum bilä podpisattsa boldum» (Төпи бимизи, 88-бан).

1. Әйелдің экономикалық субъектілігінің тілдік репрезентациясы.

Мәтіннің басты ерекшелігі – әйелдің «қарыз беруге және қарыз алуға құқылы» екендігінің заңдық норма ретінде танылуы. Бұл құқық: Қаржылық агенттік (әйел өз бетінше қаржы операциясын жасай алады). Жауапкершілік субъектісі (қарызды ресми құжатпен бекітеді) ретіндегі рөлді әйелге жүктейді.

Лексикалық маркер: «құқылы» сөзі арқылы заңдық легитимация жасалған. Бұған дейінгі баптарда әйелдің құқықтары көбіне мұрагерлік немесе жасаумен байланысты болса, мұнда әйелдің тікелей қаржылық әрекетке қатысуы белгіленеді.

2. Туыстық қатынастағы қарыз алушы-беруші рөлдердің гендерлік сипаты. Құжаттарда ерекше жайт – әйелдің қарыз қатынастары туысқандарымен (ұлымен, анасымен) жүзеге асады: Картуша Ламанка – ұлынан қарыз алған. Зузанна Голубова – ұлға қарыз берген. Бұл деректер әйелдің экономикалық қатынасқа тек бөгде адамдармен емес, отбасы ішінде де дербес субъект ретінде қатысқанын дәлелдейді. Лингвистикалық тұрғыдан, мұнда әйел мен ұлдың арасындағы қаржылық теңдік белгіленеді. Дегенмен, туыстық терминдер («ұлына», «анасына») әрдайым қосылып беріледі. Бұл әйелдің

экономикалық субъектілігін мойындай отырып, оның рөлі әлі де туыстық байланыс арқылы айқындалатынын көрсетеді.

3. Лингвистикалық формалар және құқықтық дискурс. Құжат тілінде бірнеше маңызды формалар бар: «bilindi» (белгілі болды) – ресми бекіту, заңдық күш беру, «biliniyirmen bu benim tserografim bilä» (бұл менің қолхатым арқылы белгілі қыламын) – өзіндік мойындау акті, «rovinen men tölämä» (төлеуге міндеттімін) – модалдық маркер, жауапкершілікті бекіту, «möhürümnü bastım hem holum bilä podpisattsa boldum» – мөр мен қол қою арқылы заңдық легитимация. Бұл формаларда әйел де, ер адам да құқықтық актіні тең дәрежеде рәсімдей алады.

4. Гендерлік қатынастардың ерекшелігі. Әйел – борышкер (Картуша). Бұл жағдайда ол ұлынан қарыз алса да, ресми құжат жасап, өзінің құқықтық жауапкершілігін мойындайды. Әйел – кредитор (Зузанна). Бұл жерде ол ұлына қарыз беріп қана қоймай, ресми қолхат рәсімдетеді. Екі жағдайда да әйелдің құқықтық статусы ер адаммен тең дәрежеде көрінеді. Гендерлік лингвистика тұрғысынан: әйелдің қаржылық әрекеті жай «үй шаруасы» немесе «жасаумен» шектелмейді, ол нақты құқықтық актінің субъектісі ретінде тілде көрінеді.

6. Қазіргі көзқарас тұрғысынан. Бұл мәтін гендерлік лингвистика үшін маңызды дерек: тіл арқылы әлеуметтік құрылымдағы патриархалды құқықтық жүйе бекітіледі. Лексикалық деңгейде «ұл» және «қыз» оппозициясы арқылы гендер белгіленеді. Дискурстық деңгейде еркектік билік пен мұрагерліктің үстемдігі заңдастырылады. Гендерлік бейтарап немесе тең үлестіру мүмкіндігі қарастырылмаған. Қорытындылай айтқанда, бұл мәтін патриархалды қоғамның тілдік көрінісі: ер балаларға толық мұрагерлік құқық беріліп, қыз балаларға жарты үлес ғана қарастырылып, олардың ұрпақтары «жат» деп шеттетіледі. Осылайша гендерлік теңсіздік құқықтық дискурс арқылы табиғиландырылады және тілде бекітіледі.

18-мәтін. Хаутир төрә buyurur, hörmät yaldirgay andranig oyluna xan tanlama ulusları bilä. Alay oq tiyäsidiр cıyumağan qızına uluslar bermägä, neçik er oyluna.» «Төре бойынша хан құрметпен тұңғыш ұлына тандаулы ұлыстарды қалдыруы керек. Күйеуге шықпаған қызына, ұлына бергендей ұлыстар тиюі қажет.» [57] Гендерлік индексация. Ұлдың мәртебесі: «тұңғыш ұлы» – примогенитурa принципі (бірінші туған ер балаға артықшылық). «Тандаулы ұлыстар» – сапалық жағынан ең құнды үлестердің ер балаға берілуін нормалайды.

Қыздың мәртебесі: «күйеуге шықпаған қызы» – гендерлік қана емес, отбасылық-әлеуметтік мәртебеге тәуелді категория. Егер тұрмыс құрмаған болса ғана, ұлмен тең үлеске ие болады.

Тілдік шарт: «күйеуге шықпаған» деген анықтауыш қыздың үлес құқығын ерлермен салыстырғанда шектеулі етеді.

3. Идеологиялық пресуппозициялар. Патрилиналық жүйе: негізгі билік пен таңдаулы мұра – ер балаға (әсіресе тұңғышына) беріледі. Қыздың мұрагерлік құқығы шартты: тек тұрмыс құрмаған жағдайда ғана ол ұлға берілген үлеске теңеседі. Күйеуге шыққан жағдайда, қыз әкесінің әулеттік иелігінен шығып, басқа әулеттің мүшесі болып саналады. Әлеуметтік гендерлік нормалану: әйелдің құқығы оның некелік мәртебесіне тәуелді, ер баланың құқығы – тек жынысына және туған реттілігіне тәуелді.

4. Прагматикалық аспект. Құрмет пен таңдаулы үлес: ер балаға «құрметпен» және «таңдаулы» мұра қалдыру қажет екені тілде ерекше атап көрсетілген. Бұл ер мұрагердің артықшылығын күшейтеді. Ұлға теңдеу арқылы қызды легитимациялау: қызға берілетін үлес «ұлындай» деп салыстырылып беріледі, яғни қыздың үлесі өз бетінше легитимді емес, ол тек ер үлеске қатысты түсіндіріледі. Қосарланған норма: ер бала үшін – міндетті және автоматты құқық; қыз үшін – шартты және шектеулі құқық.

5. Гендерлік лингвистикалық қорытынды. Бұл норма гендерлік асимметрияны анық көрсетеді: ер бала автоматты түрде артықшылыққа ие, ал қыз балаға құқық некелік мәртебесіне байланысты ғана беріледі. Тілдік таңдау арқылы (құрметпен, таңдаулы, ұлындай) әлеуметтік теңсіздік заңдастырылады. Әйел субъектісі құқықтық дискурста ерлерге қатысты ғана анықталады.

6. Қазіргі көзқараспен салыстыру. Гендерлік теңдік тұрғысынан мұндай нормалар әйелдің мұрагерлік құқықтарын шектеп, ер балаларға артықшылық береді. Инклюзивті балама тұжырым: «Ханның балаларының барлығы, жынысы мен некелік мәртебесіне қарамастан, теңдей үлес алуы қажет» деп берілсе, гендерлік бейтараптық қамтамасыз етіледі.

19-мәтін. «Egär ki er oyul bolmasa da qız bolgay, bergäy tađzin qızına, da ol ergä bargay da bergäy tađzin eyäsinä, da xanly etkäy, qaysı ki bar dir toyqtalğan törädä (40v/195v) tañılyly, buyurur, ki kimsä (ölsä), zaranklyını bergäy qızına. Dayı da Törä bitiki bilä bu işni toyqtatırmen [58] «Егер ұл болмаса, қыз болса, тағын қызына берсін, ал ол ерге барса, тағын өзінен, еріне берсін, ол хандық құрсын, осы туралы төреде күмән келтірмейтін (40v/195v) куәлік бар: күйеуі өлсе, мұрагерлік қызына қайтарылады. Сондай-ақ Төре бітімімен осы істі реттеймін.»

Гендерлік индексация. Ұлдың мәртебесі: Таңдау әрқашан ұлға беріледі; тек ұл болмаған жағдайда ғана қызға мүмкіндік беріледі. Бұл патриархалды примогенитураның үстемдігін білдіреді. Қыздың мәртебесі: Егер бойдақ болса, тағын өзі иелене алады. Егер тұрмысқа шықса, тағын еріне беруге міндетті. Әйелдің билігі автономды емес, ер адамға тәуелді. Ердің мәртебесі: Қыз тұрмыс құрса, хандықты әйел емес, оның күйеуі жүргізеді. Әйел билікке тікелей ие болмайды, ол тек билікті тасымалдаушы арна ретінде көрінеді. Қайтару формуласы: «Күйеуі өлсе, мұрагерлік қызына қайтарылады» – әйелдің билік

құқығы тек ер адам жоқ кезде ғана қайта оралады. Бұл биліктің секундарлы, шартты сипатын білдіреді.

3. Гендерлік идеология. Патрилиялық үстемдік: Таң қашанда әуелі еркек ұрпаққа тиесілі. Әйелдің құқықтық статусы: Қыз балаға хандықты беру – «ер жоқ кезде» ғана рұқсат етілетін қосалқы норма. Бұл гендерлік иерархияны бекітеді. Неке арқылы билік трансфері: Әйелдің некелік мәртебесі – оның саяси билікті ұстай алу-алмауында шешуші фактор. Тұрмыс құрса, билік автоматты түрде күйеуіне өтеді. Әйелдің легитимдігі: Әйелдің билікке ие болуы үнемі «ердің болмауына» немесе «күйеуінің өліміне» байланысты ғана мүмкін.

4. Лингвистикалық стратегиялар. «Тағын қызына берсін» – әйел мұрагер ретінде аталады, бірақ бұл тек шартты сценарий. «Тағын ... еріне берсін» – әйелдің құқығы жоққа шығарылады, тілде оның рөлі тек «тасымалдаушы арна». «Күйеуі өлсе, мұрагерлік қызына қайтарылады» – әйелдің билігі «қайтарылатын нәрсе» ретінде объектіленіп көрсетілген. Бұл оның субъектілік рөлін төмендетеді. «Күмән келтірмейтін куәлік» – нормаға қарсы пікір мүмкін еместей етіп, гендерлік иерархияны заңдастырады.

5. Прагматикалық қырлары. Қоғамдық қабылдау: Әйел билігінің шектеулі сипаты күмәнсіз норма ретінде беріледі. Дискурстық қатандық: «Төре бітімімен реттеймін» – бұл норманы күшейтіп, даусыз етіп бекіту. Салыстырмалы жеңілдік: Әйелге хандық берілуі тіпті рұқсат етілген жағдайда да, ол толыққанды субъект емес, биліктің ер адамға өту жолы ретінде көрсетіледі.

6. Гендерлік лингвистикалық қорытынды. Бұл мәтін әйел мұрагердің құқықтық мәртебесін қосалқы, шартты және ерге тәуелді етіп қалыптастырады. Лексикалық және синтаксистік деңгейде әйел билігінің тәуелді сипаты айқын: «еріне берсін», «қайтарылады». Гендерлік теңсіздік тіл арқылы бекітіліп, заңи норма ретінде ұсынылады.

7. Қазіргі көзқараспен салыстыру. Теңдік тұрғысынан: мұндай нормалар әйелдің саяси құқықтарын толық шектейді, билікті ер адамға бекітеді. Инклюзивті балама тұжырым: «Егер ханның баласы болмаса, қызына хандық беріледі, оның некелік мәртебесіне қарамастан ол билікті өзі жүргізуге құқылы» деген формула Қорытынды: Бұл үзінді гендерлік иерархияның ең қатқыл көріністерінің бірі – әйел билігінің шарттылығы, ерге тәуелділігі және тек ер болмаған жағдайда ғана қарастырылуы.

Үшінші тарау бойынша қорытынды

Осы тарауда XVI–XVII ғасырлардағы армян-қыпшақ заң мәтіндері гендерлік лингвистика тұрғысынан кешенді түрде талданып, әйел бейнесінің құқықтық, әлеуметтік және дискурстық репрезентациясы жан-жақты айқындалды. Жүргізілген зерттеу армян-қыпшақ құқықтық дәстүрінде әйелдің заң жүзінде құқық субъектісі ретінде мойындалғанын, алайда бұл субъектіліктің әлеуметтік-гендерлік тұрғыдан толық дербестікке ие болмағанын көрсетті.

Талдау нәтижелері әйелдің меншікке иелік ету, мұрагерлікке қатысу, қарыз алу мен беру, өкілеттік тағайындау, кепілгер болу, сотқа шағым түсіру, неке

шартын жасау және бұзу сияқты құқықтық әрекеттерді дербес жүзеге асыра алатынын дәлелдейді. Бұл армян-қыпшақ құқықтық жүйесінде әйелдің «жанама» емес, тікелей құқықтық агент ретінде танылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, қылмыстық және отбасылық-құқықтық мәтіндерде әйелдің жауапкершілік субъектісі ретінде қарастырылуы оның құқықтық мәртебесінің едәуір кеңейгенін айғақтайды.

Алайда гендерлік теңдік формулаларына қарамастан, құқықтық дискурстың терең құрылымында патриархалдық және патрилиниялық иерархияның сақталғаны анықталды. Әйелдің құқықтық әрекеттері көбіне туыстық және некелік мәртебе арқылы легитимделіп, мұрагерлік пен билікке қатысты салаларда ер адамға басымдық берілетіні тілдік деңгейде жүйелі түрде көрініс табады. «Толық үлес/жарты үлес», «ұлдарының ербалалары/қыздарының ұлдары», «тағын еріне берсін», «жат балалар» сияқты формулалар әйел субъектілігінің шартты әрі тәуелді сипатын айқындайды.

Заң мәтіндерінде әйел бір мезгілде әрі қорғалатын тұлға, әрі құқықтық жауапкершілік жүктелетін субъект, әрі әлеуметтік тұрғыдан шектелетін актор ретінде репрезентацияланады. Бұл жағдай құқықтық нормалар мен дәстүрлі гендерлік идеологияның тоғысында қалыптасқан амбивалентті модельдің бар екенін көрсетеді: беткі деңгейде әйелдің құқықтары жарияланса, терең деңгейде оның әрекеті отбасы, ер адам және әулеттік құрылым арқылы шектеледі.

Жалпы алғанда, тарау бойынша жасалған қорытындылар армян-қыпшақ қоғамында әйелдің құқықтық статусы тарихи тұрғыдан кеңейіп келе жатқанын, алайда әлеуметтік-гендерлік иерархия шеңберінен толық шыға алмағанын дәлелдейді. Армян-қыпшақ заң мәтіндері тіл мен құқықтың гендерлік идеологияны қалай кодтайтынын көрсететін маңызды лингвистикалық дереккөз болып табылады және оларды гендерлік лингвистика, тарихи социолінгвистика мен құқықтық дискурс талдауы тұрғысынан зерттеудің ғылыми маңызын нақтылай түседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілдік табиғатын лингвистикалық, этномәдени, әлеуметтік және гендерлік бағыттар тоғысында кешенді түрде қарастыру арқылы армян-қыпшақтану ғылымындағы өзекті теориялық және практикалық мәселелерді жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері армян-қыпшақ ескерткіштерінің қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы заңды кезенді айқындайтын дербес жазба дәстүр екенін дәлелдеді. Армян графикасымен хатталғанына қарамастан, бұл мәтіндердің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйесі қыпшақ тілдік типологиясына толық сәйкес келетіні, көне және ортағасырлық қыпшақ тілімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тілімен генетикалық әрі тарихи-диахрониялық тұрғыдан тікелей сабақтас екені лингвистикалық талдау негізінде ғылыми тұрғыдан негізделді.

А.Н. Гаркавецтің армян-қыпшақ жазба мұраларына арналған еңбектерін лингвистикалық тұрғыдан талдау армян-қыпшақ тілінің қостілділік жағдайындағы дамуын, оның тілдік жүйесінің конвергенттік эволюция арқылы қалыптасқанын көрсетті. Бұл үдерісте ішкі тілдік заңдылықтар мен экстралингвистикалық факторлардың өзара ықпалы айқындалып, армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдері жүйесіндегі орны нақты лингвистикалық критерийлер арқылы айқындалды.

Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріне жүргізілген лингвистикалық-семантикалық талдау паремиологиялық бірліктердің семантикалық құрылымын, метафоралық модельдерін және бағалауыштық жүйесін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде адам бейнесі, рухани-адамгершілік құндылықтар мен мінез-құлық нормалары қыпшақ дүниетанымына тән аксиологиялық жүйе арқылы тілде репрезентацияланғаны, олардың қазақ мақал-мәтелдік қорымен тарихи-диахрониялық әрі генетикалық тұрғыдан сабақтас екені дәлелденді. Сонымен қатар, материалдық мәдениетке қатысты лексемалар мен символдық бейнелердің лингвомәдени мазмұны ашылып, ортақ қыпшақтық этномәдени кодтың тілдік деңгейде сақталғаны айқындалды.

Армян-қыпшақ құқықтық мәтіндеріне жүргізілген лингвистикалық талдау құқықтық дискурста гендерлік категориялардың тілдік репрезентациясын сипаттауға мүмкіндік берді. Гендерлік лингвистика тұрғысынан әйел бейнесінің құқықтық субъект ретінде тілде көрініс табуы, сонымен қатар патриархалдық иерархиямен шартталған шектеулердің дискурстық деңгейде қалай іске асатыны анықталды. Бұл деректер тіл мен қоғамның өзара байланысын, құқықтық дискурстың идеологиялық және әлеуметтік мәнін лингвистикалық тұрғыдан ашып көрсетеді.

Зерттеу барысында қойылған барлық міндеттер лингвистикалық әдіснама негізінде толық орындалды. Армян-қыпшақ ескерткіштерінің зерттелу тарихы жүйеленіп, тарихи-салыстырмалы және диахрониялық талдау арқылы олардың қазақ тілімен сабақтастығы дәлелденді; тілдің тарихи дамуы, паремиологиялық

мәтіндердің семантикасы және құқықтық дискурстың гендерлік ерекшеліктері кешенді түрде талданды. Бұл диссертациялық жұмыстың мақсатына толық қол жеткізілгенін көрсетеді.

Орындалған диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейі қазіргі лингвистикадағы, соның ішінде тарихи және салыстырмалы лингвистика, лингвомәдениеттану мен гендерлік лингвистика салаларындағы үздік ғылыми жетістіктермен салыстырмалы түрде жоғары деңгейде бағаланады. Зерттеуде қолданылған салыстырмалы-тарихи, лингвистикалық-семантикалық, паремиологиялық, этнолингвистикалық, сандық-статистикалық, сондай-ақ гендерлік-лингвистикалық және дискурстық талдау әдістері халықаралық және отандық лингвистикалық зерттеулерде орныққан заманауи әдіснамалық талаптарға толық сәйкес келеді.

Зерттеу нәтижелері лингвистика саласында, әсіресе тарихи лингвистика, түркітану, салыстырмалы тіл білімі, лингвомәдениеттану және гендерлік лингвистика бағыттарында кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Алынған тұжырымдар «Қазақ тілінің тарихы», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Паремиология», «Дискурс талдау», «Гендерлік лингвистика» пәндерін оқытуда, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарында дереккөз және теориялық база ретінде қолдануға ұсынылады. Сонымен қатар зерттеу материалдары армян-қыпшақ мәтіндерінің лингвистикалық корпусын құрастыруға, тарихи-диахрониялық модельдер жасауға және қыпшақ тілдерінің эволюциясын одан әрі зерттеуге бастапқы тілдік дерек ретінде қызмет ете алады. Армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін тілдік жүйе, паремиологиялық корпус және құқықтық дискурс деңгейлерінде кешенді түрде қарастыру бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңашылдығын айқындайды және оны осы бағыттағы іргелі лингвистикалық зерттеулермен бір қатарға қоюға мүмкіндік береді. Алынған ғылыми тұжырымдар қыпшақ тілдерінің тарихи дамуын реконструкциялау, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын айқындау және гендерлік категориялардың тілдік репрезентациясын сипаттау салаларындағы жетекші ғылыми еңбектермен мазмұндық әрі әдіснамалық тұрғыдан үндесіп қана қоймай, нақты тілдік деректерге сүйенген жаңа ғылыми интерпретациялармен толықтырылып, лингвистикалық теорияны одан әрі дамытуға үлес қосады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі лингвистика саласындағы қазіргі таңда мойындалған үздік ғылыми жетістіктерге сай келеді және бірқатар аспектілер бойынша оларды толықтыратын әрі дамытатын дербес ғылыми еңбек ретінде бағаланады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках // *Turcologica*. – Л., 1986. – С. 153–164.
- 2 Евстигнеев Ю.А. Кыпчаки: этнос и его имя // *Общество. Среда. Развитие*. – 2012. – № 1. – С. 97–102.
- 3 Zsidai Z. Some thoughts on the translation and interpretation of terms describing Turkic peoples in medieval Arabic sources // *The Hungarian Historical Review*. – 2018. – Vol. 7, № 1. – P. 57–81. – URL: <https://hunghist.org/83-articles/481-2018-1-zsidai> (дата обращения: 03.01.2025).
- 4 Сауранбаев Н.Т. Некоторые черты древнекипчакского языка // Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алма-Ата: Наука, 1982. – С. 241–251.
- 5 Сабыр М. Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғ. жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 315 б.
- 6 Clauson G. Armeno-Qipçaq // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1971. – Т. 34, z. 2. – S. 7–14.
- 7 Боранбаев С. Ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің генетикалық сабақтастығы: дис. ... д-ра филол. наук. – Бишкек, 2008. – 308 б.
- 8 Тенишев Э.Р. Место кыпчакского (половецкого, куманского) и печенежского языков среди современных тюркских языков // *Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук*. – 1970. – № 5. – С. 78–81.
- 9 Serikazykyzy A., Avakova R.A., Ibraimova Z. et al. Lexical and cultural interactions between Armeno-Kipchak and Turkic languages in a medieval context // *Forum for Linguistic Studies*. – 2025. – Vol. 7, № 2. – P. 47–60. – DOI: 10.30564/fls.v7i2.8097.
- 10 Григорян В.Р. Об актовых книгах армянского суда г. Каменец-Подольска (XVI–XVII вв.) // *Восточные источники по истории народов Юго-Восточной и Центральной Европы*. – М.: Наука, 1964. – Т. 1. – С. 276–296.
- 11 Григорян В.Р. История армянских колоний Украины и Польши: Армяне в Подолии. – Ереван, 1980.
- 12 Кульчицкий В.С. Армянский «Судебник» Мхитара Гоша и его применение во Львове // *Исторические связи и дружба украинского и армянского народов*. – Киев: Наукова думка, 1965. – Вып. 2.
- 13 Танауова Ж.Т., Құдасов С.Ж. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін зерттеу // *Түркітанушыя*. – 2016. – № 5. – Б. 3–14.
- 14 Сецинский Е. Исторические сведения о приходах и церквях Подольской епархии. Ч. 1: Каменецкий уезд // *Тр. Подольского епархиального историко-статистического комитета*. – Каменец-Подольский, 1895. – Вып. 7. – С. 75–82.
- 15 Хачикян Л.С. Новые материалы о древней армянской колонии в Киеве // *Исторические связи и дружба украинского и армянского народов*. – Ереван, 1961. – Вып. 1. – С. 110–120.

16 Хуршудян Э.Ш., Муканова Д.Д. Из истории армяно-казахстанских отношений. – Ереван, 1999.

17 Мейрамбекова Л.К., Жиембай Б.С. Армян-кыпшақ жазба мұраларының тақырыптық-жанрлық сипатта зерттелуі // Хабаршысы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. Филология сериясы. – 2021. – № 3 (136). – Б. 39–49. – DOI: 10.32523/2616-7174-2021-136-3-39-49.

18 Кримський А.Е. Тюрки, їх мови та літератури. – К.: Вид-во УАН, 1930. – Вип. 2. – 106 с.

19 Абдуллин И.А. «Памятная записка» Агопа на армяно-кыпчакском языке // Советская тюркология. – 1971. – № 3. – С. 118–129.

20 Абдуллин И.А. Армяно-кыпчакская эпиграфика // Тезисы докладов итоговой научной сессии Казанского филиала АН СССР. – Казань, 1973. – С. 48–52.

21 Абдуллин И.А. Армяно-кыпчакские рукописи и их отношение к диалектам татарского языка // Материалы по татарской диалектологии. – Казань, 1974. – С. 166–185.

22 Абдуллин И.А. Армяно-кыпчакские тексты из архива Ф.Е. Корша // Татар теле һәм әдәбияты. – Казань, 1976. – Кн. 5. – С. 5–23.

23 Абдуллин И.А. Протокол от 17 августа 1580 г. // Исследование языка древнеписьменных памятников. – Казань, 1980. – С. 40–65.

24 Абдуллин И.А. Памятная запись Киркора на кыпчакском языке // Лексика и стилистика татарского языка. – Казань, 1982. – С. 67–72.

25 Кривонос Н.К. Некоторые данные о библиотеках армян во Львове в XVII в. // Историко-филологический журнал АН АрмССР. – 1963. – № 1.

26 Кривонос Н.К. К истории армянской колонии во Львове во второй половине XVII в. // Исторические связи и дружба украинского и армянского народов. – Ереван, 1971. – Вып. 3. – С. 241–249.

27 Миргалеев И.М. «Кыпчакское» наследие: о новом издании А.Н. Гаркавца // Золотоордынское обозрение. – 2016. – Т. 4, № 3. – С. 681–684.

28 Алішан Г. Каменіц‘: Тарегірк һайоц‘ Ленастаніеу Руменіой һауастч‘еай йауелуацовк‘ – Венетік, 1896.

29 Дашкевич Я.Р. Армяно-кыпчакский язык: этапы истории // Вопросы языкознания. – 1983. – № 1. – С. 91–107.

30 Дашкевич Я.Р. Армянское книгопечатание на Украине в XVII в. // Историко-филологический журнал. – 1963. – № 4. – С. 115–130.

31 Дашкевич Я.Р. Адміністративні, судові й фінансові книги на Україні в XIII–XVIII ст. // Історичні джерела та їх використання. – Київ, 1969. – Вип. 4. – С. 129–171.

32 Дашкевич Я. Устав армянской общины в Каменце-Подольском 1616 г. // Rocznik Orientalistyczny. – 1976. – Т. 38. – S. 101–109.

33 Дашкевич Я.Р. Львовские армяно-кыпчакские документы XVI–XVII вв. как исторический источник // Историко-филологический журнал АН АрмССР. – 1977. – № 2. – С. 163–164.

- 34 Дашкевич Я.Р. Армяно-кыпчакский язык: библиография литературы 1802–1978 // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1979. – Т. 40, z. 2. – S. 79–86.
- 35 Дашкевич Я.Р. Codex Cumanicus: вопросы возникновения // Вопросы языкознания. – 1985. – № 4. – С. 78–83.
- 36 Дашкевич Я.Р. Codex Cumanicus: вопросы декодирования // Вопросы языкознания. – 1986. – № 5. – С. 79–86.
- 37 Дашкевич Я.Р. Армяно-кыпчакский язык в освещении современников: об использовании экстралингвистических данных для истории тюркских языков // Вопросы языкознания. – 1981. – № 5. – С. 79–92.
- 38 Дашкевич Я., Трыярский Э. Договор Н. Торосовича с львовскими и каменецкими армянами 1627 г. как памятник армяно-кыпчакского языка // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1969. – Т. 33, z. 1. – S. 77–96.
- 39 Дашкевич Я., Трыярский Э. Армяно-кыпчакские предбрачные договоры из Львова (1598–1638 гг.) // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1970a. – Т. 33, z. 2. – S. 67–107.
- 40 Дашкевич Я., Трыярский Э. Армяно-кыпчакский документ из Константинополя 1618 г. // *Folia Orientalia*. – 1970b. – Т. 11. – S. 123–137.
- 41 Дашкевич Я., Трыярский Э. Армяно-кыпчакская надпись из Львова (1609) и вопросы изучения средневековой армяно-кыпчакской эпиграфики // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1973. – Т. 35, z. 2. – S. 123–135.
- 42 Дашкевич Я., Трыярский Э. Армяно-кыпчакское завещание из Львова 1617 г. и современный ему польский перевод // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1974a. – Т. 36, z. 2. – S. 119–131.
- 43 Дашкевич Я., Трыярский Э. Армяно-кыпчакские долговые обязательства из Эдирне (1609 г.) и Львова (1615 г.) // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1974b. – Т. 37, z. 1. – S. 47–58.
- 44 Дашкевич Я., Трыярский Э. Древнейший армяно-кыпчакский документ из львовских коллекций (1583 г.) и билингвальные предбрачные договоры львовских армян // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1975. – Т. 37, z. 2. – S. 33–47.
- 45 Дашкевич Я., Трыярский Э. Пять армяно-кыпчакских документов из львовских коллекций (1599–1669 гг.) // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1978a. – Т. 39, z. 1. – S. 85–132.
- 46 Дашкевич Я., Трыярский Э. Армяно-кыпчакские денежные документы из Львова (конец XVI в. – 1657 г.) // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1978b. – Т. 40, z. 1. – S. 49–69.
- 47 Дашкевич Я., Трыярский Э. Три армяно-кыпчакские записи львовского армянского духовного суда 1625 г. // *Rocznik Orientalistyczny*. – 1979. – Т. 41, z. 1. – S. 57–80.
- 48 Крипякевич И.П. К вопросу о начале армянской колонии во Львове // Исторические связи и дружба украинского и армянского народов. – Киев, 1965. – Вып. 2. – С. 122–127.
- 49 Кривонос Н.К. К истории армянских ремесленников во Львове в первой половине XVII в. // Известия АН АрмССР. Обществ. науки. – 1962. – № 8.

- 50 Трыярский Э. О диалектной дифференциации армяно-кыпчакского языка // Советская тюркология. – 1987. – № 4. – С. 23–29.
- 51 Tryjarski E. Dictionnaire arméno-kiptchak d'après trois manuscrits des collections viennoises. Fasc. 1: A–H. – Warszawa, 1968.
- 52 Tryjarski E. O «Historii wojny chocimskiej» i autorach ormiańskich kronik kamienieckich // Przegląd Orientalistyczny. – 1959. – № 2. – S. 211–214.
- 53 Tryjarski E. Zodyak bölge burçlarının bir ermeni-kipçak listesi // XI Türk Dil Kurultayı Bildirileri. – Ankara, 1968. – S. 127–152.
- 54 Tryjarski E. Dictionnaire arméno-kiptchak d'après trois manuscrits des collections viennoises. – Warszawa, 1968–1972. – T. 1.
- 55 Tryjarski E. Les noms de personnes dans les écrits arméno-kiptchak: essai de classification // Actes du XIe Congrès international des sciences onomastiques. – Sofia, 1975. – P. 365–381.
- 56 Tryjarski E. A fragment of an unknown Armeno-Kipchak text from Polish collections // Rocznik Orientalistyczny. – 1976a. – T. 38. – P. 291–302.
- 57 Tryjarski E. An Armeno-Kipchak sermon by Anton Vartabed from the 17th century // Tractata Altaica. – Wiesbaden, 1976b. – P. 647–674.
- 58 Tryjarski E. Der zweite Brief des Paulus an die Korinther in armeno-kiptschakischer Version und seine Sprache // Altaica Collecta. – Wiesbaden, 1976c. – P. 267–344.
- 59 Tryjarski E. The confession of Anton Vartabed // Studia Orientalia. – 1977. – Vol. 47. – P. 271–279.
- 60 Tryjarski E. An Armeno-Kipchak version of the Lord's Prayer // Harvard Ukrainian Studies. – 1979/1980. – Vol. 3/4. – P. 896–901.
- 61 Tryjarski E. How to live to be (at least!) a hundred and twenty? // Acta Orientalia Hungarica. – 1982. – T. 36, f. 3. – P. 539–544.
- 62 Tryjarski E. A fragment of the apocryphal Psalm 151 in its Armeno-Kipchak version // Journal of Semitic Studies. – 1983. – Vol. 28, f. 2. – P. 297–302.
- 63 Tryjarski E. A list of Armeno-Kipchak verbs including their basic grammatical forms // Bulletin of the Institute for the Study of North Eurasian Cultures. – 1984. – P. 69–109.
- 64 Tryjarski E. The story of Holy Mariane in the Kipchak language of the Polish Armenians // Journal of Turkish Studies. – 1989. – Vol. 13. – P. 205–236.
- 65 Tryjarski E. Armeno-Kipchak advices about growing of fruits and flowers // Silk Road Studies. – Vol. V. – P. 367–377.
- 66 Tryjarski E. One more sermon by Anton Vartabed // Acta Orientalia Hungarica. – 1997. – T. 50 (1–3). – P. 301–320.
- 67 Tryjarski E. Oğuz (Ottoman) elements in Armeno-Kipchak // Acta Viennensia Ottomanica. – Wien, 1997.
- 68 Schütz E. Re-Armenisation and lexicon: from Armeno-Kipchak back to Armenian // Dissertationes Sodalium Instituti Asiae Interioris. – 1966. – Vol. 10. – P. 99–115.
- 69 Schütz E. An Armeno-Kipchak print from Lvov // Acta Orientalia Hungarica. – 1961a. – T. 13, f. 1–2. – P. 123–130.

- 70 Schütz E. On the transcription of Armeno-Kipchak // *Acta Orientalia Hungarica*. – 1961b. – T. 12, f. 1–3. – P. 139–161.
- 71 Schütz E. An Armeno-Kipchak text from Lvov // *Acta Orientalia Hungarica*. – 1962. – T. 15, f. 1–3. – P. 291–309.
- 72 Schütz E. Re-Armenisation and lexicon: from Armeno-Kipchak back to Armenian // *Acta Orientalia Hungarica*. – 1966. – T. 19, f. 1. – P. 99–115.
- 73 Schütz E. An Armeno-Kipchak chronicle on the Polish–Turkish wars in 1620–1621. – Budapest, 1968.
- 74 Schütz E. Armeno-kiptschakische Ehekontrakte und Testamente // *Acta Orientalia Hungarica*. – 1971. – T. 24, f. 3. – S. 265–300.
- 75 Schütz E. Armeno-Kiptschakisch und die Krim // *Hungaro-Turcica*. – Budapest, 1976. – P. 185–205.
- 76 Serikkazykyzy A., Avakova R.A. Studies on the Armenian-Kypchak manuscripts in Turkey // *Turkic Studies Journal*. – 2023. – Vol. 5, № 4. – P. 115–129. – DOI: 10.32523/2664-5157-2023-4-115-129.
- 77 Nadejda C. Ermeni Kıpçakça dualar kitabı “Algysh Bitigi”. – Haarlem: Sota Yayınları, 2005. – 235 p.
- 78 Serikkazykyzy A., Avakova R.A. Armenian-Kypchak monument prayer book “Algysh Bitigi”: phonetic and some grammatical features // *Хабаршысы Ясауи университеті*. – 2024. – № 3 (133). – Б. 148–157. – DOI: 10.47526/2024-3/2664-0686.81.
- 79 Pamukçiyen K. Ermeni harfli Türkçe metinler. – İstanbul: Aras Yayıncılık, 2002. – 256 s.
- 80 Çengel H.K. Ermeni harfli Kıpçak Türkçesi // *Dil Araştırmaları*. – 2012. – № 10. – S. 17–81.
- 81 Çengel H.K. Ermeni harfli Kıpçak Türkçesiyle yazılmış Töre Bitigi ve bu eserdeki töre, yargı, bitik terimleri üzerine // *Gazi Türkiyat*. – 2007. – Vol. 1, № 1. – S. 77–95.
- 82 Kutalmış M. On the Armeno-Kipchak // *Karadeniz Araştırmaları*. – 2004. – № 2. – S. 35–40.
- 83 Özkan İ.E. Ermeni-Kıpçak kültür etkileşimi ve bununla birlikte oluşan Ermeni harfli Kıpçak Türkçesi // *Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi*. – 2021. – № 1 (51). – S. 116–132.
- 84 Altınkaynak E. Ermeni alfabesi ile yazılı Gregoryen atasözleri kitabı // *Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi*. – 2011. – № 10. – S. 149–156.
- 85 Serikkazykyzy A., Avakova R.A. Proverbs and sayings in the Armenian-Kypchak language: semantic-structural analysis // *Хабаршысы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*. – 2025. – № 1 (150). – P. 265–275. – DOI: 10.32523/2616-6887-2025-150-1-265-275.
- 86 Kut T. Ermeni harfleriyle basılmış Türkçe atasözleri kitapları // *Türk Folkloru*. – 1983. – № 53. – S. 5.
- 87 Kaymaz Z. Ermeni harfli bir Türkçe atasözleri kitabı // *Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi*. – 2013. – Vol. XIII, № 1. – S. 173–212.

88 Koz S. Ermeni harfli bir Türkçe yazma mecmuadan atasözü ve deyimler // Journal of Turkish Studies / Türklük Bilgisi Araştırmaları. – 2015. – Vol. 44. – S. 285–314.

89 Yıldız H., Öztürk A. XIX yüzyıla ait Ermeni harfli Türkçe atasözleri üzerine // Ordu Üniversitesi Sosyal Bilimler Araştırmaları Dergisi. – 2016. – Vol. 6, № 3. – S. 739–766.

90 Pamukçıyan K. Ermeni harfli Türkçe metinler. – İstanbul: Aras Yayıncılık, 2002. – 256 s.

91 Akbulut E. Töre Bitigi: inceleme, metin. – Elazığ: Fırat Üniversitesi, 2017. – 149 s.

92 Öztürk A. Kuman, Memlûk, Ermeni Kıpçak ve Karay Türkçelerindeki kip eklerinde görülen farklılıklar // RumeliDE Dil ve Edebiyat Araştırmaları Dergisi. – 2018. – Özel sayı. – S. 63–74.

93 Özgür C. Kıpçak Türkçesi söz varlığında sinonim kelimeler // Türkoloji. – 2019. – № 96. – S. 29–34.

94 Zhumangaliyev M.K. On the question of the etymology of the names of Kipchaks // Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2022. – Vol. 1, № 395. – P. 245–251.

95 Актеров Т.А. К вопросу о происхождении этнонима «татар» // Вестник. Социальные и гуманитарные науки. – 2016. – № 1. – С. 35.

96 Поливанов Е.Д. Избранные труды по восточному и общему языкознанию. – М.: Наука, 1991. – 623 с.

97 Лингвистический энциклопедический словарь / под ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 683 с.

98 Гаркавец А.Н. Конвергенция армяно-кыпчакского языка к славянским в XVI–XVII вв. – Киев: Наукова думка, 1979. – 100 с.

99 Жирмунский В.М. Марксизм и социальная лингвистика // Вопросы социальной лингвистики. – Л., 1969. – С. 5–25.

100 Беликов В.И., Крысин Л.П. Социолингвистика. – М., 2001. – 439 с.

101 Абнасырова Р.Ж. Қазақ-орыс қостілділігіндегі интеркаляция. – Алматы, 2014. – 110 б.

102 Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский. – Алма-Ата: Наука, 1987.

103 Гаркавец А.Н. Тюркские языки на Украине. – Киев: Наукова думка, 1988. – 176 с.

104 Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. Т. I. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – 1084 с.

105 Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. Т. II. – Алматы: Баур, 2017. – 941 с.

106 Гаркавец А.Н. Кыпчакский словарь. – Алматы: Баур, 2018. – 1788 с.

107 Айдаров Ғ. Армян жазулы кыпшақ ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1992. – 52 б.

108 Құдасов С. Армян жазулы кыпшақ ескерткіштері. – Алматы, 1990.

- 109 Торе бітігі: Армяно-кыпчакский Судебник / подг. А. Гаркавец и др. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2003. – 792 с.
- 110 Гаркавец А.Н. Ана тили (2 учебных пособия для 7 и 8 классов). – Киев, 1988; 1989.
- 111 Гаркавец А.Н. Ана тилинде (2 хрестоматии для 7 и 8 классов). – Киев, 1988; 1989.
- 112 Гаркавец А.Н., Хуршудян Э.Ш. Армянско-кыпчакская Псалтырь, 1575/1580 / подг. А.Н. Гаркавец, Э.Ш. Хуршудян. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2001. – 646 с.
- 113 Гаркавец О.М. Вірмено-кыпчацькі рукописи в Україні, Вірменії, Росії: каталог. – Київ: Українознавство, 1993.
- 114 Гаркавец О.М. Уруми Надазов'я: історія, мова, фольклор. – Алма-Ата: Український культурний центр, 1999.
- 115 Гаркавец О.М. Урумський словник. – Алма-Ата: Баур, 2000.
- 116 Гаркавец А.Н., Усеинов С.М. Большой крымскотатарско-русско-украинский словарь. Изд. 3-е. – Симферополь: СОНАТ, 2002. – Т. 1–2.
- 117 Гаркавец А.Н. Codex Cumanicus: половецкие молитвы, гимны и загадки XIII–XIV вв. – М.: Русская деревня, 2006. – 88 с.
- 118 Гаркавец А.Н. Караимский молитвенник. – М.; Нальчик: Русская деревня, 2008. – 226 с.
- 119 Айдаров Ғ. Армян жазулы кыпшақ ескерткіштерінің тілі. – Алматы: РБК, 1992. – 52 б.
- 120 Кись И. Участие армян в развитии ремесла г. Львова в XV–XVII вв. // Исторические связи и дружба украинского и армянского народов. – Киев, 1965. – Вып. 2. – С. 137–139.
- 121 Коланджян С. Краткий каталог армянских рукописей города Герла // Вестник Матенадарана. – 1969. – № 9. – С. 433–485.
- 122 Корхмазян Э.М. Армянская миниатюра Крыма (XVI–XVII вв.). – Ереван, 1978.
- 123 Құдасов С. Армян жазулы кыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. – Алматы: Ғылым, 1990; Дана Хикардың ұлына айтқан өсиеттері. – Шымкент: Жібек жолы, 2000. – 245 б.
- 124 Құдасов С.Ж., Төребекова С.М. Армян жазулы кыпшақ ескерткіштері және қазақ тілінің тарихы мәселесі // Түркітанушыя. – 2016. – № 4 (78). – Б. 69–79.
- 125 Төребекова С.М. Армян жазулы кыпшақ ескерткіштеріндегі етістік категорияларының семантикасы мен қолданылуы: PhD дис. – Астана, 2018. – 201 б.
- 126 Жиёмбай Б.С. Армян-кыпшақ ескерткіштеріндегі есім категориясының дамуы: PhD дис. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 144 б.
- 127 Толстой А. Семантика слов «төре» и «бітік» в памятнике «Төре бітігі» // Науч. конф. «Ғылым және білім – 2014». – Астана, 2014. – С. 169–179.

- 128 Шаймерденова Н.Г., Ярыгин С.А., Молдабай Т., Төребекова С.М., Жиембай Б.С., Толстой А. Қыпшақтар: тарих пен тіл. – Астана: Сарыарқа, 2014. – 228 б.
- 129 Бүркітбаева Ш.Д. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзіндегі» мақал-мәтелдер // Мат-лы междунар. конф. – Алматы, 2022.
- 130 Киргизско-русский словарь: в 2 кн. / сост. К.К. Юдахин. – Фрунзе, 1985. – Кн. 1. – 503 с.
- 131 Чертыкова М.Д., Каксин А.Д. Фразеологические модели в тюркских и монгольских языках // Теоретическая и прикладная лингвистика. – 2023. – Т. 9, № 4. – С. 157–170.
- 132 Deny J. Les indications sur des textes inédits en turk-kiptchak ou kiptchak-coman // Journal Asiatique. – 1921. – Ser. 11, T. 18, № 1. – P. 134–135.
- 133 Deny J., Tryjarski E. Histoire du sage Hikar dans la version arméno-kiptchak // Rocznik Orientalistyczny. – 1964a. – T. 27, z. 2. – S. 7–61.
- 134 Tekin T. Orhon Türkçesi grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1968. – 369 s.
- 135 Kuun G. Codex Cumanicus bibliothecae ad templum Divi Marci Venetiarum. – Budapest, 1880; repr. Budapest, 1981. – 895 p.
- 136 Besim A. Divanü Lûgat-it-Türk dizini. – Ankara, 1943. – 926 s.
- 137 Çobanoğlu Ö. Türk Dünyası ortak atasözleri sözlüğü. – Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2004. – 511 s.
- 138 Паповян А.А. Армянский судебник Мхитара Гоша. – Ереван, 1954.
- 139 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1978.
- 140 Алашбаева Ж.Н. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі паремиологиялық жүйе: PhD дис. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 154 б.
- 141 Щербак А.М. Название домашних и диких животных в тюркских языках // Историческое развитие тюркских языков. – М.: АН СССР, 1961. – С. 82–173.
- 142 Торе бітігі: Армяно-кыпчакский Судебник (1519–1594) / подг. А. Гаркавец, Г. Сапаргалиев, М. Капраль. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2003. – 792 с.

ҚОСЫМША А

Армян-қыпшақ тіліндегі қазіргі түркі тілдерінде жиі қолданылатын мақал-мәтелдер:

№	<i>Армян-қыпшақ тіліндегі баламасы:</i>	<i>Қазақ тіліндегі баламасы:</i>
1.	Aza kanaat etmeyen çoğu bulamaz.	Азға қанағат қылмаған көптен құр қалады.
2.	Ağlamayan çocuğa süd vermezler.	Жыламаған балаға сүт жоқ.
3.	Akıl yaşda deyil başda dır.	Ақыл жаста емес, баста.
4.	Allah bir kapıyı kaparsa birini açar	Алла бір есікті жапса екінші есікті ашады
5.	Alma mazlumun ahını.	Біреудің ақысын жеме.
6.	Arkadaşımı söyle kim oldugunu söyleyim.	Досыңның кім екенін айт, сенің кім екенінді айтамын.
7.	Bakış verilen atın dişine bakılmaz	Сыйлыққа берген жылқының тісіне қарамайды.
8.	Beş parmak bir deyil.	Бес саусақ бірдей емес.
9.	Biçak yarası geçer dil yarası geçmez.	Оқ жарасы жазылады, бірақ тіл жарасы жазылмайды.
10.	Bir el ses vermez	Жалғыздың үні шықпас.
11.	Dağa dağa kavuşmaz, insan insana kavuşur.	Тау мен тау кездеспейді, адам мен адам кездеседі яғни жер дөңгелек мағынасында
12.	Damlaya damlaya göl olur	Теңіз тамшыдан құралады
13.	Dilin kemiyi yok, söyler	Тіл сүйексіз.
14.	Dost başa bakar, düşman ayağa.	Дос басқа, дұшпан аяққа қарайды.
15.	Demiri tavında döyerler.	Темірді қызған кезде соқ.
16.	Denize düşen yılanı sarılır.	Теңізге түскен жыланды құшақтайды.
17.	Dumansız alev olmaz.	От жанбаса түтін шықпайды.
18.	El şakası köylü şakası.	Ауыр әзіл, біреуді ренжіту мағынасында.
19.	Kassaba yağ kaggisi kesige can.	Біреуге жан қайғы біреуге мал қайғы
20.	Kenarına bak bezini al, anasına bak kızını al.	Ыдысқа қарап асын іс, анасына қарап қызын ал.
21.	Kesemediğin eli öp de başına koy	Кесе алмаған қолды сүй де маңдайыңа қой яғни күшің жетпейтін адаға жанаспа.
22.	Kusursuz dost arayan dostsuz kalır.	Мінсіз дос іздеген адам доссыз қалады.
23.	Meşveli ağacı taşlarlar.	Жемісті ағашқа тас атады.
24.	Ne ekersen onu biçersin.	Не ексең соны орасың

25.	Saçı uzun akli kıssa.	Шашы ұзын ақылы қысқа.
26.	Sarp sirke kabına zarar dır	Өткір сірке суы құтысына зиян.
27.	Tilkinin dönüp dolaşacağı yer kürkü dükkanı.	Ат айналып қазығын табады
28.	Yalnız bir el ötmez	Жалғыздың үні шықпас.
29.	Yılanın kuyruguna basma.	Тыныш жатқан жыланның құйрығын баспа.

ҚОСЫМША Ә

Армян-қыпшақ тіліндегі қазіргі түркі тілдерінде жиі қолданылмайтын мақал-мәтелдер.

№	<i>Армян-қыпшақ тіліндегі баламасы:</i>	<i>Қазақ тіліндегі баламасы:</i>
1.	Adam olana bir nasihat, cudama bin nasihat.	Ақылды адамға бір кеңес, ақымақ адамға мың кеңес. / Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң, құйып алар.
2.	Adı çikacağına canı çiksin	Жаным арымның садақасы.
3.	Aç ayı oynamaz	Қарны аш аю ойнамайды.
4.	Ak akce kara gün içindir.	Ақ ақша қара күн үшін.
5.	Alana sivrisinek saz dır, almayana davul zurna az dır.	Түсінгенге масаның ызыңы саз сияқты түсінбегенге барабан, сырнайдың даусы да аз сияқты.
6.	Alem ilen olan düyün bayram dır.	Оңай келген дүниенің қадірі жоқ.
7.	Alçacık eşek binmesi kolay	Кішкентай есекке міну оңай, яғни жетім баланы ұру оңай мағынасында қолданылады.
8.	Araba kınıldı mı, yol gösteren çok olur.	Көлік бұзылғанда жол көрсететіндер көбейіп кетеді, басыңа іс түскенде ақыл айтатындар көбейіп кетеді мағынасында
9.	Az sadaka çok kazayı def eder.	Аз садақа көп бәлінің алдын алады
10.	Az veren candan, çok veren maldan verir.	Жүректен берген нәрсенің азы көбі болмайды.
11.	Davulun sesi uzaktan kulağa hoş gelir.	Ұзақтан барабанның даусы құлаққа жағымды естіледі, адамның өзінің басынан өтпеген соң ол жағдайды түсінбейді.
12.	Denize düşen yılanı sarılır.	Теңізге құлаған жыланды құшақтайды
13.	Deliye hergün bayram.	Жындының әр күні мейрам
14.	Doğru söyleyenin bir ayağı özenide gerek.	Шындықты айтқан адамның бір аяғы үзенгіде болуы керек.
15.	Duvarın kulağı var.	Қабырғаның да құлағы бар.
16.	Eyilik kadrini bilmezsen, bari kötülük etme.	Біреуге пайдаң тимесе де, зиянын тимесін.
17.	Her horoz kendi çöplüyünde öter	Әр әтеш өзінің тауық қорасында қоқылдайды, шаңыраққа қарау мағынасында.

18.	Her koyunu kendi bacağından asarlar.	Кез келген қойды өзінің аяғынан асады, әркім өзінің әрекетіне жауап беруі керек.
19.	Her kuşun eti yenmez	Кез келген құстың етін жеуге болмайды.
20.	Kızını döymeyen dizini döyer.	Қызын уақытында ұрмаған адам кейін тізесін ұрады.
21.	Korkan evladın anası ağlamamış.	Қашқын адамның анасы жыламайды.
22.	İnsan umduğunu yemez bulduğunu yer.	Адам күткенін жемейді, тапқанын жейді.
23.	Isırgan köpek dişini göstermez.	Тістеген ит тісін көрсетпейді.
24.	Parayı veren düdüğü çalar.	Ақша берген адам ысқырады.
25.	Sarb sirke kabına zarardır.	Өткір сірке суы құтысына зиян, ашу дұшпан
26.	Şarab kebab hay, hisab kitab vau.	Шарап, көуәп хай хай, есеп, кітап вай вай яғни ішіп-жеген жақсы, бірақ ақшасын төлеуді де ұмытпа.
27.	Sağır ne ki işidirse uydurur.	Құлағы керең адам өтірік құрастырады.
28.	Tok açın halinden anlamaz	Тоқ адам аш қаламын деп ойламайды.
29.	Tencere yuvarlandı karağın buldu.	Қазан қақпағын тапты яғни апама жездем сай мағынасында қолданылады.
30.	Uzaktan davulun sesi tatlı gelir.	Алыстан барабанның даусы құлаққа жағымды естіледі.
31.	Üzüm üzüme baka kararır.	Жүзім жүзімге қарай-қарай қараяды.
32.	Vakitsiz öten horozun boynunu keserler.	Беймезгіл шақырған этештің мойнын кесіп тастайды. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.
33.	Yalancının evi yanmış kimse inanmamış.	Өтірікшінің үйі өртке оранды бірақ оған ешкім сенбеді.
34.	Yeşil yaprağı kara toprak eden insandır.	Жасыл жапырақты жайқалтатын да қурататын да адам немесе әйелді құлпыртатын да қурататын да еркек.
35.	Zorılan güzellik olmaz.	Күштеп ешкімді ештеңеге мәжбүрлей алмайсың, күш бар жерде әдемілік жоқ.

ҚОСЫМША Б

Армян-қыпшақ тіліндегі қазіргі түркі тілдерінде мүлдем қолданылмайтын мақал-мәтелдер.

№		
1.	Acı patlicanı kırağı çalmaz.	Қырағы адам ашшы баклажанды ұрламайды.
2.	Adam var ki kargayı bülbül ider, adam var ki bülbülü karga ider.	Кей адамдар қарғаны бұлбұл дейді, кей адамдар болса бұлбұлды қарға дейді.
3.	Allah insanı yarattığında, kısmetini de beraber vermiş dir.	Құдай адамды жаратқан кезде қадірінде бірге жаратқан.
4.	Alana sivrisinek saz dır, almayana davul zurna az dır	Түсінгенге масаның ызыңы саз сияқты түсінбегенге барабан, сырнайдың даусы да аз сияқты.
5.	Altun insanı eridir insan da altunu.	Алтын адамды өзгертеді.
6.	Altun bir sarı toprak dır dili yok. Lakin nerde ki altun dile çıkar kusur diller sus olurlar.	Алтын бір сары топырақ сияқты оның тілі жоқ, бірақ адамдар алтын туралы сөйлесе бастағанда алтыны жоқ адамдар үнсіз қалады.
7.	Ateş altunu dener, Altun da şepaatçıyı.	От алтынды сынайды бірақ төрелік жасайтын қашанда алтын болады.
8.	Araya giden paraya gider.	Араға түскен ақшаға кетеді немесе араға түскен екі оттың ортасында қалады.
9.	Akıl ile başla bir işe. Fikr ile danış teftişe, puşman olmazsın etdiyin işe.	Бір істі ақылмен баста. Ақылмен бастаған ісінді ой жетегіңнен өткіз сонда өкінбейсің.
10.	Akıllı evladın var neylersin malı, akılsız evladın var yine neylersin malı.	Ақылды ұл атамнан мал қалсын демейді, өзі малды болар. Ақылсыз ұл атамнан көп мал қалсын дейді, көп ұзамай барлық малды бітіреді
11.	Az tamah çok ziyan getirir	Барға қанағат қылмайтын адам қолындағы барынан да айрылып қалуы мүмкін мағынасында
12.	Ben biner iken yük de verdiler götür diye.	Мен кететін кезде алып кет деп жүк берді, жығылғанға жұдырық мағынасында.
13.	Bedava sirke baldan tatlıdır.	Тегін келген сірке суы балдан да тәтті
14.	Camiye lazım olan meşide haramdır.	Адамның өзінде ештеңе жоқ бола тұра мешітке бар нәрсесін беру дұрыс емес.
15.	Çuhayı giymemişim amma, kenarını takınmışım.	Әдемі заттың өзін қолданбасам да соған ұқсайтын затты қолдандым.

16.	Çingâne çerğesinde ıraf arama.	Сығандардың үйінде төр іздеме.
17.	Ekmeyin yok ise sultan gibi geçinme.	Тамағың жоқ болса сұлтан сияқты өмір сүрме, көрпеңе қарай көсіл мағынасында.
18.	Gurbetlikte rısvaylık çok olur.	Үйден, туған жерден алыста жұмыс істеу оңай емес. Қауіп қатерге толы болуы мүмкін.
19.	Havlayan köpekden korkma, havlamayandan ödün kopsun.	Үретін иттен қорқпа, үрмейтін иттен қорық.
20.	Her şey incelikden, insan kalınlıktan kırılır	Жақсы сөз жанға азық, адамның көңілін қалдыру оңай
21.	Yıl dediysin yıldırım dır.	Жыл дегенің жалт еткен найзағай.
22.	Kazan kazana dibin kara, seninki benden karadır der.	Қазан қазанға; «сенің түбің күйе» депті, құлап жатып сүрінгенге күлу мағынасында
23.	Kanı kan ile yıkanmazlar.	Қанды қанмен жуа алмайсың яғни кек сақтама мағынасында
24.	Karpuz kesme ile ürek soğumaz yemeli.	Қарбызды кескеннен шөлің қанбайды.
25.	Kuşa kanad yük deyil dir.	Құсқа өзінің қанаты жүк болмас.
26.	Kurbetlikde rısvaylık çok olur.	Үйден, туған жерден алыста жұмыс істеу оңай емес.
27.	Minareyi çalan kılıfını hazırlar.	Үлкен қылмыс жасаған адам өзінің жасаған қылмысының жария болмасы үшін алдын-ала қамын жасайды
28.	Ya sila, ya parmak kapu.	Күш немесе саусақ қақпағы.
29.	Çift olsun muft olsun.	Жұп болсын бақытты болсын.
30.	Kumbara olsun içerde patlasın.	Банканың іші ақшаға толсын, сосын жарылсын.
31.	Dükkâncının bir ayağı kırık gerek.	Дүкеншінің бір аяғы сынық болу керек.
32.	El ile gelen düğün bayram.	Басқасының ақшасына жасалған той мереке сияқты.
33.	Eyilik kadrini bilmezsen, bari kötülük etme.	Жамандық жасамау арқылы жақсылық жаса.
34.	Eyi şarap ve dilber karı tatlı zehire benzerler.	Ішімдік пен әйел тәтті у секілді.
35.	Gökten ne yağdı da yer kabul etmedi.	Көктен не жауса жер оны қабыл алу керек яғни үлкендердің берген нәрсесін кішкентайлар алу керек, үлкеннің қолын қайтарма.т

36.	Güneşi görmeyen güneşin kıymetini bilemez.	Күннің көзін көрмеген адам күннің қадірін білмейді.
37.	Gündüz uyuma, gece su içme, hekime muhtac olma.	Күндіз ұйықтама, түнде су ішпе, дәрігерге күнің түспесін.
38.	Haydan gelen huya gider.	Оңай келген дүниенің қадірі жоқ
39.	Her ne kadar olsa insanın şanı akıbet bir taş dır onun nişanı.	Адам қаншалықты атақты болса да оның баратын жері тас қабір.
40.	İlazım olmayanı alan, ilazım olanı satar.	Адам өзінде жоқ нәрсені сатып алады, өзінде бар нәрсені басқаға сатады.
41.	İnsan insanın yüzüne bakar, Allah insanın yüreyine.	Адамдар адамның түріне қарайды, Құдай болса адамдардың жүрегіне қарайды.
42.	İki gönül bir olursa samanlık seyran olur.	Бір-бірін шын сүйген ғашықтар үшін ақша мен дүниенің маңызы жоқ, бірге болса жеткілікті мағынасында қолданылады.
43.	İki iş köpeye vergi dir, hem ekmek yer, hem kuyruğunu sallar.	Ит бір мезетте нанды жейді әрі құйрығын бұлғандатады.
44.	İki el bir baş içindir.	Екі қол бір бас үшін яғни өзінің жағдайы жоқ адам басқаларға көмектесе алмайды ол тек өз қамын ойлайды мағынасында.
45.	İşden ziade zaptden zengin olunur.	Адам қаншалықты көп ақша тапқанымен үнемдеп жұмсамаса ақшасының құны болмайды.
46.	Kavgada yumruk sayılmaz.	Ұрыста жұдыпығыңа жүгінбе.
47.	Korkak bezirgan ne kar eder ne zarar.	Қорқақ адамның пайдасы жоқ мағынасында.
48.	Korkulu düş görmekten uyanık kalmak iyidir.	Қорқынышты түс көрудің орнына ұйықтамай ояу болған жақсы.
49.	Köpek olalı bir av etdi.	Ит бар жерде олжалы бола алмады.
50.	Kör kuşun yuvasını Tanrı yapar	Қорғансызға Құдайдың өзі жар
51.	Kurt tüyünü deęişir, huyunu deęişmez.	Қасқыр сыртқы көрінісін өзкертсе де іші сол күйінде қалады
52.	Kurdların ölmesi koyunlara sağlıktır.	Қасқырдың өлімі қойдың өмірі.
53.	Kuş bir dala dayma konmaz.	Құс үнемі бір ағашқа қонбайды.
54.	Leyleğin ömrü laklak ile geçer.	Ләилектің өмірі қаңқумен өтер.
55.	Mum dibine ışık vermez.	Майшам өзінің түбіне жарық түсірмейді яғни бөтен адамдарға көп жақсылық жасайтын адам өзінің туысына жақсылық жасамайды мағынасында.

56.	Öyüd akıllının usdasıdır. Tehlike delinin usdasıdır.	Ой ақылдың ұстасы, жамандық тілдің ұстасы.
57.	Öksüze demişler niçin ağlarsın. Güldüğüm var mı demiş.	Өгізден неге жылай бересің осы сенің күлген күнің болды ма? деп сұрапты.
58.	Öksüze ekmek veren yok. Öyüd veren çok.	Өгізге тамақ беретін адам жоқ, өгізді жегетін адам көп немесе өгізге тамақ беретін де жаны ашитын да адам жоқ.
59.	Ölüye giden ağlar.	Жаназаға кеткен адам жылайды
60.	Olmayacak işe amin denmez.	Іске аспайтын нәрсеге әмин деме.
61.	Ölmüş koyun kurttan korkmaz.	Өлген қой қасқырдан қорықпайды
62.	Rahvan at yemini kendi arttırır.	Өзі ісінің маманы қашанда ісін дұрыс істейді, оны бағалаған сайын ісін одан да жақсы істеуге тырысады мағынасында
63.	Saçını berber dükkânında bırakmayıla berberin hakkı ödenmez.	Шашыңды шаштаразда қалдырғанмен оның ақысы өтелмейді.
64.	Sel gider kumu kalır. Ahce gider kese kalır. İnsan gider namı kalır.	Селден кейін құм қалады. Ақша бітеді оған алған ыдыс қалады. Адам кетер артында ізі қалар.
65.	Sdanbolun yangını malını alır, hasdalığı canını alır, karısı adamın aklını alır.	Өрт адамның мүлкін алады, жер адамның өмірін алады, әйел адамның ақыл-ойын алады.
66.	Sinek küçük ama mide bulandırır.	Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді
67.	Su testisi su yolunda kırılır.	Қызметі жолында немесе Отаны үшін жанын беру.
68.	Tamahkâr ademe altun kanıla candır.	Сараң үшін алтын қан мен жан.
69.	Tamahkârın her maslahatı nizayıla biter.	Сараң адамның ісі үнемі жанжалмен бітеді.
70.	Topuğundan ziyade suya girme.	Тобығыңнан асатын суға түспе.
71.	Vakit gebedir neler doğurur.	Уақытың бізге не көрсететіне белгісіз.
72.	Yalanın gümrüyü olsa yalancı zındanda çürür idi.	Өтірікшілер жазаланса егер, олар зынданда шритін еді.
73.	Yağmurlu günde tavuklara su veren çok olur.	Жаңбырлы күні тауықтарына су беретіндер көбейіп кетеді, жақсы күнінде жаныңнан табылатындар көп мағынасында.
74.	Yavru kuşun yuvasını Tann yapar.	Құдайға сенген адамды Құдай ешқашан жалғыз қалдырмайды.

75.	Yıkma aherin evini, yıkarlar senin evini.	Ақірет үйін құлатпа кейін сенің үйінді құлатады.
76.	Yılda olmayan günde olur.	Жылдар бойы күткен нәрсең бір күнде орындалуы мүмкін.
77.	Yiyen bilmez, doğrayan bilir.	Астың қадірін жеген білмейді, жасаған біледі
78.	Yüzü dost, kalbi hayın ademsen Allah saklasın.	Өтірік достан Құдай сақтасын.
79.	Yumurtayı nerde yumurtladın isa, yemi de orada ye.	Қай жерде жұмыртқаласаң сол жерден жемінді же.